

ДЖОН БИВЕР



ҚОРҚЫНЫШТЫ

ЖЕҢУ

«ЖОҚ» ДЕП АЙТҚАНЫҢЫЗДА, ӨЗІҢІЗДІ КІНӘЛІ СЕЗІНБЕЙТІН БОЛЫҢЫЗ  
БІРЕУДІҢ ҚОЛДАУЫНСЫЗ-АҚ ӨЗІҢІЗГЕ-ӨЗІҢІЗ СЕНІМДІ БОЛЫҢЫЗ

Қымбатты дос,

Осы кітаптағы жолдауда қазіргі Қауымның қажетін толтырар пайғамбарлық майлану бар екеніне сенімім зор. Кітап алғаш рет басылып шыққаннан бері азаттыққа, сенімге, төзімге ие болған талай адамның куәлігін естідім. Осы ақиқаттарды Құдай маған ашып бергенде, өзімнің де рухыма ояныш келді. Әрбір сөзі Жаратқан Иеден келген осы кітап Құдаймен жақынырақ қарым-қатынасқа жетелейді.

Осы жолдауды сізбен және дүние жүзіндегі жетекшілермен бөлісуді Құдай жүрегіме салды. Кітапты менің сүйіспеншілігім мен қолдауым ретінде, өзіңізге арналған сыйлық деп қабылдаңыз. Бұл кітап сізге және қарамағыңыздағы адамдарға Құдайдың аманатын орындауға қажет күш-қуат береді. Кітаптың электронды нұсқасын **MessengerX.com** сайтынан тегін жүктеп алуыңызға болады. Еш қысылмай жүктеп алып, қауымыңызға тарата беріңіз.

Қымбатты дос, осы жолдау өмірімді және Құдайға қызметімді біржолата өзгертті. Кітап беттеріндегі жолдауды оқып отырғаныңызда, сіздің де өміріңіз түбегейлі өзгерсін деп мінәжат етемін. Осы жолдаудың сізге және қарамағыңыздағы адамдарға қалай ықпал еткенін білуге құштармын.

Мәсіхтегі бауырыңыз,



**MessengerX**

Джон Бивер  
JohnBever@ymail.com



**MESSENGER**  
INTERNATIONAL  
MessengerInternational.org

ДЖОН БИВЕР

# ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

«ЖОҚ» ДЕП АЙТҚАНЫҢЫЗДА, ӨЗІҢІЗДІ КІНӘЛІ СЕЗІНБЕЙТІН БОЛЫҢЫЗ  
БІРЕУДІҢ ҚОЛДАУЫНСЫЗ-АҚ ӨЗІҢІЗГЕ-ӨЗІҢІЗ СЕНІМДІ БОЛЫҢЫЗ

Breaking Intimidation, Kazakh, by John Bevere  
© 2021 Messenger International  
MessengerInternational.org  
Originally published in English as Breaking Intimidation.

Additional resources in Kazakh are available for free  
download and video streaming at  
**MessengerX.com** and on the **MessengerX App**  
To contact the author: JohnBevere@ymail.com

This book is a gift from Messenger International and is  
NOT FOR SALE

**«Қорқынышты жеңу» Джон Бивер, қазақ тілінде**

Copyright © 2021 Messenger International  
MessengerInternational.org

Алғаш рет ағылшын тілінде «Breaking intimidation» атауымен басылып шықты

Джон Бивер мен Лиза Бивердің қазақ тіліндегі қосымша ресурстарын мына  
сайттан тегін жүктеп алуға болады: **MessengerX.com**  
Сіз үшін **MessengerX** қосымшасын жасадық.  
Автордың электрондық мекенжайы: JohnBevere@ymail.com

Бұл кітап «Мессенджер Интернэшнл» сыйлығы.  
САТЫЛУҒА АРНАЛМАҒАН.



App Store АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының  
сауда белгісі болып табылады.

Google Play мен Google Play логотипі Google LLC компаниясының сауда  
белгілері болып табылады.

ДЖОН БИВЕР

**ҚОРҚЫНЫШТЫ  
ЖЕҢУ**

## Автордың жолдауы

---

Осы кітапты жазып жүргенімде, Құдайдан пайғамбарлық сөз келді:

*Ұлым, ақырғы заман сенушілерінен құрылған  
әскеріме шақырылғандардың көбісі  
қорқыныштың бұғауында. Олардың Құдай  
алдында жүректері таза, адамдарға деген  
ниеттері ақ. Алайда олар, Гедеон тәрізді,  
пендеден қаймығу деген пәлеге душар (Билер  
6-8). Өзім берген дарындар  
іске аспай, бойларында бұғып жатыр.*

*Осы кітаптың әрбір сөзіне көптеген  
перзенттерімді азат етер құдірет  
қондырамын. Олар соңымнан еріп,  
еш қорықпастан  
Маған бағынатын болады.  
Батыр жауынгер болып,  
Менің құдіретіммен ұлы жеңістерге жетеді.*

Алғы сөз .....	vii
Кіріспе .....	ix

**1-ші бөлім**  
**Рухани негіз қалау**

1-ші тарау. Рухани билік .....	1
2-ші тарау. Рухани позиция мен билік .....	11
3-ші тарау. Шектен шығудың екі түрі .....	23
4-ші тарау. Құдай берген дарындар .....	35

**2-ші бөлім**  
**Қорқынышты әшкерелеу**

5-ші тарау. Бұйыққан дарындар .....	51
6-ші тарау. Қорқыныштың бұғауында .....	65
7-ші тарау. Қорқыныш рухы .....	77

**3-ші бөлім**  
**Қорқынышты жеңу**

8-ші тарау. Дарынды жандандыру .....	91
9-ші тарау. Қорқыныштың тамыры .....	105
10-ші тарау. Ниет болғаны жеткіліксіз .....	119
11-ші тарау. Құдайды қастерлеу пенде алдындағы қорқынышқа қарсы .....	137
12-ші тарау. С ізді кім басқарады? .....	155
13-ші тарау. Салауатты ой-сана .....	167
14-ші тарау. Алға қарай ұмтылу .....	181
Эпилог.....	195





**К**ызметтесім, сырлас досым Джон Бивермен көптен бері таныспын. Осындай адаммен арадағы достықты Құдайдың ерекше жарылқауы деп білемін.

Құдай Джонды сенімге, жеңіске және үмітке толы жолдауды замандастарына жеткізсін деп қызметке тағайындағанына күмәнім жоқ.

Джон Бивердің «Қорқынышты жеңу» атты кітабы – Мәсіхтің Денесі зәру болып жүрген, дәл мезгілінде келген жолдау. Айналамыздағы адамдарды құтқару үшін Құдайдың өзімізге берген дарындарын қолдануға міндеттіміз. Десек те, Мәсіхтегі билігімізге деген дұшпанның алуан түрлі шабуылына бола көбіміз осы мақсаттан көз жазып қаламыз.

Шайтан Құдай берген дарындарымыздың іске аспай қалуын көздейді. Сол мақсатына адамдарды да, түрлі жағдайларды да қолданады. Жасқаншақ сенушілердің жеңіске қол жеткізгенін Құдайдың Сөзінен оқыған боларсыз, және мұндай мысалдар аз емес. Нұн ұлы Ешуа, Гедеон, Нехемия, Дәуіт және тағы басқалар. Киелі Жазба былай дейді:

*...қандай қару-жарақ саған қарсы жасалса да, сені  
құрта алмайтын болады*

*– Ишая пайғамбар 54:17*

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Осы кітаптың және Киелі Рухтың құдіретінің арқасында әрбір сенуші жасқаншақтық пен ұяңдықтан арылып, жеңіске жете алады. Құдайымыз жаудан жасқанбайтын табанды жауынгерлерінен қол жинағай!

– Джон Мейсон,

*«An Enemy Called Average» және «Words of Promise»  
кітаптарының авторы.*

**Ж**асқаншақ мінезімен күресіп жүрген мәсіхшілер сансыз көп. Қорқыныштың түп-тамырын жұлып тастаудың орнына, оның салдарымен күресіп жүргендер одан да көп. Қымбат жиһазға толы сәулетті үйдің бір бөлмесінің шатыры жабылмаған делік. Жаңбыр жауған күні үйдің ішін түгел су алып кетеді де, жиһаз бүлініп, үйдің сәні кетеді. Суға малынып бүлінген жиһазды шығарып тастауға, су сіңіп кеткен сылақ пен еденді алып тастауға біраз уақыт керек. Үй егесі үйін қалпына келтіруге біраз күш жұмсайтыны анық.

Әрлеу-жөндеу жұмыстары бітті-ау дегенде, ауа райы тағы бұзылады да, нөсер құйып кеп береді. Еңбектің бәрі тағы да зая кетеді. Үй иесі өзін әбден жалықтырған жұмысты қайта бастайды. Біраз уақыт өткен соң еңбегінің жемісін жаңбыр шайып кетеді. Және әрбір келесі жаңбырдың тигізген зардабы бұрынғысынан асып түседі. Тауы шағылған қожайын үйін жөндеуден біржола бас тартады. Өмірдің осы бір соққысы оны кәдімгідей күйретіп тастайды.

Осы айтқаным өрескел естілетінін білемін. «Әуелі үйдің шатырын дұрыстап жауып, ішін содан кейін жөндемей ме? Не деген ақымақ!» деп ойлап отырған шығарсыз.

Бұл әңгіме көптеген сенушілердің қорқынышпен жүргізіп

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

жүрген күресін бейнелейді. Қорқыныштың күшін талқандаудың орнына, одан туындайтын жасу, түңілу, дәрменсіздік, абыржу тәрізді салдарымен күресіп әлек.

Кейбіреулер қорқынышқа бой алдырмау жолдарын іздеп, түрлі мамандарға жүгінеді. Енді біреулер жасық мінезді жеңуден күдерін үзіп, азаттыққа ұмтылудан біржола бас тартады. Тесік шатыр мен төбеден аққан су олардың өмірдегі үлесіне айналады. Енді біреулер адамдардан оқшауланып, әбден су сіңіп кеткен үйін тастап кеткендей күй кешеді.

Қолыңыздағы кітап мұндай күйге келісетін адамдарға көмектесе алмайды. Алайда қорқыныш атаулыдан азат болудың Құдай көрсеткен жолымен жетелейді. Сол жолмен жүрсеңіз, Жаратқанның өзіңізге деген аманатын орындай аласыз.

Осы кітапты жазу барысында Құдайдың жетелеуін сұрап, көп мінәжат еттім. Бірде жұмыс істеп отырып, Құдайдың құзырын анық сезіндім. Орнымнан тұрдым да, әрлі-бері жүріп, дұға еттім. Мінәжат үстінде Киелі Рухтан мынадай пайғамбарлық сөз келді:

Ұлым, ақырғы заман сенушілерінен құрылған әскерімешақырылғандардыңкөбісі—қорқыныштың шырмауында. Олардың Құдай алдында жүректері таза, адамдарға деген ниеттері ақ. Алайда олар, Геден тәрізді, адамдардан қаймығу деген пәлеге душар (Билер 6-8). Өзім берген дарындар іске аспай, бойларында бұғып жатыр. Осы кітаптың әрбір сөзіне перзенттерімді қорқыныштан азат етер құдірет қондырамын. Олар соңымнан еріп, еш қорықпастан Маған бағынатын болады. Батыр жауынгер болып, Менің құдіреттіммен ұлы жеңістерге жетеді.

Бұл кітап – теория жүзіндегі тәлім ғана емес. Өзім де ұзақ жылдар бойы жасқаншақтық шырмауында болдым. Мәселенің түп-тамыры қайда жатқанын түсінбегендігімнен жеңіске жете

алмай-ақ қойған едім. Алайда сұм дұшпанды Құдай әшкереледі. Содан бері Жаратқан Ием осы жолдауы арқылы әлемнің түкпір-түкпіріндегі сенушілерді азат етіп келеді.

Бұл жолдауды естіген қызметкерлердің бірі: «Мына тәліміңіз Америкадағы әрбір бағушыға жетуі тиіс!» деген болатын. Құдайдың осынау жолдауы бағушыларға ғана емес, әрбір сенушіге арналған. Бұл кітаптың сіздің қолыңызға тиюі – кездейсоқ емес, әлбетте. Өзіңіз азат болғаннан кейін, осы жолдауды басқа мұқтаж адамдармен бөлісе жүруіңізді сұраймын.

Әуелі мінәжат етейік. Жүрегіңізді ашып, менімен бірге сиынуыңызды сұраймын.

*Әке, осы кітапты оқып отырғанымда, Киелі Рух сенің сөзіңді маған ашып берсін деп Ием Иса Мәсіхтің атымен сұраймын. Өмірімнен орын алған қорғансыздық болса, әшкерелеп, жойып жібер, жасқаншақтық, қорқақтық, именшектік атаулы түп-тамырымен жоқ болсын. Саған жақындай түсіп, Ием Иса Мәсіх туралы батылдықпен куәлік еткім келеді.*



# **РУХАНИ НЕГІЗ ҚАЛАУ**





## РУХАНИ БИЛІК

**Қ**ұдай берген билігімізді танып, оны қолдануды үйренбесек, басқа біреу сол билікті өзімізге қарсы қолданатын болады.

Құдайға қызмет етіп жүріп ұққаным, Жаратқан Иеміз бізді Құдайдың аманатын орындауға дайындау үшін түрлі жағдайлар мен адамдарды қолданады.

1983 жылы жұмысымнан шығып, өте ірі қауымда толық қызмет етуге кірістім. Міндетім – бағушыға, ол кісінің отбасына, қонақтарына қызмет көрсету болатын. Сол кісілердің күнделікті керек-жарағын қамтамасыз етіп, Құдайға алаңсыз қызмет етулеріне септігімді тигізіп жүретін едім. Төрт жылдан кейін басқа бір ірі қауымда жастар қызметінің бағушысы болып тағайындалдым.

Жаңа қызметке кіргеннен кейін, басқа қалаға көшетін болдық. Бұрынғы әріптестерімнің бірі әйеліме жолығып,

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Құдайдың маған арналған сөзін жеткізді. Сол сөз әлі күнге дейін құлағымда, ағаттықтан сақтандыратын қорғанымға айналды, адасқан сәтте даналық, қиналғанымда күш-қуат беріп келеді. Тура жолдан тайдырмайтын жарық жұлдызыма, берік негізге айналды. Құдайдан келетін сөздің қай-қайсысы да солай ғой.

Әлгі адамның Лизаға айтқаны: «Джон Құдай берген билігін танып, қолдануды үйренбесе, сол билікті басқа біреу өзіне қарсы қолданады». Бұл сөз мен үшін өте әсерлі болды. Құдайдан келген даналық деп қабылдадым, дегенмен, оны қалай қолдана алатынымды жете түсінбеген едім ол кезде. Ондай түсінік бірнеше жылдан кейін келді.

### Өмірімді өзгерткен оқиға

90-шы жылдардың басында Құдай қауымдарды аралап, сенушілерге қызмет еткенімді қалайтынын анық айтты. Бірталай қауымды аралап шықтым. Көп сапарымның бірінде өмірімді өзгерткен оқиғаны бастан кешірдім. Соның арқасында Құдайдың бірнеше жыл бұрын айтқан сөзінің мағынасын терең ұқтым.

Қауымдардың бірінде сәрсенбіден жексенбіге дейін қатарынан бірнеше күн жиналыс өткіздік. Құдайдың құдіреті анық көрінді, азаттық алған, құтқарылған, шипа алған адамдар көп болды. Құдайдың құзыры барған сайын күшейе берді.

Бұрын “Нью Эйдж” қозғалысына мүше болған әйел Құдайдың кереметімен азаттық алды. Осыдан кейін әр жиналыста Құдайдың құдіретін көрдік. Тоқсан шақырым жердегі ауыл-аймақтан да адамдар келіп жүрді.

Қауым бағушысы “Жиналыстарды тоқтатуға болмайды. Құдайдың бұдан да зор жоспары бар” деді. Келістім. Сөйтіп, тағы 21 жиналыс өткіздік. Құдайдың Сөзі сарқылмас бұлақтай ағып жатты, Киелі Рухтың дарындары әр жиналыста көрініс тапты.

Жиналыстар басталғалы екінші аптаға кеткен еді. Кезекті уағызымды айтып тұрып, артыма бұрылып қарадым. Сахнада тұрған музыканттармен (ұзын саны 25-ке жуық) бетпе-бет келдім де, “Осы сахнада тұрғандардың арасында күнә бар. Тәубе

етпесеңдер, күнәларыңды Құдайдың Өзі әшкерелейді” дедім.

Мына сөзді естіп, “Мәссаған! Бұл сөз қалай түсті аузыма?” деп ойладым. Көптен бері уағыз айтып жүрмін, кейде майланудың күшті болатыны сондай, Құдайдан келген сөз аузымнан шыққанда, құлағым оны алғаш рет естіп, өзім таңданатыным бар. Құдайдан шабыт келіп, сөйлегенімде, пайғамбарлық уағыздар айтылады.

Санамда “Жаңа не айттым?” деген сұрақ туды. Бірақ сұрақ атаулыны ысырып тастадым, өйткені, айтылған сөздің Құдайдан келгенін білемін. Әлгі сөзді алдын-ала ойластырған жоқпын, бұл күшті майланудың әсері болатын.

Жиналысқа келетін жұрттың саны күннен күнге арта берді. Үшінші аптадағы жиналыстардың бірінде артыма бұрылдым да, сахнада тұрғандарға нұсқап, “Араларыңда күнә бар. Тәубе етпесеңдер, күнәларыңды Құдайдың Өзі әшкерелейді де, қызметтен ығыстырады!” деп, Киелі Рухтың жетелеуімен батыл жарияладым. Сенімім мен билігім арта түскенін анық сезіндім. Бұл жолы еш күмән болмады: Жаратқан Ие Өз үйін күнәдан тазартуда.

## **Төрелік**

Өмірімізге күнә еніп кетсе, Киелі Рух әшкерелеп, түзетеді. Алайда, Киелі Рухтың айтқанына құлақ аспасақ, суи береміз де, бара-бара енжар болып кетеміз. Бұның түбі жүректің шеменденіп, Құдайға деген сезімталдықтан мүлде жұрдай болуына апарып соқтырады.

Сонда, бізді немесе айналамыздағы адамдарды сақтандыруды көздеп, Құдай күнәмізді әшкерелейтін адамын жібереді. Құдайдың мақсаты – күнәкарды жазалау емес, ескерту жасап, апаттың алдын алу. Осыдан кейін де тәубе етпесек, үкім шығарылады. «Егер алдымен өзімізді-өзіміз сынасақ, Құдайдың жазасына ілікпес едік. Ал бізге күнәкар дүниемен бірге қияметте үкім шығармас үшін Тәңір Иеміз бізді қазірдің өзінде тексеріп, жазалауда» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат11:31-32).

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Жаратқан Ие күнәмызға біраз уақыт төзеді, тәубе етіп, жазаға ілікпеуімізге мүмкіндік береді. Жазалаған күннің өзінде де, күнәкар дүниеге шығарылған үкімге ортақ болмауымызды қалайды. Әкесі берген еншіні ысырап қылған ұл шошқа қорадан бір-ақ шыққанда ғана есін жиған еді. Мейлі, солай-ақ болсын. Иеміздің «Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» деген сөзін естігеннен, шошқа қорада болса да, ертерек ес жинаған артық (Матай жазған ізгі хабар 7:23).

Тәубе етпесек, күнәнің зардабын шегеміз. Бұл – Құдайдың қалауы емес, рухани заңдылық. Пауыл елші былай деген еді:

*Егер алдымен өзімізді-өзіміз сынасақ, Құдайдың жазасына ілікпес едік. Ал бізге күнәкар дүниемен бірге қияметте үкім шығармас үшін Тәңір Иеміз бізді қазірдің өзінде тексеріп, жазалауда (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 11:31-32).*

Күнә рухани және тәни өлім әкеледі. Сол жолы, уағыз айтып тұрғанымда, Құдайдың сахнадағы адамдардың бірін тәубеге келтіру үшін, жазаламақ екенін анық сездім. Ол адамның кім екенін білген жоқпын.

### Қорқытуды көздеген шабуыл

Ертеңіне, бағушы екеуіміз кеңседе қызметке дайындалып отырғанымызда, қызметкерлердің бірі кіріп келді. Оның айтуынша, мадақтау тобының мүшелері әлденеге наразы, түнеріп жүрген көрінеді. Мадақтаушылар күнде қызмет етуден шаршап жүрген болар деп түйген болса керек, бағушы «Көңіл-күйлеріне мән бере бермей, сахнаға шықсын да, мадақтауды бастасын» деді.

Әлгі қызметшіге қарадым да, «Тоқтай тұрыңыз. Бірдеңе болып қалды ма?» дедім.

Осы сәттің қаншалықты күрделі сынақ екенін ол кезде білген жоқпын. Құдайдың адамдарға қызмет етіп, оларды қорғау үшін өзіме берген билігі сұрапыл қарсылыққа тап болған еді.

Жиналыстарда молынан көрініс тапқан Құдайдың кереметтерін тоқтатпақ болған еді дұшпанымыз.

Сол сәтте оны анық түсінбесем де, жолайрықта тұр едім. Музыканттардың қатулы қабағынан жасқанып, оларға айтылған сөзден бас тартсам, рухани биліктен айырылар едім. Құдайдың айтқанынан бас тартпай табанды болсам, қорқыныш пен жасқанудың күшін тас-талқан етемін.

«Джон, артыңа бұрылып, қолыңмен ешкімді нұсқамай-ақ, уағызыңды айта берсең де болады ғой. Мадақтау тобында нең бар? Қайта оларға құшақ жайып, жылы лебіз танытқаның дұрыс емес пе? Сенің әлгі сөздеріңнен кейін жиналысқа келіп жүрген адамдар сахнада тұрғандардың қайсысы күнәкар екен, ол не істеп қойды екен деп бас қатыруда. Ал ешқайсысының күнәсі ашылмаса ше? Бірінен-бірі күдіктеніп, араларына от түспей ме? Ақырында, жазықсыз біреу зардап шегеді. Осының бәрі қауымға зиянын тигізеді. Уағыздарыңның пайдасынан зияны көп болып кетпейді ме? Олай болса, жаманатты боласың. Ал өзің қызметті жаңадан бастап жүрсің».

Осы тәрізді мазасыз ойлар келе берді. Ендігі уайымым: жағдайым қандай болмақ, ертеңім не болады? Міне, жасқаншақтық адам санасын осылай ұлайды. Өйткені, жасқаншақтықтың түп-тамыры – қорқыныш, ол адамды үрейлендіріп, қара басының қамы жөніндегі уайым тудырып, сол уайымға батырып тастамақ. Ал сүйіспеншілікте қорқыныш жоқ. Шынайы сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды, себебі сүйіспеншілік Құдайдан көзін алмайды және өзінің емес, басқалардың қамын ойлайды (1 Жохан 4:18).

Бағушы тіл қатпады. Үшеуіміз қол ұстасып, осы жиналыста Құдайдың еркі толық орындалуын сұрап, дұға еттік. Сахнада өзімізді күндегідей ұстадық. Дегенмен, мадақтау мен табыну кезінде жүрегіме Құдайдан ешбір сөз келмегенін байқадым. Киелі Рухтың жетелеуін сезіне алмадым. Бірақ “Құдай уәдесіне берік, сахнаға шыққанымда, айтар сөзімді аузыма салады” деп ойладым.

Мадақтау аяқталды. Бағушы хабарландыру жасады.

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Құдайдан сөз келер емес. “Орнымнан тұрғанымда, Киелі Рухтың жетелеуі келеді” дедім ішімнен. Алдын ала дайындалып, жұрт алдына дайын уағызбен шығатын мен емес. Мен Құдайдың Сөзіне терең бойлап, зерттеймін, мінәжат етемін. Ал сахнаға шыққанымда, Киелі Рухтың жетелеуімен жүрегімдегіні алып шығамын. Бұл жолы олай болмады. Уақыт өтіп барады, мен болсам, не айтатынымды білмеймін. Алаңдай бастадым. Құдай бағыт бермесе, айтар сөзім жоқ.

Бағушы атымды атап, маған сөз берді. Мінбеге жақын бардым да, “Мінәжат етейік” дедім. Мінәжат еттік, Құдайдан сөз келмеді. Бірнеше минут бойы сиыңдым. Ең жаманы, мінәжатым құрғақ, өлі болды. Аузымнан шыққан сөздер көкке қалықтаудың орнына, аяғымның астына түсіп жатқандай. “Не істесем екен?” деп ойладым. Забур жырларына негізделген, бұрын айтқан уағызым бар еді, соны айтпақ болдым.

Уағыз майланудан жұрдай болды. Ойым жан-жаққа бытырай берді. Құдай мүлде жоқ сияқты. “Мына сөзді неге айттым?”, “Не айтып тұрмын? Киелі Рухтың емес, абыржудың жетелеуінде кеткен сияқтымын ғой” деген ойлар келе бастады. “Құдай келеді де, бәрін ретке келтіреді” деп өзімді өзім іштей жұбатқан боламын. Алайда, оңалған ештеңе жоқ, жағдай барған сайын нашарлай түсті. Уағызымды аяқтадым-ау, әйтеуір.

Жиналыс бас-аяғы 35 минутта бітті.

Абдыраған күйімде орныма барып отырдым. “Құдайым, неге келмедің?” деп сұрай бердім. “Жиналыстардың барлығы тамаша өтті ғой. Осы жолғысы ғана осындай болды. Мына адамдардың орнында болсам, енді қайтып келмес едім. Ендігәрі бұл сахнада тұрғым келмейді”. Сол күні бір қап құм жұтып қойғандай күй кештім.

Таңертең, көзімді ашқанымда сезгенім, бір қап құм бір тау құмға айналыпты. Өзімді ауыр сезінгенім сондай, төсектен тұрғым келмеді. Әдеттегі қуанышым жоқ. Ақыры, орнымнан тұрып, сиына бастадым. “Құдайым, неге келмедің?” деп тағы сұрадым.

Жауап жоқ.

“Күнә жасадым ба? Көңіліңді қалдырдым ба?”

Үнсіздік. Бір сағат мінәжат еттім. Сол бір сағаттың әрбір минуты арпалыспен өтті.

Мадақтау әндерін қойып, қосылып әндете бастадым. Жаратқан Иемнің ауыртпалық рухының орнына мадақтаудың сәнді киімін беретінін білемін. Алайда жарты сағатқа созылған әндетуімнен кейін көңілім бұрынғыдан да нашарлай түсті. “Не жазып қалдым? Неге жауап бермейсің?”

Түскі астан кейін сырттағы алаңқайға барып, сонда дұға етпек болдым. Бұл жолы шайтанды байламақпын. Мәселенің түйіні осы болса керек! Алайда өзін байлаулы сезінген біреу болса, ол – мен едім. Үш сағат бойы Құдайға сиынып, шайтанға ақырумен болдым. Бар жеткенім – даусым қарлығып қалды. Енді өзімді өзім “Осыншалық зор қарсыластыққа қарағанда, Құдайдың құдіреті бүгін ерекше болатын шығар. Сенімде нық бол, Джон” деп жұбаттым.

Жиналыс басталды. Мадақтау, табыну, хабарландыру, құрбандық беру өтті. Менің күйім дәл кешегідей. Сахнаға шыққанымда, Құдайдың құзыры келеді деп өзімді өзім сендіруге тырысамын. Бағушы атымды атап, сахнаға шақырды. Құдайдың жетелеуін сұрап, дұға еттім, нәтиже болмады.

Кешегідей, бұрын айтқан уағыздарымның бірін айта бастадым. Тағы да сол бейжай күй. Құдайдың құдіреті де, жетелеуі де, майлауы да жоқ. Біраздан кейін “Достар, мінәжат етейік. Бұлай болмауы керек!” дедім. Жиналғандар орнынан тұрды, Құдайға сиына бастадық.

## **Қорқыныш әшкереленді**

Бүкіл жиналыс дұға етіп тұрғанда, Құдайдан сөз келді. 24 сағаттан астам уақыттан бері Көктегі Әкемнің үнін бірінші рет естідім. «Джон, сахнада, сенің тү сыртыңда тұрған мадақтау тобының мүшелерінен жасқанып қалыпсың. Олар саған берілген билікке қарсы шығып, бойыңдағы Құдайдың дарынын сөндіріп тастапты».

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Осынау жұмсақ ескертумен бірге рухыма Құдайдың нұры құйылды. Басқалар әлі де дұға етіп тұрғанда, Киелі Рух маған әлденеден абыржып, бойындағы дарынын сөндіріп алған Киелі Кітап кейіпкерлерін көрсетті. Солардың рухани билікті қолдарынан шығарып алып, дәрменсіз күйге түскенін көрдім. Содан кейін өмірімді көз алдыма келтіріп, өзімнің де сондай күйде жүргенімді көрсетті.

Сол-ақ екен, дұғада қорқыныштың күшін талқандай бастадым. (Кітаптың эпилогында сондай мінәжат келтірілген). Келесі бір сағат он бес минутта Құдай көрсеткен аяттарға сүйене отырып, жалындаған уағыз айттым. Уағызымның соңында тыңдармандарымның үштен екісі қорқыныш рухынан азат болмақ оймен сахнаның алдына келді. Бұл сол жиналыстардың ең мықтысы болды.

Бір апта өтер-өтпестен, сахнада тұрған адамдардың күнәсін Құдайдың Өзі әшкерелей бастады. Бас-гитара тартатын жігіт күндекешкісінішімдіккетойыпалады екен. Мадақтаушылардың бірі қауымға келіп жүрген қыздардың бірімен жыныстық қатынаста екен. Екеуі де қызметтен босатылды. Гитара тартатын жігіт қауымнан шығып кетті. Ал әнші жігіт тәубе етті, кейін Құдаймен қарым-қатынасы қалпына келді.

Біраздан кейін мадақтау тобының жетекшісі мен тағы бір топ адам қауымға іріткі салды. Қауым бөлініп, мүшелерінің төрттен бірі бүлікшілерге еріп кетті. Артынша бүлікті бастаған мадақтаушы күйеуінің көзіне шөп салып, ақыры ажырасып тынды. Қауымның жарылуына атсалысқандардың отбасылары талқан болды. Бір жұп қана некесін сақтап қалды.

Сол адамдар мені тым қатаң деп, наразылық танытқан еді. Алайда, Құдайдың Өзі оларға ескерту жасап, осы апаттың алдын алмақ еді. Ескертуге құлақ асқандары дұрыс болар еді.

Сол қауымға кейін тағы екі рет бардым. Ондағы бірлік өте мықты. Бағушысы «Біздің қауымды Құдайдың Өзі тазартты. Қазір біз бұрынғыдан әлдеқайда мықтымыз. Қауымдағы мадақтау мен табыну сондай тамаша!» дейді. Бұрын көп



уақытын алатын кикілжің де жоқ екен енді. Құдайға мың алғыс!

Құдайдың сол бес минуттық дұға кезінде істегені өзіңіз оқып отырған жолдауға айналды. Осы ақиқат жайында дүние жүзіндегі қауымдарда уағыз айттым. Қорқыныш рухынан азат болған адамдар сансыз көп.

## **Сенушілердің барлығына арналған жолдау**

Маған ашылған осынау ақиқат тек қызметкерлерге арналған деп ойламаңыз. Жасқаншақтығын жеңе алмай жүрген мәсіхшілер өте көп. Жүрегі әлденеден шайлығып қалғандар қандай күшпен шайқасып жүргенін біле бермейді. Шайтанның басқа да айла-шарғысы тәрізді, қорқыныш та өңін айналдырып, жасырынады. Біз қорқыныш рухының ұлы жемістерін: күйзеліс, абыржу, сенімнің әлсіреуін көреміз. Ал түп-тамыры неде екенін біле қоймаймыз. Мен өзімнің жай ғана қаймығып қалғанымды әу бастан-ақ түсінгенімде, сол жолғы рухани күресім соншалық ұзаққа созылмас еді. Алған сабағым үшін Құдайға алғысым зор.

Мәселенің түп-тамыры болып табылатын қорқыныштан арылудың орнына, көбіміз оның ұлы жемістерімен күресіп әлекпіз. Кейде уақытша жеңіске жетіп, шайқас саябырсығандай болса да, күресіміз бітпейді. Ағаштың жемісін түп-түгел жинап алуға болады. Бірақ, тамыры жұлынбаса, жеміс қайта шығады. Осы бір айналып келе беретін жағдай әбден қалжыратады, бұл бір шешуі жоқ мәселе болар деген ойға келеміз. Өзімізді дәрменсіз сезініп, Құдайдың бізді қойған тұғырынан түсіп қаламыз.

Осы кітап жасқаншақтықтың, ұяңдықтың шын мәнінде не екенін түсіндіреді. Сонымен қатар, кітапта айтылған ақиқаттар жасықтық кісенін бұзуға жарақтайды. Осы ақиқаттармен танысып, оларды берік ұстануыңыз үшін, сол арқылы Иеміз Иса Мәсіхтің қызметшісі ретіндегі аманатыңызды орындауға қажет азаттыққа қол жеткізуіңіз үшін дұға етемін.

Қорқынышпен алдағы сұрапыл шайқаста қалай жеңіп шығамын деп әлден-ақ уайымдап отырған боларсыз. Өзімізді

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

қинап жүрген нәрселердің не екенін түсінгенімізде, олардан лезде азат болғымыз келеді. Алайда, шұғыл шешімдер берік те тұрақты нәтиже бермейді әрі қымбатқа түседі. Осы жолдауды өзіме ашылған қалпында, егжей-тегжейлі баяндап бермекпін. Келесі үш тарауда біздің рухани позициямыз бен билігімізді түсінуден басталатын рухани негіз қалаймын.

Иса шайтанды биліктен айырған, сол билікті өзіне қайтарып алғысы келеді.

## РУХАНИ ПОЗИЦИЯ МЕН БИЛІК

**И**са бар билікті шайтаннан тартып алды. Енді дұшпан бізді абыржытып, жасқандырып, қаймықтырып, ылаң салып, қорқытып, билікті өзіне қайтарып алуға бар күшін салуда.

Құдайдан келген «Егер Джон Құдай берген билігін танып, қолдануды үйренбесе, сол билікті басқа біреу өзіне қарсы қолданады» деген сөз есіңізде болар. Осы сөзді тереңірек қарастырайық.

Біріншіден, мынаны ұғынайық: рухани әлемдегі ерекше орнымызды, басқа сөзбен айтқанда, рухани позициямызды анық біліп, берік ұстанғанымыз жөн. Сол позициямызға қоса рухани билік те берілген. Бізге берілген билікті шайтан көксейді. Құдай берген билікті қолдан шығарып алсақ, дұшпан оны өзімізге қарсы қолданады. Мұның зардабын өзіміз ғана емес, қарамағымыздағылар да шегеді.

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Бізге берілген рухани билік жайлы Киелі Кітап не дейтінін оқып көрелік.

*Алла Тағаланың панасында тұрған адам  
Құдіреттінің саясынан табады тыным  
(Забур. 90:1).*

*Кең-байтақ жерге Ол мені шығарды,  
Маған риза болып аман құтқарды.  
(Забур. 17:20).*

*Тегіс жерде табан басып нық тұрамын,  
Жиындарда Жаратқанға мақтау айтамын  
(Забур. 25:12).*

Яғни, Жаратқан Ие сенушілерге рухани әлемде нақты бір орын берген. Мәсіхшілер өздерінің мәртебесін біліп, әрі еркін пайдалануы керек. Өзінің рухани позициясын білмейтін сенуші Құдайдың еркіне сай әрекет ете алмайды.

Нәтижесінде сенуші рухани билігін жоғалтып алады, немесе оны шайтан ұрлайды. Осындай жағдайдың Киелі Кітаптағы мысалы – Яһуда Исқариот. Иса көкке көтеріліп кеткеннен кейін шәкірттер дұғаға жиналды. Сонда Петір Яһуда жайлы былай деді:

Ал Забур жырларында мына тәрізді сөздер жазылған: «Тұрған мекені қаңырап бос қалсын, сонда тұратын ешкім де болмасын!» және «Міндетін оның басқа біреу алсын!» (Елшілердің істері 1:20). Яһуда күнә жасап, рухани әлемдегі орнынан біржола айырылды (Елшілердің істері 1:16-17). Сенушіні рухани позициясынан тайдыру мақсатында шайтан осы әдісін жиі қолданады. Адам ата мен Хауа ананы да осылайша арандатып, күнәға итермеледі. Ақырында, оларды ығыстырып шығарды, сөйтіп, адамды да, адамға сеніп тапсырылған әлемді де өзі билеп-төстейтін болды.

Адам ата мен Хауа ана жер бетіндегі ең жоғары билік иесі

еді. Әрбір тіршілік иесі мен бүкіл табиғат олардың қол астында болатын. Құдай: «Адамдар теңіздегі балықтар мен аспандағы құстарға, малдар мен аңдарға, бүкіл жер бетіне және онда жорғалап жүрген барлық жануарларға билік жүргізсін» деген (Жаратылыстың басталуы 1:26). Жер бетіндегі рухани әлем мен табиғаттың әміршісі – адам еді. Құдай ғана адамнан үстем болатын.

Билік Адам атаның қолында тұрғанда, ауру-сырқау атаулы да, жер сілкіну, аштық, жоқшылық, апат та болған емес. Адам ата Құдай өкілеттілігімен билік етіп жүргенде, жер бетінде Аспан патшалығы салтанат құрған еді. Күнә жасағанда, Адам ата қол астындағының барлығын Құдайдың қас дұшпанына беріп қойды. Қылмыс жасап, рухани әлемдегі өз орнын шайтанға берді.

Исаны шөл далада азғырғанда, шайтанның не деп мақтанғанын Киелі Жазбадан оқи аламыз. Ол Исаны биік таудың басына алып барып, әлем патшалықтарын көрсетті де:

*— Осы мемлекеттердің бүкіл билігін, олардың сән-салтанатын Саған беремін. Бұл билік маған тапсырылған, оны көңілім қалағанға сыйлаймын, — деді (Лұқа жазған ізгі хабар 4:6).*

Құдай Адамға билік берді, шайтан билікті адамнан тартып алды. Адам ата рухани әлемдегі орнынан айырылып қалды және болған апаттың ауқымы мұнымен шектелген жоқ. Адамның күнәсі өзіне тапсырылған бүкіл жаратылысқа кері ықпалын тигізді. Ғаламдағы тепе-теңдік бұзылды.

Жануарлар әлемі – осының айғағы. Құдай мен Адам атаның билігі шайқалмай тұрғанда, Едем бағындағы арыстандар жыртқыш болған жоқ. Жылаңда у болған жоқ. Қозы қасқырдан да, басқа аңнан да үрікпейтін (Ишая 65:25).

Ал күнә жасалғаннан кейін жазықсыз жануар құрбандыққа шалынып, терісі адамның жалаңаш денесіне лыпа болды. Құдай Ие хайуандардың терілерінен киім жасап, Адам ата мен Хауа ананы киіндірді (Жаратылыстың басталуы 3:21).

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Осыдан кейін адам мен кезінде адамның қол астында болған жануарлардың арасында қорқыныш пайда болғанын байқаймыз (Жаратылыстың басталуы 9:2).

Күнәнің салдарынан жердің өзі де өзгеріске ұшырады. Топырақ қарғысқа ұшырап, енді ол да адамның жауына айналды. Бұрын астан тапшылық көрмеген адам, енді жейтін нанын маңдай терін төгіп жүріп табатын болды (Жаратылыстың басталуы 3:17-19). Римдіктерге арналған хатта былай деп жазылған: «Өйткені жаратылыс өз еркімен емес, Құдайдың үкімімен өткіншілікке бағынды» (Римдіктерге арналған хат 8:20).

Жер бетіндегі рухани және табиғи әлем түгелімен адамның тілазарлығынан жапа шекті. Жер бетін әділетсіздік, ажал, ауру-сырқау, жоқшылық, жер сілкіну, аштық, індет, басқа да қарғыстар жайлап кетті. Құдай орнатқан тәртіп пен билік жойылды. Адам атаның тұңғыш ұлы-ақ өшпенділік, қызғаныш, адам өлтіру деген сұмдықтардан хабардар болды. Құдай берген биліктің көздейтіні – қол астындағыларды қорғау және қамтамасыз ету. Шайтан болса, сол билікке жетті де, бұрмалап, Құдайдың жаратылысын қырып-жоюға пайдаланды.

## Билікті қалпына келтіру

Сонымен, адам тұғырынан тайып, рухани биліктен айырылып қалды. Билікті дұшпанға өз қолымен бергендіктен, өзі ғана қайтарып ала алады. Мыңдаған жылдар өткенде, Дүниеге Иса келді. Оның анасы Құдаймен келісімшарты бар халықтың қызы еді. Әкесі – Құдайдың Киелі Рухы. Иса жартылай адам, жартылай Құдай емес. Ол – Имануил, яғни «Құдай бізбен бірге» (ағылшын тіліндегі Киелі Кітапта «адам кейпінде келген Құдай») (Матай жазған ізгі хабар 1:23). Жер бетіне адам болып келгендіктен, Ол адам уысынан шығарып алған билікті қайтарып алуға құқылы болатын. Ал Құдайдың Ұлы болғандықтан, адамзатқа үстемдігін жүргізіп отырған шайтаның билігінен азат еді.

Исаның әрбір ісі мен әр сөзі Құдайдың еркін адамзатқа ашты. Күнә кешірілді, өйткені, Құдай бар жерде күнә үстемдік

ете алмайды. Дерт атаулы Исаның билігі мен беделіне бас иді (Лұқа жазған ізгі хабар 5:20-24). Исаның бұйрығына табиғаттың өзі бағынды (Марқа жазған ізгі хабар 4:4). Адам ата айырылып қалған билікті Иса Өз қолына алып, толық пайдаланды. Тілазарлығына бола Адам биліктен айырылған болса, Құдай Әкеге толық мойынсынуы арқасында Иса сол билікті және Құдай мен адамның қарым-қатынасын қалпына келтірді.

Әке құшағына қайтар кезінде Иса былай деген еді: «Маған көк пен жердің бүкіл билігі берілген! Сондықтан барлық халықтарға барыңдар! Оларды Менің шәкірттерім етіп, Құдай Әкенің, рухани Ұлының және Киелі Рухының атымен шомылдыру рәсімінен өткізіңдер, әрі сендерге өсиет еткендерімнің бәрін де ұстануға үйретіңдер! Естеріңде болсын: Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын!» (Матай жазған ізгі хабар 28:18-20).

Осы аяттардан ұғатынымыз, Иса Адам атаның жоғалтқанын түп-түгел, тіпті артығымен, қайтарды. Адам ата, ал кейін шайтан жер бетінде ғана билік етіп еді, Иса – жер бетінің ғана емес, Аспан Патшалығының да әміршісі. Иса билікті шайтанның қолынан жұлып алумен шектелген жоқ, рухани билікті кеңейтті де. Рухани әлемдегі мәртебесі мен билігін бізге ашып берді де, “барыңдар” деді. Рухани билік пен бізге берілген аманатты не себепті байланыстырады? Бұл сұрақтың жауабын Пауыл елшінің хаттарынан таба аламыз.

## **Билікті қолдану**

Пауыл елші сенушілер үшін былай деп сиынған еді: «Сендер Құдайдың шексіз құдіретінің Иемізге сенуші біздерге қаншалықты күшті әсер ететінін ұқсаңдар екен деп те Одан сұраймын. Құдай осы керемет құдіретін Мәсіхті өлімнен қайта тірілтіп, көкке көтеріп, Өзінің оң жағындағы орынға отырғызғанда да қолданды» (Ефестіктерге арналған хат 1:19-20). Бірнеше аяттан кейін елшінің мынадай сөздерін оқимыз: “Бұрын сендер Құдайдың бұйрығын бұзып, күнә жасай беріп, рухани өлі едіңдер. Құдай Мәсіх Исамен

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

тығыз байланыстағы бізді Онымен бірге тірілтіп, көкте Оның жанына отырғызды” (Ефестіктерге арналған хат 2:1,6). “Көкте” деп отырғаны – Исаның құрбандығымен ақталған Құдайдың перзенттері мекендейтін орны.

Ендігі сұрағым, сол “көк” қайда және ондағы біздің мәртебеміз қандай? Бұл сұрақтың жауабын Ефестіктерге арналған хаттан табамыз: “... Мәсіх күллі билік пен өктемдіктен, күш-қуат пен әкімшіліктен, осы және келешек замандардағы бүкіл атақ пен дәрежелерден де әлдеқайда үстем” (Ефестіктерге арналған хат 1:21).

Исаның қанымен ақталған, Исамен тығыз байланыста өмір сүретін адамның рухани әлемдегі мәртебесі шайтаннан жоғары. Иса «Мен сендерге жыландар мен шаяндарды таптап басып, жаудың барлық күшін жеңетін билік бердім. Енді сендерге еш нәрсе де зиянын тигізе алмайды» деп батыл жариялаған еді (Лұқа жазған ізгі хабар 10:19).

Исаның “барыңдар” деген бұйрығын енді түсіне аламыз. Иеміз сенушілерге берілген биліктің қаншалықты зор екенін анық білген. Біздің құқымыз қалпына келтірілді, енді дұшпанның билігі мен күшіне үстемдік етуге мәртебеміз жеткілікті.

Алайда шайтан Едем бағындағы айласын тағы да жүзеге асыруға күш салуда. Адам атаны айламен жеңгендей, бізді де рухани әлемде айла-шарғымен жеңбек. Қолымыздағы билікті ұрлап алса немесе рухани мәртебемізден бас тартқызса, мақсатына жеткені. Пауыл елші былай дейді:

*“...шайтанның жамандыққа түрткі салуына жол бермеңдер!» (Ефестіктерге арналған хат 4:27).  
Рухани әлемдегі өз орнымыз бен мәртебемізді  
шайтанға бермейік!*

## Патшалық иерархиясы

Құдай Патшалығы – нағыз патшалық, соны есімізден шығармайық. Патшалықта әрбір азаматтың белгілі бір



дәрежесі, мәртебесі, билігі бар. Құдай Патшалығы да солай. Патшалықтағы мәртебеңіз неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ықпалдысыз, қолыңыздағы билік те соған байланысты.

Едем бағында шайтан пілге де арыстанға да көз салған жоқ. Биліктің кімде екенін анық біледі, сондықтан, бар назары адамда болды. Адамды арбауына түсірсе, адамға берілген билік түгелімен өзіне ауысатынын шайтан білді.

Сондықтан, шайтан қауымға шабуыл жасағанда, ең әуелі жетекшілерді көздейді. Жақында бір ірі қауымның бағушысы әйелімен ажыраспақ болды. Бұл ісіне Киелі жазбаға сай келетін бірде-бір себеп табылмаған соң, әйелі мен бала-шағасын ешбір сылтау айтпай-ақ тастап жүре берді. Қол астындағы жетекшілер бұл ісін түсіндіруін сұрағанда, бағушы оларға “менің іс-әрекетім ұнамаса, кете беріңдер” деп жауап берді.

Бұл бағушы Құдайдың қағидасын көпе-көрнеу бұзды, сөйтіп, қауымына ажырасу рухы мен азғыру рухын алып келді. Осыдан кейін қауымда ажырасу көбейді, тіпті, жетекшілердің өздері де ажыраса бастады. Сенушілердің арасында абыржу пайда болды. Енді олар сенімге лайық жетекші іздеп, қауымнан қауымға көшті. Шайтан үйдегі ең мықты адамды тұғырынан тайдырса, қарамағындағылар да жеміне айналады.

Құдайдың қағидасын біле тұра бұзатын ата-аналар бар. Олардың балалары да ерте ме, кеш пе, сол жолға түсетініне күмәнім жоқ. Ондай жағдайларды қарғыстың салдары дерсіз. Шын мәнінде, солай ма? Күнә жасаған әке мен ана рухани билігін дұшпанға өз қолынан береді де, балаларын қорғансыз қалдырады.

## **Құдайдың жауларына жол беру**

Дәуіт патшаның өмірінде болған бір оқиғаны қарастырайық. Дәуіттің қол астында Исраил патшалығы дәуірлеп тұрды. Құдай Дәуітке ұрпақты молынан берді (Патшалықтар туралы екінші жазба 8:18). Дәуіт болса, Құдайдың өзіне бермегеніне қол салды: Барсабиямен ойнас жасады. Барсабия жүкті болды, бұл

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

кезде оның күйеуі соғыста Дәуіттің патшалығын қасық қаны қалғанша қорғап жүрген еді.

Дәуіт Ұрияны Иерусалимге шақыртты. Ондағы ойы – Ұрия үйіне қонса, Барсабияның құрсағындағы баланы өзімдікі деп ойлар еді. Алайда, Ұрияның патшаға адалдығы сондай, қаруластары жаумен шайқасып жүргенде үйіне қонуды жөн көрмей, патша сарайының маңына қонады. Сонда Дәуіт күнәсін жасыруды көздеген жоспары іске аспайтынын білді. Арада біраз уақыт өткенде, Ұрия әйелінің аяғы ауыр екенін естиді. Сонда бала – Дәуіттікі екені жұрттың бәріне аян болады.

Енді Дәуіт Ұрияның көзін құртуды ойластырды. Патша Ұрияны майданға қайта аттандырды. Ұрия патшаның оны өлімге кескені жайлы бұйрығын ала кетті. Қолбасшы патша бұйрығын бұлжытпай орындады. Ұрияны шайқастың ең қызу тұсына жіберді де, жан-жақтан қаумалаған жау әскерінің арасында жалғыз қалдырды. Ұрия жау қолынан қаза тапты. Дәуіттің күнәсі соңынан сорақы қылмысты ерте келді.

Көп ұзамай, Натан пайғамбар келіп, Дәуіттің күнәсін ашкереледі.

«Сонда Дәуіт Натанға былай деді:

*— Мен Жаратқан Иеге қарсы күнә жасадым,  
соны мойындаймын!*

*Натан пайғамбар оған:*

*— Онда Жаратқан Ие күнәңді кешірді. Сен өлімге  
бұйырылмайтын болдың, — деді (Патшалықтар  
туралы екінші жазба 12:13).*

Дәуіт тәубе етті, күнәсі кешірілді.

Алайда Мен өзеркіме сай қылмыстарыңды өшіріп тастаймын! Енді қайтып ешқашан да күнәларыңды есіме алмаймын! Енді даулы мәселені талқыға салайық: жасаған жақсылықтарыңды есіме түсіріңдер, ақталуларың үшін істеріңді ашық көрсетіңдер! (Ишая 43:25-26).

Сонымен қатар, Дәуіт Құдайдан мынадай ескерту алды:

«Бірақ осы қылығыңмен Жаратқан Иені Оның дұшпандарының көзінше әбден қорлағаның үшін, дүниеге келген ұлың шетінейтін болады» (Патшалықтар туралы екінші жазба 12:14).

Дәуіт тәубеге келіп, күнәсі кешірілгені рас, дегенмен, сол күнәсі арқылы Құдайдың дұшпандарына өз өмірінің және қарамағындағы адамдардың өмірінің есігін ашты. Патшаның өз отбасы да, бүкіл ел де едәуір зардап шекті.

Барсабиядан туған нәресте көп ұзамай шетінеп кетті. Дәуіттің үлкен ұлы, патша тағының мұрагері Амнон басқа шешеден туған қарындасы Тamarға зорлық жасады. Тamarдың туған ағасы, Дәуіттің ұлы Абессалом Амнонды өлтіріп, қарындасының кегін алды.

Абессалом көп адамның жүрегін Дәуіттен теріс айналдырып, өзіне бұрды да, әкесінің тағына таласты. Таққа қолы жеткен соң, Дәуіттің күңдерімен төсектес болды, әкесін қолға түсіріп, басын алуды бұйырды. Алайда, бұл жоспары іске аспады. Ақырында Абессаломның өзі ажал құшты.

Дәуіттің күнәсі Құдайдың дұшпанына есік ашты, шайтан Дәуіттің отбасына ойран салды, үш бірдей ұлы түрлі себептермен қаза болды. Есірткіге әуестенген, қауымға қарсы, азғындық пен гомосексуализмге салынып жүрген жастардың арасында қызметкерлердің де балалары бар. Ондайларды өз көзіммен көрдім. Оның себебі – әке-шешесі күнә жасап, сол арқылы рухани әлемдегі мәртебесінен айырылып қалған. Киелі Кітаптағы мына бір сөзге ден қояйық: “Бауырластарым менің, бәрің бірдей тәлім беруші болуға ұмтылмаңдар! Иеміздің бізге, тәлім беретіндерге, басқалардан гөрі қатаңырақ төрелік айтатынын білесіңдер” (Жақыптың хаты 3:1). Тәлім берушілердің (бағушылардың) тілазарлығы басқалардыкінен гөрі қатаңырақ жазаланады. Олардың күнәсінен өздері ғана емес, қарамағындағылар да зардап шегеді. Тәубе етсе, Дәуітті кешіргендей, Құдай оларды да кешіреді. Алайда, еккен тұқымының жемісін қалайда орады. Өйткені, дұшпанға есік ашылды!

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Бұл сөзімнің тым ауыр естілетінін өзім де білемін. Қатты болса да, шындық, ащы болса да, ақиқат. Осы ақиқатты кішіпейілділікпен, көңілім толқып жазып отырмын. Көптеген қайғылы жағдайды көзімізбен көрдік. Сондай жағдайлар жетекшілердің отбасында орын алатыны өкінішті-ақ. Төрелік айтып, үкім шығарудан аулақ болайық. Сүрінген адамға қол ұшын созып, кең пейілділік танытқанымыз жөн. Тәубеге келсе, Құдай күнәсін кешіреді. Менің сөзімді ескерту деп, дұшпанның тұзағын айналып өтпекке нұсқаулық деп қабылдаңыз. Құдай алдында бәрімізде де мойынсұну мен кішіпейілділік болғай.

Төрт ұлым бар. Олардың тағдыры үшін Құдай алдында жауаптымын. Ұлдарым – Жаратқан Иемнің меншігі, мен – сол меншікті басқарушымын. Қас дұшпаныма өмірімнен орын беріп, балаларымның тағдыры тәлкек болғанын көргім келмейді.

Алғашқы қызметім бағушының, ол кісінің отбасының және қауымға келген уағыздаушылардың керек-жарағын қамтамасыз ету болатын. Ол кісілер Құдайға алаңсыз қызмет ету үшін күнделікті қажеттерін өтеп тұратынмын. Киімін тазарту, балаларын мектептен алып келу, машинасын жуу, тағы басқа ұсақ-түйек жұмыстар – менің міндетім еді. Бір күні Құдайдан мынадай сөз келді: “Балам, осы қызметіңде жүріп, әлденені бүлдіріп алсаң, қатеңді түзету қиын емес, өйткені киімді не болмаса көлікті қалпына келтіруге болады. Ал адамдарды басқаруды сеніп тапсырғанымда, жіберген қатеңнен перзенттерімнің жанына нұқсан келуі мүмкін”. Осы сөз қызметке деген көзқарасымды өзгертті.

## Ескерусіз қалған билік

Осы тараудың мақсаты – рухани әлемдегі орнымыз бен билігіміз жайында түсінік беру. Құдайдың дұшпанына билігін беріп қойған немесе биліктен басқа жолмен айырылып қалған адамдарды мысалға келтірдім. Күнәға еліктіріп, қолыңыздағы билікті тартып алуға шайтан бар күшін салады. Құдайға қызмет

етуге деген ықыласыңыз бар болса, шайтан тұғырыңызды шайқап, рухани әлемдегі орныңыздан ығыстырып шығармақ болады, қолданатын қаруы – қорқыныш пен абыржу.

Қорқыныштан құтылу жолындағы алғашқы қадам – өз жүрегімізді тексеру. Бұл жайында келесі тарауда егжей-тегжейлі айтамын.



## ШЕКТЕН ШЫҒУДЫҢ ЕКІ ТҮРІ

**П**арасат пен байсалды мінез болмаса, Құдайдан келген аяннан да, ерекше рухани білімнен де қайран жоқ. Өйткені, сол білімге сай өмір сүру үшін дұрыс мінез керек.

Құдайдың Рухы бар байлығын сіздің рухыңызға төге салар еді. Алайда, сол рухани байлыққа сай өмір сүруге парасатыңыз бен мінезіңіз жетпесе, рухани байлықтың құны болмайды. Киелі Рух маған қорқыныш жайлы ақиқатты ашқанда, шектен шығудың екі түрі болатынын, олардың қаншалықты қауіпті екенін көрсетті. Бірі – билікқұмарлық, екіншісі – жалған кішіпейілділік. Таразының басы осы екеуінің біріне де ауытқымаған тепе-теңдікті Тімотенің өмірінен көреміз. Ол жалған кішіпейілділік емес, Құдайға ұнамды мінез қалыптастырған еді, ықпалды да беделді болуды емес, Құдай берген дарындарын жетілдіруді көздеген.

## Таза жүрек

Пауыл елші Тімотені алғаш рет Лүстра қаласында жолықтырды. Жігіттің анасы – яһуди ұлтынан шыққан, Исаға сенетін әйел, ал әкесі грек болатын.

Пауыл Тімотенің өзімен бірге ел аралап, Ізгі хабар таратуын жөн көрді. Тімотенің міндеті – Пауылдың түрлі қажеттерін қамтамасыз ету болатын (Елшілердің істері 19:22).

Біраз уақыт өткен соң, Тімотенің адалдығы сынға түсті. Тімотенің дәрежесі артты, енді оған уағыздаушы қызметі тапсырылды, Ефес қаласындағы қауымның бағушысы болып тағайындалды. Тімотеге жазған екінші хатында Пауыл елші былай деген еді:

Шынайы сенімің есімде. Ол алдымен әжең Лойда мен анаң Әуникенің жүректерінен орын алған еді. Оның сенің жүрегіңнен де орын алғанына көзім жетті. Сол себепті саған ескертемін: мен үстіңе қолымды қойып сиынғанымда Құдай рақым етіп, өзіңе берген дарынды көбірек ынтамен қолдан! (Тімотеге арналған екінші хат 1:5-6).

Елші жас қызметкер Тімотенің сенімі шынайы екенін айтады. Жүрегі таза, жалғандықтан аулақ. Тімотенің бойында тарыдай да көзбояушылық жоқ. Басқа бір хатында Пауыл елші былай деп жазған еді:

*Иеміз Иса қаласа, жақын арада сендерге Тімотені жіберетін ойым бар. Осылайша сендер жігерленіп, оның сендерден алып келетін хабары маған да жігер берер деп сенемін. Ол сияқты менімен ниеттес, шын көңілден қамдарыңды ойлайтын басқа адамым жоқ. Өзгелердің бәрі Иса Мәсіхтің ісін емес, өз қара бастарының қамын ойлайды. Ал Тімотенің сенімді екенін өздерің білесіңдер: ол маған Ізгі хабарды уағыздауда ұлының әкесіне көмектесетініндей қолғабыс етіп келеді (Філіпіліктерге 2:19-22).*



Елшінің осы сөзінен-ақ Тимотенің мінезінде мін болмағаны аңғарамыз. Әрбір мәсіхші үшін ең басты мақсат – Құдайға ұнамды мінез қалыптастыру болғаны жөн. Көктегі Әкеміздің іздейтіні – күш-қабілет емес, жақсы мінез. Ащы болса да, шындықты айтайын: сенушілердің көбісі Құдайға ұнамды мінезді былай қойып, майлану мен Құдайдың құдіретін іздейді. Киелі Жазба «Сүйіспеншіліктің жолын қуыңдар! Рухани дарындарға...ие болуға ұмтылыңдар!» деп үйретеді (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 14:1). Алайда, біз бұл өсиетті бұрмалап жүрміз. Дарынды болуды, майлануды қуамыз да, ал сүйіспеншілік өзінен-өзі пайда болады деп күтеміз. Құдай – сүйіспеншілік, сүйіспеншілік жолын ұстанбай, Иеміздің мінезіндей мінезге ие бола алмайыз.

### **Бірінші қателік: жақсы мінез қалыптастыруға емес, билікке ұмтылу**

Кейбір сенушілер Құдайдың кереметімен әлдебір мәселесінің шешілуін көздеп, не болмаса, майланған қызметкерден пайғамбарлық сөз есту үшін жүздеген шақырым жол жүруге дайын да, өз жүрегіндегі ашу-ызаға, жараға, басқа ұлы тамырларға көңіл бөлмейді. Мінезге емес, күш-қабілетке көбірек мән беретін болса керек. Жиналыстарда болатын кереметтерді Құдай жасайды, әлбетте. Дегенмен, жан-дүниемізді реттеуге де тиіспіз. Қауымға Құдайдың құдіреті төгілген сәттерде де, басқа уақытта да күнәға қарсы тұру – міндетіміз. Құдайдың құдіретін аңсайтынымыз жақсы, дегенмен, жүрек тазалығын да естен шығармайық.

Қаншама қызметкерлердің сүрінгенін көрдік. Олар күнә болып саналатын әрекетке барған күні құлаған жоқ. Рухани құлдырау Құдаймен арадағы жақын қарым-қатынастан гөрі, қызметтің маңызы басым болып кеткенде басталды. Және бұл жағдай олардың жеке өмірінде ғана емес, өздері басқарған қауымдарға да тарады.

Иса «Жүректері пәк тазалар бақытты: олар Құдайды көретін

болады!» деген еді (Матай жазған ізгі хабар 5:8). Иеміз “Қызметі табысты адам бақытты” деген жоқ. Жүрегіміз таза болмаса, Құдайды көре алмайтынымызды айтты! Ал таза жүректі бізге Иса ғана бере алады. Және біз оған өз еңбегімізбен қол жеткізе алмаймыз. Таза жүрек – Иемізден келетін, өзі баға жетпес қымбат, өзі тегін берілетін сый. Оның құны – Исаның құрбандығы, ал бізге сый ретінде берілетіндіктен, тегін.

Бұрын “Құдайым, адасқан жандарды Өзіңе алып келу үшін мені қолданғайсың. Мені көптеген адамдарды құтқарып, оларға шипа беру үшін қолдана гөр” деп мінәжат ететінмін. Осы дұғамды қайталаудан жалықпайтын едім – сол кездегі Құдаймен қарым-қатынасымның деңгейі сондай болатын. Ең асқақ деген арманым – табысты қызметкер болу еді.

Бұл көзқарасымның ағаттығын кейін Иса көрсетті. Иемнің сондағы айтқаны бұрынғы түсінігімнің астан-кестеңін шығарды.

“Джон, Яһуда талай адамнан жындарды қуып шығарды, талай адамды сауықтырды, Ізгі Хабар таратты. Істеп жүрген кәсібін тастап, Маған шәкірт болып, соңымнан ерді. Сөйткен Яһуда қазір қайда?” Бұл сөз төбемнен жай түсіргендей болды. Құдай сөзін жалғады:

*«Әрбір сенушінің өмірінің мақсаты – қызмет емес, Құдайдың құдіретіне кенелу емес, Мені жақыннан танып білу» (Філіпіліктерге 3:10-15 қараңыз).*

Жұбайым да мен сияқты дұға ететін. Иса оған былай деп сұрақ қойды: “Лиза, сені әлдебір досың пайдаланып кеткен кездер болды ма?”

- Иә, – деді әйелім.
- Сонда өзіңді қалай сезіндің?
- Досы сатып кеткен адамдай.

Иса «Лиза, Мен адамдарды пайдаланбаймын. Майлаймын, жарақтаймын, Өзімнің жүрегімдегі бейнеге сай етіп өзгертемін, бірақ адамдарды пайдаланудан аулақпын» деді.

*Шектен шығудың екі түрі*

Құдаймен арада рухани шөлімізді қандыра қарым-қатынасымыз болмаса, «мені адамдарды құтқаруға қолдана гөр» деген мінәжатымыз жөнсіз емес пе? Құдаймен жақын адамның өмірінде Киелі Рухтың жемістері болмай қоймайды. «Құдайға сенімділер нығая түсіп, шайтанға қарсы тұрады» (ағылшын тілінде – «Құдайды танитындар нығая түсіп, ұлы ерліктер жасайтын болады») (Даниял 11:32).

Пауыл елшінің жалғыз қалауы Құдайды танып білу еді (Філіпіліктерге 3:8-10). Мұса «Егер де маған риза болсаң, (бізді жүргізетін) өз жолдарыңды білдіре гөр. Сонда мен Өзіңмен тығыз байланыста тұрамын...» деп сиынды (Мысырдан шығу 33:13). Дәуіт болса көзіне жас алып тұрып, былай деп мінәжат етті:

*«Иемнен бір-ақ нәрсені сұрадым,  
Тек мынау ғана менің аңсағаным:  
Өмір бойы Оның үйінде болсам,  
Жаратқан Иенің көркіне қарасам,  
Ғибадатханасында ойланып-толғансам»*

*(Забур. 26:4).*

Тағы бір дұғасында Дәуіт былай дейді:

*«Уа, Ием, Сен сиынатын Құдайымсың,  
Таң сәріден мен Саған бет бұрамын,  
Сусыз жердемін кеуіп, құлазыған,  
Жан-тәніммен Сені аңсап сағынам»*

*(Забур. 62:1).*

Киелі Кітапта есімдері аталған, Құдайды танып білуді басқаның бәрінен ілгері қойған сенушілер Жаратқан Иемізге деген адалдықтан тайған жоқ әрі Құдайдың аманатын орындап шықты. Олар Құдайға толық бағышталу қағидасын үйреніп, орындай білді.

Басқалар болса, рухани жетістігін пайғамбарлық сөз айту қабілетімен немесе басқа дарындарының көрінуімен өлшейді. Осы тұста айтарым, дарындар – еңбегіміздің ақысы емес,

Құдайдың сыйы екенін ұмытпайық. Есек те рухани әлемді көрді, адамша сөйлеп, пайғамбарлық сөз айтты. Әтеш үш рет шақырып, Петірдің күнәсін әшкереледі. Осы мақұлықтар рухани жетілді деп айта аламыз ба?

Исаның айтқаны есіңізде болар. Маған: «Мырза, Ие!» дейтін әркім емес, көктегі Әкемнің еркін орындайтындар ғана Оның Патшалығына кіре алады. Көптеген адамдар қиямет соты күні Маған: «Уа, Тақсыр Ие, Сенің атыңмен біз жұртқа Құдайдың хабарын жеткізбедік пе? Сенің атыңмен жындыларды қуып шығарып, көптеген кереметтер жасамап па едік?» — деп жалынатын болады. Сонда Мен оларға: «Сендерді ешқашан (өз адамдарым ретінде) таныған емеспін. Әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» — деп ашық айтамын (Матай жазған ізгі хабар 7:21-23).

Майлану — Құдайдың көңілінен шыққаныңыздың белгісі емес. Саулға Құдайдың Рухы қонып, оны ерекше көңіл күйіне түсірді... Саул сырт киімін шешіп тастап, Самуилдің алдында пайғамбар іспетті ерекше күйде болып, жерге құлап түсті. Бұл күні және түні бойы патша сырт киімсіз жатып шықты. Сол себептен де жұрт: «Саул да пайғамбарлардың қатарына қосылған ба?» деп айтады (Патшалықтар туралы бірінші жазба 19:23-24). Осы аяттарда айтылған оқиға Құдай Саулға үкімін біржола шығарғаннан кейін болған еді. Исаны өлімге кескендердің бірі — бас діни қызметкер Қаяфа да «Иса халқымыз үшін өлуге тиіс» деп алдағы оқиғаны білдірді (Жохан жазған ізгі хабар 11:49-51). Жүрегіміз Құдай деп соқса ғана, Иеміздің еркіне сай өмір сүре аламыз. Олай болмаса, Құдайдан келген майланудың көлеңкесінде, заңшылдықпен және нәпсімен арпалысып, өміріміз өтеді. Балағам пайғамбарлық сөз айтты, және айтқандары — ақиқат еді. Алайда, Исраил халқы Уәде етілген жерге кіргенде, Балағамның басын алды. Ажалы сиқыршы-балгерге лайық ажал болды.

Пуыл елші Тимотенің Құдайға деген адалдығын жүрегінің тазалығына, қызметтегі ықыласына қарап бағалады. Біз де өз ортамызда сондай өлшем қолданып, Киелі Рухтың өзімізді

таразылауына мүмкіндік беруге тиіспіз. Қорқыныш рухын жеңеміз десек, осы шартты орындауымыз өте маңызды. Осындай көзқарас болмаса, қолыңыздағы кітаптағы ақиқат сізді азат ете алмайды. Тіпті, зиянын тигізуі де мүмкін. Өйткені азат етуші құдірет кітап беттерінде емес, осы жолдаудың рухы мен мағынасында.

Осы тұста Петір елшінің мына бір ескертуін есіңізге сала кетейін: «Сүйікті бауырласымыз Пауыл да сендерге Тәңір Ие өзіне сыйлаған даналығымен осы туралы хат жазған болатын. Ол бұл мәселеге тоқталып өткен барлық хаттарыңда да осылай дейді. Оларда бірқатар түсінуге қиын жерлер бар. Шынайы рухани тәлім алмаған, тұрақсыз адамдар өзге Киелі жазбаларды бұрмалағандары сияқты, бұларды да бұрмалап, қате түсіндіреді. Сол арқылы олар тозаққа түсулеріне өздері себепші болады» (Петірдің екінші хаты 3:15-16).

Құдайдың құдіретіне кенелу формуласын емес, көктегі Әкемізбен дұрыс қарым-қатынас орнату жолдарын іздегеніміз жөн. Осыны ескере отырып, Пауыл елшінің Тімотеге жазған екінші хатынан бір аят оқиық. Елші Тімотенің жүрегінің тазалығы жайында айта келіп, «Сол себепті саған ескертемін: мен үстіңе қолымды қойып сиынғанымда Құдай рақым етіп, өзіңе берген дарынды көбірек ынтамен қолдан!» дейді (Тімотеге арналған екінші хат 1:6). “Сол себепті...” дейді Пауыл. Яғни, Тімоте Құдайға адал болмаса, дарынын жетілдіру жөніндегі ұстазының нұсқауы да жөнсіз болар еді. Шектен шығудың екінші түрін қарастырайық.

### **Жалған кішіпейілділік**

Шынайы сенімің есімде. Ол алдымен әжең Лойда мен анаң Әуникенің жүректерінен орын алған еді. Оның сенің жүрегіңнен де орын алғанына көзім жетті. Сол себепті саған ескертемін: мен үстіңе қолымды қойып сиынғанымда Құдай рақым етіп, өзіңе берген дарынды көбірек ынтамен қолдан! (Тімотеге арналған екінші хат 1:5-6).

«Сол себепті саған ескертемін...». Тимотеге жазған бірінші хатында Пауыл елші былай дейді: «Қауым жетекшілері сенің үстіңе қолдарын қойып бата берген кезде Құдайдың Рухы білдірген хабарымен саған сыйлаған рухани дарынын елемей жүрме!» (Тимотеге арналған бірінші хат 4:14). Елші Құдайдың дарынын елеусіз қалдырмауды жас қызметкерге ескертіп отыр. Бұл жайлы екінші хатында да айтады, екінші хатын осы ескертуден бастайды.

«Құдайдың сыйлаған рухани дарынын елемей» дегеніміз не? «Елемей» сөзінің антонимдерін қарастырайық: орындау, жету, әрекет ету, назар аудару, мән беру, ескеру, назарда ұстау, соңына дейін жеткізу.

Келтірілген сөздердің барлығы – іс-әрекет пен билікке қатысты. Мағынасы позитивті, батыл. Енді «елемей» сөзінің мағынасын кеңірек қарастырайық. Елеусіз, ескерусіз қалдыру, назар аудармау, мән бермеу, есепке алмау, бағаламау, ұмытып кету, ұнатпау, көзге ілмеу, менсінбеу.

Осынау теріс мағыналы сөздер іс-әрекеттің, табандылық пен батылдықтың, биліктің жетіспеушілігін көрсетеді. Өзімізге сеніп тапсырылғанды көзге ілмеудің салдары ауыр болуы мүмкін.

Билікке ұмтылуға қарама-қарсы адасу – жалған кішіпейілділік екенін жоғарыда айттым. Ондай адамдар Құдайға ұнамды мінез қалыптастырудың маңызын мойындайды, алайда, өздері бұл жолда табандылық танытпайды. Оларды қорқыныш билейді, сондықтан, Құдай берген дарындарды қолдануға батылы жетпейді. Қандай да бір теке-тіреске төзе алмайды, тайталас атаулыдан басын ала қашады, олардың ойынша, қандай да келіспеушілік сүйіспеншілік пен мәсіхшілік мінезді жоққа шығарады.

Ондай адамдарды “татулық сақшылары” деймін. Бір қарағанда, “қайтсек те, татулығымызды сақтайық” деген ниет дұрыс та сияқты. Алайда, Иса “татулық сақшылары бақытты” деген жоқ. Иеміз былай деген еді:

*«Татуластырушылар бақытты: олар Құдайдың рухани балалары деп аталмақ!» (Матай жазған ізгі хабар 5:9). “Татулық сақшылары” тайталас болдырмау жолында неге болса да, келіседі. Өзін қауіпсіз сезіну үшін бас шұлғып, бәріне көнуге дайын. Сол бір жалған қауіпсіздік сезімін татулықпен шатастырады.*

Иса айтқан татуластырушылар болса, ақиқат жолында батылдық танытады, қақтығыстан тайсалмайды. Өйткені, қара басының қамынан гөрі ақиқат қымбат.

Құдай Патшалығында тыныштық бар (Римдіктерге арналған хат 14:17). Алайда, бұл тыныштық ешбір қарсылықтың жоқтығынан туындайды деп ойласақ, қателесеміз. «...Құдайдың Патшалығы күшпен алға басып, күш салғандар оны иемденуде» деп Исаның Өзі айтқан (Матай жазған ізгі хабар 11:12). Құдай Патшалығына қарсы тұратын күш бар. Оны орнату үшін күш салу керек.

Әлдебір қолайсыз жағдайлар жайында “көңіл аудармай-ақ қояйыншы, өзі дұрысталып кетер” деп ойлайтынымыз бар. Оянайық, қарсы тұрып, жеңіп шықпасақ, өзінен-өзі ештеңе де өзгермейтінін түсінейік!

Сүйікті бауырластарым, мен бар ынтаммен бәрімізге ортақ құтқарылу туралы хат жазбақшы едім. Алайда Құдайдың Өзіне бағыштаған халқына біржола аманаттаған, бәріміз сенетін шынайы ілімін жан сала қорғауды ескертіп жазуымды қажет деп есептедім (Яһуданың хаты 3).

Яһуда елші «жан сала қорғау» жайлы айтады. Бұл «бәрі дұрысталып кетер» деген үміттен өзгеше нәрсе, байқасаңыз. «Жан сала қорғау» дегеніміз – «шайқасу, жаумен алысу, арпалысу» немесе «шайқаста жеңіп шығу». Мәсіхші болу дегеніміз – ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүру емес! Біздің Құдайға деген құлшынысымызға әрдайым қарсы тұратын күштер бар!

Пауыл елші Тимотені былай деп жігерлендірген еді: Иса

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Мәсіхтің «адал сарбазы» ретінде азаптарды бірге көр! Есіңде болсын: ешбір сарбаз тұрмыстық істермен шырмалмайды...» (Тімотеге арналған екінші хат 2:3-4). «Осылайша жамандықтан жеңілмей, оны жақсылықпен жеңіп шық!» (Римдіктерге арналған хат 12:21).

Пауыл елшінің Ефестегі қауымның жетекшісі Тімотеге жазған хаттары қолбасшының бұйрықтарына ұқсайды. Тімоте қызметінде түрлі бөгеттерге тап болды. Рухани соғыс тоқтамайды. Жалған ілімдер мен қауымның ішіндегі жанжалдарды тоқтату керек. Сенушілерге рухани азық беріп, жетілдіру керек. Қауым өсіп, дами беруі үшін көп еңбек ету керек.

Келіспеушілік пен тайталастуындауына себеп жетіп, артылып жатты. Оған еш күмәнім жоқ. Рухани әлсіз сенушілер мен күнәдан шындап бас тартпаған адамдар тарапынан Тімотеге жала жабылғаны, өсек-аяң тарағаны да сөзсіз. Онымен қоймай, Тімотенің жастығы да бар. Қауымдағылардың көбісінен жас еді. Осының өзі-ақ – жасқаншақ болуға себеп. Осылардың бәріне қарамастан, Пауыл елші Тімотеге байсалды да жүректі, бекем болуды үйретеді әрі бойындағы дарынды елеусіз қалдырмауын ескертеді. Елші Тімотенің рухани билігі бар екенін, оны батыл қолдана білуі керектігін үнемі есіне салып отырады. Тімотенің мүлт кеткен сәттері де болған шығар, дегенмен, Пауыл елшінің жазғандары мынадай кеңестер еді:

*Осыларды нық уағыздап үйрет (Тімотеге арналған бірінші хат 4:11).*

*Қауымның кінәратсыз болуы үшін осыларды насихаттап үйрет! (Тімотеге арналған бірінші хат 5:7).*

*Ал сен, балам менің, Мәсіх Исаның сыйлайтын рақымымен күшейе бер (Тімотеге арналған екінші хат 2:1).*



### *Шектен шығудың екі түрі*

Қазіргі кезде Құдайды шын сүйетін, бірақ қандай да тайталастан қаймығатын сенушілер көп. Бәлкім, Тимоте де сондай болған шығар. “Қайтсем де жұрттың бәрімен тату болуым керек” деген көзқарасты ұстансаңыз, жасқаншақтық торына түсесіз.

Сізге қаймығу, қорқу, жасқаншақ мінез тән болса, осы жолдауды қабылдап, азаттық пен батылдыққа ие болыңыз. Сіздің батыл болғаныңызды, Жаратқанның аманатын орындай алар мінезге ие болғаныңызды Құдайдың Өзі қалайды. Қорқақ, жалтақ, жасық адамда қуаныш болмайды. Қуаныш жоқ жерде, күш-қабілет те жоқ. Қорқыныш барда, тыныштық жоқ. Жасқаншақ мінездің шырмауынан арылғаныңызда, қуаныш пен тыныштыққа молынан кенелесіз!



## ҚҰДАЙ БЕРГЕН ДАРЫНДАР

Осы тұсқа дейін қорқыныш пен оның салдары жайында қауым жетекшілеріне ғана қатысты айттық. Алайда, оқырмандарымның көбісі – толық қызметте емес, қауымның қатардағы мүшелері. Солардың бірі болсаңыз, “Осы айтылғандардың маған не қатысы бар?” деп ойлап отырған шығарсыз.

Құдай әрбір сенушіге рухани әлемде белгілі бір мәртебе берді. Пауыл елшінің мына сөзі есіңізде болар: “Құдай Мәсіх Исамен тығыз байланыстағы бізді Онымен бірге тірілтіп, көкте Оның жанына отырғызды» (Ефестіктерге арналған хат 2:6). Рухани әлемдегі Құдайдың перзентіне тиесілі орын мен мәртебе – осы.

Осылай Мәсіх күллі билік пен өктемдіктен, күш-қуат пен әкімшіліктен, осы және келешек замандардағы бүкіл атақ пен дәрежелерден де әлдеқайда үстем. Құдай бұлардың бәрін

Мәсікке бағындырып, Оны барлығынан да жоғары қойып, сенушілер қауымының Басы етті. Ал қауым — Мәсіхтің рухани денесі. Мәсіх бүкіл әлемді Өзімен толтырғаны сияқты, қауымды да толтырады (Ефестіктерге арналған хат 1:21-23).

Қауым – Мәсіхтің рухани денесі. Адам денесі түрлі мүшелерден тұрады, олардың атқаратын міндеті де алуан түрлі. Өздері де сол міндетке сай жаратылған. Сол сияқты, Исаның денесіндегі мүшелер де біріне бірі ұқсамайды әрі әртүрлі қабілет пен дарындарға ие. Олардың әрқайсысына Құдайдың арнайы тапсырмасы бар. Әрбір мүше маңызды, ешқайсысы денеден тыс, өз бетінше өмір сүре алмайды. Пауыл елшінің хатынан оқығанымыздай, арам рухтардың барлығы – Исаның табанының астында. Олай болса, мәсіхшіге ешбір арам рух үстемдігін жүргізе алмайды. Сіз Исаның табаны болсаңыз да, шайтанның үстінен қарайсыз. Иеміздің «Мен сендерге жыландар мен шаяндарды таптап басып, жаудың барлық күшін жеңетін билік бердім. Енді сендерге еш нәрсе де зиянын тигізе алмайды» деген (Лұқа жазған ізгі хабар 10:19). Алайда, Құдай берген билікті қолданбасақ, дұшпанымыз оны тартып алып, өзімізге қарсы қолданады! Шайтанның көксейтіні – бізге берілген рухани билік.

## **Дарындар әрекет ету үшін берілген**

Пауыл елшінің Тімотеге жазған хатын әрі қарай оқиық.

Сол себепті саған ескертемін: мен үстіңе қолымды қойып сиынғанымда Құдай рақым етіп, өзіңе берген дарынды көбірек ынтамен қолдан! (Тімотеге арналған екінші хат 1:6).

Грек тілінде дарын – “харизма”. Стронг симфониясында бұл сөзге “рухани салым” деген балама келтірілген. Vine•s dictionary “дарын” сөзін “мәсіхшіге берілген Киелі Рухтың сыйы” деп түсіндіреді. Сонымен, “харизма” дегеніміз – сенушілерге Құдайдың тарапынан берілген табиғаттан тыс ерекше қабілет.

Рухани әлемдегі құбылыстардың барлығы осы “харизма” арқылы жүзеге асады. Яғни, рухани әлемде қандай да іс-

### *Құдай берген дарындар*

әрекет жасау үшін Құдай қондырған дарын керек. Дарынымыз болмаса, мадақтау әндерін де, уағыз да, пайғамбарлық сөз де айта алмаймыз, басқаларға жетекшілік ете де, қызмет көрсете де алмаймыз. Құдайдың рақымымен берілетін дарынсыз ештеңе де жүзеге аспайды. Құдайға адами күш-қабілетімізбен қызмет етпек болғанымызда, жемісі тек өлі дін ғана болады. Құдай берген дарынсыз қызмет еткеніміз – бос әурешілік.

Тімотенің бойында дарын бар болатын. Құдайдан келген дарын біресе қонып, біресе ғайып болып кетпейді, адамның бойында үнемі қала береді. «Себебі Құдай уәде беріп, таңдап алғандығынан таймайды» (Римдіктерге арналған хат 11:29). Құдайдың адамға берген дарыны – Жаратқан Иеміздің әрқайсымызға берген аманатын орындауға қажет жабдық. Дарынға сүйеніп әрекет ету қолайлы да, ыңғайлы, өзімізді еркін сезінеміз. Дене мүшелерінің атқаратын ролі мен міндеті тосыннан пайда болып, кенет ғайып болмайды. Құдай қондырған дарындар да солай.

Римдегі сенушілерге жазған хатында Пауыл елші былай дейді: «Себебі өздеріңді көруді қатты аңсаудамын. Сендерді күшейту үшін рухани дарындарыммен бөліссем» (Римдіктерге арналған хат 1:11). Құдайдан келетін дарындарсыз, Сенушілерді Жаратқанның еркін орындауға қабілетті ететін рухани қарусыз қауым нығая алмайды. Келесі аятты зейін сала оқып шығыңыз:

*Тәңір Ие рақым етіп сыйлаған алуан түрлі  
рухани дарындарыңды жақсылап қолданыңдар.  
Әрқайсыларың қабылдаған дарындарыңмен бір-  
біріңе адал қызмет етіңдер  
(Петірдің бірінші хаты 4:10).*

Осы аяттан ұғатынымыз:

1. Әрбір адам дарынды.
2. Дарын өзіміздікі емес, біз – тек басқарушымыз.
3. Дарын – Иеміздің сыйлаған алуан түрлі рақымының көрінісі.

Осы үш тұжырымның әрқайсысын егжей-тегжейлі қарастырайық.

### **1. Әр адамға дарын берілген.**

Пауыл елші «Азғантай таңдаулы адамның үлесіне тиген дарындар» деген жоқ, «Әрқайсыларың қабылдаған дарындар...» деді. Жоғарыдан туылған әрі Киелі Рухқа кенелген болсаңыз, Исаның денесінде әрекет ете алатын дарын сізге де берілген.

*«Ал әрқайсымызға Мәсіхтің рақым етіп үлестіріп берген ерекше рухани дарындарымыз бар» дейді Пауыл елші Ефестіктерге арналған хаттың 4-ші тарауы, 7-ші аятында. Тағы бір хатында былай дейді: “Бәрінің өзім сияқты ... болғанын қалар едім. Бірақ әркімнің Құдай сыйлаған өз дарыны бар; біреу былай болса, біреу олай» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 7:7).*

Осы ақиқаттан бейхабар болсақ, Құдайға қызмет ете алмаймыз, Құдайдың бізге берген аманаты орындаусыз қалады. Исаның денесіне дарындар Құдайға қызмет ету үшін берілген. Бала өскен сайын, аяқ-қолы бірте-бірте өзіне бағынып, икемге келе береді. Сол тәрізді, біз де бойымыздағы дарындарды жетілдіріп, игеріп, шыңдай түсуге тиіспіз.

### **2. Дарын өзіміздікі емес, біз – тек басқарушымыз.**

Құдайдан келген дарын – жеке меншігіміз емес, сондықтан, оны өз қалауымызша, жеке пайдамыз үшін қолдана алмаймыз, ескерусіз қалдыруға да құқылы емеспіз. Дарын басқаларға қызмет ету үшін беріледі, оны қалай қолданғанымыз үшін Құдай алдында жауаптымыз.

Ат басындай күміс жайлы астарлы әңгіме есіңізде болар. Қожайын «әрқайсысына қабілетіне қарай, біреуіне бес, келесісіне екі, тағы біреуіне бір ат басындай күміс береді» де, өзі алыс жолға аттанады (Матай жазған ізгі хабар 25:15). Алғашқы

### *Құдай берген дарындар*

екі қызметші өздеріне берілген күмісті айналымға салып, пайда түсірді, ал үшіншісі күмісті көміп тастады. Қожайын қайтып келгенде, қызметшілерінен есеп алды. Парасаттылық пен адалдық танытқан екі қызметшісін «Жарайсың, жақсы да адал қызметшім!» деп мақтады.

Есеп беруге үшінші қызметші де келді. Ол қожайынының қаржысын бір жерге апарып, көміп тастапты. Қожайынын әділетсіз де қатал адам санайды екен. Сондықтан да қожайынның мүлкіне деген немқұрайлы көзқарасын, өзінің енжарлығы мен өзімшілдігін дұрыс мінез деп есептейді. Қожайынның алдына келгенде, «мінеки, күмісің» деп, өзіне берілген күмісті сол күйінде қайтарып берді. Қожайын, қызметшісінің өзіне сеніп тапсырылған байлықты ескерусіз қалдырғанын көріп, оған «зұлым да жалқау қызметші» деп баға берді. Қолындағы күмісті алып, қаражатты көбейте білген қызметшіге бергізді. Ал қолындағы күмістен өнім алмаған қызметші сыртқа, қара түнекке қуылды (Матай жазған ізгі хабар 25:16-30).

Қожайынның мүлкін басқаратын әрбір адам қожайынға есеп береді, біз де өзімізге сеніп тапсырылған дарындар үшін Құдайдың алдында есеп береміз. “Дарын” сөзінің тағы бір мағынасы – қабілет, әлдебір іске шеберлік, әлденеге ерекше икемділік. Құдай берген дарынымызға көңіл бөліп, жетілдіріп отырудың қаншалықты маңызды екенін осы астарлы әңгімеден ақ анық көреміз.

Пауылға елшілік пен ұстаздық қызметтері тапсырылған еді. “Құдай маған рақымын төгіп, Өзінің құдіретімен өмірімді өзгертіп, мені Ізгі хабарды уағыздайтын қызметшісі етіп қойды” дейді елші (Ефестіктерге арналған хат 3:7). Дарынына адал болуды қаншалықты маңызды санайтынына назар аударыңыз.

Ал Ізгі хабарды уағыздап жүргенімнің өзі мақтануыма себеп бола алмайды, ол борышты міндетім: Ізгі хабарды уағыздамасам, қасіретке қалар едім. Егер оны өз еркіммен істесем, еңбегімнің ақысын күтер едім; бірақ еріксіз істегендіктен, оны сеніп тапсырылған міндетім ретінде орындап

жүрмін (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 9:16-17).

Пауыл елшінің “қасірет” деген зілді сөзді қолдануы – тегін емес. Алда күтіп тұрған сот барын ескерткенде, Иса да осы сөзді қолданған еді. Иеміз Хоразин мен Бетсайда қалаларына “қасіретке қаласың” деген еді, сол қалалар ақыры жер бетінен жойылды (Матай жазған ізгі хабар 11:21-22). Қапарнаум қаласына да, парызшыларға да (Матай жазған ізгі хабар 23), Яһудаға да (Матай жазған ізгі хабар 26:24) алдағы қасірет жайлы ескерту жасалған болатын.

Яһуда елші “қасірет” сөзін қауымдағы күнәкарларға шығарылатын үкім жайлы айтқанда қолданады. Бұл сөзді Аян кітабында да кездестіреміз: ««Қасірет, қасірет! Қалған үш періште кернейлерін тартқанда, күнәкар дүниеде өмір сүргендердің қасіреті қандай болмақ!» — деп ескерткенін естідім» (Аян 8:13). Пауыл елші “қасірет” деген сөзді Құдай берген дарынмен қоса келетін жауапкершіліктің қаншалықты зор екенін көрсету үшін қолданған еді.

Мәсіхші бойындағы дарыны мен Құдайдың аманатына сай әрекет етпесе, ерте ме, кеш пе, Құдайдан теріс айналып кетеді. Жұмыс істемеген бұлшық еттің семіп қалатынындай, іске аспаған сенім де тот басып, мұқалады. Әрекетсіз сенуші басқа мәсіхшілерден оқшау қалып, жаудың қолына түседі. Құдайдың ұлы қызметкерлерінің өмірбаянын зерттегенде ұққаным, Құдайдың тапсырмасына деген самарқау көзқарасқа жол берудің соңы – рухани құлдырау екен. Бәлкім, олар қызмет етуді жалғастыра берген болар, алайда, бұрынғыдай жеміс те, майлану да болмады. Олар Құдайдың берген дарынын басқаларды қорғап, қамқорлығына алу үшін емес, қара басының қамы үшін қолданатын болды.

Жорыққа шығатын уақытта сарайында қалған Дәуіт патша күнәға батқан еді.

Келесі жылғы көктемде, патшалар жорыққа шығатын уақытта Дәуіт Жоғабты, өзінің қызметшілерін және Исраилдің бүкіл әскерін жауға қарсы аттандырды. Олар аммондықтарды



жаппай қырып, астаналары Раббаны қоршап алды. Бірақ Дәуіттің өзі Иерусалимде қалып қойды (Патшалықтар туралы екінші жазба 11:1).

Құдай Дәуітті Исраил халқын қой баққан бақташыдай бағып, қамқор болсын деп, патшалыққа тағайындаған еді. Көктемде, патшалар жорыққа шығатын мезгілде Дәуіт те жорыққа аттануға тиіс еді. Дегенмен, патша бұрынғы жеңістеріне көңілі тойып, үйінде жатты, тоқмейіл, енжар күйге енді. Уақытты бос өткізуден жалығып, сарай төбесінен айналаны шолып шықпақ болды. Оқиғаның немен біткенін білесіз.

Біз бұл өмірге уақытты бос өткізу үшін келген жоқпыз. Біздің өміріміз тіпті өзімізге тиесілі де емес. Өміріміздің құны төленген, сөйтіп өзімізге басқаруға ғана берілген. Жер бетіндегі әр күнімізді қалай өткізгеніміз жайында есеп береміз. Біз мұнда мәңгі өмір сүрмейміз, бұл дүниеге келіп, бір күні кетеміз. Алайда, осы дүниеде мәңгі қалатындай өмір сүріп жүргендер көп!

Иса «Өзімді Жібергеннің еркін іске асырып, Оның тапсырғанын толық орындау Маған «нәр» болады» деген еді (Жохан жазған ізгі хабар 4:34). Осындай диетаны біздің де ұстанғанымыз жөн. Адам күш-қуатты тән азығы мен рухани азықтан алады. Иеміздің еркін орындамасақ, рухани азықсыз қаламыз, ашыққан адамдай әлсірейміз. Ал діңкесі құрып, әлсіреген адамның ағысқа қарсы жүзгенінен, осы дүниенің ағысына ыға бергені оңайырақ. Сөйтіп, тоқмейіл әрі өзімшіл адамға айналады.

Біздің жауапкершілігіміз зор. Қауымға келуші ғана емес, Құдайдың сөзін орындаушы болайық. Құдайдың дастарқанынан ас ішіп, тойынып, күш-қуатын Құдайдың ісіне жұмсамаған адамдар қоң жинап, семіре береді. Езекиел пайғамбар арқылы Құдай былай деп ескертеді: «Мен, Жаратушы Тәңір Ие, оларға мынаны айтамын: Біліп қойыңдар, Мен Өзім қоңды қой мен арық қойдың арасына әділ шешім шығарамын» (Езекиел пайғамбар 34:20).

Пайғамбар айтып отырған қоңды қойлар – кім? Құдайдың

ізгілігінен өздері ғана пайда көргісі келетін, басқаларды көздеріне де ілмейтін адамдар. Құдай қоңды қойларды қалай сипаттайтынын оқып көрейік.

Шұрайлы жайылымда жайылып жүргендеріңнің өзі сендерге шынымен азшылық ете ме? Ендеше неге жайылымның қалғанын тұяқтарыңмен таптайсыңдар?! Таза су ішіп жүргендерің сендерге аз ба? Ендеше неге судың қалғанын аяқтарыңмен лайлайсыңдар?! Сендер әлсіздердің барлығын бүйірлеріңмен, иықтарыңмен итергіштеп, мүйіздеріңмен сүзгіледіңдер. Содан оларды отардан сырт бытыратып, қуып жібердіңдер. Сондықтан Мен «отарымды» құтқарамын. Олар енді қайтып ешкімнің олжасы болмайды. «Отарымдағы екі қойдың» арасындағы дауға Өзім әділ шешім шығарамын» (Езекиел пайғамбар 34:18, 21-22).

Құдай бізге дарындарды өзіміздің жеке мүддеміз үшін берген жоқ. Көктегі Әкеміздің ізгілігі – бізге сын. Құдай берген мүмкіндіктерді өзімізден әлсіз, жас, қолынан көп нәрсе келе қоймайтын адамдардың игілігі үшін қолданғанымыз жөн. Исаның денесі сонда ғана біртұтас болады.

Мені дұрыс түсініңіз. Еңбегіңіздің жемісін көріп, рахаттанғанда тұрған дәнеңе де жоқ. Құдай бізге тынығып, күшімізді қайта жаңғыртуға мүмкіндік сыйлайды. Алайда, назарымыз тек өзімізде ғана болса, қоңданып, енжарлыққа салынамыз. Өз мүддемізге ғана қызмет еткен дарындар мен қабілеттеріміз айналымға салынбаған, демек, көбеймеген күміс іспетті.

Денеңіздің әрбір мүшесі басқа мүшелердің алдында жауапты. Мәселен, аяғыңыз өз міндетін орындаудан бас тартса, бүкіл денеңіз зардап шегер еді. Өкпеңіз не жүрегіңіз жұмысын тоқтатса, денеңізден тіршілік кетеді. Егер шайтан назарымызды басқаларға қызмет етуден өз мүддеңізге аударса, Исаның бүкіл денесі зардап шегеді.

***3. Дарын – Иеміздің сыйлаған алуан түрлі рақымының бір көрінісі.***

Мұнда “алуан түрлі” деген сөз тіркесі өте маңызды. Петір елші барлық дарындарды үлкен екі топқа бөледі. Біріншісі – сөйлеу, сөз айту дарындары. Екіншісі – қызмет көрсету дарындары. “Уағыз айтатындарың Құдай сөзін уағыздай беріңдер; қызмет көрсететіндерің Тәңір Иенің өздеріңе берген күш-қуатымен қызмет ете беріңдер!” (Петірдің бірінші хаты 4:11).

Әрі қарай Пауыл осы екі санаттың әрқайсысына анықтама береді. Римдіктерге арналған хаттан алынған мына бір үзіндіге зейін салайық:

*Денеміздің мүшелерінің көп, әрі олардың атқаратын қызметтерінің әр түрлі екеніндей, біз бәріміз де көптігімізге қарамастан Мәсіхтің рухани денесіміз, осылай өзара байланысқан мүшелеріміз. Құдайдың рақымымен әрқайсымыз ерекше рухани дарындарды қабыл алдық: сенің пайғамбарлық сөз сөйлеу дарының болса, хабардың Құдайдан келгендігіне деген сеніміңе сай оны жеткіз. Сыбағаңа қызмет ету тиген болса, соныңды атқар, рухани тәлім беру дарының болса, оны қолдана бер. Кімде жігерлендіруші дарын болса, сонысын орындай берсін, мұқтаждарға жәрдем үлестіруші де онысын ақпейілмен атқарсын. Жетекшілік етіп жүргендер шынайы еңбекқорлық көрсетсін және қайырымдылық жасайтындар оны қуанышпен істесін (Римдіктерге арналған хат 12:4-8).*

Сөз сөйлеу дарындарына пайғамбарлық дарыны, тәлім беру, жігерлендіру, басшылық ету дарындары; қызмет көрсету дарындарына мұқтаждарға жәрдем үлестіруші, толық уақыт қызметі, қайырымдылық кіреді.

Осы тұста ескерерлік жай, сөз сөйлеу дарынына негізделген қызметке кірерден бұрын, сондай қызмет атқарып жүрген адамға жәрдемші ретінде қызмет етесіз, сол қызметте адалдығыңыз сыналуы тиіс. Жетекші болып, уағыз айтқысы

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

келетіндер көп, қызметке жан-тәнімен, шынайы берілгендер аз. Ондай адамдардың қаншалықты дарынды екені тіпті де маңызды емес. Олардың дарынының өздеріне де, қарамағындағы адамдарға да пайдасынан зияны көп. Басқа біреуге қызмет ету арқылы мінезі шыңдалмаған адам жетекші мәртебесін қол астындағыларға үстемдік ету үшін пайдаланады.

Осы ақиқатты түсінбеудің салдарынан екі түрлі адасу туындайды. Біріншісі: Құдайға қызмет етудің ең биік шыңы – толық қызмет деп ойлау. Ондай адамдар Иемізге қызмет етудің басқа да жолдары бар дегенге сенбейді, ал сөз сөйлеу дарындарынан басқа да дарындар болатынын білмейді. Бұлай адасу өздерін тым жоғары бағалайтын адамдарға тән.

Киелі Жазба былай дейді: «Дене бір ғана емес, көп мүшелерден тұрады... Егер бүкіл дене көз болса, онда ол қалай ести алар еді? Яки бүкіл дене есту сезімінен тұрса, қалай иіс сезе алар еді?» (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 12:14, 17). Әлгі адамдар бәрі бірдей ауыз болғысы келеді. Алайда, дененің әрбір мүшесі маңызды. Қызмет көрсету дарындары болмаса, сөз сөйлеу дарындары да іске толық аса алмайды. Басқа біреудегі дарынға еліктемей, өзіңізде бар дарынмен әрекет етіңіз!

Адасудың екінші түрі: кез келген қызмет тек уағыздаушылар мен сол миссияның жұмыскерлерімен шектеледі деп ойлау. Мұндай көзқарас Исаның денесіне едәуір нұқсан келтіреді.

«Керісінше, дененің әлсіздеу болып көрінетін мүшелері өте қажет. Азырақ құрметті деп санаған мүшелерімізді көбірек қамқорлаймыз» дейді Пауыл елші (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 12:22-23). Бұл аят Исаның денесіндегі елеусіз қалған мүшелердің маңызды екенін көрсетеді. Көзге көрінбейтін нәрселер маңыздырақ, Құдай солай ұйғарған. Даусыңнан айырылсаң да, өмір сүре аласың, ал жүрек не өкпеден айырылған адам тірі қалмайды.

Елшілердің істері кітабынан алғашқы қауымда дарындарға деген көзқарастың қандай болғанын байқаймыз. Құдайға

қызмет ету уағыз айту, науқастарды сауықтыру, пайғамбарлық сөз айтумен шектелмейді. Алғашқы мәсіхшілер осыны анық білген. Елшілердің істері кітабында Иерусалимдегі қауымда кейбір жесірлердің ескерусіз қалғаны айтылады. Олар қамқорлыққа мұқтаж еді.

Қауым жетекшілері былай деді:

*«Бауырластар, сондықтан орталарыңнан абыройлы әрі Киелі Рух пен даналыққа бөленген жеті ер адамды таңдап алыңдар! Оларға осы міндетті жүктемекпіз» (Елшілердің істері 6:3). Осы талаптарға сай келетін адамдар да табылды. «Оларды елшілердің алдына алып келді де, Құдайға сиынып, үстеріне қолдарын қойып баталарын берді. Осылай Құдайдың сөзі кеңінен тарап, Иерусалимде Мәсіхтің жолын қуушы шәкірттерінің саны көбейе берді» (Елшілердің істері 6:6-7).*

Бұл адамдарға елшілер қолын қойып мінәжат еткенде, оларға қызмет ету дарыны қонды. Нәтижесінде Құдайдың сөзі кеңінен тарап, Мәсіхтің жолын қуушы шәкірттердің саны көбейе берді. Таң қаларлық жайт!

Қауымдарымыздың өспей жүргенінің бір себебі – қатардағы сенушілердің де, жетекшілердің де арасында өз дарынын білмейтіндер, оны қолдана алмайтындар көп. Елшілердің істері кітабынан көретініміздей, дарынына сүйеніп қызмет ететін жетекші бір топ адамды Құдайға алып келе алады. Ал қауым мүшелері жұмылғанда, жеміс едәуір артады.

*«Петірдің сөзін қабылдағандар шомылдыру рәсімінен өтті. Осылайша бұл күні қауымға үш мыңдай адам қосылды...» (Елшілердің істері 2:41, 47-аятты да қараңыз). Петір елші Иерусалимнің көшесімен жүріп өткеннің өзінде-ақ, көлеңкесі түскен адамдар ауруынан сауығып жатты» (Елшілердің істері 5:14).*

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

*«Олар күн сайын ғибадатханада және үйлерде тәлім беріп, Исаның Мәсіх екендігін уағыздауларын тоқтатқан жоқ» (Елшілердің істері 5:42). сонда «Барған сайын көптеген кісілер: еркектер де, әйелдер де Иемізге сенім артып, Оның қауымына қосылып жатты» (Елшілердің істері 5:14).*

*Қауымның келесі қадамы – жесірлерге қамқорлық жасау болды. “Осылай Құдайдың сөзі кеңінен тарап, Иерусалимде Мәсіхтің жолын қуушы шәкірттерінің саны көбейе берді» (Елшілердің істері 6:6).*

Ал бүгінгі таңда бағушылар өздеріне қызметте көмектесетін адамды жалынып жүріп іздейді. Өкінішті-ақ! Елшілердің істері кітабында ондай жағдайды көрмейміз. Алғашқы сенушілер мұқтаждарға жәрдем беру қызметіне байыппен қарағаны сонша, ас пісіріп, дастарқан жасайтын адамдардың өзін мұқият таңдайтын еді. Қай қызметке де қабілетті адамдар сұрыпталып алынатын. Қабілетті дегенде, іскерлігін емес, Құдайға ұнамды мінезін айтамын. Алғашқы қауымда жоғары бағаланған қасиеттердің қазіргі кезде қадірі кетті!

### **Адал болу жауапкершілігі**

Әрбір сенуші Құдайдың жоспарындағы өз орнын тапса, не болар еді? Кереметтер басталар еді! Рухани ояныш – уағыздаушылар үшін емес, Исаның бүкіл денесі үшін. Ояныш келгенде, әр адам өз орнын табады. Дарын дегеніміз – Құдайдан келген қабілет екені есіңізде болар. Бізге берілмеген нәрсеге жауапты да емеспіз. Аяқ сөйлеу үшін жауап бермейді. Құдайдың еркі Киелі Рухтан келген дарындар арқылы жүзеге асады. “Бұл қызметке өзіміз қабілеттіміз деп ойлайтындай еш негізіміз жоқ. Біздегі бар қабілеттілік өзімізден емес, Құдайдан» (Қорынттықтарға арналған екінші хат 3:5).

Шайтан Исаның денесіндегі барлық дарындардың бірлесе

*Құдай берген дарындар*

әрекет еткенін тоқтатуды көздейді. Осы ойы жүзеге асқан тұстарда, өсіп-жетілуімізге едәуір кедергі келтіреді! Көктегі Әкеміздің дарындарды перзенттеріне үлестіруіне кедергі келтіре алмайтынын біледі, сондықтан, бойымыздағы дарынды еркін қолдануға қолынан келгенше тосқауыл қояды. Осы жолдағы басты құралы – бізді қорқытып, сағымызды сындыру.





# **ҚОРҚЫНЫШТЫ ӘШКЕРЕЛЕУ**



## БҰЙЫҚҚАН ДАРЫНДАР

**С**енушілердің арасында рухани жеміс бермейтіндер неге соншалық көп?

Әрбір сенушіге билік пен рухани әлемде белгілі бір мәртебе берілгенін, билікке қоса дарындар берілгенін жоғарыда айтқан болатынбыз. Рухани әлемдегі орнымыз Иса Мәсіхтің оң жағында, жын-шайтан атаулыдан үстем екені де есіңізде болар. Олай болса, көптеген сенушілердің өмірінде жеміс неге жоқ? Бұл сұрақтың жауабын табу үшін Пауыл елшінің Тімотеге жазған ескертуін оқиық:

Сол себепті саған ескертемін: мен үстіңе қолымды қойып сиынғанымда Құдай рақым етіп, өзіңе берген дарынды жандыра түс! (Тімотеге арналған екінші хат 1:6, орысшадан аударма).

Грек тілінде “жандыру” – “аназопурео”, яғни қайта тұтату, жалындату, лаулату (Vine’s dictionary). Пауыл Тімотеге дарыныңды

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

(харизма) қайта тұтат дейді. Олай болса, дарынның сөніп, іске аспай қалу ықтималдығы бар. Дарын өздігінен әрекет етпейді. Оны от тұтатқандай тұтатып, сөнбеуін қадағалауымыз керек!

Құдайдың еркі біз араласпай-ақ, өзінен-өзі жүзеге асады деп ойлайтын адамдар көп, олардың ниеттері ақ, көңілдері таза. Дегенмен, бұл ойы – қате. 1795 жылы Эдмунд Берк былай деген еді: “Зұлымдық салтанат құру үшін жақсы адамдардың қол қусырып отырғаны жеткілікті”. Тімотенің жүрегі таза болатын. Пауыл елшінің оның мінезін мақтағаны есіңізде шығар? “Ол сияқты менімен ниеттес, шын көңілден қамдарыңды ойлайтын басқа адамым жоқ. Өзгелердің бәрі Иса Мәсіхтің ісін емес, өз қара бастарының қамын ойлайды. Ал Тімотенің сенімді екенін өздерің білесіңдер: ол маған Ізгі хабарды уағыздауда ұлының әкесіне көмектесетініндей қолғабыс етіп келеді” (Філіпіліктерге 2:20-22). Дегенмен, Пауыл елші Тімотеге дарынын елеусіз қалдырмауын мықтап ескертті. Сөніп қалған дарын іске аспай қалады.

Сонымен “Не себепті кейбір дарындар іске аспай қалады?” және “Дарынымызды лаулату үшін не істеуіміз керек?” деген екі сұраққа жауап іздемекпін. Ал, бірінші сұрағымызды қарастырайық.

Мына аятқа назар аударыңыз:

*Сол себепті саған ескертемін: мен үстіңе қолымды қойып сиынғанымда Құдай рақым етіп, өзіңе берген дарынды көбірек ынтамен қолдан! Өйткені Құдай бізге қорқыныш емес, күш, сүйіспеншілік және ұстамдылықты дарытатын Киелі Рухын сыйлады (Тімотеге арналған екінші хат 1:6-7).*

Грек тілінде қорқыныш – дейлиа. Сонымен қатар, бұл сөздің мағынасы жасқаншақ, бұйығы, жалтақ мінезді де білдіреді. “Дейлиа” сөзі Киелі Жазбада бірде-бір рет жағымды мағынада қолданылмайды (Vine’s dictionary). 7-ші аятты New International Version аудармасынан оқып көрейік.

Құдай бізге жасқаншақтық рухын берген жоқ (Тимотеге арналған екінші хат 1:7).

Осы аудармада қолданылған “жасқаншақтық” сөзінің мағынасы грек тіліндегі түпнұсқаға мейлінше сәйкес. Сонымен, Пауыл елші Тимотеге “Жасқаншақтығыңа бола дарының іске аспай жүр” дейді.

Бұл аятты “Тимоте, бойыңдағы Құдайдан келген дарын жасқаншақтығыңның салдарынан іске аспай жүр!” деп аударсақ та қателеспейміз.

Жасқаншақ сенушілер міндетін орындаудан бас тартып, рухани билігінен айырылады. Соның салдарынан бойыңдағы Құдай берген қабілет бұйыққан қалпында қала береді. Дарын бар, әрекет жоқ.

Мичиганда, мені тым қатігез санаған мадақтаушының сөзін естігенімде, шын абдырап қалдым. Құдай берген дарыным кенет сөніп қалғандай болды, уағызымнан майлану кетті, дәрменсіз күйге түскендей болдым. Құдайдың бұлағы сарқылып қалғандай, абыржыған күйге түстім, батылдығым із-түссіз жоғалды. Ешкімді көргім келмеді. Неге дейсіз ғой? Өйткені, жасып қалдым, Құдай берген билігімді қолымнан шығарып алдым.

### **Қорқыныштың анықтамасы**

«Қорқу» және «қорқыту» сөздерінің анықтамасын оқып көрейік. Ағылшын тілінде олар – «intimidate, intimidation».

Oxford English Dictionary (ағылшын тілінің Оксфордта құрастырылған сөздігі) “қорқыту” сөзінің мағынасын былай деп түсіндіреді:

1. Жасытып тастау, сағын сындыру.
2. Үрей туғызу.
3. Жүрегіне қорқыныш ұялату, ылаң салу.

Merriam Websters Collegiate Dictionary (10-шы басылым)

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

“қорқыту” сөзіне мынадай түсініктеме береді: жүрегін шайлықтыру, састыру, қоқан-лоққы салу, әлденеге қорқытып мәжбүрлеу.

Oxford English Dictionary (ағылшын тілінің Оксфордта құрастырылған сөздігі) ағылшынның “intimidation”, яғни “қорқыныш” сөзіне мынадай анықтама береді:

1. Қорқыту.
2. Жасқану, имену, тайсалу, қаймығу.
3. Әлденеге көндіру немесе әлдебір істен бас тартқызу үшін жасалған қоқан-лоққы мен зорлық-зомбылықтың салдары.

Қорқыныш рухының көздейтіні – адамды басып-жаншу, өзіне бағындыру, іс-әрекеттен бас тартқызу. Көңіліңіз сынық, мінезіңіз жасық, жалтақ болғаныңызды қалайды. Дегеніне көнсеңіз, саналы түрде ме, бейсана ма, әйтеуір құлақ кесті құлына айналасыз. Бұдан былай бас бостандықтан айырылдыңыз, Құдайдың еркін орындауға мұршаңыз жоқ, өйткені басқыншының айтқанын істеп, айдауында жүресіз.

Нәтижесінде Құдайдың дарыны, бойыңыздағы рухани қабілет іске аспайды. Дұшпан қолыңыздағы билікті тартып алып өзіңізге және қарамағыңыздағы адамдарға қарсы қолданады.

Жасқаншақтықтың түп-тамыры – қас дұшпанымыз шайтаннан келетін қорқыныш. Жасқану мен қорқыныштың авторы – шайтан (Жаратылыс. 3:1-10, әсіресе 10-шы аят). Санамызға уайымға толы ойлар, көз алдымызға қорқынышты көріністер келтіреді. Өзіне бағынышты адамдарды, түрлі жағдайларды қолданып, қорқытады. Оның мақсаты біреу-ақ – адамды уысынан шығармай, өз бақылауында ұстау, мейлінше шектеу.

### **Ілияс пайғамбар қорықты ма?**

Ілияс пайғамбар Құдайдың құдіретіне бөленіп қызмет етті. Құдайдан қорықпайтын, күнәкар патшаның алдында тұрып, былай деп мәлімдеді: «Өзім қызмет ететін мәңгі тірі Жаратқан

Ие — Исраилдің Құдайының алдында шын айтамын: келесі бірнеше жыл бойы мен «Жаңбыр жаусын!» деп айтпайынша, елде не жаңбыр да жаумайтын, не шық та түспейтін болады!» (Патшалықтар туралы үшінші жазба 17:1). Қатыгез патшадан қаймыққан жоқ.

Осыдан кейін бірнеше жыл бойы Илиястың өмірінде кереметтер бірінен соң бірі болып жатты. Біріншіден, пайғамбарды қарғалар азықпен қамтамасыз етті; одан кейін, ашаршылық кезінде үйіндегі наны мен майы таусылмайтын жесір әйелдің қамқорлығында болды. Сол үйдің баласы ауырып, қайтыс болады. Құдай Илиястың дұғасын қабыл етіп, баланы тірілтеді. Илияс пайғамбар – шыныда да біртуар қызметкер еді.

Біраз уақыт өткенде, Илияс патшаның алдына тағы да барады. “Ахаб Илиясты көре салысымен, оған тіл қатып:

*— Исраилдің басына пәле түсірген адам сен бе едің?! — деді (Патшалықтар туралы үшінші жазба 18:17).*

Илияс қаймықпастан, қасқая жауап берді: «Исраилдің басына пәле түсірген мен емеспін, керісінше, сіздің өзіңіз бен әулетіңіз! Себебі сіздер Жаратқан Иенің бұйырған өсиеттерінен бас тартып, Бағалдың тас мүсіндеріне құлшылық етіп табынып кеттіңіздер!» (Патшалықтар туралы үшінші жазба 18:18). Содан кейін «Қармил тауына бүкіл Исраил халқын, пұтқа табынатын пайғамбарларды түгел жинап беріңіз!» деді. Сонда Ахаб жаршыларын жіберіп, халықты және пұтқа табынушы 850 пайғамбарды Қармил тауына жинады.

Илияс пайғамбар халықтың алдына шығып, былай деді: «Бізге екі бұқаны алып келіңдер! Бағалдың пайғамбарлары біреуін таңдап алып, шалып, бөлшектеcін. Оның етін отынның үстіне қойсын, бірақ от тұтатпасын. Мен екінші бұқаны шалып, бөлшектеп, оның етін отынның үстіне қояйын. Мен де от тұтатпаймын. Мұнан кейін өздеріңнің тәңірлеріңе дауыстап сиыныңдар, ал мен Жаратқан Иеге дауыстап сиынайын. Сонда

от жіберіп жауап берген Құдай — шынайы Құдай! Бүкіл халық бұған: Осы дұрыс! деп жауап берді» (Патшалықтар туралы үшінші жазба 18:24).

Жаратқан ие аспаннан от түсіргенде, жиналған халық Құдайға құлдық ұрды. Артынша Ілиястың бұйрығымен халық 850 жалған пайғамбарды бірін қалдырмай, қырып салды. Осыдан кейін Ілияс «жақындап келе жатқан нөсердің даусын естіп тұрмын» деп мәлімдеме жасады да, тау басына шығып мінәжат етті. Үш жыл бойы жерге бір тамшы жауған жоқ, сол күні де жауыннан еш хабар жоқ еді. Дегенмен, пайғамбардың дұғасынан кейін нөсер басталды. Ілияс болса, Құдайдың құдіретіне бөленіп, патшаның күймесін жаяу басып озды.

Ілияс пайғамбардың өміріндегі бір-ақ күннің көрінісі – осындай. Халық Құдайдың құдіретін анық көрді. Жалған пайғамбарлар жазасын алды. Бірнеше жылғы қуаңшылық бітті. Ілияс Құдайдың даусын анық естіп, айтқанын бұлжытпай орындады да, таңғажайып кереметтерді көрді.

### **Патшайыммен қақтығыс**

Ахабтың әйелі Езабел болған жағдайды естіп, Ілиясқа мынадай хабар жіберді: «Егер мен ертең осы кезге дейін сенің күллі пайғамбарларға істегеніңді өз басыңа істемесем, мені тәңірлер жазалаған үстіне жазалай берсін!» (Патшалықтар туралы үшінші жазба 19:2). Жалған пайғамбарлар шын мәнінде Езабелдің пайғамбарлары болатын, олар халықтың санасын Езабелдің өтірігімен улап жүрген. Сондықтан патшайымды ашу кернеді. Ілиястың не істегенін оқып көрелік:

Сонда Ілияс қатты қорқып, бас сауғалап қашып кетті. Ол Яһуда руының жеріндегі Бер-Шеба қаласына жетіп, сонда қызметші жігітін қалдырып кетті. Өзі елсіз далаға қарай тағы бір күндік жол жүріп, жалғыз тұрған арша бұтасының саясына келіп отырды. Ілияс өмірден түңіліп: «Уа, Жаратқан Ие, осы көргенім де жетер, жанымды ала гөр! Менің ата-бабаларымнан еш артықшылығым жоқ» деп мінәжат етті (Патшалықтар туралы үшінші жазба 19:3-4).



Ұлы шайқаста жеңіп шыққан адам енді үрейге бой алдырып, қалтырап отыр. Езабелдің сөзінен жасып қалғаны сонша, Құдайдан өлім тіледі. Пайғамбарды қорқытудың мақсаты да сол – Құдайдың еркін орындауына кедергі келтіру еді. Езабелдің көздегені – ықпалы мен билігін сақтап қалу, Ілиястың көзін құрту. Пайғамбарды қолына түсіре алмаса да, мақсатына жетті, Ілияс үрейге беріліп, рухани шайқас алаңынан қашып кетті. Бұл әрекеті зұлым патшайымның жоспарына сай еді. Ілияс сабыр саұтап, оқиғаның байыбына барса, бәлкім, ешқайда қашудың керегі де болмас па еді.

### **Қорқыныштың белгілері**

Қорқыныш рухы адамды сасқан, абыржыған, абдыраған күйге түсіріп, жабырқау көңіл тудырады. Оның мақсаты – ақиқаттан адастырып, бағытыңыздан тайдыру, Құдай берген арман-мақсатыңыздан айыру, шындықты бұрмалау, көзқарасыңызды көмескілендіру. Барлық нәрсе қиын, шым-шытырық күрделі, тіпті, мүмкін емес болып көрінеді. Қорқыныш рухына жылдам тойтарыс бермесеніз, аяғыңызды шалыс бастырады. Құрбанын қорқытқанда көздейтіні де – сол. Қорқыныштың өзіме де шабуыл жасаған сәттері есімде, сондықтан, Ілиястың көңіл-күйі маған да таныс. Осынау арам рухтың әсері екенін білмей тұрғанымда, дәрменсіздікпен және абыржыған көңіліммен күресіп әлек болатынмын. Мұндай көңіл-күй мені кейде өте жақсы өткен жиналыстардан кейін де меңдейтін еді.

Бірде кешке дейін ешнәрсе істеуге зауқым соқпай, ешбір іске кірісе алмай жүрдім. Кеудемді басқан ауыр жүктен арыла алар емеспін. Қанша сиынсам да, Құдайдың құзырын сезіне алмаймын. Ілияс тәрізді, мен да тек өзімнің жағдайым, көңіл күйім, бұлыңғыр болып көрінген болашағым туралы ойлаймын. Мардымды жемісім жоқ, қызметімнен еш пайда жоқ. Ілиястың «Уа, Жаратқан Ие, осы көргенім де жетер, жанымды ала гөр! Менің ата-бабаларымнан еш артықшылығым жоқ» деп түңілгені осындай көңіл-күйдің көрінісі еді (Патшалықтар туралы үшінші жазба 19:4).

Сол бір жабырқау күннің кешінде Құдай маған Ілиястың Езабелден қаншалықты үрейленгенін көрсетті. Менің көңіл-күйім мен іс-әрекетім дәл дұшпанның көздегеніндей екенін сонда барып түсіндім. Оның мақсаты – мені Құдайдың аманатын орындаудан бас тартқызу. Тәубе ету мен Құдайға ұнамды өмір сүру жайлы уағызым – Жаратқан Иемнің еркі еді. Алайда, мен уағыздаған қауымда мұндай уағызды ұнатпайтын адамдар бар еді. Осыны түсінгенімде, күні бойғы тұнжыраған көңіл-күйімнің түп-тамыры табылды. Ол – қорқыныш рухы. Арам рухтың құрсауын бұздым да, бостандыққа шықтым. Сол күнгі кешкі жиналыс өте мықты болды! Қорқыныш рухына төтеп берудің жолын кейінірек түсіндіремін. Ал қазір Ілияс пайғамбарға қайта оралып, оны меңдеген рухты дөп басып тануды үйренейік.

### **Ілияс, сен мұнда не істеп жүрсің?**

Езабелдің дөңайбатына қарсы тұрудан бас тартқан сәтте Ілияс рухани тұғырынан түсіп қалды, рухани билігін уысынан шығарып алды. Сөйтіп, бүтін бір халыққа қызмет ету дарыны тұншықты, өзі болса, Құдайдың еркінен шығып қалды. Құдай көрсеткен бағыттан ауытқып кетті. Ілиястың қазіргі түрі рухани шайқасқа кірген кезіндегі кейпінен мүлде өзгеше болғанына күмәнім жоқ. Қырық күн, қырық түн жүріп отырып, Хориб тауына да жетті. «Сонда Жаратқан Ие оған сөзін арнап:

*— Ілияс, сен мұнда не істеп жүрсің? — деді  
(Патшалықтар туралы үшінші жазба 19:9).*

Енді көз алдыңызға мына жайтты келтіріңізші: Ілияс әбден түңілген, қырық күнгі ұзақ жолдан қажыған, жаны күйзелген. Құдай болса, “шайқас алаңынан қашып, мұнда тығылғаның қалай?” дейді.

Бәлкім, “Ілиясқа періштесін жіберіп, жүрегін жалғатқан, сөйтіп, ұзақ жолға бастап алып шыққан Құдайдың Өзі емес пе еді?” деп ойлап отырған боларсыз. Олай болса, “сен мұнда не істеп жүрсің?” деп сұрағаны несі? Ілиястың қорқып, бас

сауғалап кететінін Құдай әу баста-ақ білген. Адам әлденеге бел буса, Жаратқанның еркіне сай болмаса да, Құдай оның жолына тосқауыл қоймайды.

Осыған ұқсас жағдай Балағамның өмірінде де болған. Моаб халқының патшасы Балақ елшілерін жіберіп, Балағамды өзіне шақыртты. Патша Балағамға мынадай сәлем жіберді: «Мысырдан бір халық көшіп шығып, жер бетін қаптап кетті. Олар енді қасымызға қоныстанып жатыр. Өтінемін, келіп, сол халықты қарғап беріңіз. Олар бізден сондай қуатты! Мүмкін, осылай оларды күйретіп, елден қуып шыға алармын. Себебі сіз кімге бата берсеңіз, соның жарылқанатынын, ал кімді қарғасаңыз, соның қарғысқа ұшырайтынын білеміз» (Руларды санау 22:6). Құдай Балағамға Исраил халқын қарғауға тыйым салды. Дегенмен, Балағам екінші рет сұрады. Бұл жолы Құдай ойын өзгерткендей болды, Балағамның баруына рұқсат етті. Балағам таңертең тұрып, есегін ерттеп, мініп алды да, Моабтың әміршілеріне ілесіп сапарға аттанды. Әрі қарайғы оқиға таңқалдырады: “Бірақ оларға ілесіп шыққаны үшін Құдай Балағамға қаһарланды. Сондықтан Жаратқан Иенің періштесі Балағамға қарсы шығып, жолын бөгеп тастады” (Руларды санау 22:22).

Құдайдың Балағамға рұқсат беріп, артынан ашуланғаны қалай? Жаратқан ие Балағамның жүрегіндегіні көрді, Балағамның ықыласы Құдайдың еркін орындауға емес, Балақ ұсынған сый-марапатта екенін аңғарды. Сол себепті Моабтың әміршілерінің өтінішін орындауына рұқсат берген еді. Адам әлденеге бел буса, Жаратқанның еркіне сай болмаса да, Құдай оның жолына тосқауыл қоймайды.

Илияс та солай. Құдай Илиястың жалған пайғамбарларға қарсы тұрғанындай, Езабелге де тойтарыс беріп, жеңіп шығуын қалаған еді. Қармил тауында басталған ұлы іс лайықты жалғасын табар еді. Алайда Илияс патшайыммен қақтығыстан жалтарып кетті. Рухани қысымнан шаршаған болса керек. Жаратқан Ие ұзақ сапардың алдында Илиясқа періштесін жіберіп, тамақтандырды. Құдай асықпады, бойын билеген қорқыныштан Илиясты кешірек, Хориб тауында арылтпақ болды.

## Бәріне бір өзі жауапты

Құдайдың илияс пайғамбар арқылы жүзеге асырмақ болған жоспары Езабелмен арадағы қақтығыссыз орындалмас еді. Израилда орын алған мәселелердің түп-тамыры Езабелде еді. Киелі Жазба былай дейді: “Жаратқан Иеге жек көрінішті істер істеуге соншама берілген Ахаб сияқты ешкім де бұған дейін болмады. Оның әйелі Езабел осыған түрткі салып отырды» (Патшалықтар туралы үшінші жазба 21:25). Құдіретті Құдай пағамбарды тастап кеткен жоқ, дегенмен, Езабелдің сөзіне мән беріп, үрейге бой алдырған ол рухани билігін қолдана алмай қалды. Дарынының әсері тоқтап қалды. Хориб тауына неге келгенін сұрағаннан кейін Жаратқан Ие Илиясқа тапсырма берді:

*«Келген жолыңмен кері қайтып, Дамаск жақтағы иен далаға бар! Сол жерге жеткен соң Хазаилді май жағу рәсімінен өткізіп Араманың патшасы етіп тағайында. Сондай-ақ, Нимши ұлы Ехуді — Израилдің патшасы, ал Әбел-Мехоладан шыққан Шапат ұлы Елішені өзіңнің орныға пайғамбар етіп тағайында. Кім Хазаилдің семсерінен қашып құтылса, Еху соның көзін құртады, ал кім Ехудің семсерінен қашып құтылса, Еліше соның көзін құртады» (Патшалықтар туралы үшінші жазба 19:15-17).*

Құдай Ехуді — Израилдің патшасы, ал Елішені Ілястың орнына пайғамбар етіп тағайындады. Жаратқан Ие Езабелден қаймықпайтын екі адамды тапты. Құдайдың жоспарын солар орындап шықпақ.

Илияс пайғамбар Езабелден қорқып, қашып кеткенде, қызметі тоқтатылды. Израилді жайлаған азғындық Езабелден бастау алған болатын. Жетекшінің бұрыс әрекетіне тосқауыл қойылмаса, уақыт өте жағымсыз мінезі қарамағындағыларға да жұғады.

Иса былай деп үйреткен еді: «Қайта, ешкім күштінің үйіне

кіріп, алдымен соның өзін байлап тастамай, дүние-мүлкін тонай алмайды. Тек күштіні жеңіп, байлап-матап тастағаннан кейін ғана оның үйін тонай алады» (Марқа жазған ізгі хабар 3:27). Иеміздің “күшті” деп тұрғаны – жетекші, көш бастаушы. “Үй” дегеніміз – жетекшінің ықпалындағы аумақ. “Дүние-мүлкі” – жемістері, ықпалының нәтижесі. Осы баламаларды қолдана отырып, аятты қайта оқып шығайық.

Ешкім әлдебір жетекшінің қарамағындағы аумаққа кіріп, алдымен жетекшінің өзін байлап тастамай, оның жемістерін жоя алмайды. Тек жетекшіні жеңіп, байлап-матап тастағаннан кейін ғана оның қарамағындағы аумақты тонай алады (Марқа жазған ізгі хабар 3:27, автордың парафразы).

“Ахаб патша жетекші еді, Илияс одан қорыққан жоқ қой” дейтін боларсыз. Бұл пікіріңізбен толық келісе алмаймын. Ахабқа патшалық мәртебе тиесілі екені рас, алайда билігі әйелінің қолына өтіп кеткен еді. Сондықтан рухани әлемде нағыз “күшті” – Езабел еді, бүкіл Исраил соның ықпалында болды. Халықты пұтқа табынуға итермелеген де сол. Исраил халқының жеті мың адал адамнан басқасы пұтқа тыбынып кеткен еді. Оның да себепшісі – Езабел. Езабелге тойтарыс беретін адам табылмағандықтан, оның ықпалы елді ірітіп-шіріте берді.

Осындай жағдайларды талай рет көрдім. Бағушы немесе жетекші лауазымындағы адам басқа біреулердің жұмса, жұдырығында, ашса, алақанында. Көбіне олар – жұбайы, көмекшісі, кеңес мүшелері, мінәжат қызметінің жетекшісі, дьякондар, т.б. Жетекші атанып жүрген адамды шын мәнінде осылар басқарады.

Мұндай жағдай от басында да жиі кездеседі. Ата-аналар балаларынан қаймығады, күйеулер әйелдерінен қорқып, отағасы болудан қалған. Жетекшінің жұмыста да, үйінде де ақылдасатын адамы болғаны жөн. Дегенмен, жетекшінің билігі өз қолында болуы тиіс. Сонда ғана Құдай берген дарынын қолдана отырып, қол астындағы адамдарға қызмет ете алады әрі оларға қамқор

бола алады. Қызметте де, от басында да солай.

Илияс пайғамбар Хориб тауына қашып кеткеннен кейін болған оқиғаларды оқып шықсаңыз, Илиястың бастамасы аяқсыз қалғанын байқайсыз. Ахаб халықты қанауын жалғастыра берді. Езабелдің күйуіне де, елге де ықпалы арта берді. Илиястың жалған пайғамбарларды қырып тастағанына да, бүкіл халық Құдайдың құдіретіне куә болғанына да қарамастан, пұтқа табыну жалғаса берді. Езабелден қашып кеткенінде, Илияс Исраил халқының батылдығын да ала кеткендей болды. Ахаб қайтқаннан кейін екі ұлы бірінен соң бірі патшалық құрды. (Патшалықтар туралы үшінші жазба 22-51— Патшалықтар туралы төртінші жазба 9).

### **Билігін сақтап қалған екі адам**

Сонымен, Илияс пайғамбар осынау азғындық пен рухани іріп-шіруді таратқан Езабелден қашып кетті. Сондықтан Құдай Илиясқа зұлым патшайымның сазайын тарттыратын екі адамды тағайындауды тапсырды. Сол екеуінің бірі Еху өзіне тапсырылған істі бұлжытпай орындап шықты (Патшалықтар туралы төртінші жазба 9:30-37). Езабел Ехуді өзіне бағындырмақ болғанда, Еху онысына көнбеді. Бір ғана шайқастан соң Езабелдің аты өшті, оның зұлым ықпалы да жоқ болды (Патшалықтар туралы төртінші жазба 10).

Ехудің жасақшылары Ахабтың жетпіс ұлын қырып салды. Жалған пайғамбарларды бір жерге жинап алып, бәрінің басын алды, Бағалдың ғибадатханасын ойрандады, пұттарды өртеп, жоқ қылды. Еху туралы Киелі Жазба былай дейді:

*Осылайша Еху Исраилден Бағалға  
табынушылықты түп-тамырымен жойды  
(Патшалықтар туралы төртінші жазба 10:28).*

Құдай Илияс пайғамбарға «...кім Ехудің семсерінен қашып құтылса, Еліше соның көзін құртады» деп тікелей айтқан еді

(Патшалықтар туралы үшінші жазба 19:17). Әу баста бір Ілиясқа тапсырылған істі тәмамдау үшін екі адамның күші қажет болды. Алайда Ілияс жасық мінез танытты да, рухани билігінен айырылып қалды. Сол себепті Жаратқан Ие Ілиясқа Елішені өзінің орнына пайғамбарлыққа тағайындауды бұйырды. Еху да, Еліше де Құдай берген билікті батылдықпен қолдана білді. Сондықтан дарындары лаулап жанды, нәтижесінде ел пұттардан арылды.

Жау алдында жасып қалсақ, рухани билікті қолымыздан шығарып аламыз. Қызмет етуіміз үшін берілген дарындар бұйығып, іске аспай қалады. Сөйтіп, дұшпанның өз мақсатына жетуіне еріксіз болысамыз.

Алға ұмтылудың орнына кейін шегінген адамдар туралы Көне Өсиетте бірнеше мысал бар. “Ата-бабаларымыздың бастарынан кешкендері өзгелерге үлгі болып, бізге ескерту ретінде жазылып қалдырылды. Себебі осы заманның соңғы кезеңінде өмір сүрудеміз» дейді Пауыл елші (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 10:11). Римдіктерге жазған хатында елшінің мынадай сөздері бар: «Киелі жазбалардағы осындай сөздердің бәрі бізге тәлім болсын деп ежелде жазылып қалдырылды. Керемет болашағымыздан үміт үзбеуіміз үшін Киелі жазбалар арқылы табандылық пен жігерлілікке үйренеміз» (Римдіктерге арналған хат 15:4). Осы кітапта Жаңа Өсиеттен де, Көне Өсиеттен де көптеген мысалдар келтіремін. Көне Өсиетті білмей, Жаңа Өсиетті толық түсіне алмаймыз. Келесі тараудан қорқыныштың жетекшінің ғана емес, қол астындағы адамдардың да өмірінде Құдайдың еркінің жүзеге асуына қалайша кедергі болатынын көре аламыз.





## ҚОРҚЫНЫШТЫҢ БҰҒАУЫНДА

**Қ**орқынышқа бой алдырған адам Құдайдан гөрі, қорыққан нәрсесін қадірлейді.

Қорқыныш адамды дәрменсіз күйге түсіреді. Қорыққан адам біліп тұрып, бұрыс нәрселерге келіседі. Жасып қалған адам көнбіс келеді.

Ели – соның айғағы. Исраил монархияға айналғанға дейін, елді билер басқарған еді. Ел басына күн түскен шақтарда Құдай билерді тағайындап, билік тізгінін соларға ұстататын. Дейк аудармасындағы Киелі Кітапқа сүйенсек, Ели Исраил тарихындағы он бесінші би болатын. Сонымен қатар, ол жетінші бас діни қызметкер еді. Исаилді қырық жыл басқарды. Елидің ұлдары Опни мен Пінехес те діни қызметте еді. Ели билік етіп тұрғанда Исраилдің рухани ахуалы қандай болғанын мына аяттан аңғаруға болады:

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

*Сол заманда Жаратқан Иенің адамдарға сөзін арнап, аян беруі өте сирек болатын (Патшалықтар туралы бірінші жазба 3:1).*

Мұндағы Құдайдың арнаулы сөзі – Киелі Жазбалар емес, Исраил халқына Таурат берілген болатын. Бұл аят Құдайдың адамға жеке арнаған сөзін, Өз құпиясын ашып беруін меңзейді. Құдайдың адамға тікелей аян беруі атам заманда болған, енді қайталанбайтын нәрседей болып кеткен. Таураттың авторы үнсіз. Жаратушының үні есту – ілуде-шалуда бір болатын сирек құбылыс.

Неге бұлай болды екен? 2-ші тарауды оқып көрейік.

Ели сол кезде жасы ұлғайып қартайған еді. Ол ұлдарының исраилдіктерге не істегендерін, олардың тіпті кездесу шатырының кіреберісінде қызмет атқаратын әйелдермен күнә жасап жүргенін де естіді (Патшалықтар туралы бірінші жазба 2:22).

Елидің ұлдары Опни мен Пінехес нағыз күнәкарлар еді. Олар Құдайдың киелі шатырына келген әйелдермен азғындық жасады. Құдайды қорлау деген осы емес пе?

Опни мен Пінехестің күнәсі мұнымен шектелген жоқ. Олар құрбандыққа шалынған малдың етіне де қол салды. Ал егесі қарсыласса, күш қолдануға дейін барды. Сөйтіп, құрбандық Киелі шатыр қызметкерлеріне де, Жаратқан Иеге тимеді. Бұл екеуінің заңға қайшы әрекеттері халықты Құдайдан теріс айналдырды. Халық бірте-бірте құрбандық беруден бас тартты. Опни мен Пінехес жұрттың сенімін сүріндірер тосқауылға айналды.

Ұлдарының жексұрын істерінен Ели хабардар болатын. Бірақ қатаң шара қолданудың орнына, жұмсақ қана ескертумен шектелді: «Неге сендер сондай сұмдық қылықтармен айналысып жүрсіңдер? Жұрттың бәрінен сендер туралы жаман сөздер естіп жүрмін. Балаларым, қойыңдар! Жаратқан Иенің халқының арасына тарап жатқан осы әңгіме жақсы әңгіме емес» (Патшалықтар туралы бірінші жазба 2:23-24). Күнәға салынған діни қызметкерлер ескертуге емес, жазаға лайық еді.

Қызметтен босатып, тәубесіне келмейінше, киелі шатырдың маңайына да жолатпау керек еді оларды.

Елиге пайғамбар келіп, Құдайдың сөзін жеткізеді:

*“...Менің жер бетіндегі тұрағыма әкеліп ұсынуға өсиеттеген құрбандықтарым мен сый-тартуларыма сендер неге ашкөздікпен қарап, оларды қорлайсыңдар? Неге сен ұлдарыңды Менен артық көресің? ...Мені сыйлағандарды Мен де сыйлаймын, ал Мені менсінбегендер масқара болады» (Патшалықтар туралы бірінші жазба 2:29-30).*

“Сыйлау” деген сөздің мағынасы – “қадірлеу, мән беру, құрметтеу”. Елидің ұлдарын тәртіпке салудан бас тартқаны, олармен жанжалдасқысы келмегені – Құдайдан гөрі, балаларын көбірек құрметтейтінін көрсетеді. Адам әлденеден қорықса, Құдайдан гөрі сол нәрсені қадірлейді. Өзі түсінсе де, түсінбесе де, сол бір үрей тұғызатын нәрсеге бағынады. Ели жасқанбағанда, ұлдарына басқаша шара қолданар еді.

Кейінірек Жаратқан Ие Самуилге Ели жайында былай деді:

*Ұлдарының зұлымдығы үшін оларды біржолата жазалайтынымды Елиге хабарлағанмын. Ол ұлдарының Құдайды қорлағандарын біліп жүрсе де, оларды жүгендеп, тоқтатқан емес (Патшалықтар туралы бірінші жазба 3:13).*

Сол заманда Жаратқан Иенің адамдарға сөзін арнап, аян беруі өте сирек болуының себебі – әрі би, әрі бас діни қызметтегі адам балаларынан қаймығып, күнәкар ұлдарын жүгендемеуі! Рухани билігін қолынан шығарып алды, сөйтіп Исраилге әділ би болып, Құдайға қызмет ету қабілетінен айырылды. Күнә жайлаған елдің дұшпандары күшейе берді. Жетекшілер Құдай сеніп тапсырған билікті уысынан шығарып алса, өздері ғана емес, қарамағындағы адамдар да зардап шегеді.

## Дәрекілік

Өкінішке орай, өз балаларынан қаймығатын әкелер бар. Жастар қызметінде бағушы болып жүргенімде, сенуші отбасыларының жағдайын өз көзіммен көрдім. Жасөспірімдер әке-шешесін менсінбейді де, сыйламайды. Сіркесі су көтермей, ата-анасымен салғыласып жүргені. Мұндай қарым-қатынасты көргенімде, төбе шашым тік тұрады. Әке-шешенің көзінше балаларына ескерту жасайтынмын. Өйткені, балаларын тыюға үлкендердің батылы жетпейді. Ондай отбасыларында тәртіп жоқ, өмірлері аласапыран. Ата-ананың билігі балаға көшіп кеткен. Отбасында береке-бірлік, тәртіп орнатып, балаға жақсы тәрбие беру үшін берілген Құдайдың дарыны мен құдіреті іске аспай қалған.

Мұндай мәселе отбасында ғана емес, қауымдарда да бар. Жүздеген қауымдарда болдым. Жасқаншақ жетекшілердің талайын көрдім. Қауымдардағы ахуал Елидің заманындағы Ираилдің күйіндей: Жаратқан Иенің адамдарға сөзін арнап, аян беруі өте сирек.

Жетекшісі билігін қолынан шығарып алған қауымда Құдайдың құдіретін көрмейміз. Бағушы әр жиналыста уағыз айтады, мадақтау тобы да өз қызметін атқаруда, дегенмен, Құдайдың құзыры әлсіз немесе мүлде жоқ.

Ондай жетекшілер уағызға дайындалғанда, ешкімнің намысына тиіп кетпеді, тыңдармандарын ренжітіп алмауды, тілазар адамдармен қақтығысып қалмауды ойлайды. Кейбір жетекшілер керісінше, қойларды ұрып-соғады, уағыздары ашу мен ренішке толы, дегенмен, шынайы мақсаты – кейбір адамдардан жасқанатынын жасыру. Алайда, осының барлығы – шынайы рухани өмір емес.

Елидің заманындағы Құдайдың құзырын «сирек» деген сөз сипаттайды. Құдайдың құдіреті ілуде-шалуда бір көрінеді, яғни, Құдай Өзінің құзыры мен тірі сөзін молынан төге алмайды.

## **Тірі өліктер қауымы**

1990 жылы бір қауымда қызмет еттім. Сол қауымның мүшелері өміріміз Ізгі хабарға, Құдайдың еркіне сай деп сенеді. Жексенбі күнгі таңертеңгілік жиналыста уағыз айттым. Айтқан сөздерім тыңдаушыларыма жетпейтіндей көрінді. Жартасқа уағыз айтқанмен бірдей. Қауымды бүлікшілік рухы жайлап алғаны сонша, ауаның өзі қойылып кеткендей.

Мұндайды бұрын-соңды көрген емен. Бағушы әйелі екеуі өте кішіпейіл, жылы жүзді адамдар екен. Мадақтауды бағушының ұлы жүргізді, ол жігіт өз қызметін тамаша атқарып шықты. Мәселенің мән-жайын жиналыстан кейін, түскі ас үстіндегі әңгімеден ұқтым.

Бағушы: «Джон, сенің ақылың керек болып тұр. Қауымда ажырасқан жұп бар. Жиналысқа екеуі де келеді. Келеді де, залдың екі бұрышына барып отырады. Ер адам – тәртіп қызметінің жетекшісі. Бір әйелмен танысып, кездесе бастапты, біраздан кейін әйел оның үйіне көшіп барды, енді бірге тұрып жатыр. Не істеуім керек?»

Мұндай да сұрақ болады екен-ау дедім ішімнен. “Қауымнан шығарып жібермегеніңді айтасың ба?” дедім сасыңқырап.

“Жоқ” деді бағушы. “Тәртіп қызметінің жетекшілігінен кетуін сұрадым”.

Осыдан кейін өзімді-өзім тоқтата алмай, бағушыға бір сағат бойы уағыз айттым. Пауыл елшінің Қорынттағы қауымның жетекшілеріне айтқанын естеріне салдым. Паул қауымдағы күнәкарды тыймаған адамдарды былай деп әшкереледі: “Мақтанғандарың еш дұрыс емес. «Азғана ашытқы бүкіл қамырды ашытады» дегенді білмейсіңдер ме?” (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 5:6). Қамырға азғантай ғана ашытқы салынады, сол ашытқы көп қамырды ашытады. Көпе-көрнеу жасалған, жүгенсіз кеткен, тұрпайы күнә қамырға салынған ашытқымен бірдей. Бағушыға “күнәнің қауымға емін-еркін тарап, басқа қойларға зиянын тигізуіне жол беріп

отырсың. Сол үшін Құдайдың алдында жауап беретін боласың” деп ескерту жасадым. “Шопан қойды өріске жайып қана қоймайды, сонымен қатар, ұры-қарыдан, қасқырдан қорғайды. Сен болсаң, қойларыңа рухани азық бергенді ұнатасың да, қорғаудан бас тартасың. Өйткені, жанжалды ұнатпайсың. Бірін орындап, бірін қоя салғаның дұрыс емес, екеуі де маңызды! Әлгі адамға сүйіспеншілікпен әрі табандылықпен қарсы тұр. Тез арада тәубе етпесе, қауымнан шығарып жібер” деп сөзімді жалғадым. Қойға азық бермесек, аштан өледі, күзетпесек, жыртқышқа жем болады.

Бағушының да, әйелінің де өңі өзгеріп кетті. “Олай болса, қызмет етуді әрі қарай жалғастыруым керек екеніне күмәнім бар. Адамдарға сүйіспеншілігімді сыйламақ қана едім” деді бағушы.

“Адамдарды зұлымдықтан қорғамасаңыз, сүйіспеншілігіңіз өзіңізге жайлы, алайда шынайы махаббат ондай емес” дедім.

Екеуі қауымдағы кейбір адамдардан қайымығатынын ақыры мойындады. Басқа да мәселелерді айтып, біраз сыр шертті. Мадақтау тобындағы кейбір музыканттар бүлікшіл мінез көрсетіп жүр екен. Жиналыста өзімді қалай сезінгенімді мен де айттым. Және оның себебін енді түсініп отырмын.

Сол күнгі кешкі жиналыс үстінде бір адам сөзімді бөліп, бөтен тілде сөз айтпақ болды. Ол кісіні тоқтаттым да, Құдайдың Өз сөзін Өзі бөлмейтінін түсіндірдім. Әлгі кісі айтқанымды ұғып, сөз таластырған жоқ. Алайда, сол мезетте гитара тартатын жігіт орнынан атып тұрды да, “маған Киелі Рухты тежейтін уағыздаушы керек емес. Тыңдап отыра бермек емеспін!” деп айқай салды. Келіншегін қолынан жетектеп, шыға беріске бет алды. Жолай бас гитарашыны да өздерімен бірге ала кетті. Сөйтіп, бірнеше адам айқай-шумен қауымнан шығып кетті. Жиналысымыздың берекесі кетті, отырғандар не істерін білмей, абдырап қалды.

Киелі Рухтың жетелеуін сұрадым. “Билік жайлы айт” деген жауап келді. Уағызымды айтып тұрғанымда қауымның ішінде

бірте-бірте Құдайдың тыныштығы мен тәртіп орнады.

Уағызымды айтып болғанымда, Құдай “өзің тоқтатқан әлгі адамға бөтен тілдегі сөзін және оның түсіндірмесін айтқызы” деп бұйырды.

Аздап күмәндансам да, сол кісіге “сэр, қарсы болмасаңыз, Құдай әлгі сөзіңізді қазір айтқаныңызды қалайды” дедім.

Ол бөтен тілдегі жолдауы мен оның түсіндірмесін айтты. Жолдау былай деп басталды: “Құдайдың сөзін тыңдаңдар: Мен бұл қауымды жайлаған күнәнің індетін көрдім. Өз қызметкеріме оның бір ғана бөлігін көрсеттім. Қызметкерімнің сөзіне құлақ асыңдар, өйткені, бұл Менің сөзім”.

Қауымға еніп кеткен күнә мен бүлікшілік жаным батқаны сондай, көзіме еріксіз жас келді. Бағушының да жүрегі жібіп кетті. Құдайдың еркіне сай, жетекшілер қойларға қамқор болуға тиіс еді, алайда, олар өз міндетін батылдықпен атқара алмады. Соның салдарынан күнә қауымға жайыла берді.

Кейінірек бағушының некелерін қимай, бір шаңырақта тұрып жатқан жұптың күнәсін бетіне басқанын естіп, қуанып қалдым. Бұл екеуі де тәубе етіп, күнәдан бас тартыпты.

## **Қол астындағы адамдардан қорқатын бағушы**

Басқа бір қауымда болған жағдайды баяндап берейін. Бұл қауымдағы жиналыстарымыз жексенбі күні таңертең басталып, сәрсенбінің кешінде бітетін болды. Сол жиналыстарда талай кереметтерді көрдік, тәубе еткен, шипа алған, азат болған адамдар көп болды. Қаржылай жарылқау да молынан төгілді. Жиналысқа келетін адам саны өсе берді. Сейсенбі күнгі кешкі жиналыстың алдында бағушының көңілі босап кетті.

— Не болып қалды? — деп сұрадым.

— Джон, көре алмай тұр деп қалма, бір түсінбейтінім – неге мен уағыз айтқанда, осындай кереметтер болмайды? Киелі Рухқа толымын, алайда Киелі Рухтың бірде-бір дарыны мен өткізетін жиналыстарда көрініс таппайды. Шипа алған не азат

болған адам жоқ, бәрі сондай қиын болып көрінеді.

Мән-жайды түсінбек болып, бағушыға сұрақ қоя бастадым. Қауымның ақсақалдар кеңесінде Киелі Рухқа бағушыдан бұрын кенелген ерлі-зайыпты екі жұп бар екен. Солар бағушыға нені қалай істеу керектігін үйретіп, қауымға қалай жетекшілік етуде нұсқау беріп отырады. «Сен қауым кеңесінің мүшелерінен қаймығады екенсің. Құдай берген билігіңді қолыңа ал, бағушы – олар емес, сенсің, осыны оларға мойындат» дедім.

Ертеңіне бағушы кеңес мүшелерімен кездесіп, сөйлесті. Әлгі екі жұп шамданып қалыпты, кейін қауымнан шығып кетті.

Жиналыстарымыз жалғаса берді. Соңғы жиналыста жастардың бір тобы алға шықты. Құдайдан «бұл жастар үшін сен емес, бағушы мінәжат етсін» деген сөз келді.

Бағушыға қарадым. Құдайдың құдіретіне бөленіп тұрғанын көрдім. «Бағушы, – дедім мен. – Мына жастар үшін дұға етуді Құдай саған бұйырады».

Бағушы аяғын нық басып, топтың ішіне кірді. Қолы тиюі мұң екен, адамдар құлай бастады. Кейбіреулер бағушы қолын өздеріне қарай созғанда-ақ құлап түсіп жатыр.

Жын қысқан бір қыз Құдайдың кереметімен азат болды. Бірнеше минуттың ішінде сол бір топ адам бірі қалмай Киелі Рухқа бөленіп, еденде жатты! Бағушы маған бұрылып қарады да, өзі сұлап түсті. Жиналысты бағушының әйелі аяқтауға мәжбүр болды. Жарты сағаттан кейін екі адам бағушыны тұрғызып алды. Бұл қауым бұрынғы қалпына қайта оралған жоқ.

## **Декорациясы ғана өзгертілген сол бір қойылым**

Жоғарыдағы ақиқаттың дәлелін көптеген қауымдарда да, жеке адамдардың өмірінде де көрдім. Шет елдегі қауымдардың бірінде қызмет еткенімде, бағушылар мен жетекшілердің қорқынышпен күресіп жүргенін байқадым. Бір апта бойы, әрбір уағызымда оларды Құдайдың аманатын орындау жолында табанды да батыл болуға шақырдым. Үш ай өткенде, сол



қауымның үш есе өскені туралы хабар алдым! Қауым төрт жүз орындық залдан екі мың адамды сиғызатын үлкен ғимаратқа көшіпті. Сол елге қайта барғанымда, қауымның бағушысы қорқыныш рухын жеңгеннен кейін қызметінің біржола өзгергенін айтты.

Бірде үш күн қатарынан қызмет етуге Атлантаға шақыру алдым. Соңғы жиналыста қорқыныш рухын жеңу жайлы уағыз айттым. Құдайдың кереметімен қауым бағушысы қорқыныштан азат болды. «Тезірек қайтып келіп, біздің қауымда бір апта қызмет етуің керек» деді ол кісі маған.

Үш аптадан кейін сол қауымға тағы бардым, бұл жолы тоғыз рет уағыз айтатын болдым. Жиналыстарда Құдайдың құдіреті молынан төгілді. Кейбір адамдар түн ортасы ауғанша еденде жатты, оларды қызметкерлер көтеріп шығарды. Бағушының телефонына түні бойы қоңыраулар түсіп жатты, өйткені, қызметкерлер не істерін білмеді. Құдайдың кереметінің мұндай қызметін бұрын-соңды көрген емес.

Осыдан кейін сол қауымда тоғыз ай бойы әр жексенбі сайын ояныш жиналыстары өтіп жүрді. Бағушы маған қоңырау шалып, жиналыстардың қалай өткенін, қандай кереметтер болғанын, қауым мүшелерінің өмірінде қандай өзгерістер болып жатқанын айтып жүрді. Жиналыстар бірін-бірі қайталамай, әрқайсысы ерекше өтті. Қауымдағы адам саны төрт жүзден жеті жүзге жетті. Сол кісінің айтуынша, жасқаншақтық рухын жеңу туралы айтқан уағзым оның өмірі мен қызметіне түбегейлі өзгерістер әкелген екен.

Өздерін «тірі сенім» қауымы деп санайтын бір қауымда болдым. Мадақтау әндері мен табыну кімді болса да ұйықтатып тастайтындай еді. Бағушы орнынан тұрды да хабарландыруларды айтты, сосын құрбандық жайлы «тәлім» берді. Бұдан өткен іш пыстырарлық әңгіме естіген емеспін. Жиналыстан кейін бірге түстендік. Бағушы тек футбол және сол сияқты ұсақ-түйек нәрселерді сөз қылумен болды. Зерігіп кеттім.

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Ертеңіне Құдай қорқыныш рухын жеңу туралы уағыздауымды бұйырды. Уағыз аяқталғанда, бағушы өмірі мен қызметіндегі дәрменсіздігін мойындап, Құдайдың алдында ағынан жарылып тәубе етті. Құдай оның өмірінде әлдебір түбегейлі өзгеріс жасап жатқанын жүрегім сезді, дегенмен, сол өзгерістің нақты қандай болатынын білген жоқпын.

Таңертең маған қоңырау шалып былай деді: «Джон, әйелім бүгін бір-ақ сағат ұйықтады, мен болсам, көз ілген жоқпын. Екеуіміз түні бойы көзімізге жас алып, Құдай алдында тәубе еттік, сиынумен болдық, содан кейін қуанышымыз қойнымызға симай, ұзақ күлдік. Содан кейін басынан басталды: тағы жылап-сықтап дұға еттік, тағы да күлдік». Сол күні бағушы қауым кеңесін жинап алды да, осы күнге дейін Құдайға ұнамды жетекші болмағанын мойындап, кешірім сұрады. Бағушыға бұдан былай сөзін өткізе алмайтынын түсінген бірнеше адам кеңестен шығып кетті. Қалғандары бағушыны қолдап, рухани есу жолында бірге болуды жөн көріпті.

Бағушының өзі де, қауым да түбегейлі әрі біржола өзгерді. Содан бері төрт жыл өтті. Мадақтау мен табыну қызметі тірілді. Қауымда соңғы екі жыл бойы әр жексенбі сайын ояныш жиналыстары өтіп жүр. Бағушы маған жиі хабарласып тұрады. Айтатыны – тек Құдайдың сөзі мен істері. Сол қауымға бірнеше рет бардым, игі өзгерістер әлі де болып жатыр. Бұл бағушының да айтуынша, қорқыныш рухын жеңу туралы айтқан уағызым оның өмірін мен қызметіне түбегейлі өзгерістер әкеліпті. Құдай бағушылар мен жетекшілердің ғана емес, әрбір сенушінің де азат болғанын қалайды. Қорқыныш бұғауынан азат болған адамдардың өмірінде болған өзгерістер жайлы талай-талай күәлік естідім.

Қорқыныш рухын жеңу туралы уағызымды естіген бір әйел қорқыныштың қыспағынан құтылғанын айтады. Бірнеше күн өткенде, жол үстінде қызы екеуі қарақшыларға тап болыпты. Қарақшылардың бірі тапаншасын кезеп, ақшасын тартып алады, қалғандары жемтігін қорыған қасқырдай қоршап тұр.

Сол сәтте әйелдің жан-дүниесінде бір зор батылдық пайда болды. Ол бар даусымен бөтен тілде мінәжат ете бастады. Тапанша ұстап тұрған адам «Доғар!» деп айқай салды. Әйел мінәжат ете берді. Қарақшылар саса бастады. сол сәтті пайдаланып, қыз бала қоршаудан сытылып шығып, үйіне қарай жүгіре жөнеледі. Үйге жетіп, 911 телефонына қоңырау шалып, полиция шақырады. Қарақшылар әмиянды алып, қашып кеткен екен. Әйел қызы екеуі аман-есен.

Ертеңіне бір сенуші анасының үйіне күндегідей емес, басқа жолмен бармақ болған екен. Орманның ішіндегі соқпақтың үстінде жатқан әмиянды тауып алыпты да, егесіне хабарласыпты. Азғантай сомадан басқа ақша да, құжаттар да орнында екен.

Осы куәлікті айтқан әйел батылдық туралы жолдауды сеніммен қабылдағанына өте қуанышты. Бұл жолдау оның өмірін сақтап қалды. Бұрынғыдай жасқаншақ қалпында қала берсе, қарақшылармен бетпе-бет келгенде, қарсыласуға шамасы болмас еді. Қорқыныштан азат болғаны үшін Құдайға деген алғысы таусылар емес!

Осындай куәліктер үшін Құдайыма мың алғыс, мұның бәрі – құдіретті Құдайдың ісі. Бір кездері мен де жасқаншақ болатынмын, Құдайға шүкір енді азатпын! Құдайдан келген азат етуші даналық пен Көктегі Әкемнің құдіретінің арқасында азатпын.

Қорқыныш пен жасқаншақтықтың не екенін қарастырдық, олардың Киелі Рухтан келетін дарындарға, Құдайдың құдіретіне қалай кедергі жасайтынын да көрдік. Алайда қорқыныш рухын дөп тани білумен ғана шектелмейік. Біздің мақсатымыз – оны жеңу!



## ҚОРҚЫНЫШ РУХЫ

**Р**ухани қақтығыс рухани құралдарды қажет етеді. Қорқыныш рухын дөп танып, біржола жеңгіміз келсе, екі нәрсені анық білуіміз керек. Біріншіден, қорқыныш, жасқаншақтық дегеніміз – рух, екіншіден, бұл рух – Құдайдан емес.

Өйткені Құдай бізге қорқыныш емес, күш, сүйіспеншілік және ұстамдылықты дарытатын Киелі Рухын сыйлады (Тімотеге арналған екінші хат 1:7).

Грек тілінде “рух” сөзі – пневма. Стронг сөздігіне сүйенсек, Киелі Рухты да, адам рухын да, арам рухты да білдіретін – осы сөз. Сонымен, қорқақтық, жасықтық дегендер – туа біткен немесе кейін қалыптасқан мінез емес, рух.

Олай болса, қорқынышпен ой-сана немесе ерік-жігер деңгейінде күресу – бос әурешілік. Позитивті көзқарас қорқынышты жеңе алмайды. Рухани қарсылыққа тап болсаңыз,

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

рухани құралдармен ғана жеңе аласыз. Рухани әлемде әрекет етуіміз керек.

Білімі де, білегінің күші де жеткілікті адамдар кейде өздерінен қай тұрғыдан қарасаң да, әлдеқайда әлсіз біреуге төтеп бере алмай жүреді. Неге бұлай? Бәрі жақсы болған күнде де ертеңгі күні жағдайым нашарлап кетеді деп уайымдайды. Ешқашан жүзеге аспайтын қауіп-қатерден сақтануға бар күші мен уақытын сарп етеді. Ертеңін уайымдап, бүгінге қуана алмайды. Ондай адамдар санасымен бәрін түсініп тұрса да, қоқынышын тежей алмайды. Оларды қорқыныш рухы билеп алған. Адами әлсіздігімен күресудің орнына, мәселенің рухани әлемдегі түп-тамырын жұлып тастау керек.

Қайтсе де өз дегенін істететін адамдарды көрген шығарсыз? Олардың білімі мен мәртебесі қандай болса да, қашанда мысы басып тұрады. Қолында ешқандай билігі де жоқ шығар, бәлкім. Дегенмен, жұрттың бәрін өз дегеніне көндіреді. Неге дейсіз ғой? Ондай адамдар басқаларды қорқыныш рухының көмегімен басқарады. Сол рухты өз мүддесі үшін пайдалануды үйренген.

Бірде өте табысты кәсіпкермен дастарқандас болғаным бар. Исаға келгенге дейін кәсібін қандай жолмен жүргізгенін айтты. “Адамдарды қорқытып-үркітіп, көздегенімді қайтсем де алатынмын. Қала әкімшілігіне кіргенімде, бойымдағы құдіретті анық сезінетін едім. Алдымдағы адамдардың менен қаймығатынын ұнататынмын. Қала мәслихатының өзіне де талап қойып, талабымды орындататынмын”. Бойында қорқыныш рухы бар еді. Қала басшыларының өзі, мәртебесіне қарамастан, оған қарсы келуге батылы жетпейтін еді.

## Бақылаушы рух

Ілияс пайғамбар пұттарға табынып кеткен Исраил халқынан қаймыққан жоқ. Бір өзі бүкіл халыққа қарсы тұрғаны – керемет батылдық! 850 жалған пайғамбар да Ілиясты жеңе алмады. Не деген жүрек жұтқандық десеңізші! Мыңға жуық дін өкіліне қарсы тұрған жалғыз пайғамбар! Ілиястың жүрегін, тіпті,

патшаның қаһары да бұлк еткізген жоқ. Мұндай батырлар кемде-кем. Алайда осы батырымыз бір әйелдің қоқан-лоққысынан зәресі ұшып, шалғайға қашып кетті де, тау ішіндегі үңгірде жатып, өзіне өлім тіледі! Мұны қалай түсінеміз?

Психолог Ілиясты әлдебір себептермен әйелдерден қорқатын болған деп ұйғарар еді. Мұндай пікірмен келісе алмаймыз. Исраил халқының жартысы – әйел заты емес пе? Жоқ, Езабелдің жіберген сәлемі – шын мәнінде жойқын рухани шабуыл болатын. Оның жанында бүкіл халық та, жалған пайғамбарлар да, патшаның қаһары да түкке тұрғысыз еді. Ілиясқа қарсы келген Езабелдің өзі емес, өте мықты бақылаушы рух еді. Адамды қорқытып, жасытып тастайтын рух. Патшада да, жалған пайғамбарларда да мұндай рух болған жоқ.

Осы рух туралы Киелі Жазбаның не дейтінін оқып көрейік. Еху мен Езабелдің ұлы Жорамның арасында болған әңгімеге назар аударыңыз.

Жорам Ехуді көргенде, одан:

— Аманшылық па, Еху? — деп сұрады. Сонда Еху:

— Неткен аманшылық болсын?! Өз шешең Езабел әлі де (Жаратқан Иеге) опасыздық жасап жалған тәңірлерге табынып, сиқырлықпен молынан айналысуда емес пе?! — деп жауап қайтарды (Патшалықтар туралы төртінші жазба 9:22).

“Сиқырлық” деген сөзді оқығанда, ертегі кейіпкерін көз алдыңызға келтіріп, шатаспаңыз. Сөз – ұзын сапты сыпырғышқа мініп алып, түнделетіп ұшатын, әлденені күбірлеп жүріп, түрлі шөптерді қайнатып, у жасап жүрген кемпір жайында емес. Сиқыршылық дегеніміз – басқа адамдарды өз бақылауында ұстау. Жындарды шақырып сиқыршылық жасайтындар да бар. Бірақ сиқыршылық мұнымен шектелмейді. Пауыл елшінің ғалаттағы сенушілерге жазған мына сөзі бар: “О, түйсіксіз аңқау ғалаттықтар-ай, сендерді біреу сиқырлап қойды ма? Иса Мәсіхтің айқыштағы өлімін көз алдарыңнан кетпестей етіп суреттеп беріп едім ғой!” (ғалаттықтырға 3:1). Оларға ешкім сиқырлы сусын ішкізіп, басын айналдырып қойған

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

жоқ. Пауылдың айтып тұрғаны – Ғалаттықтырды ақиқаттан адастырған жалған ұстаздар. Бұл ұстаздар бақсы-балгер емес, оккульттық абыздар емес, алайда, оларда бақылаушы рух бар. Сол арам рух бүкіл қауымға ықпал етті.

Езабелдің бойындағы бақылаушы, қорқытушы рухтың мықтылығы сондай, патшаны да, ел ақсақалдарын да, бүкіл Исраил халқын да уысында ұстады. Оған Илияс пайғамбардың өзі де қарсы тұра алмады. Жүрегіңізге үрейдің ұялауына жол берсеңіз, тыныштықтан, сенімнен, батылдықтан, табандылықтан, қауіпсіздіктен айырыласыз. Бұл тізімді жалғастыра беруге де болар еді.

Жанын қинаған қорқыныштан позитивті ойлау арқылы өз бетінше арылуға тырысқан талай адамды көрдім. Қорқыныштың себебімен емес, салдарымен күресу жеңіске жеткізбейді. Ағаштың жемістерін түп-түгел жинап алсаңыз да, біраздан соң, жемістер қайта өсіп шығады. Тамыры мықты болса, ағаш жеміс беруді тоқтатпайды. Сондықтан, жасқаншақтықты жеңбек болсаңыз, оның артында тұрған рухани күшке қарсы шығуға тиіссіз.

### **Қауымдағы бақылаушы әрі қорқытушы рух**

Біздің қауымдардағы кейбір адамдардың жүрегі Құдай алдында таза емес. Олар жетекшілерді қорқытып, өз дегеніне көндіруге тырысады. Қауым жетекшілеріне өздеріне қолайлы жағдайларда ғана бағынады. Жетекші жасық мінезді адам болса, әлгіндей адамдар басшылықты өз қолдарына алады. Басқа қауымдарға барып, қызмет еткенімде, қорқыныш рухы жиі шабуылдайды. Неге бұлай болатынын өзім де білмеймін. Қорқыныш пен жасқаншақтық – арам рух, ол өзіне бой алдырған адамдар арқылы әрекет етеді. Оның ішінде сенушілер де бар. Киелі кітап былай деп ескертеді: “...шайтанның жамандыққа түрткі салуына жол бермеңдер!” (Ефестіктерге арналған хат 4:27).

Өз басымнан өткен бірнеше жағдайды баяндап бермекпін. Бұл әңгімелерімді оқыған адам мені рухани салаға тым көп мән беретін, “жын-шайтанның соңына түскен” біреу деп қалуы



да ықтимал. Кейбір сенушілердің әр мәселені шайтанның ісі деп қарастыратыны рас: өз жауапкершілігін шайтанға аудара салу ыңғайлы ғой. Алайда мұндай көзқарас назарымызды Исаға емес, шайтанға аударады. Киелі кітап болса, шайтанға емес, Исаға қарауға шақырады. “Басқа жаққа мойын бұрмай, бар назарымызды Исаға аударайық! Бастапқыда сенім жолын салған Ол бізді сеніміміз арқылы Құдай белгілеген мақсатымызға жеткізеді де” (Еврейлерге 12:2).

Осы аяттан ұғатыным, Исадан көз алмай өмір сүруіміз керек. Жолымызды шайтан бөгесе, дұшпанымызды Құдайдың Сөзімен жайратып салып, Исаға ұмтыла беруіміз керек! Десек те, жасқаншақтық рухын біржола жеңіп шығу үшін оны әуелі танып айыруды үйренуге тиіспіз.

## **Шабуыл**

Қорқыныштың арам рух екенін дәлелдейтін көптеген мысалдардың бірін айтып берейін. Оңтүстіктегі қауымдардың бірінде қатарынан бірнеше жиналыста уағыз айттым. Бірінші жиналыс жексенбі күні таңертең өтті, Құдайдың құдіреті молынан төгілді. Осы жиналыстың бейнежазбасы бірнеше жыл бойы жазбаларымыздың топтамасында болды. Жиналыстан кейін ешкім теріс пікір айтқан жоқ, ешқандай текетірес те болған жоқ. Айналамдағы адамдардың барлығы жылы ұшырап, жақсы лебіздерін білдіріп жүр. Дегенмен, түс ауа көңілім алабұртып, абыржыған күйге түстім. Өзімді қолайсыз сезінемін, бірақ оның себебін түсіне алар емеспін. Байқағаным, көңіл-күйім қорқыныш рухымен алғаш рет шайқасып, жеңіп шыққан сол бір күндегідей. Кешкі жиналыста рухани билік жайлы уағыз айттым, Құдай көптеген адамның жүрегіне сөйледі.

Уағыздан кейін бағушы мені қолымнан тартып кеңсесіне кіргізді де, “мына уағызың нысанаға дәл тиді” деді. Қауым мүшелерінің бірі түс мезгілінде бағушыға қоңырау шалып, “бағушы, бұл кісінің уағыздарымен келіспейтініңізді білемін. Өзі адамдарға тым қатал екен. Бүгін кешке болатын жиналыстан

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

кейін бұл кісінің уағыз айтуына жол бермейтініңізге сенемін, өйткені, сіз мейірімді адамсыз. Кешкі жиналысқа бармаймын, үйде қалып, сол кісіге қарсы мінәжат етемін” депті.

Бүгінгі көңіл-күйімнің себебін енді түсіндім. “Ол кісінің қателесіп тұрғанын түсіндірдіңіз бе?” деп сұрағанымда, бағушы басын шайқады, биязы мінезді адам еді. Бұл жағдайды Құдайдың қолына тапсыруды жөн көріпті. Бағушы өз билігін дұрыс қолданып, әлгі адамды түзеткенде, мен өзіме қарай бораған рухани оқтың астында қалмас едім. Дұшпанға төтеп бермесек, шабуылын тоқтатпайды, қайта күшейе береді! Істі қолға алмасақ, жағдай өзінен-өзі өзгермейді. Сол күннен бағушы екеуіміз де сабақ алдық. Қорқыныш рухының алдында иілмеуіміз керек, Құдай соны көрсетті.

Құдайыма мың алғыс, Киелі Рух не болып жатқанын біліп, мені сахнада тұрғанымда, арам рухқа төтеп беруге жетеледі. Өзімді шабуылдаған жынмен шайқасқанымды білмеппін сол кезде. Маған шабуыл жасалғанын бағушы білді, уағызым ол кісінің көзін ашты. Сол қауымдағы жиналыстар ең мықты жиналыстарымның қатарында. Бағушымен жақсы дос болып кеттік, қауымға тағы бірнеше рет бардым.

### **Тағы бір шайқас: бақылаушы рух**

Шетелде өткен семинарда уағыз айтуға шақыру алдым. Қатысушылардың саны мыңға жуық. Күндіз екі жиналыс, кешке бір жиналыс өтетін болды. Алғашқы екі жиналыс өте жақсы өтті. Құдайға ұнамды өмір сүру, тәубе ету жайлы уағыздадым. Дегенмен, рухани әлемде қарсылық сезіледі. Екінші жиналыстан кейінгі үзілісті түгел дерлік өз бөлмемде дұға етумен өткіздім, алайда еңсемді басқан ауыр жүк пен тұнжыраған көңіл-күйім сейілер емес. Бұл – қорқыныш әкелетін бақылаушы рухтың шабуылы екенін білемін. Маған қарсы сөз айтқан ешкім жоқ, дегенмен, дұшпаным адам емес, шайтан екені анық.

Әр сенуші рухани деңгейде өмір сүруді үйренуі керек. Сонда жауға қай салада тойтарыс беруіміз керектігін Киелі Рух ашып

беріп отырады. Киелі Рухтың жетелеуінсіз мәселенің түп-тамырына жете алмаймыз. Сол күнгі көңіл-күйім – дұшпанның шабуылы екенін білмесем, “Күйзеліске не себепті ұшырадым екен? Осы семинарға келудің қажеті жоқ еді. Мұнда келгенше, бала-шағамның жанында болғаным дұрыс еді. Мен, өзі, не істеп жүрмін, Құдайдың аманатын орындап жүрмін бе? Қауымдарды аралап, уағыз айтқанды қоюым керек шығар?” деген ойлардың тұңғиығына кетер едім. Ақыры, Құдай тапсырған қызметімді атқаруға шамам келмей қалатын еді. Арам рухтың көздегені де – сол. Назарым адамдарға Құдайдың еркін жеткізуде емес, өзімнің қара басымда болар еді.

Сонымен, кешкі жиналысқа баратын уақыт келді. Жолай күні бойғы көңіл-күйімнің қандай болғанын аудармашыға айттым. Сөйтсем, оның да жағдайы дәл менікіндей екен. Екеуімізді меңдеген ауыр сезімдер бірдей. Сол жиналыста қорқыныш рухы жайлы уағыз айттым, мінәжат еткенімізде көп адам азат болды.

Ертеңіне таңғы жиналыста сахнаға шыққанымда, өзімді майланудан жұрдай сезіндім. Құдай үнсіз қалған сияқты. Құдайдан сөз келер деген үмітім бар, сахнада бірнеше минут тұрдым. Жеке де, адамдармен қосылып та мінәжат еттім. Майлану да, Киелі Рухтың жетелеуі де жоқ, не істеуім керек екенін түсінер емеспін. Жау шабуылына тап болғанымды жүрегім сезеді, әйтеуір. Нақты маған қарсы айтылған сөздердің күшін талқандауым керек екенін білемін. Киелі Жазба былай дейді: “...қандай қару-жарақ саған қарсы жасалса да, сені құрта алмайтын болады. Өзіңді айыптағандардың сөздерін әшкерелеп, жоққа шығарасың. Жаратқан Иенің қызметшілері осы игіліктерді иеленетін болады. Оларды Өзім ақтап аламын”, — деп нық айтады Жаратқан Ие (Ишая пайғамбар 54:17).

Сағымды сындырмақ болған арам рухтың шабуылына Құдайдың Сөзімен қарсы тұрдым. Өзіме қарсы айтылған әрбір сөздің әшкереленіп, жоқ болуын бұйырдым. Жұрт не дейді деп уайымдаған жоқпын. Қайтсем де, Киелі Рухтың жетелеуімен жүруім керек екенін білемін. Лезде жүрегіме

жарқ етіп, Құдайдың сөзі келді. Құдай нақты нұсқаулар берді. Екі-үш минуттан соң залдың іші Құдайдың құдіретіне толып кетті. Отырғандар Киелі Рухқа кенелгені сондай, шаттық пен күлкі басталды. Құдайдың құдіреті төгілді, ұзақ уағыздың да қажеті болмады. Адамдар сағат үшке дейін тарамады, көптеген куәліктер айтылды. Рухани бөгет жарылды, жүрегім қуанышқа толды. Дұшпанның шабуылына рухани әлемде тойтарыс бермегенімде, осының бәрі болмас еді.

Кейін аудармашыдан мынадай әңгіме естідім. Осы қауымда қызмет етіп жүрген бір әйел семинардың кестесін көріпті де, ұйымдастырушыға жолығып, “Жиналыстардың бәрінде тек Джон Биверді ғана тыңдай береміз бе? Бізге басқа да уағыздаушылар керек” депті. Сондағысы, өзі де уағыз айтпақ екен.

Сол әйелдің басқа да оғаш қылықтары бар көрінеді. Адамдардың көзіне дәрі тамызып немесе денесіне шарап жағып, Киелі Жазбаға қайшы келетін тағы басқа әдістермен арам рухтарды шығарады. Оның әрекетін әшкерелеген ешкім жоқ. Бағушы осылай қызмет етуіне рұқсат беріпті. Қауым жетекшілерінің жанжалдан қашып, ымырашылдық танытуы жиі кездеседі, мұны мойындауға мәжбүрміз. Текетіреске түскенше, келісе салғаны жайлы сияқты. Шын мәнінде олай емес, ымырашылдық түбінде жақсылыққа апармайды.

Жиналыс аяқталған соң, жетекшімен сөйлестім. Әлгі әйел жайлы естігендерім рас болып шықты. Жетекші семинар тақырыбын белгілеп, жиналыстар кестесін бекіткеннен кейін барып, сол әйел наразылығын білдіргені де рас екен. Бұл әйелдің бағушыны өз бақылауында ұстағысы келетіні мен үшін анық болды. Пікірімді айттым.

“Сол әйелге осы жерде жиналыс өткізіп, әлгіндей әдістерді қолдануға не себепті рұқсат бердің?” деп сұрадым.

“Джон, ондай жиналысты бұл жерде өткізуге болмайтынын айттым” деді бағушы.

“Киелі Кітапқа қайшы келетін әдістерді қолдануға тиым салсаң да, бұл істің артында тұрған арам рух ешқайда кетпейді,

өйткені, ол тәубе етіп, күнәдан бас тартқан жоқ. Басты ниетің татулықты сақтау болғандықтан, бойында бақылаушы рухы бар адамға билік бердің. Енді сол арам рух маған да, өзімен келіспеген адамның қай-қайсысына да шабуыл жасау құқына ие болды”.

Сөзімді түсінікті ету үшін өз өмірімде болған бір оқиғаны айтып бердім. Бірнеше жыл бұрын, басқа қызметте жүргенімде, жиналыстардың бірінде өте мықты табыну болды. Зал толған жастар еді. Құдайдың құзыры мен ғажап тыныштығы жүрегімізді толтырды. Көзімізден жас парлап ақты. Табыну қырық минутқа созылды. Бір кезде залдың іші тып-тыныш бола қалды, әр жерден сыбырлап айтылған мінәжат қана естіледі.

Кенет бір жігіт бөтен тілде дауыстап сөйлей жөнелді. Түрі таныс емес. Ол сөйлеп тұрғанда, залдағы көңіл-күй өзгеріп сала берді, әлгіндегі жанымызды рахатқа бөлеген тыныштық әп-сәтте жоғалып, мазасыздық орнады. Жігіттің жанында тұрған қыз түсініктеме берген болды, онысы оғаш естілді.

Қапелімде не дерімді білмей қалдым.

Қыз сөзін айтып болғанша, Құдайдың құзыры сейіліп кетті. Әлдене деуге тым кеш қалған сияқтымын. Тамаш көңіл-күй зым-зия жоғалды. Жұртты отырғыздым да, құрбандық жинадым. Сосын уағызымды бастадым.

Сөйлеп тұрғанымда “Не болып кетті? Не деп тұрмын? Майлану неге жоқ?” деген ойлар мазалай берді. Айтып тұрған сөздерімде Құдайдың құдіреті жоқ, өзім де бір тосқауылға тап болғандай күйдемін. Құдай берген дарынымның әсері сезілмейді. Неге екенін түсіне алар емеспін. Жұртты мінәжатқа шақырдым. Сонда Құдайдан “әлгі екеуіне қарсы тұр” деген сөз келді.

“Жиырма минуттай уақыт өтіп кетті ғой, кеш қалдым” деп ойлады. Құдайдың айтқанын ысырып қойдым да, әрі қарай дұға ете бердім. Мінәжат жалғаса берді.

Бірнеше минуттан кейін, “Құдайым-ау, мінәжатымыздан түк шықпады ғой” дедім.

Жүрегіме “Әлгі екеуіне қарсы тұр” деген сөз тағы келді.

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

“Ол екеуіне жарты сағат өткенде қарсы сөз айтқаным оғаш көрінеді ғой, жұрт мен туралы не ойлайды?” дедім ішімнен. Тағы он минут дұға еттік. Өзгеріс болмады. Әбден түңіліп, жиналысты таратып жібердім.

Жүрегімді ауыр жүк басып, үйге қайттым. Неге бұлай болғанын Құдайдан сұрағым да келген жоқ. Жатып қалдым. Таңертең еңсемді басқан жүк тіпті ауырлап кетті. Таңғы мінәжатымды бастадым.

“Ием, кешегі жағдайды түсіндіріп берші” дедім.

“Джон, Мен саған әлгі қыз бен жігітке қарсы тұр дедім ғой. Мен сені жетекші етіп тағайындағанда, сол қызмет үшін жауапкершілікті саған арттым, сонымен қатар, билік те бердім. Қызметті саған сеніп тапсырдым, билікті саған бердім, Өзім барып араласпаймын. Адамға Едем бағын күтуді тапсырған болатынмын. Шайтан Адамды азғырғанда, Мен бұл күнәнің бүкіл адамзат үшін салдары қандай болатынын біліп тұрсам да, жерге түсіп, Адамның қолындағы жемісті жұлып алған жоқпын! Мен бергенімді тартып алмаймын. Адамға берілген жауапкершілік те солай, салдары қандай болса да, Адамның еркі өзінде қалды. Әлгі қыз бен жігіттің бойында бүлікшілік рухы бар. Сен оларға қарсы тұрудан бас тарттың, сондықтан, арам рухтың жиналыста өз үстемдігін орнатуына жол бердің. Сен билікті өз қолыңнан шығарып алған соң, Менің Киелі Рухым шегінуге мәжбүр болды”.

Құдайдан кешірім сұрап, мұндайды енді қайталамаймын деп шештім.

Осы әңгімені семинар ұйымдастырған бағушыға айтып бергенімде, бүлікшіл әйелге не себепті тойтарыс беруі керек екенін ұға қойды. Жүрегіне ақиқат нұры құйылған оның жүзі де жайнап сала берді. Мен ол кісіні “Адамдарға рухани азық беріп қана қоймай, оларды қорғауға да міндеттісің. Қойларыңды қауіптен қорғаймын десең, жаумен қақтығысқа дайын болуың шарт” деп жігерлендірдім.

“Біреуге “жоқ” деп айтуға тиіс екеніңді біле тұра, кикілжіңге

келмеу үшін “иә” дей салатын кездерің болды ма?” деп сұрадым.

“Иә, Джон, сөйтетінім бар” деді де, сәл ойланып барып, “мұным екіжүзділік пе?” деп сұрады.

Бас изедім. “Дұрыс айтасың. Бұл екіжүзділік, не болмаса ымырашылдық. Ол қорқыныштан туындайды” дедім.

Қорқыныш рухына бой алдырғаны үшін сол сәтте тәубе етті де, бұдан былай батыл болуға бел байлады. Келесі кездескенімізде жайдары жүзбен “Мен азатпын!” деді!

Жоғарыда келтірілген мысалдар, әлбетте, қалыпты жағдай емес. Жүздеген жиналыстарда уағыз айттым, көбіне өзімді еркін сезіндім. Еркіндік пен азаттық – қалыпты жағдай, ал қарсыластық – сирек кездесетін нәрсе. Дегенмен, бірнеше мысалды сізбен бірге егжей-тегжейлі қарастырмақпын, сізге пайдасы тиеді деп сенемін.

Бұл мысалдар қызметке қатысты болғанымен, олардан түйгеніңізді өмірдің қай саласында да қолдана аласыз. Қорқыныш – рух, яғни оны тек рухани құралдармен жеңуге болады. Рухани шайқасқа адами қарумен шықсаңыз, күйрей жеңілесіз.

Біз осы күнәкар дүниеде өмір сүргенмен, оның салты бойынша күреспейміз: қолданып жүрген қаруларымыз осы дүниелік емес, оларда Құдайдың құдіреті бар. Солармен жау бекіністерін талқандаймыз; оның дәлелдемелерінің қате екенін әшкерелейміз (Қорынттықтырға арналған екінші хат 10:3-5).

Қорқыныш атты дұшпан жан-дүниемізге шабуыл жасайды. Оны психологиялық біліммен де, позитивті ойлармен де жеңе алмаймыз. Оған қарсы қаруымыз – Құдайдың сөзін – «рухани семсер» қылып ұстаймыз (Ефестіктерге хат 6:17). Қорқыныш рухынан тайсалмай, қарсы тұрсақ, Құдай берген дарынымыз лаулап жана бастайды. Келесі тарау – осы жайында.





# **ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ**



## ДАРЫНДЫ ЖАНДАНДЫРУ

**А**дам маған не істей алады?  
Қорқыныш рухының мақсаты – билігімізден бас тартқызу, сөйтіп, дарындарымызды сөндіру. Сонда өзіміздің шектеулі, адами күш-қабілетімізге сүйенуге мәжбүр боламыз. Енді шабуылға шамамыз келмей, шегіне бастаймыз. Осалдығымызды сезініп, қауіпсіздік пен жайлылыққа қарай ыға береміз.

### Дарынды ояту

Сонымен, қорқыныштың дарыныңызды сөндіретінін білдік. Ал оны тұтататын не? Батылдық. Қорқыныш рухы адамды шегінуге мәжбүрлесе, батылдық алға жетелейді. Қорыққан адам батылдықты қайдан алады?

*...Құдай бізге қорқыныш емес, күш, сүйіспеншілік және ұстамдылықты дарытатын Киелі Рухын сыйлады (Тімотеге арналған екінші хат1:7).*

Батылдық күш, сүйіспеншілік және ұстамдылық сияқты Құдайға ұнамды қасиеттермен бірге келеді екен. Батылдықтың бір өзін Құдайға ұнамды мінез дей алмаймыз. Кейбір адамдардың өрескел мінездері батылдығымен қатар жүреді. Шынайы батылдық Құдайдан келеді әрі Құдайға ұнамды мінезден бастау алады. Осындай батылдық дарынымызды жандандыра түседі.

Кейбір адамдарда батылдық бар да, Құдайға ұнамды мінез жоқ. Кедергі-бөгет не мардымды қарсыластық жоқта сөздері мен істері нық, өздеріне-өздері сенімді. Алайда, ондай адамда табандылық, тереңге бойлаған тамыр жоқ. Қасқайған кескіні – надандығын не менмендігін жасырған бетпердесі ғана. Дауыл күшейсе, ондай батылдықтың әлсіз тамырларын қопарып кетеді. Ағаштың тамыры қаншалықты мықты екенін тынық күні біле алмаймыз. Ақиқат дауыл тұрған күні ашылады.

## **Кім күшті?**

Дәуіт «Жаратқан Ием – көзімнің нұры, Құтқарушым: мен кімнен қорықпақпын?» деген еді (Забур 27:1).

Ол Құдайды күш-қуатының қайнар көзі деп мойындады. Құдайға тең келер жан жоғын біліп, “Ешкімнен қорықпаймын!” деп батыл мәлімдеді.

Дәуіт мәлімделермен шектелген жоқ, сөзіне ісі сай болды. Дәуіт Құдайдың жақын танып білгендіктен, құдіретіне шүбә келтірген жоқ. Осыдан бастау алған батылдығы Құдайдың тапсырмасын орындауына, әділ патша болуына мүмкіндік берді. Дәуіттің жастық шағы жайлы оқып көрейік.

Дәуіт Ессейдің сегізінші ұлы еді. Үш ағасы Саул патшаның жасағында. Філістілер қол жинап, Израил жеріне келді. Күн сайын жаудың батыры Ғолият Израилдің сапта тұрған

жасақшыларына дауыстап айқайлап: «Сендер неге сап түзеп тұрсыңдар? Мен філістірмін! Ал сендер Саулдың қызметшілері ғана емессіңдер ме? Ендеше араларыңнан біреуді таңдап алыңдар, ол қасыма келсін! Егер ол менімен шайқасып, көзімді құртса, онда біз сендердің құлдарыңа айналамыз. Ал егер мен оны жеңіп, өлтірсем, онда сендер бізге құл болып, қызмет етесіңдер! — деп жекпе-жекке шақырады (Патшалықтар туралы бірінші жазба 17:8-9).

Исраил Ғолияттың бұл қылығын соғыс жариялаудеп қабылдайын десе, Ғолият Філісті жасағында емес. Кейбір мәліметтерге сенсек, оның бойы он бір жарым фут болған (1 фут – 30,48 см). Баскетбол себетін көрген боларсыз. Ғолияттың бойы сол себеттен бірер дюйм асатын (1 дюйм – 2,5 см)! Оның алып тұлғасынан басқа мол жауынгерлік тәжірибесі де бар еді. Найзасының ұшының салмағы он бес фунт болатын (1 фунт – 453,6 г). Басында қола дулыға, үстіне киген сауытының салмағы 125 фунт! Сауыт, семсер, найзасын қоса өлшегенде, екі жүз фунтқа тарта салмақ шығар еді. Осының өзі Дәуіттің сол кездегі салмағынан асып түссе керек. Ғолияттың сырт бейнесінің өзі адамның жүрегін шайлықтырардай еді! Киелі Жазба былай дейді: Ғолияттың сөздерін «естіген Саул мен Исраилдің күллі жасақшылары абыржып, қатты қорықты» (Патшалықтар туралы бірінші жазба 17:11). Сонымен, әкесі Дәуітті қой бағып жүрген жерінен шақыртып, жасақтағы ағаларына азық-түлік жеткізіп, жағдайларын біліп келуге жұмсады. Апарған жүгін түсіріп болып, жас жігіт жасақ тұрған жаққа барды. Біраздан соң Ғолият та алға шығып, әдеттегі сөздерін айта бастады. Оның Исраил іскерін балағаттап, мазақ қылғанына қырық күн болған еді.

Бұл көрініс Дәуітті таң қалдырды. Жоқ, Ғолияттың кескін-келбеті емес, Исраил әскерінің оған лайықты жауап бере алмағаны. “Исраилдің күллі жасақшылары алыпты көре салысымен қатты қорқып, шегіне бастады» (Патшалықтар туралы бірінші жазба 17:24). Дәуіт “Бізге Құдайдың Өзі жақ екенін ұмытып кеткен бе мыналар? Бізге емес, Жаратқан Иеге тіл тигізіп тұр ғой!” деп ойлаған болса керек.

Дәуіт қасында тұрғандарға:

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

— ... Бұл құдайсыз *філістір мәңгі тірі Құдайдың әскер саптарын масқаралайтындай кім еді, сонша?! — деді (Патшалықтар туралы бірінші жазба 17:26)*. Айналадағы ауаның өзін ашуыза кернеп тұрғандай еді. Жұрттың жүйкесі жұқарып, шырт еткен шырпыдан от лаулап кетердей болып тұрған. Дәуіттің сөзі Исраил жасағының қорқақтығын әшерелеп, ағаларының шамына тиіп кетті. Кенже інісінің аузынан мұндай сөзді естімек емес еді олар. Үнсіз ымыраға келіп, іштерінен тынып жүр еді, мойындағысы келмеген әлсіздігі әшкереленіп қалды.

Ағалары Дәуітке бас салды, інісіне айып тағып, өздерінің масқара болғанын жасырмақ. Ғолияттан қорқып-үркіп қалған ең үлкен ағасы енді Дәуітті жасытып тастамақ.

Елияп:

— *Несіне мұнда жетіп келдің? Ана азғантай қойды айдалада кіммен қалдырдың? Сенің өркөкіректігіңді әрі жүрегіңнің зұлымдығын білемін! Мұнда тек шайқасты көру үшін келдің ғой! — деп зекіді (Патшалықтар туралы бірінші жазба 17:28)*.

Елияптың бұл батылдығы ашуынан бастау алған еді. Исраилге төніп тұрған қатерге қарсы тұрудың орнына, інісіне бас салды. Қорыққан, абыржыған адам қашанда қойлайсыз сезімін сыртқа шығарудың жолын іздейді. Биязы мінезді адам, қысылып, кешірім сұрай бастайды. Ашушаң адам өзіне қарсы келген адамға шүйлігеді, мін тағады, жазғырады.

Елияп Дәуітке “өркөкірек әрі зұлымсың” деп айып тағады. Елияптың бұл сөздері Дәуітке емес, өзіне қатысты еді. Дәуіт мүлде ондай емес. Ол Құдайдың көңілінен шыққан адам болатын. Ол тәкаппар емес, Құдайдың алдында кішіпейіл.

Мінезі қатты адам қарсыласын қорқытып, қаймықтырып,

өтірікті шындық қылып көрсетуге тырысады. Олардың шабуылына төтеп беру үшін рұхыңыз мықты болуы керек.

Елияптың жүрегіне қызғаныш ұялауы да ғажап емес. Әкесінің тұңғыш ұлы өзі болса да, Самуил патшалыққа Дәуітті тағайындады. Жетекшілік қабілеті де, әскери тәжірибесі де бар Елияпты көріп, Самуилдың өзі де «Сірә, Жаратқан Ие тағайындайтын патша осы шығар!» — деп ойлаған еді. Бірақ Жаратқан Ие оған былай деді: «Сен оның бет-жүзіне, бойшаңдығына қарамай-ақ қой. Оны мақұл көрмеймін. Себебі Құдай пенденің көзімен қарамайды ғой. Пенде назарын адамның бет-жүзіне аударады, ал Жаратқан Ие оның жүрегіне көз салады» (Патшалықтар туралы бірінші жазба 16:6-7).

Сонымен, қайсысы өркөкірек? Құдай Елияпты бет-жүзі мен бойына бола таңдап алған да жоқ, сырт келбетіне қарап одан бас тартқан да жоқ. Өйткені, Жаратқан Ие бет-жүзіне емес, оның жүрегіне көз салды. Құдай адамның жүрегінен тәкаппарлықты байқаса, оған қарсылық жасайды (Жақыптың хаты 4:6). Елияп өркөкірек, тәкаппар адам болатын, Құдайдың оны таңдамауының да себебі — осы. Дәуітті өркөкіректің деп жазғырған Елияптың өзі сондай адам!

Қорқыныш рухы бар адам, әдетте, өзінің жасырғысы келетін осалдығын сізге таңады. Жүріс-тұрысы дұрыс болып көрінетін, алайда жүрегінде дағы барадамдартаза жүректілерге шүйлігеді. Үнемі солай. Таза жүректі Тимоте есіңізде ме? Ол да ұяң мінез танытқан еді. Ефестегі қауымда да жүрегі Елияптыкіндей шірік адамдар болғанына күмәнім жоқ.

Қорқыту-үркіту мен қоқан-лоққы Исаның жолында жиі кездесетін. Жүрегі лас парызылдар мен діншілдер Исаны қараламақ ниетпен Оған қақпан құрумен болды. Исаны сөзден сүріндіріп, қаймықтыра алса, өз бақылауында ұстай алар еді. Сондықтан да Исаға сатқын, маскүнем, жын жайлаған күнәкар, мешкей деп жала жапты. Осының барлығы өздеріне тән нәрселер болатын. Оларға үстемдік беруден бас тартып, Иеміз олардың өздерін әшкереледі.

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Жүрегінде дағы бар адамдар таза жүректі адамдарды қорқытуға неге құмар? Өздерінің істері әшкереленбес үшін, айналасын өз бақылауында ұстау үшін. Бұл қолынан келсе, өз жүрегіне үңіліп, тәубе етуден жалтарып кете алады. Елияптың ойынша, Дәуітті қаралап, қорқытса, інісі қаймығып, айылын жия қояды. Сонда Елияптың намысына тиген әшкерелеу тоқтайды.

Енді Елияптің сөзіне басқалар да қосылды. Жан-жақтан айыптаулар қарша борады. Дәуіттің ағасы өзінен әлдеқайда денелі де, қайратты да. Үйдің үлкені інісіне қашанда әмірін жүргізе білетіні есіңізде шығар. Дәуіт Елияпқа бағынбаса, үйге барған соң, сазайын тартады. Табандылығының құны қымбатқа түскелі тұр. Енді қайтпек?

Дәуітке жасалған қысым бұл ғана емес, басқалардың барлығы да Елияп жағында. Олар да бойын билеген үрейді осы бір бесіктен белі шықпаған баланың әшкерелеуін қаламайды! Дәуіттің кері шегініп, үндемей қоя салғаны өзіне оңай болар еді. Өзіне шүйліккен Елияптың да, басқа батырсымақтардың да көздегені – сол еді.

Дәуіт Құдай жағында қалуға бел бұды. Сағын сындырмақ болған арам рухтың әсерін талқандамақ. Дәуіт Елияпқа қарап: «Бір-екі ауыз сөз айтқаннан басқа мен соншама не істеп қойдым!» деді (Патшалықтар туралы бірінші жазба 17:29). Дәуіттің айтпағы: “Мені неге айыптайсыңдар? Батылдықтарың қайда қалды? Мен қорқып тұрған жоқпын ғой. Сендер неше күннен бері жау алдында қалтырағаннан басқа түк бітірмеген соң, Құдай сол сүндеттелмеген філістіден тайсалмайтын біреуді тапқан болар. Менің осында келуімнің себебі де – сол”.

Дәуіт патша алдына барғанда, Ғолияттан жүрегі шайлығып қалған Саул да сол сарынға салды: «Сен бұл філістірге қарсы жекпе-жекке шыға алмайсың! Әлі жассың, ал ол — бала кезінен-ақ соғысқа машықтанған жауынгер! (Патшалықтар туралы бірінші жазба 17:33). Дәуіт, Елияп айтпақшы, сақалы шықпаған жас болса да, патшадан мұндай сөз есту – жігіттің намысына тиеді.



Алайда, Дәуіт патшаға байсалды жауап берді.

— *Тақсыр, алдыңыздағы қызметшіңіз әкесінің қойларын бағып келеді. Кейде арыстан не аю қойға шауып, малдың біреуін ала қашатын кездері болды. Сонда оны қуып жетіп, соғып, малды аранынан тартып алатынмын. Егер өзіме бас салса, оның сабалақ жүнінен шап беріп, ұстап алып, ұрып өлтіретінмін. Қызметшіңіз арыстан мен аюдың көзін құртып келді. Енді мына құдайсыз філістір де солардың кебінін киетін болады. Себебі ол мәңгі тірі Құдайдың әскер саптарын масқаралап тұр! Мені арыстан мен аюдың шеңгелінен құтқарып алған Жаратқан Ие мына філістірден де қорғайтын болады, — деді (Патшалықтар туралы бірінші жазба 17:34-37).*

Ағаларымен, жасақшылармен сөйлескенде, Дәуіт қайсар, тіпті, қыңыр мінез танытса, патшаның билігін мойындап, кішіпейіл сөйлесті. Екеуінің арасындағы әңгіме әке мен ер жетіп қалған ұлының ақылдасқаны сияқты. Дәуіт Саулға өзінің тәжірибесі жайлы байыппен айта келе, қолдаушысы Құдай екенін атап өтеді, патшаның тарапынан түсіністік табатынына сенеді.

Осынау шиеленіскен сәтте шешім қабылдау жауапкершілігі патшаның мойнында еді. Жаудан жеңілсе, Израил халқы філістілердің құлына айналады. Ғолиятпен жекпе-жекке шығуы Құдайдың еркі болса, патша оң батасын береді. Сондықтан Дәуіт сабыр сақтап, патшаның жауабын күтті. Бізде де осындай көзқарас болғаны жөн. Саул Дәуіттің Ғолиятпен күш сынасуына рұқсатын берді. «Онда бар, Жаратқан Ие саған жар болсын!» деді патша.

Дәуіт Саул ұсынған қару мен сауыттан бас тартты. Сөйтіп, өзін Қорғаны мен Панасы болып келген Құдайға тапсырды. Дәуіт таяғын қолына алып, жылғаның түбінен бес жұмыр кесек тас теріп, дорбасының сырт қалтасына салып алды. Содан ол қолына сақпанын ұстап, філістірге қарай беттеді. Ғолият та

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Дәуітке қарай жүрді. Бүкіл бір елдің тағдыры шешілгелі тұрған сәт. Осы тұста Дәуіт жүрексініп қалса, осалдық танытса, дарыны іске аспай қалар еді. Және ол ғана емес, өзі де қаза болар еді, халқының да мойнына бұғау түсер еді.

Філістір Дәуітке қарап, оның беті албыраған, сымбатты жас жігіт екенін көрді. Оны менсінбей:

— Маған таяқпен шығатындай ит пе едім, сонша?! — деп айқайлады. Өзінің табынатын тәңірлерінің аттарымен қарғап-сілеп:

*— Кәне, маған жақындап көрші! Етіңді жыртқыш құс пен аңға жемтік қылып берейін! — деп шақырды (Патшалықтар туралы бірінші жазба 17:42-44).*

Ғолият алып тұлғасымен де, зор даусымен де, айтқан сөздерімен де Дәуітті үрейлендірмек. Алдымен қарғыс жаудырып, сосын көз алдына өз өлімінің қорқынышты бейнесін келтірді. Дұшпанының алдында Дәуіт әлсіз көрінгенімен, күш-қайрат пен жеңістің нағыз бастауы – Жаратқан Иеге деген тарыдай да күмәні болған жоқ.

Дәуіт оған былай деп жауап қайырды:

*— Сен маған қарсы семсер, сүңгі, найзамен келесің. Ал мен саған Әлемнің Иесінің атымен, иә, өзің масқаралап отырған израилдік әскери саптарының Құдайының атымен келе жатырмын! Бүгін Жаратқан Ие сені қолыма түсіреді. Сені өлтіріп, басыңды шауып тастаймын, әрі філістір әскерінің өліктерін жыртқыш құс пен аңға жемтік қылып беремін. Сонда бүкіл әлем Израилде (шынайы) Құдайдың бар екенін білетін болады! Мұнда жиналғандардың бәрі де Жаратқан Иенің құтқару үшін семсер мен сүңгіні керек қылмайтынына көз жеткізетін болады! Себебі бұл соғысты Жаратқан Иенің Өзі жүргізіп, сендерді біздің қолымызға тапсырады!*

*(Патшалықтар туралы бірінші жазба 17:45-47).*

Дәуіт Құдайдың Өз уәдесіне берік екенін батыл мәлімдеді. Неше күннен бері Исарил азаматтары філістінің алпауыт күшін ғана көрді, Дәуіт болса, Құдайдың ұлы құдіретін жариялады! Және нық сенімі сөзінен ғана емес, ісінен де көрінді. Дәуіт дұшпанына қарай ұмтылды.

Дорбасынан бір тасты суырып алып, сақпанына салып, атып жіберді. Тас філістірдің маңдайына дәл тиіп, оны тесіп, кіріп кетті (Патшалықтар туралы бірінші жазба 17:49).

Дәуіттің батыл әрекеті Исраил жасағына үміт сыйлады. Жаратқан Ие Өз халқына жақтас екен, ал жаудың иек артқан батыры көз алдарында қаза тапты. Исраил жасағы філістілердің қолын тас-талқан қылды.

Осы оқиға барысында қорқыныш рухы Дәуітке үш мәрте шабуыл жасады. Біріншіден, ағалары Дәуітті қаралап, сағын сындыруға күш салды. Дәуіт қаймығып қалғанда, жүрегіндегі Құдайдың еркін орындауға деген жалынын сөндіріп алар еді. Теріс айналып, үйіне қайтып кетер еді. Құдай берген дарыны іске аспай қалар еді. Сонда Ғолияттың қоқан-лоққысы жалғаса берер еді де, Құдай оның аузын біржола жабатын басқа адамды табар еді.

Екіншіден, патшаның кемсіте айтқан ескертуі. Алайда Дәуіт патшаның алдында да тайсалмақ емес. Жас батыр патшаның алдында өзін кішіпейіл ұстағанмен, оны өз ойының дұрыстығына сендіре алды.

Үшіншіден, алып філістір Дәуіттің жүрегіне үрей ұялатпаққа барын салды. Оның алып тұлғасы ғана емес, сөзіндегі пәрмені де үрей туғызардай-ақ. Ол Дәуітті өзін болмашы ғана, әлсіз жәндіктей сезіндірмек. Осы жолы Дәуіт үрейге бой алдырса, Құдай берген дарыны іске аспай қалатын еді де, өзі сол жерде жау қолынан қаза табар еді.

Дәуіттің Құдайдың құдіретіне нық сенгені сонша, бәйгеге басын тігуге дайын еді. Осы батылдығы бойындағы дарынына

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

дем берді де, қырық күн бойы бүтін бір жасақты қорқытып-үркіткен алпауытты жайратып салды!

### Жаңа Келісімнің күші

Қорынттықтарға жазған хатында Пауыл елші рухани өлім әкелетін Таурат заңына сай қызмет пен Киелі Рухтың қызметін салыстырады (Қорынттықтарға арналған екінші хат 3:7-8). Көне Өсиеттің құдіреттілігі сондай, Мұса пайғамбардың бет әлпетіндегі нұрдың сәулесіне ираилдіктер қарап тұра алмады. Олай болса, «Киелі Рухтың қызметінің салтанаты содан бетер қаншама ұлы болуға тиіс!» дейді елші.

Сол жаңа құдіретті, жаңа «рухани қазынаны сақтайтын қарапайым қыш құмыралар іспеттіміз. Осылайша ондағы шексіз зор құдіреттің өзімізден емес, Құдайдан екені анық болып тұр» дейді Пауыл елші (Қорынттықтарға арналған екінші хат 4:7). Пауыл – Жаратқан Иені жақын танитын, өз бойындағы Құдайдың құдіретін білетін тағы бір адам. Елші сөзін былай деп жалғастырады:

*Себебі өткінші салтанат осыншама ұлы болғанда, мәңгілік салтанат одан бетер қаншама ұлы болмақ! Ендеше осындай үмітке ие болған біз зор батылдықпен қызмет етеміз (Қорынттықтарға арналған екінші хат 3:11-12).*

Күштен батылдық туындайды. Өзінің адами күш-қабілетіне үміт артпайтын сенушілерден зор батылдықты байқауға болады. Олар түрлі қиындықтардан, адамнан, шайтаннан тайсалмайды. Себебі, Құдай осылардың бірінен де қорықпайды.

Еврейлерге арналған хаттың 13-ші тарауы, 5-6 аяттарында бізге мынадай уәде берілген:

Құдай: «Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын», — деген ғой. Сондықтан да біз: «Ием маған жар, мен қорықпаймын ешбір жайттан, не істей алады адам баласы маған?» деп нық сеніммен айтамыз.

«Не істей алады адам баласы маған?» деп нық сеніммен біз де айтайық.

Дәл осындай сенім әрбір сенушіге қолжетімді. Сенуші атанып, сенбеуіміздің себебі неде? Сенушілер неге, кімге сенеді? Құдайға! Шын сенуші болсаңыз, сізді қорықтып-үркітуге адамның да, шайтанның да құқы жоқ. Неге дейсіз ғой? Өйткені, Исаның Өзі бізге жақ. Исаның есімі бәрінен үстем, құдіреті бәрінен асқан. «Естеріңде болсын: Мен сендерге жыландар мен шаяндарды таптап басып, жаудың барлық күшін жеңетін билік бердім. Енді сендерге еш нәрсе де зиянын тигізе алмайды» деп Иеміздің Өзі айтқан (Лұқа жазған ізгі хабар 10:19).

Тайға таңба басқандай етіп, анық айтқан. Құдай Өз халқына қай жауын да жеңе алар күш-құдірет берді. Жау қорқытып, сағымызды сындырмақ. Дұшпан “Менің билігім мен күшім сенікінен басым. Маған қарсыласқанды қойып, мойынсұнғаның жөн! Айтқаныма көнбесең, сазайыңды тартасың” деп қоқан-лоққы салғанда, әрбір сөзі – өтірік.

Жаудың өтірігін тыңдай берсек, Құдай берген дарынымыз іске аспай қалады, салымыз суға кетіп, өміріміз сүлесоқ күйде өтеді. Уәдесіне әрдайым берік Құдайымызды жақын танитын болсақ, Дәуіт тәрізді, біз де Иеміздің құдіретіне бөленіп жүреміз. Сағымызды сындырмақ болған алыптардың бірінен де тайсалмаймыз.

## **Сеніміңіздің күрделі болғаны сондай, сене алмай жүрсіз бе?**

Бұл ақиқатты түсіну қиын емес. Ізгі Хабар ақиқаты өте қарапайым, анық, түсінікті. Адамдар сенімі аздығынан бәрін шатастырып алған.

«Сеніміңіздің негізі не, Құдайдың сөзі ме, әлде өзіңіздің көрген-білгеніңіз бе?» деген сұраққа жалтармай жауап беріп көріңізші. Егер бүгінгі жайттарды үнемі кешегі тәжірибеңізбен салыстырып отыратын болсаңыз, кешегі деңгейіңізде қала бересіз.

Сеніміңіз басқалардың өмірінде болып жатқан жағдайларға

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

негізделе ме, әлде? Өз сеніміңізді айналаңыздағы адамдардың адалдығына қарап өлшейсіз бе?

Осы сұрақтардың жауабы «иә» болса, тереңірек қаза түсіңіз. Бәлкім, сіз бұрынғы сәтсіздіктердің себебін табуға тырысып, өзіңіз бәрін қиындатып жүрген боларсыз? Күрделі сенім алыптарды жеңе алмайды. Ол бізді «кереметтер әлеміне» алып кетеді, нәтижесінде өзіміз өзгерте алмайтын нәрселерді ойлап, қандай да бір әрекет жасарда, қобалжып бітеміз.

Біз, сенуші бола тұра, жай ғана сене алмаймыз. Неге бұлай? Жаралы жүрегіміздің Ізгі Хабарды күрделендіріп, қиындатып жіберуіне неге жол береміз?

Сізге есімнен кетпес бір оқиғаны баяндап бермекпін. 1980 жыл. Студент кезім, Солтүстік Каролина штатында тұрамын. Таңертең өз даусымнан өзім оянып кеттім. «Сенетін біреуді іздеп жүрмін!» деп айқайлап жатыр екенмін.

Қара терге малынып жатырмын. Маған Құдайдың Өзі сөзін арнағанын анық білемін.

Сонда «Айдан анық нәрсе ғой. Құдай маған неге әлдебір терең ақиқатты ашып бермейді екен? Жаратқанға Өзіне сенетін адамдар керек екені былай да түсінікті ғой!» деп ойлаған едім.

Бірақ Құдайдан келген сол бір сөздер санамда тұрып алды. «Сенетін адамды іздеп жүрмін», «Сенетін адамды іздеп жүрмін» деген сыбырды естіп тұрғандай болдым. Осы сөздерді қайта-қайта естіп, ақыры ұқтым, бұл мен ойлағандай қарабайыр шындық емес, Құдайға ұнамды өмір сүрудің кілті екен.

Інжілді қайта оқи бастадым. Байқағаным, адамдардың сенбеушілігі Исаның көңілін қалдырады екен. Шәкірттері баланың бойындағы жынды қуып шығара алмағанда Иса оларды сөгіп тастады.

*— Ей, сенбейтін, шындық жолынан тайған ұрпақ-ай! Қанша уақыт қастарыңда болмақпын, қанша уақыт сендерге төзбекпін?! Кәне, баланы Маған әкеліңдер! — деді (Матай жазған ізгі хабар 17:17).*

Мынадай зілді сөзді Өз шәкірттеріне қалай ғана айтты екен! Иса қазіргі жетекшілер тәрізді бос белбеу емес еді! Нық сенім болмаса, Құдайдан келген дарын іске аса алмайтынын анық көрсетті. Сенбеушілік қашанда Исаның көңілін қалдырады.

Сонымен қатар, Исаның көңілінен кімдер шығатынын да байқадым. Күмәнсіз сенетіндер! Пұтқа табынушы Римдік жүзбасы Исаның назарын өзіне аударды. Ол: «Мырза, мен Сіздің шаңырағымның астына келуіңізге лайық емеспін. Тек бір сөз айтсаңыз болды, қызметшім сауығып кетеді» деді. Мұны естіген Иса қайран қалып, соңынан еріп келе жатқан халыққа қарап «Шын айтамын, Маған осындай сенім артқан кісі Исраил халқынан ешқашан кездескен емес!» деді (Матай жазған ізгі хабар 8:10).

Исаның шаңырағымызға қонақ болып келгенін бәріміз де қалаймыз. Бірақ солай бола қалған жағдайда, келіп тұрған – Исаның Өзі екеніне сенбес едік. Сенімді қиындатып жіберген өзіміз. Сонымен сенім дегеніміз не? Құдайдың Өз сөзін орындайтынына сену.

Бізге жаудың бүкіл әскерінен үстем күш пен билік бергенін Иса айтқан болатын. Енді тек Иемізге сеніп, сол құдірет пен билікті қолдануымыз керек. Қорқынышқа, күмәнға жол берудің, бұрынғы қателіктерімізді қазбалай берудің қажеті жоқ. Әйтпесе, батылдықтан айырыламыз да, Құдай берген қабілеттеріміз іске аспай қалады. Құдайдан келген дарындарымыз толық ашылмай, бұйыққан күйінде қалады!

Қайығымыздан шығып, өмірдің толқынды суларына аяқ басқаннан бұрын, жүрегіміздің түкпіріндегі ниеттерімізді саралап көргеніміз жөн. Сонда суға кетпейміз! Келесі тарауда тұңғыыққа батыратын ниеттер мен жеңіске жеткізетін ниеттердің қандай екенін қарастырамыз.





## ҚОРҚЫНЫШТЫҢ ТАМЫРЫ

**Қ**ұдай біздің ойымыздағыдай әрекет еткенде, сену қиынға соқпайды.

Жасқаншақ болмау дегеніміз – міндетті түрде еті тірі, көңілді де көпшіл экстраверт болу емес. Өзім білетін біртуар тұлғалардың кейбірі жасқаншақтығымен күресуде. Олардың жұрт алдында жарқ етіп көрінгені – ішіндегі қорқынышы мен ұяңдығын жасырудың жолы немесе соларды жеңудің амалы. Бұйығы мінез жасқаншақтықтың жалғыз нышаны емес. Кейбір адамдар өздерін неғұрлым қолайсыз сезінсе, соғұрлым көп сөйлейді.

Қысылу мен ұялу адамның қаншалықты майланған қызметкер екеніне еш қатысы жоқ. Майталман қызметкерде де ұяң мінез болуы мүмкін. Ондай адамдар менің таныстарымның арасында да бар. Олар Құдайдың майлауында қызмет еткенде, ержүрек батырларға айналады, бойындағы әлсіздік

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

атаулы жоқ болып кетеді. Ал жайшылықта қорқынышы мен жасқаншақтығымен арпалысып жүрген қатардағы қарапайым адам. Көзбе-көз әңгімелессеңіз, ұяң мінезі бақырайып көзге көрініп тұрады. Осының бәрін қайдан білем дейсіз ғой? Өзім сондай болғанмын.

Ерекше майланған, батыл, мықты адамдар да қорқынышпен арпалысады. Қысым күшейгенде шынайы болмысыңыз сыртқа шығып, көріне бастайды. Жасқаншақтық – мінез ақауы емес, оның білектің күшіне де, майлануға да қатысы жоқ. Олай болса, жасқаншақтыққа не себепті бой алдырамыз?

Бұл сұраққа жауап табуымыз үшін, Шимон Петірдің өміріне шолу жасайық. Петір өз пікірін еркін айта алатын, қасқайған қайсар мінезді, ержүрек адам еді. Ол ешнәрседен де, ешкімнен де тайсалайын деп тұрған жоқ еді, дегенмен, оның да үрейге бой алдырған сәті болды. Ұстазымен бірге өлім жазасына кесілуден қорыққан Петір Исадан үш рет бас тартты. Сонымен, қорқыныш пен жасқаншақтық мықты тұлғаларға жоламайды дей алмаймыз. Олай болмаса, Петір сын сағатта Ұстазына адал болып қалар еді.

Петір ісінен сөзі көп адам болған деген пікір бар. Петірді сөзге жүйрік, іске шабан дейді. Ондай адамдарға айтарым, мұздай қаруланған бір топ адамға бір өзіңіз қарсы шыға алар ма едіңіз? Ал енді Петірдің сондай жағдайда не істегенін қараңыз:

Яһуда римдік әскердің бір тобын және басты діни қызметкерлер мен парызшылдар жіберген бірнеше сақшыларды ертіп сонда келді. Олардың қолдарында шамдары, шырақтары және қарулары болды. Шимон Петір беліне семсер байлап алған болатын. Ол соны суырып алып, бас діни қызметкердің малайына қарай сілтеп қалып, оның оң құлағын шауып түсірді (Жохан жазған Ізгі Хабар 18:3, 10).

Бұл қорқақ адамның ісі емес. Қарулы жасақшыларға тап берген адам кейін қызметші әйелден неге қорықты? «Петір сыртта, сарайдың ішкі ауласында отырған еді. Бір қызметші қыз оған жақындап келіп:

— Сен де ғалиялық Исамен бірге жүретін едің ғой! — деді.

Алайда Петір бәрінің алдында:

— Не деп тұрғаныңды білмеймін! — деп мойындамады (Матай жазған ізгі хабар 26:69-70).

Петірдің бұлай өзгеруінің себебі неде?

## Жасанды батылдық

Бұл сұрақтың жауабын табу үшін бірер сағат бұрын болған жайттарға қайта оралайық.

«Жолшыбай Иса шәкірттеріне тіл қатып былай деді:

— Бүгін түнде бәрің де (басыма түсетін жайттарға бола) Менен безіп кетесіңдер» (Матай жазған ізгі хабар 26:31).

«Ал Петір жауап қайырып:

— Бәрі Сізден безіп кетсе де, мен ешқашан безіп кетпеймін! — деді» (Матай жазған ізгі хабар 26:33). Не деген батылдық! “Бәрің” дегенде, Иса қателессе керек.

Алайда, Иса Петірдің жүрегін көріп тұр еді.

«Иса оған:

— Саған шындығын айтайын: осы түні-ақ әтеш шақырғанша, сен Менен үш рет танасың! — деді (Матай жазған ізгі хабар 26:34).

Петірдің өзіне-өзі деген сеніміне тиген соққы болды бұл сөз! Безіп қана кетпей, Менен танасың дейді.

Петірдей бірбеткей адам болмаса, осы тұста тоқтайтын еді. Ұстаздың қателесуі мүмкін бе? Дегенмен, Петір қайтпады:

«Маған Сізбен бірге тіпті өлуге тура келсе де, Сізден еш танбаймын!» деді ол. Петірге еріп, «барлық басқа шәкірттері де осыны айтты» (Матай жазған ізгі хабар 26:35).

## **Шынайы ниет сырт көріністен өзге болуы мүмкін**

Бір қарағанда, шәкірттердің ниеті таза, өздері ержүрек адам көрінеді. Алайда, оқиғаны зейін қойып жан-жақты зерттесек, олардың түпкі ниеті – Құдайға деген пәк махаббат емес, басқа нәрселер екенін байқаймыз.

Әлгі ескертуден бұрын Иса оларға: «Мені өз қолымен ұстап беретін опасыз адам Менімен бірге дастарқан басында отыр!» деген болатын (Лұқа жазған ізгі хабар 22:21). Араларындағы біреуі Исаға опасыздық жасайды деген ойдың өзі не деген жиренішті! Үш жарым жыл бойы дастарқандас, ниеттес болған адамдардың арасынан сатқын шығуы мүмкін бе? Және кімді, өздеріне қамқор болып келген ізгі Ұстазды сату ол адамның қолынан қалай келмек?

Араларында сатқын барын Иса әуел бастан-ақ білгенімен, шәкірттер мұны бірінше рет естіп отырған болатын. Исаның сөзінен кейін үй ішінде күдікшіл, беймаза көңіл-күй орнады.

“Шәкірттері:

— Мұны істейтін қайсымыз? — деп бір-бірінен сұрай бастады» (Лұқа жазған ізгі хабар 22:23). Осынау опасыздық араларындағы біреуінің қолынан келеді дегенге сене алмай отыр. Сонымен, Олардың біріне-бірі сұрақ қойып, тергеу жүргізіп, араларындағы сатқынды іздеудегі ниеттері қандай? Исаға бір қатысы бар екені анық. Қаншалықты қатысы бар? Шынайы ниеттері өзара әңгімелерінен білінеді. Келесі аят былай дейді:

“Сол кезде шәкірттерінің арасында қайсымыздың жолымыз үлкен болуға лайық деген айтыс туған еді» (Лұқа жазған ізгі хабар 22:24).

Осы аяттан көріп тұрғанымыздай, шәкірттердің шынайы

ниеті – өзімшілдік пен тәкаппарлық. Иса таяуда жендеттердің қолына түсетінін, азапты өлімге кесілетінін айтып отырса, шәкірттері мансаптың қамын ойлап әлек. Не деген өзімшілдік!

Ал сол пікірталасты бастаған кім екенін болжап көрейік. Бірбеткей, қайсар, үстем мінезін ескерсек, Петір болса керек.

Бәлкім, ол өзінің су үстімен жүргенін алға тартқан шығар (Матай жазған ізгі хабар 14:28-31). Исаның Мәсіх, мәңгі тірі Құдайдың рухани Ұлы екенін басқалардың бұрын біліп қалғанын да еске түсірген болар (Матай жазған ізгі хабар 16:15-16). Исамен бірге биік таудың басына барып, Мұса пайғамбар мен Илияс пайғамбарды көргенін де қосып қойды ма екен (Матай жазған ізгі хабар 17:1-8).

Петір өзін он екі шәкірттің ішіндегі ең таңдаулысымын деп санаса керек. Ал осы пікірі сүйіспеншілікке негізделді ме? Кейін болған оқиғалардан ұғатынымыз, Петірдің өзіне-өзі деген сенімі тәкаппарлық пен өзімшілдіктен бастау алған еді. Осыны есте ұстай отырып, әрі қарай оқи беріңіз.

## **Май шығаратын баспақ**

Осылай Иса олармен бірге бақшасы бар Гетсимани деген жерге жетті. Сонда Ол шәкірттеріне: «Мен ана жерге барып, сиынып мінажат еткенше, осында отыра тұрыңдар», — деп тапсырды (Матай жазған ізгі хабар 26:36).

«Гетсимани» сөзі «май шығаратын баспақ (пресс)» деп аударылады. Баспаққа зәйтүн жемістерін салады да, жаншып, май алады. Зәйтүннен май шығу үшін өте ауыр салмақ, зор қысым керек.

Гетсимани – сондай қысым жасалатын жер. Жалғыз-ақ айырмашылығы, баспаққа түсіп, қысымға ұшырайтын зәйтүн жемістері емес, біздің жүрегіміз. Сын сағатта, қатты қысым түскенде, жүрегіміздегінің бәрі сыртқа шығады. Жүрек түкпірінде, сырт көзден жасырын жатқан ниеттеріміз ашкереленіп, сыналады.

Гетсимани бағына Иса Петір, Жақып, Жохандармен бірге келді. «Ол Петірді және Зебедейдің екі ұлын Өзімен бірге ала кетіп, қайғырып қинала бастады» дейді Киелі Жазба (Матай жазған ізгі хабар 26:37). Исаның жаны қиналып, қайғыруының себебі – жүрегіне түскен қысым. Исаның ең зор рухани шайқасы осы болатын. Иеміз Көктегі Әкенің еркін орындаудың оңайырақ жолын таңдауға, Өзін азаптан құтқарып қалуға деген азғырылумен күресті.

Күнә жасау басқа адамдардай, Исаның да қолынан келген. Алайда, осыған сенбейтіндер бар. Осы орайда Киелі Жазбадағы мына сөзді есіңізге салғым келеді: «Ол ... өзіміз сияқты әр түрлі сынақтан өтіп көрді, бірақ ешқашан күнә жасаған жоқ» (Еврейлерге хат 4:15). Сынақтан өту дегеніміз – әлденемен күресу деген сөз. Исада күнәға қарсы туа біткен иммунитет болған жоқ, дегенмен, күнәні қашан да жеңіп отырды. Неге дейсіз ғой? Өйткені, Ол Өз еркіне сай өмір сүрген емес. Иса күнә жасай алмайтын болса, Оны азғыру да мүмкін болмас еді. Осы айтқанымыз Исаның әлсіз, осал етіп көрсетпейді, қайта, даңқын асыра түседі. Өйткені, Иеміз күнәдан жеңілген жоқ!

Гетсимани бағында Иса былай деп мінажат етті: «О, Әкем, мүмкін болса, (қаңарыңа толы) осы «тостағанды» Маған жолат көрме. Алайда Менің емес, Сенің еркіңе сай болсын!» (Матай жазған ізгі хабар 26:39).

Исаның еркінің Көктегі Әкенің еркіне қарсы келуін алғаш рет көріп тұрмыз. Гетсимани бағындағы осы бір сәтке дейін Құдай Әке мен рухани Ұлының бір болғаны сонша, біз Исаның өмірінде орындалған тек Әкенің ғана еркін көрдік. Енді Исаның жанына ғаламат ауыртпалық түсті. Исаны азғыра алатын жалғыз нәрсе бар еді, ол – Әкесінің еркін басқаша, Өзіне қауіп төндірмейтін жолмен орындасам деген ой. Жаны баспаққа түскенде, осы ниетімен жанталаса арпалысты. Бұрынырақ Иса парызшылдарға “Жанымды ешкім Менен тартып алмайды, оны өз еркіммен қиямын. Қиятын да, қайтып алатын да билігім бар. Бұл — Маған Әкем тапсырған міндет» деп айтқан еді (Жохан жазған ізгі хабар 10:17-18). Құдай Әке Исаны мәжбүрлеген жоқ. Иса Өзімен-Өзі күрескен еді.

Алда осынау арпалыстың барын Иса білген-ді. Шәкірттеріне бұл жайлы бірнеше рет айтты да. Иерусалимге бармай тұрғанда-ақ Өзінің азапты өлімге барып, қайта тірілетінін, мұның барлығы Құдай Әкенің еркімен жүзеге асатынын оларға алдын-ала айтқан.

Бірнеше күн бұрын шәкірттеріне сырын ашты: “...көңілім қатты толқу үстінде. Мен не айтайын: «Әке, Мені осы күннен құтқара гөр» дейін бе? Қайта, бұл күнге осыны бастан кешіру үшін жеттім ғой. Әке, өз атыңды ұлылыққа жеткізе гөр!» деді (Жохан жазған ізгі хабар 12:27-28).

Көктегі Әкенің аты мадақталу үшін Иса Өз өмірін қиюға дайын еді. Шәкірттеріне де осыны үйретті: “Кім өз өмірін бәрінен артық көрсе, сол шынайы өмірден құр қалады. Ал осы күнәкар дүниеде өмірін Құдай үшін қиған әркім оны мәңгілік өмір үшін сақтайды» (Жохан жазған ізгі хабар 12:25).

Осы аят екі сұраққа бірден жауап береді. Не себепті Петір уәдесінде тұра алмады? Иса неге Әкенің еркін орындай алды? Иса Көктегі Әкесін өмірінен артық көрді, сондықтан жанын қия алды. Ал Петір Исаны өмірімнен бетер жақсы көремін деп ойлағанымен, баспаққа түскенде, шынайы ниеті ашылып қалды.

Гетсимани бағында Исаның Құдай Әкенің еркін біліп қана қоюы аз еді, енді ол Өзі Құдайдың еркіне айналуы керек. Мұның қиын болғаны сондай, Иса басқа жол жоқ па екен деп Әкесінен сұрады. Өз өмірін сақтап қалуға деген қалауымен жан ұшыра арпалысқаны сондай, маңдай тері қан болып ақты. “Рухани күресіп қатты қиналған Иса одан бетер сиынып мінажат етті. Оның тері қан тамшыларына ұқсап жерге тамып жатты» (Лұқа жазған ізгі хабар 22:44).

Азғыруға қарсы тұрып, оны жеңіп шығуының құпиясы – сүйіспеншілікте. Исаның Өзі “...осы дүние Менің көктегі Әкемді сүйетінімді білсін деп Әкемнің тапсырмасын орындаймын» деген болатын (Жохан жазған ізгі хабар 14:31). Бұрын-соңды ешбір адам жеңе алмаған нәрсені: адамның өзіне деген сүйіспеншілігін Исаның Әкеге деген сүйіспеншілігі жеңді! Көктегі

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Әкеге деген сүйіспеншілік – жай ғана сөз емес, мойынсұну да, құрбандық та.

Ал енді рухани қысымның Петірге және басқа шәкірттерге қалай әсер еткенін көрейік.

### **Рух дайын болғанмен, тән осал**

Бір сағат бойы Иса Өзінің ерік-қалауымен арпалысты. Мінәжат етіп болған соң, шәкірттерінің қасына қайтып келсе, «олар қайғыдан шаршап, ұйықтап қалыпты» (Лұқа жазған ізгі хабар 22:45). Шәкірттер қайсысының жолы үлкен екенін айтып таласуға шамалары жоқ, қайғы басып, еңселері түсіп кеткен. Қысым жалғыз Исаға ғана түспепті. Баспаққа шәкірттер де түскен!

Өз басымды аман алып қалсам деген адами ниет бұларда да бар. Бірақ бұл азғыруды жеңуге қауқары жоқ, өйткені, есіл дерті – Әкенің еркін орындау емес, өздерінің қамы. Исадан айырмашылығы, бұлардың өз қамын ойлауды қойып, назарын Әкеге аудармақ ойы да жоқ. Жаны тәтті адам жеңісті емес, өз амандығын көздейді.

Иса өмірін қиюға дайын болуы үшін мінәжат етіп жатқанда, шәкірттер шайқастан бұлтарып кетті. “Иса қайтып келгенде шәкірттерінің ұйықтап жатқанын көрді. Петірге: «Сонда ең болмағанда бір сағат Менімен бірге ұйықтамай отыра алмағаның ба? Азғырылмау үшін сергек болып, сиынып мінажат етіңдер! Рух дайын болғанмен, тән осал», — деді» (Матай жазған ізгі хабар 26:40-41).

Батыл уәде беруші Петір, мінәжат етудің орнына, ұйықтап жатыр. Ол әлі өз күшінен тыс құдіретке сенім артуды үйренген жоқ, сондықтан, қолынан келген әдіспен қорғанды, яғни, ұйқыға кетті.

Жүрегіміз, рухымыз әрқашан сергек, ал күнәкар болмысымыз өзін қорғаштауды ғана біледі. Күнәкар болмысымыз Исамен бірге айқыш ағашқа керілмесе, бізді дегеніне көндіреді. Петір Исаға шынымен де адал болмақ еді. Алайда, күнәкар болмысы басым түсті. Құдайдың еркін орындаудан бас амандығын



артық көрді. Жүрегінің осындай күйде екенін өзі де білген жоқ. Петір Исаға уәде бергенде, жалған сөйлеген жоқ, шынымен де Иса үшін өлмекке бел буған еді. Алайда, баспаққа түскенде, жүрегіндегі “майы” шықты, онысы өзімшілдік пен тәкаппарлық болып шықты.

## **Екі түрлі салдар**

Иса қайтып келгенде, шәкірттерінің тағы да ұйықтап жатыр екен. Себебі көздерін ұйқы басқан еді (Матай жазған ізгі хабар 26:43). Исаның ескертуінен кейін де ұйқыларынан ояна алмапты. «Иса оларды қалдырып, тағы да барып, үшінші рет дәл сол сөздерін айтып сиынды. Содан кейін шәкірттеріне қайта оралып, былай деді: «Әлі де ұйықтап, тынығып жатырсыңдар ма? Енді уақыт болды: Құдай тағайындаған Билеуші күнәкарлардың қолына ұстап беріледі» (Матай жазған ізгі хабар 26:44-45).

Иса үш сағат бойы, рухани шайқаста жеңіп шыққанға дейін мінәжат етті. Өз еркін Құдай Әкенің еркіне толық бағындырды. Яһуди жетекшілері мен ридік жасақшылар арқылы әрекет ететін, Өзін үрейлендірмек болған арам рухпен бетпе-бет келуге дайын. Исаның сұмдық құдалаудың ортасында өз бағытынан танбайтын беріктігі мен ғаламат табандылығы Римдік билеушіні қайран қалдырды. Басты діни қызметкерлер мен рубасылар Өзін айыптағанда, Иса еш жауап бермеді. Сонда Пилат Оған:

*— Бұлардың Өзіңе қарсы қаншама куәлік келтіріп жатқанын естімей тұрсың ба? — деп сұрады.*

*Алайда Иса олардың бірде-бір сөзіне жауап қайтармады. Оның бұлай істегеніне әмірші қатты қайран қалды (Матай жазған ізгі хабар 27:12-14).*

Жалынды сөз де, зор дауыс та – батылдықтың белгісі емес. Тағылған айыпқа жауап қайтармай, үнсіз қалу да – ержүректіліктің, не болмаса, жалтақ мінездің белгісі емес. Кейде Иса бетіне айтылған айыпқа жауап қайырған жоқ. Өз

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

билігі Өз қолында екеніне нық сенімді. Өзінен үстем құдірет жоқ екенін біледі. Ал жалаға шамданып қалса, сондай күштің бар болғаны. Парызшылдар Исаны айып тағу, қаралау, діни билігін пайдаланып, қоқан-лоққы салу арқылы өз дегеніне көндірмек болды. Олардың ақиқатқа еш қатысы жоқ, сондықтан, арам пиғылды әрекеттеріне жауап берудің өзі де орынсыз еді. Олар Исаның өмірін тартып ала алмайды, өйткені, Иса Өмірін Құдай Әкеге тапсырған!

Иса айыптаушыларымен бетпе-бет келгенде, Петір сыртта, сарайдың ішкі ауласында отырған еді. Басшылардың есігінде жүрген көптеген қызметшілерінің бірінен қаймығып, Исаны танымаймын деп ант-су ішті (Матай жазған ізгі хабар 26:69-75). Өлсем де, бас тартпаймын деп Исаға уәде берген Петір енді қорқынышқа бой алдырып, уәдесінен танды. Оның себебі: өмірін тым жақсы көреді. Жаны тәтті.

Петірдің сөзі Исаға деген асқан сүйіспеншілікке толы болғанымен, әс-әрекеті басқаны айтады. Өзіне деген сүйіспеншілігінен үрей мен жасқаншақтық туындайды. Онысын бұрынғы батыл істері мен батыл мәлімдемелерінің артына жасырады. Алайда ауыртпалық түскенде, қорқыныш рухы ашылып қалды.

Қорқыныштың түп-тамыры – адамның өзіне деген сүйіспеншілігі, жанының тәттілігі. Құдайдың сүйіспеншілігі қорқыныштан арылтады әрі батылдық береді. Сүйіспеншіліктен туған батылдық қорқыныш рухын жеңеді. Пендеге тән жан тәттілігі қорқынышқа есік ашады.

Мәсіхтің осы дүниеде қалай өмір сүргеніндей өмір сүрсек, онда Құдайдың сүйіспеншілігі бойымызда әбден толысып, мақсатына жетеді. Осылай қиямет сотында нық сенімді боламыз. Сүйіспеншілікте қорқыныш жоқ. Шынайы сүйіспеншілік қорқынышты жолатпайды, себебі қорқыныш жазаға байланысты. Қорқатын кісінде сүйіспеншілік мақсатына жеткен емес (Жоханның бірінші хаты 4:17-18).

Қара басымыздың қамын ойлаған сайын, қорқыныш бой

көтере береді. “Мен ше? Мен не боламын?” деген жанайқай да осыдан туады.

“Адамның достарына көрсететін ең зор сүйіспеншілігі — олар үшін өмірін құрбан етуі» деген еді Иса (Жохан жазған ізгі хабар 15:13). Исаға деген сүйіспеншілігіне бола жанын қиған адам қара басының қамын ойламайды. Өйткені, бірден бір қамқоршысы – Иеміздің Өзі. Өлі адам өлімнен қорықпайды. Біз де Исамен бірге өліп, Оның саясына кірдік. Ендігі өміріміз Құдайдың қолында. Өміріміз – өзіміздікі емес, олай болса, қам жеудің де қажеті жоқ. Құдай құнымызды төлеп, өмірімізді сатып алған, қандай жағдай болса да, Жаратқан Иеміздің қолындамыз. Біз тек Иемізге мойынсұнып, сүйіспеншілікте өмір сүруге тиіспіз.

Жанымызды қорқыныш қинай алмайды, өйткені, өлі адамды қинау мүмкін емес. Табытта жатқан адамның самайына тапаншаңызды тіреп тұрып, дөңайбат көрсетсеңіз де, селт етпейді.

## **Басқалар ше?**

Қалған шәкірттер ше? “Өлсем де, Сенен танбаймын” деген Петірдің сөзіне олар да қосылған еді ғой. Баспаққа түскенде, олар не істеді? Олар Петірден де бұрын қашып кеткен болатын. «...шәкірттерінің бәрі Оны тастап, қаша жөнелді» дейді Киелі Кітап (Матай жазған ізгі хабар 26:56).

Шәкірттер қара басының қамымен әлек және мінәжат еткеннен, ұйықтағанды жөн көрген еді. Исаның сөзін естісе де, ұға алмаған тәрізді. Жалғыз ойы: “жағдайым не болады?” Қысым түскенде, өздеріне деген сүйіспеншілігінің қаншалықты зор екені ашылып қалды. Петірдің ниетіндей, басқа шәкірттердің де ниеті – өзімшіл.

## **Батылдық неден бастау алады**

Сіз, бәлкім, бір топ жасақшаға жалғыз семсермен қарсы тұруға Петірдің батылы қалай жетті деп таң қалатын шығарсыз.

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Меніңше, Петірдің батылдығы басқа адамдардың өзін қолпаштауынан туындайды. Айналасына жағымды әсер қалдырса, масайрап, марқайып қалатын. Қайсымыздың жолымыз үлкен деген талас шәкірттердің арасында бір емес, бірнеше рет болғанын ұмытпайық. Яғни, араларында бақталастық жоқ емес. Осы жолы Петір Ұстазына деген жанкешті адалдығын дәлелдеуге дайын.

Алайда, бас діни қызметкердің үйінің ауласындағы оттың жанында отырғанда, қасында достары жоқ. Шынайы қауқарсыздығы сонда ашылып қалды.

Петірдің батылдығынын бұрын да осалдық байқалып еді. Петір судың бетімен жүргенде солай болды. Басқа шәкірттер көздері шарасынан шығып, қарап тұрғанда, Петір: “Мырза, егер бұл Өзіңіз болсаңыз, онда маған су бетімен қасыңызға баруға бұйырыңызшы» деді (Матай жазған ізгі хабар 14:28). Исаның рұқсатымен қайықтан аттап шықты да, судың бетімен бірнеше қадам жасады. Бәлкім, қарап тұрған серіктерінің тәнті болып, сұқтана қарап тұрғаны дем берген болар. Алайда, қатты соққан желді байқап, қорқып кеткен ол суға бата бастады да «Мырза, мені құтқара көріңіз!» деп айқай салды. Судың бетімен жүргенде, барлық бәсекелесінен ат басы озып кеткеніне масаттанды. Бірақ, қысым түсуі мұң екен, суға кете бастады да, Исадан көмек сұрады.

Бұл жолы да Иса көмекке келіп, қиындықтан алып шығады деп ойлауы да ықтимал. Ол ойы дұрыста. Алайда Петір де, басқа шәкірттері де Иса тұтқындалады деп күткен жоқ. Иса оларға алда Өзін не күтіп тұрғанын бірнеше мәрте айтса да, олар әлі де Иса Исраил елінің патшалығын дәп қазір қайта орнатады деп сенді (Елшілердің істері 1:1-6, Матай жазған Ізгі хабар 16:21).

Құдай біз күткендей әрекет еткен кезде, сену оңай. Ал Жаратқан Иеміз тосын жайттарға жол бергенде, қобалжып, күмәнданып қаламыз. Өмірімізде не қызметімізде біз күтпеген жағдайлар орын алуы мүмкін. Қапелімде абдырап қаламыз. Қудалауға, сынаққа, басқа түскен тауқыметке көбіне

дайын болмай шығамыз. Күделікті өміріміз өзімізге жайлы. Алайда, көздеген мақсатымызға, өзіміз қалаған уақытта, өзіміз ойлаған жолмен жете алмай қалғанымызда, жүрегіміз сыналады. Өміріміз өз жоспарымызға сай өтіп жатса, Құдай сұрағанымызды беріп жүрсе, бәріміз де сенімі мықты адамдай көрінеміз. Ал олай болмаған күнде, шынайы ниетіміз ашылып қалады. Иса былай деген еді:

*«Сол секілді, тастақ жерге себілгендері мынаны көрсетеді: кейбіреулер Ізгі хабарды естіген бойда оны қуанышпен қабылдайды, бірақ тамыр жаймағандықтан берік болмайды. Кейін Ізгі хабарға бола бастарына азап не қуғын түскенде, олар дереу сенімдерінен безіп кетеді» (Марқа жазған ізгі хабар 4:16-17).*

Осы аяттан көргеніміздей, тамыры жоқ адамдар сынаққа төзе алмайды. Төзімді, тұрақты, табанды болуымыз үшін, мықты тамыр қажет. Ал тамырымызды қалай нығайтамыз? Және тамырымызды қайда жаюымыз керек? Ефестіктерге арналған хаттың 3-ші тарауы, 17-18 аяттары былай дейді: «Мәсіх сенімдерің арқылы жүректеріңе орныға көрсін, әрі рухани өмірлерің Оның сүйіспеншілігіне тамыр жайып, негізделсін». Шынайы сүйіспеншілік өз мүддесін ойламайды. Тамыры жоқ адамдардың сүйіспеншілігі алғашқы қиындыққа дейін ғана. Олар Исамен бірге айқыш ағашқа шегеленген жоқ. Исаға берер жақсылығына бола келді, Исаның Кім екеніне бола келген жоқ!

Шын сүйетіндер тек Сүйіктісін және Оған ұнамдыны іздейді. Сүйіспеншілік алсам деп армандамайды. Сүйіспеншілік барын береді. Өмір сіз күткеннен өзге болып кетсе де, осы ниетіңіз сол қалпында қалады. Сүйіспеншілік түңілмейді, сондықтан, қорықпайды да.

Қорқыныштың күшін талқандайтын батылдық Құдайға деген сүйіспеншіліктен бастау алуы шарт. «Өйткені Құдай бізге қорқыныш емес, күш, сүйіспеншілік және ұстамдылықты

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

дарытатын Киелі Рухын сыйлады» (Тимотеге арналған екінші хат 1:7). Қорқыныш рухынан арылу үшін батылдық керек, бірақ батылдықтың бір өзі жеткіліксіз. Жоғарыда айтқанымдай, талай майланған қызметкердің сын сағатта қорқынышқа бой алдырғанын көрдім.

Ұстамдылық та жеткіліксіз. Киелі Рух Петірге Исаның көптен күткен Мәсіх екенін ашып берді. Бұл ақиқат Петірге жүрегі сүйіспеншілікке толған сәтте ашылды. Сенушіге өмірін Иса үшін қиюға деген қабілетті Құдайдан келген сүйіспеншілік қана береді.

## НИЕТ БОЛҒАНЫ ЖЕТКІЛІКСІЗ

**Қ**орқынышты жеңудің жалғыз жолы – өміріңді қию. Жақсы ниет жеткіліксіз. Петір өлім аузында тұрсам да, Исаға адал бола аламын деген еді. Алайда, жалғыз ниет жеткіліксіз болып шықты. Жүректегі қорқыныш Ұстазына деген сүйіспеншіліктен басым түсті. Қайта тірілгеннен кейін Иса осы мәселені шешуге кірісті.

Жохан жазған ізгі хабардың 21-ші тарауын оқиық. Қайта тірілген Иса шәкірттеріне балық пісіріп береді. «Олар тамақтанып алғаннан кейін, Иса Петірден «Мені сүйесің бе?» деп үш қайтара сұрады. Алғашқы екі ретінде Иса сүйіспеншілікке негізделген әрекетті білдіретін, «агапе» деген сөзді қолданды, Петір болса, екі ретінде де «филео» деп жауап берді. Гректің «филео» сөзі ұнату, сүйіспеншілік сезімін білдіреді де, ешбір әрекетті меңземейді.

Иса: «Сен Мені жақсы көресің бе?» деп үшінші рет сұрады.

Бұл жолы Иса «филео» сөзін қолданды. Әрекет емес, сезімді ғана білдіретін сөз. Петір мұңайып: «Ием, Сіз бәрін де білесіз, Сізді жақсы көретінімді де білесіз» деді (Жохан жазған ізгі хабар 21:15-17). Петірдің жауабының мағынасы «Саған деген сезімім қандай екенін білесің».

Иса әуелде “Мені өміріңді қиярдай сүйесің бе” деп сұраған еді. “Агапе” деген сөздің толық мағынасы осы болатын. Петір шынын айтты, оның сүйіспеншілігі жай ғана сезім, яғни эмоционалдық байланыс еді. Петірдің таяу күндерде ғана Исадан бас тартқаны есіңізде болар. Ол өзінің әлсіздігін терең сезінді. Ұстазы үшін жанын қиюға эмоция деңгейіндегі сүйіспеншілігі жеткіліксіз екен.

Ақыры Иса «мені сезім деңгейінде сүйесің бе?» деп сұрады. Петірдің қауқарсыз күйін көрді, «агапеге» қабілеті жетпей тұрғанын білді.

Алғашқы сұрағының мағынасын түсіндірмек болып, Иса былай деді: «Саған өте маңызды шындықты айтамын: жас кезіңде сен беліңді өзің байлап, қалаған жағыңа бардың. Ал қартайғанда қолыңды созып тұрасың, сонда басқа біреу беліңді байлап, барғың келмеген жаққа еріксіз ертіп кететін болады, — деді. Иса мұны Петірдің кейінірек қандай ажалмен өлетінін алдын ала білдіру үшін айтты. Сол өлімі арқылы ол Құдайдың ұлылығын паш ететін болды. Иса осыдан кейін оған: «Мен жүріп өткен жолмен жүр!» деді (Жохан жазған ізгі хабар 21:18-19).

Менің ойымша, Исаның Петірге айтпағы мынау: «Эмоционалдық сүйіспеншілікке сүйенгеніңде, сәтсіздікке ұшырадың. Болашақта зор үреймен бетпе-бет келіп, оны Құдайдың кемел сүйіспеншілігінің күшімен жеңіп шығасың». Осы уақытқа дейін Петір Исаны адами қабілеті жеткенше сүйді, алайда, адами сүйіспеншілік осал екен. Исаның жолымен жүретін болса, «агапе» қажет. Мұндай сүйіспеншілік адамның ниетінен тұмайды, жүрегімізді оған Құдайдың Өзі толтырады (Римдіктерге арналған хат 5:5).

Иса Петірді май шығаратын баспаққа тағы түскенде,



жеңімпаз атанып шығатынын айтып жігерлендірді. Болашақта Петір өліммен бетпе-бет келсем де, Исадан бас тартпаймын деген уәдесін орындай алады. Қорқыныш бұғауынан азат болып, басқа адамға айналады.

Құдай мұны өз игілігіміз үшін істейді. Жүрексінген кезімізде жігер береді. Қорқынышымызды біржола жеңіп шығуымыз үшін, Құдай бізді өзіміз қорқатын нәрсеге кез қылады. Өз күшіміз таусылғанда, Құдайдың құдіретіне сүйенгеннен басқа амалымыз қалмайды. Сонда жеңіліс көрмейміз, өйткені, сүйіспеншілік еш уақытта жеңілмейді (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 13:8). Құдай әлсіздігіміз бен осал тұстарымызды жасырғанымызды қаламайды, олармен бетпе-бет келіп, жеңіп шығуға тиіспіз.

### **Мені құтқара көріңіз!**

Шынайы күш-құдіреттің қайдан келетінін Пауыл елші білген. «Өзіме ашылған құпиялардың төтенше ұлылығына байланысты кеуде көтермеуім үшін, тәніме «шаншылып түйрелу азабы» бұйырылды: шайтанның хабаршысы мені соғып қинайды. Бұл мені өркөкіректеніп кетуден сақтамақ» дейді елші (Қорынттықтарға арналған екінші хат 12:7).

Пауыл қайда барса да, жағдай шиеленісетін болған. Қорынттықтарға арналған екінші хаттың 11-ші тарауы, 24-27 аяттарында Пауыл елшінің басынан өткен қиындықтар қысқаша баяндалған:

Яһудилер мені бес рет отыз тоғыздан қамшымен соқты. Мені үш рет таяқпен дүре соқты, бір рет өлтірмек болып таспен атқылады. Үш рет кеме апатына ұшырадым, бір тәулік бойы ашық теңізде қалқып жүріп, әрең аман қалдым. Көп рет саяхатқа шығып, тасыған өзендерден, қарақшылардан, өз ұлттастарым мен басқа ұлттық адамдар тарапынан сансыз қауіп-қатерге ұшырап келемін. Қала мен иен далада, теңізде және жалған бауырластар арасында қатерге тап болдым. Ешқандай аянбастан еңбектеніп келемін, ұйықтамаған түндерімнің есебі жоқ. Аштықтың, шөлдің не екенін білемін, киімге мұқтаж болып талай рет тоңдым.

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Пауыл елші қайда барса да, көргені – Ізгі Хабарға бола қатыгез қудалау. Барған қалаларының әрқайсысында қауіп-қатер төнді. Қамшы да, дүре де, тас та тиді денесіне, кеме апатына ұшырап, суға кете жаздған кезі де болды. Осы жағдайлардың бәрінде де ол Құдайдың алдына келді.

Мен бұл азапты өзімнен аластатуын өтініп, үш рет Иемізге сиындым (Қорынттықтарға арналған екінші хат 12:8).

*Пауылдың адами болмысы азаптан құтылуды қалады. Құдай оған былай деп жауап берді: «Менің рақымым саған жетер: күшсіз жағдайыңда Менің құдіретім толықтай іске аса алады» (Қорынттықтарға арналған екінші хат 12:9).*

«Пауыл, жолыңнан кедергілерді алып тастауымды сұрама, одан да Менің рақымым мен құдіретімнің сені өз күшің жетпейтін нәрселерден үстем етуін сұра. Кедергі-бөгет жоқ жерде күштің де қажеті жоқ. Білек сыбанып, шайқасқа кірмей, жауды жеңе алмайсың. Ұлы жеңіске сұрапыл шайқаста ғана жете аласың. Нағыз батыр ұрыстан қашпас болар”.

Ұрыстың қызған сәтінде Құдайдан “мені шайқас алаңынан алып шық” деп сұрағаныңыз болмас. Мұндай уақытта Құдайдан жеңіске жеткізер рақым сұраңыз. Адами күшіміз жеткіліксіз жағдайларда бізге Құдайдың құдіреті келіп қонады. Сөйтіп, Жаратқан Иеміздің аты дәріптеледі. Құдайдың рақымы үрейді де, жолымыздағы тосқауыл-бөгет атаулыны да жеңеді! Мына аяттарды оқып, жігерленіңіз:

*...Құдайға шүкір: Ол Мәсіхпентығыз байланыстағы бізді әрдайым жеңістің шеруімен жетелеп, біз арқылы Мәсіхті танудың «хош иісін» барлық жерге де таратуда (Қорынттықтарға арналған екінші хат 2:14).*

*Құдайға шүкірлік етейік! Ол бізге Иеміз Иса Мәсіх арқылы жеңіс сыйлайды (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 15:57).*

*Мәсіхтің сүйіспеншілігінен бізді не айыра алады? Азап пен қысым ба, қудалану мен аштық-жалаңаштық па, әлде қауіп пен семсер ме? Забурда мына сөздер жазылған: «Сен үшін олар бізді күнде жоюда, сойылатын қой деп бізге қарауда». Ал осының бәрінде біз өзімізді шексіз сүйетін Иеміздің арқасында ұлы жеңіске жетеміз (Римдіктерге арналған хат 8:35-37).*

Қарсыласқан жауды тас-талқан етеміз де, жеңіс туын тігеміз! Пауыл Құдайдың уәделерін есінен шығармады, сондықтан, қорқыныштың орнына үміт келді. Пауыл елші былай деп жазады:

*Сондықтан Мәсіхтің құдіретінің бойымда орнығуы үшін, күшсіздігіме қуана мақтанамын. Сонымен, басымнан әлсіздік, қорлық, мұқтаждық, қуғын-сүргін, қысымшылық өткізгенде Мәсіхке бола ризамын. Себебі өзім күшсіз болғанымда Ол арқылы күштімін (Қорынттықтарға арналған екінші хат 12:9-10).*

*«Қуана мақтанамын» дейді Пауыл. Мұқтаждық, қуғын-сүргін, қысымшылық көргенде, қуана мақтану әркімнің қолынан келе бермейді. Өзі емес, бойында Мәсіх өмір сүріп жатқан, Иса Мәсіхтің дәріптелуін көздейтін адам ғана осылай айта алады (Ғалаттықтарға арналған хат 2:20).*

Пауыл елші Исаны жанынан артық көрді. Иса үшін өмірін қиюға дайын еді. Иса үшін өмір сүруге де дайын. Мына аятты зейін сала оқып шығыңыз:

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

*Себебі мен ешбір ұятқа қалмайтыныма, қайта, батылдыққа кенеліп тірі жүремін бе, не өлемін бе, әрдайым болғандай, қазір де өз бойымда Иса Мәсіхтің дәріптелетініне үміт артып, соған нық сенемін (Філіпіліктерге арналған хат 1:20).*

Иса Мәсіх Пауылдың өмірі арқылы дәріптеледі ме, өлімі арқылы дәріптеледі ме, Пауыл үшін маңызды емес. Исаның аты дәріптелсе, болды. Пауыл елші аурудан көз жұмуды айтып тұрған жоқ. Ауру-сырқауды Иса айқыш ағашқа шегелеп тастаған. Дерт Исаны дәріптемейді. Күнәнің құлдығында жүріп, өліп кеткенімізде, Мәсіхтің аты мадақталады деу қандай өтірік болса, ауырып өлген адам Исаның атын асқақтатады деп сену де сондай адасу. «Құдайдың Қызметшісі біздің қасіретімізді Өзіне алды, біздің ауруларымызды өз мойнымен көтерді. ... біздің күнәларымыз үшін түйреліп, біздің әділетсіз істеріміз үшін құртылды. Оның тартқан жазасы бізге амандық пен тыныштық әкелді. Оның жараларының арқасында біз (рухани дертімізден) сауықтық» дейді Ишая пайғамбар (Ишая 53:4-5).

*Жан-тәніммен Жаратқан Иені мадақтаймын,  
Маған көп жақсылық жасағанын ұмытпаймын.  
Ол бар күнәларымды кешіріп,  
Дерттерімнің бәрін сауықтырады (Забур  
жырлары 102:2-3).*

Көріп отырғанымыздай, Пауыл елшінің айтып тұрғаны – ауру-сырқау емес. Біздің ұстанымымыз мынадай болғаны жөн: «Ием, атың қалай дәріптелсе де, Өзің біл, Сенің еркің болсын, шайтанға түк те бұйырмасын!»

Пауылдың жанкешті сүйіспеншілігінен туған батылдықты үрей жеңе алмады. (Філіпіліктерге 1:20 оқып көріңіз!). Пауыл елші әрбір қалада қуғын-сүргін көретінін біле тұра, сол қалаларға Ізгі Хабарды жеткізгенше асықты. Ол адам баласынан қорыққан жоқ. Ефестегі қауымның жетекшілерімен ақылдасып отырып, Пауыл былай деген еді:

*Қазір Киелі Рухтың жетелеуімен Иерусалимге бара жатырмын, онда неге душар болатынымды білмеймін. Тек әрбір қалада Киелі Рух мені түрме мен азаптардың күтіп тұрғанын білдіреді (Елшілердің істері 20:22-23).*

Осындай да пайғамбарлық сөз болады екен-ау! Мынадай сөздің орындалуына асығатын адамдар бар ма екен бұл күнде? Жоқ, мұндай пайғамбарлық сөзді естігіміз де келмейді. Бәріміздің жақсы сөз естігіміз келеді. Алайда, Құдай алдағы қиындықтардан хабардар етеді, сөйтіп, үмітімізді нығайтып, батылдығымызды шыңдайды. Пауыл елші Мәсіхтің жолын қуушы шәкірттерінің жан дүниелерін нығайтып: «Сенімдеріңе адал болыңдар! Болашақтағы Құдай Патшалығының заманына жеткенше біз әлі де талай азап шегуге тиіспіз», — деп ескертті (Елшілердің істері 14:22).

Алда бізді қуғын-сүргін мен тосқауыл күтіп тұр деген пайғамбарлық сөз естісек, не дер едік? Құдайдан сөз келгенде, міндетті түрде осындай болады деп қалмаңыздар, бірақ.

Мәселе мынада. Өзімізге айтылған сөздердің көбісі жүрегімізді дұрыс емес, бұрыс нәрселерге бұрады. Кәсіпте немесе қызметте табысты боласың, бәрі жақсы болады деген құлаққа жағымды, көңілге қонымды сөздер. Кейбір адамдар Құдайдың берер игіліктеріне бола ғана қызмет етеді. Жаратқан Иенің Өзін емес, берер жақсылығын іздеп, мінәжат етеді. Олардың сүйіспеншілігі Құдайды өлімімен болсын, өмірімен болсын, дәріптеуді көздемейді. Алда күтіп тұрған қуғын-сүргін жайлы пайғамбарлық сөзге Пауыл елшінің жауабы мынадай болды:

*Бірақ мен өз жанымды ойламай, тиісті өмір жолыммен жүре отырып, Иеміз Исаның маған тапсырған ісін аяқтасам, Құдайдың рақымы туралы Ізгі хабарды уағыздап жеткізсем болғаны (Елшілердің істері 20:24).*

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Пауылдың осынау батылдығының сыры – ол өз өмірін әлдебір қымбат нәрсе деп қарастырған жоқ. Сонымен қатар, Құдайдың жоспары бойынша сынақтар мен қуғын-сүргін көруге тиіс екенін де анық білді. Пауыл Исаны жанынан артық көрді. Өмірінен гөрі, Исаны қаттырақ сүйді. Пауыл жан-тәнімен жалғыз мақсатқа – «тиісті өмір жолымен жүріп өтуге» ұмтылды. Өз өмірінен бас тартып, Исаның өмірін қабылдады. Жайлы нәрселерден бас тартып, жайсыз нәрсені, айқыш ағашты алып жүруге келісті.

### **Осы Ізгі Хабарыңыз Америкаға жат емес пе?**

Осындай ой-толғау батыс мәсіхшілеріне жат екенін білемін. Сексенінші-тоқсаныншы жылдардағы уағыздарымыз бен өміріміздің салтына қайшы. Шынымды айтайын, сол уағыздардың кесірінен сүрінгендердің бірі мен болатынмын. Соңғы он жылдың ішінде «май шығаратын баспаққа» талай рет түстім, жүрегімнің түкпіріндегі шынайы ниеттерім талай рет ашылды. Петір тәрізді, мен де уәделерімнің бос екенін, жүрегімнің шын мәнінде қандай екенін көріп, қынжылдым. Сондай сәттерде Құдайға жалбарынып, жүрегімді өзгертуін сұрадым. Алтыннан әлдеқайда бағалы сенімімнің бастан кешкен азаптарым арқылы сыналып, нығая түскені үшін Құдайға алғысым шексіз (Петірдің бірінші хаты 1:6-7). Төмендегі аяттың мағынасын тереңірек ұғындым:

*Сонымен, Мәсіхтің Өзі тәнімен азап шеккендіктен, сендер де (жақсылық үшін азап шегуге дайын) болыңдар! Тәні азап шегіп жатқан сенуші күнәлі құмарлықтарына берілмейді. Бұдан былай осы дүниедегі өміріңнің қалған кезеңін ескі күнәкар болмыстарыңның құмарлықтарына сай емес, Құдайдың еркіне мойынсұнып өткізулерің керек (Петірдің бірінші хаты 4:1-2).*

Сынақтан өткен сайын, рухани жетіле түсеміз. Діншіл

тақуалықты, дерт пен жоқшылықты Құдай алдындағы әлдебір жетістіктей көруді айтып отырған жоқпын, әлбетте. Адамның өз ақымақтығынан не болмаса, күнәларының салдарынан тартқан тауқыметін де айтпаймын. Адамның өзі тауып алған азабы Құдайды қайдан дәріптесін! Түрлі сынақтан өтіп, бірақ ешқашан күнә жасамаған Иса Мәсіхтің тартқанындай азапты айтамын (Еврейлерге арналған хат 4:15). Петір айтқан азап – бізді Құдайдың жолынан тайдырмақ ниетпен күнәкар болмысымыздан немесе айналадағы адамдардан келетін қысым. Исаның сүйіспеншілігіне тамыр жаймасақ, осындай сәттерде қорқынышқа бой алдырамыз.

Петір тәрізді, мен де сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де өмірін Иса үшін қия алатын адам болғым келеді. Өз қамым, жеке мүддем үшін өлі болғым келеді. Жалғыз Құдай дәріптелсін! Мұндай деңгейге тек Құдайдың рақымымен ғана жете аламын. Киелі жазбаларда мынадай сөздер бар: Құдай тәкаппарларға қарсылық жасайды, «ал езілген кішіпейілдерге рақымын сыйлайды» (Жақыптың хаты 4:6). Сол себепті де Пауыл елші «қуана мақтанамын» деген еді. Шайтанды жеңгендер туралы Жохан елші былай дейді:

*Бауырластарымыз «Тоқтының» өз жанын құрбан етіп Қанын төгуінің арқасында және өздерінің Ізгі хабарды қабылдап, ашық мойындауларымен жеңіске қол жеткізді. Олар өз жандарын тым қатты сүймей өлімге қиды (Аян 12:11).*

Осы аяттың айтылып жүргенін жиі естимін. Өкінішке орай, соңғы сөйлемі айтылмай, дәйексөз көбінесе жарым-жартылай келтіріледі. Аяттың соңғы сөйлемі батыс мәдениетіне жат. Алайда, жаны тәтті адам қорқынышын ешқашан жеңе алмақ емес. Жаны тәтті адам қашанда өмірін сақтап қалу жолын іздейді. Құрметті оқырман, ақиқатты білдіңіз:

Қорқыныш рухын жеңудің жалғыз жолы – жанкештілік. Осы тұста тоқтап, Құдайға сиыныңыз. Қайтпаңыз, күмәнға

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

берілмеңіз, сеніп көріңіз. Құдайдан жүрегіңізді сүйіспеншілікке толтыруын сұраңыз, – Көктен келетін, ешқашан сарқылмайтын сүйіспеншілігіне. Өмірлік жолыңыздағы тосқауылдардан өткізер рақымын сұраңыз. Жолыңыздың қиын-қыстау тұстарын алып тастауын емес, сол тұстардан өте алуыңызды сұраңыз. Құдайдың жер бетіндегі жұмысының қақ ортасында болуыңызды сұраңыз. Жайлы өмір сұрамаңыз. Құдайды дәріптейтін өмір сұраңыз.

### «Ал мынау ше?»

Қайта тірілген Исаның шәкірттеріне ас дайындап отырған сәтіне қайта оралайық. Астан кейін Иса Петірдің құлағына жағатын пайғамбарлық сөз айтқан жоқ. Керісінше, Петірдің зор үреймен бетпе-бет келетінін, сол үрейін жеңіп шығатынын, бұдан былай өз қалауының құлы болмайтынын, адами күшіне сүйенбейтінін айтты. Петірдің бұрын кездесуге де қорыққан жауын енді күйрете жеңетінін айтты. Иса басқа Петірді, жаңарған Петірді көрді. Біткен істі, орындалған жұмысты көрді.

Петір әлі де дайын емес еді. Болашағы туралы Исаның айтқанын естіді де, Исадан:

*— Ием, ал мынау ше? — деп сұрады (Жохан жазған Ізгі хабар 21:21). Петір өзін әлі де басқалармен салыстырады, өзгелерге қарап, өзін өлшейді. Көкейінде «менің басымнан сондай нәрсе өтеді екен, ал басқалар ше?» деген сұрақ.*

*Иса:*

*— Қаласам, Мен қайтып келгенше ол осында болады, онда сенің не шаруаң бар? Өзің Мен жүріп өткен жолмен жүр! — деп жауап берді (Жохан жазған ізгі хабар 21:22).*

Басқа сөзбен айтқанда, оның еш маңызы жоқ. Өзіңді басқалармен салыстырма. Маған ере бер! Көптеген сенушілер өзінің өмірі мен қызметін басқалардың істері мен сөздеріне қарап, өлшейді. Өзіңізді қате өлшеммен өлшегіңіз



келмейтін шығар? Сантиметр мен километрдің арасында зор айырмашылық бар. Сенушілердің көбісі өзіне ұнайтындай, яғни, жайлы да көңілді өмір сүреді. Өзімізді солармен салыстырсақ, сүйкімді көрінеміз. Алайда, бұл – жалған жайлылық, «мен де ешкімнен кем емеспін» деп айтуға жақсы сылтау. Көпшіліктен қалмай жүре берсең болды; жұрт дұрыс деген нәсенің бәрі дұрыс деу – үлкен қателік. Біздің үлгіміз, өлшеміміз біреу-ақ! Басқа қауымдар да, апа-бауырларымыз да, уағыздаушылар да емес, жалғыз үлгіміз – Иса! Иеміз Петірге «Жоханға ер» деген жоқ, «Маған ер!» деді.

Иса жүрген жол – жанкештілік жолы, өз өмірінен бас тарту жолы. Исаға ерем деген ниет жеткіліксіз. Исаға шынымен де еруіміз керек!

Иса халықты және Өзінің шәкірттерін қасына шақырып алып, оларға мынаны айтты:

*— Маған еріп шәкіртім болғысы келген әркім өз еркі бойынша өмір сүруін қойсын, әрі айқышын арқалаған кісідей азапты өлімге дайын болып Менің жолыммен жүрсін! Себебі кім өмірімді сақтаймын десе, одан айырылады (Марқа жазған Ізгі хабар 8:34-35).*

Өмірін сақтамақ болған адам одан айырылады дейді Иса! Мәссаған! Осыдүниелік құндылықтарға деген құштарлық, оларға жете алмасаңыз да, өміріңізді жалмауы мүмкін. Исаның әрі қарайғы сөзін оқып көрелік:

*Ал өмірін Мен үшін және Ізгі хабар үшін қиған әркім оны (мәңгі) аман сақтап қалады (Марқа жазған Ізгі хабар 8:35).*

Назар аударатын жайт, Иса «өмірін Мен үшін және Ізгі хабар үшін қиғысы келетін...» деген жоқ. Жалғыз ниет жеткіліксіз! Петір де Иса үшін жанын қимақ еді, алайда, сол түні-ақ Одан танды. Петірдің ниеті Құдайдың сүйіспеншілігінен туындаған

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

ниет емес-ті, сондықтан, оны орындауға Петірде Құдайдың құдіреті де болған жоқ. Жеңіліп қалуы да сондықтан.

### Жүрегіңді тексер

Кітапты оқи отырып, шынайы ниетіңіздің қандай екенін тексеріп көріңіз. Исаның шәкірті екеніңіз рас па, әлде Иемізге қояр шартыңыз бар ма? Өміріңізді Иса үшін қиюға дайынсыз ба, әлде сеніміңіздің шекарасы бар ма? Сол шектеулер сізді Исаның жолынан тайдырып, Құдай Патшалығынан алысқа алып кетпейді ме? (Қорынттықтарға арналған екінші хат 13:5 қараңыз).

Исаға еру-ермеуімізді шешу үшін, алдымен құнын біліп алғанымыз жөн. Иә, солай. Исаның жолымен жүрудің өзіндік құны бар. Және құны – бүкіл өміріміз. Өзіне ергісі келген адамдарға Исаның осыны қалай түсіндіргенін тыңдап көріңіз: Жолшыбай қарақұрым халық еріп келе жатқанда, Иса оларға бұрылып, былай деді:

*— Кім Маған келіп, Мені әке-шешесінен, әйелі мен балаларынан, бауырларынан және өз өмірінен артық көрмесе, сол Менің шәкіртім бола алмайды. Кім айқышын арқалаған кісідей өз мүддесінен бас тартып, тіпті азапты өлімге дайын болып Менің соңымнан еріп жүрмесе, сол Менің шәкіртім бола алмайды. Сендердің біреуің бір мұнара салғысы келеді дейік. Сонда ол құрылысты аяқтауға қаражатының жетер-жетпесін білу үшін алдымен отыра қалып, кететін шығынды есептеп алады. Ол солай етпесе, іргетасын қалағаннан кейін бастаған ісін аяқтай алмас еді. Мұны көргендердің бәрі: «Мынаның құрылысты бастағанымен аяқтауына шамасы жетпеді, ә?!» — деп оны мазақтар еді... Сол сияқты, сендердің ешқайсың да бар нәрсеңнен бас тартпай Менің шәкіртім бола алмайсыңдар (Лұқа жазған Ізгі хабар 14:25-30, 33).*

Ақырына дейін табандылық таныту дегеніміз – осы. Аян кітабынан өз жандарын тым қатты сүймей, өлімге қиғандар жеңіске жететінін оқыдық. Өкінішке орай, қазіргі Америкадағы қауым осындай дей алмаймыз.

Өз өміріне өзі билік етіп отырған сенушілер өте көп. Бағушы қызметін атқарып жүргенімде, бір жас әйел «Джон бағушы, менің өзім жайлы пікірім сондай нашар. Өзім туралы жақсы ойлауым үшін мінәжат етіңізші» деп шағымданған еді.

«Сіздің мәселеңіз – осы!» дедім, бетіне қарап.

Әлгі әйел ұзақ консультация аламын, соңында мінәжат болады деп күткен еді. Менен сыпайы да жылы сөз естіп, көңілі көтеріліп қалуы керек еді. Алайда, олай болмады. Азат етуші ақиқат сондай: мәселені көп қазбалай бермей, түп-тамырын жұлады.

«Адам өзін-өзі сыйлап-баптау керек дегенді Киелі Кітаптың қай бетінен оқыдыңыз? Иса өз өмірімізден бас тартып, Иемізге еруіміз керек екенін айтқан. Табытта отырып алып, «Мені мына жәшікке неге салып қойдыңдар? Шашымды дұрыс тармапсыңдар ғой! Жұрттан ұят!» деген өлі адамды көріп пе едіңіз?» дедім.

Киелі Кітап өзін-өзі сыйлау, өзіне-өзі жақсы көзқарас жайлы ештеңе айтпайды. Исаны сүйіп, Оның жолымен жүру үшін өзіңді-өзің жақсы көруің міндетті емес. Әлгі әйелдің назары мәңгі құндылықтарда емес, өткінші нәрселерде еді.

Өзімізді жақсы сезінген кезде немесе бәрі ойдағыдай болғанда ғана Құдайға қызмет етемін деу дұрыс емес. Мұндай адамдарды «маусымдық дос» деуге болады. «Маусымдық мәсіхшілер» де болады. Ерте ме, кеш пе, ойына келмеген әлдебір кедергілерге тап болады. Сонда, сенім жолынан тайып кетуі мүмкін. Ондай адамдар қауым жиналыстарынан қалмайды, ондық, құрбандықтарын береді, бөтен тілде мінәжат етеді, Киелі Кітап аяттарын жатқа айтады, алайда, Құдайдың жолымен жүруден іштей бас тартқан. Құдайға деген сүйіспеншілікте шектеу жоқ. Құдайдың жолымен жүргеніміз рас болса, шектеу атаулыдан бас тартуымыз керек.

## Өзгерген адам

Елшілердің істері кітабындағы Петірге қарасақ, Исаға «өлсем де, сенен бас тартпаймын» деп уәде берген және қызметші қыздың алдында Исаны танымаймын деп танған кісінің бір адам екеніне сенудің өзі қиын. Ал сол адам, Киелі Рух жүрегін толтырғанда, Исаны Құдай әрі Құтқарушы Мәсіх деп бүкіл халықтың алдында батыл жариялады. Бірер күннен кейін Петір тұтқындалды. Исаны азапты өлімге кескен дін басшыларының алдына әкелінді. Петір енді олардың үйінің ауласында, қызметшілерінің алдында емес, адам өміріне әмірі жүретін соттың алдында тұр. Олардың беттеріне қасқая қарап тұрып, «сіздер айқышқа шегелетіп өлтірткен, ал Құдай өлімнен қайта тірілткен назареттік Иса Мәсіхтен басқа ешкім де бізді (Құдайдың қаһарынан) құтқара алмайды!» деп мәлімдеді (Елшілердің істері 4:8-12).

Петір мен Жоханның батылдығы сот мүшелерін қайран қалдырды. Олар Құдайдың ісіне қарсы шыға алмады. Бұлар біреуді өз бақылауында ұстау жағына келгенде, алдына жан салмайды. Сондықтан, дөңайбатқа көшті.

Өзара: «...бұл іс халыққа одан бетер тарап кетпес үшін, бұдан былай сол Есімді атап ешкімге сөйлемеңдер, олай етпеген күнде жазаға тартамыз деп қатаң тыйым салайық» десті (Елшілердің істері 4:17).

Осыдан бірер күн бұрын осы адамдар Исаны айқыш ағашқа шегелеткен еді. Иса Петірдің ажалы Ұстазының ажалындай болатынын осының алдында ғана айтқан болатын. Петірдің қорқатындай-ақ жөні бар еді. Алайда, шындап қауіп төніп тұрса да, Петір мен Жохан «Құдайды емес, сіздерді тыңдау Оның алдында жөн болар ма екен? Мұны өздеріңіз ойлап көріңіздерші! Ал біз көріп-естігендеріміз туралы үнсіз қала алмаймыз» деп жауап берді (Елшілердің істері 4:19-20).

Жоханды санамағанда, Петір сот алдында жалғыз тұр. Намысын қамшылайтын ешкім жоқ, бәсекелес-бақталастары да көріп тұрған жоқ. Петірдің бұл жолғы батылдығы – адам

алдында күпіну емес, Исаға деген сүйіспеншіліктен бастау алған қайтпас табандылық. Сот Петір мен Жоханды қоя берді. Олар басқа шәкірттерге барып қосылды. Бастарынан өткенді, дін басшыларының қатаң ескертуін түгел баяндап берді. Ал енді олардың не деп мінәжат еткенін оқып көріңіз:

*Ал енді, уа, Иеміз, олардың қоқан-лоқысын көріп, құлдарыңа Сенің сөзіңді зор батылдықпен уағыздайтын күш бере гәр! Қолыңды созып ауруларды сауықтыра гәр, қасиетті Қызметшің Исаның атынан кереметтер мен ғажап істер жасап құдіретіңді көрсете гәр! (Елшілердің істері 4:29-30).*

Бастарына бұдан да зор тауқымет түсірер дұға емес пе мына дұға? Ізгі Хабарды уағыздаса, өміріне қауіп төнетінін біледі. Соған қарамастан, Ізгі Хабар таратуын тоқтатқан жоқ. Құдай да уәдесіне адал болды, уағыздарына кереметтерін қосып отырды. Құдай берген дарындарының қорқынышқа бола тұншығып қалуына жол бермеді. Сол күндердегі Құдайдың құдіреті қаншалықты зор көрініс тапқанын оқыңыз: Жандарынан өткенде Петірдің, тым болмаса, көлеңкесі түссін деп жұрт ауру адамдарды көшеге шығарып, төсеніштер мен зембілдерге жатқызып қойды. Петірдің көлеңкесі түскендер сауығып кетті (Елшілердің істері 5:15).

Дін басшылары айтқанын істеді. Шәкірттер қамалды. “Біз сендерге сол Адамның атынан тәлім беруге қатаң тыйым салған жоқпыз ба? Алайда сендер ілімдеріңді бүкіл Иерусалимге таратыпсыңдар» деді бас діни қызметкер (Елшілердің істері 5:28).

Петір батыл жауап берді:

*— Адамдарды емес, Құдайды көбірек тыңдау керек қой! Ата-бабаларымыздың сиынатын Құдайы сіздер ағашқа іліп өлтірген Исаны қайта тірілтіп алды. Құдай Оны көкке көтеріп, Көсем және Құтқарушы ретінде Өзінің оң жағындағы ең құрметті орынға*

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

*көтеріп жайғастырды. Осылай Ол Исраилдің бетін теріс жолдан қайтарып, күнәларын кешірмек. Біз де, Киелі Рух та бұл оқиғаларға куәміз. Құдай осы Киелі Рухын Өзіне бой ұсынғандарға сыйға береді (Елшілердің істері 5:29-32).*

Не деген батылдық! Шәкірттер ешкімнен тайсалмады. Петір өмірін құтқарып қалудың жолын іздеген жоқ. Жүрегі өзімшілдіктен азат, Киелі Рухқа, Құдайдың сүйіспеншілігіне толы. Римдіктерге арналған хаттың 5-ші тарауы, 5-ші аятында жазылғандай, «бізге сыйлаған Киелі Рухы арқылы Құдай жүрегімізді Өзінің сүйіспеншілігіне кенелтті».

Киелі Рухтың жүрегімізге Құдайдың сүйіспеншілігін әкелетіні анық. Сонымен қатар, Петірдің мысалынан көргеніміздей, Киелі Рух Құдайға мойынсұнатын адамдарға беріледі. Сүйіспеншілікке қол жеткізгісі келетін, ал Құдайға мойынсұнғысы келмейтін мәсіхшілер көп.

Бөтен тілде сөйлегеніңіз – Құдайдың сүйіспеншілігіне бөленгеніңіздің айғағы емес. Киелі Рухқа кенелу – бір рет қана болатын оқиға емес. Киелі Жазбаны неше рет оқып шыққаныңыз да, бөтен тілде сөйлей алуыңыз да маңызды емес. Құдайға ұнамды өмір сүрмесеңіз, сүйіспеншілігіңіз суып кетеді. Әрбір тілазарлығыңыз сол сүйіспеншілікті сөндіре береді!

Заманның ақырында мәсіхшілердің жүрегіндегі Құдайға деген сүйіспеншілік әділетсіздік пен тілазарлықтың салдарынан суып кетеді. Иса солай деген (Матай жазған Ізгі хабар 24:12). Исаның айтып тұрғаны – «агапе». Сүйіспеншіліктің бұл түрі Исаны қабылдағандарда ғана бар. Дегенмен, Киелі Рухқа кенелген сенушілерде де шынайы сүйіспеншіліктің аз болуы ғажап емес.

Құдайға мойынсұнуының арқасында Петір мен Жоханның жүректері зор батылдық пен сүйіспеншілікке толды.

Содан олар елшілерді шақыртып, қамшылап соқтырды. Оларға бұдан былай Исаның атынан уағыз айтуға қатты тыйым салып, босатып жіберді. Жоғарғы кеңестен

шыққан елшілер Иеміз Исаның аты үшін қорлық көруге лайық деп саналғандарына қуанды (Елшілердің істері 5:40-41).

Петір мен Жохан дін басшыларының алдында қаймығып қалған жоқ. Керісінше, қуанып, шаттанды. Бұлар енді Гетсимани бағындағы емес, тіпті басқа адамға айналғандай. Исаның аты үшін қорлық көруге лайық деп саналғандарына қуанды. Сүйіспеншілігі мен адалдығын дәлелдеудің сәті түсті, соған қуанды. Петірдің сүйіспеншілігі ендігі жерде — эмоция ғана емес, бүкіл тұлғасын жаулап алған құдірет.

«Foxe's Christian Martyrs of the World» (сенімі үшін азапты өлім құшқандар туралы мәлімет жариялайтын басылым) Петірдің, Иса айтқандай, азапты өлімге кесілгенін хабарлайды. Жеңдеттер Петірді айқыш ағашқа шегелерде, елші «Мен Иемнің ажалындай ажалға лайық емеспін» депті. Сонда олар Петірдің басын төмен, аяғын жоғары қаратып шегелеген екен! Петір бұл дүниеден жеңімпаз болып кетті!





# ҚҰДАЙДЫ ҚАСТЕРЛЕУ ПЕНДЕ АЛДЫНДАҒЫ ҚОРҚЫНЫШҚА ҚАРСЫ

**К**імнен қорықсаңыз, соған қызмет етесіз.

Осыған дейін оқығанымыздың барлығы бізді жасқаншақтық рухына қарсы шайқастың шешуші сәтіне әкелді. Біреудің қоқан-лоққысына тап болғанда немесе қауіп-қатер төнген сәттерде ғана емес, барлық кезде аса маңызды болатын бір нәрсе бар. Ол – Құдайды қастерлеу!

Өкінішке орай, қауым Құдайды шын қастерлеудің не екенін жете түсінбейді. Ал Құдайды қастерлемей, мәсіхшінің жеңімпаз өмір сүруі мүмкін емес. Ишая пайғамбар Иса туралы былай деген еді: «...Жаратқан Иеге мойынсұнып, Оны терең қастерлеуден қуаныш табады» (Ишая 11:3). Исаның осы қуанышына біз де ортақ болайық.

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Құдайды қастерлейтін адамды Киелі Рухтың Өзі Жаратқанның жолымен жетелейді. Сондай адам игілікке кенеледі, үрім-бұтағы жерін мұра етеді (Забур жырлары 25:12).

«Даналықтың бастауы — Жаратқан Иені

Терең қастерлеп, Оған мойынсұну» дейді Киелі Жазба (Нақыл сөздер 9:10, 1:7, 2:5). Жаратқанды шын қастерлеу ғұмырды ұзартады (Нақыл сөздер 10:27). Пауыл елші бізді «Құдайды терең қастерлеп, толығымен Оған бағышталған қасиетті өмір сүруге» шақырады (Еврейлерге арналған хат 12:14, Қорынттықтарға арналған екінші хат 7:1). Киелі Кітаптағы Құдайды қастерлеу жөніндегі аяттардың бірнешеуін ғана келтірдім.

Қорқыныштан азат өмір сүрудің бірден-бір жолы – Құдайды қастерлеу. Жаратқанды шын қастерлеу — берік сүйеніш (Нақыл сөздер 14:26). Берік сүйенішіміз болса, осыдүниелік жолдармен емес, Құдайдың жолымен жүруге батылдығымыз да жетеді. Құдайды қастерлеу мен адамнан қорқудың арасында қандай айырмашылықтар барын көрейік.

### **Құдайды қастерлеу мен қорқынышты айыра білейік**

Біріншіден, Құдайды қастерлеу дегеніміз не? Бұл – Құдайды жай ғана құрметтеу емес. Құдайды дәріптеу, мадақтау, ұлықтау, даңқын асыру, Құдайға табыну, Жаратқан Иемізге мәртебесіне лайық орын беру, үстемдігін паш ету. Құдайдың еркін өз ниет-қалауымыздан артық көру. Құдайдың жек көргенін жек көріп, ұнатқанын ұнату. Құдайдың құзыры мен Сөзіне бас ию.

Екіншіден, пендеден қорқудың не екенін қарастырайық. Беймаза күйде, алаңдап, күдіктеніп, үрейленіп, қаймығып өмір сүру деген сөз. Мұндай қорқынышқа бой алдырған адам дегбірсіз, үнемі сескеніп, қашқақтап, бас сауғалап жүреді. Тайталас атаулыдан тайсалып, біреуге жақпай қалам ба деп, жүрексініп жүргені. Ондай адамның қызмет еткендегі ниеті – жеке басын қорғаштап, әйтеуір еңбектене беру, шынайы қызметке шамасы жоқ. Біреудің шамына тиіп кетем бе деп,

*Құдайды қастерлеу пенде алдындағы қорқынышқа қарсы*

Құдайға өмірімізден Өзіне лайық орын бере алмаймыз.

Киелі Жазбада «Пендеден қорқуы адамға тұзақ құрар» делінген (Нақыл сөздер 29:25). Қорқыныш өз тұзағына түсіріп, қолыңыздағы билікті алып қоймақ. Дарыныңыз іске аспай қалады. Дұрыс іс-әрекет етуге күш-қабілетіңіз жетпейтіндей сезінесіз өзіңізді.

Ишая пайғамбардың мына ескертуін есте сақтайық:

*«Ей, әділдікті білетіндер, тәлімдерімді жүрегінде ұстайтын халық, сөзіме құлақ түріңдер! Пенденің мазағынан қорықпаңдар, жұрттың өсек-жаласынан да шошынбаңдар! ... Ол солып қалатын шөп секілді өткінші емес пе? Ал өзіңді жаратқан Мені, Жасаған Иені, ұмытып келесің!» (Ишая 51:7-13).*

Жұрттың көңілінен шықпақ болып, адамдарға жағынғанымызда, Құдайымызды ұмытамыз. Жаратқанға қызмет етуді тоқтатамыз. «...мен адамдарға ұнауға тырыспаймын, әйтпесе Мәсіхтің қызметшісі бола алмас едім» (Ғалаттықтарға арналған хат 1:10).

Кімді өзіңізден үстем санасаңыз, соған қызмет ететін боласыз! Пендеден қорықсаңыз, пендеге қызмет етесіз. Құдайды қастерлесеніз, Құдайға қызмет етесіз. Ешкім екі қожайынға бірдей қызмет ете алмайды, сондықтан, пендеден қорықсаңыз, Құдайды қастерлей алмайсыз (Матай жазған Ізгі хабар 6:24). Ал Құдайды қастерлесеніз, адам баласынан қорықпайсыз!

## **Жаңа Өсиет сенушілері Құдайды қастерлеуге тиіс пе?**

Құдайды қастерлеу – Көне Өсиеттің өлі доктринасы емес, шынайы өмір жолы. Құдайды қастерлейтін адам пендеден қорықпайды, қорқыныш атаулыдан азат.

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Жаныма бататыны, кейбір сенушілердің сөздерінен Құдайға деген құрмет байқалмайды. Жаратқан Иені дәріптемейтін адам – Иемізді шындап танымаған адам. Исамен дәмдес болған шәкірттерінің өзі Оны Ием, Ұстаз деп атаған (Жохан жазған Ізгі хабар 20:28). Құдайға деген ізет-құрметіміз аз болса, өмірімізден Өзіне тиісті орын бере алмаймыз.

Құдайды қадірлемейтін адам инабатсыз болып кетеді. Ондай «сенушінің» дәрекі мінезі қауымда да, жеке өмірінде де көрініп қалады. Өзін сенушімін десе де, өмір салты басқаны көрсетеді. Кейбір сенушілердің мінез-құлқын көріп, қынжыламын. Жиналыс басталарда, залға жүгіріп кіреді де, басқаларды шынтағымен итеріп, жақсы орынға отырып алуға асығады. Ол орынға басқа біреу бұрынырақ отырып қойса, ашуланады. Жиналыс үстінде сөйлесіп, шулап отырады. Жиналыс тым ұзап кетті деп санаса немесе уағыз ұнамаса, орындарынан тұрып, кете барады.

Бағушыларға деген құрметтің аздығы да жанға батады. Газеттер саясаткерлерді қалай сынаса, сенушілер Құдайдың қызметкерлерін дәл солай сөз қылады. Бәлкім, кей қызметкерлер шынымен де саясаткерге көбірек ұқсайтын шығар, дегенмен, ол – Құдайдың қызметкері, бағасын Құдайдың Өзі береді. Құдайды қастерлесек, Құдайдың үйіне де, Өзі тағайындаған қызметкерлеріне де құрметпен қараймыз. Саул Жаратқан Иенің сексен бес діни қызметкерін өлімге кескеннен кейін де, Дәуіт патшаға қарсы шықпады (Патшалықтар туралы бірінші жазба 22:11-23). Дәуіт Құдайды қастерледі! Кейбір сенушілердің не көріп, не оқып, не тыңдап жүргенін көргенімде, қынжыламын. Кейбір отбасылардағы өмірдің осы дүниенің өмірінен еш айырмасы жоқ. Тепе-теңдік сақтаймыз, жұрттан бөлектенбейміз деген ниеті бар сенушілердің көбісі күнәкар дүниенің «қалыпты» санайтын нәрселерін Құдай «қалыпты» деп санамайтынын ұмытқан. Құдайды шын сүйсеңіз, шын жүректен қастерлесеңіз, күнәкар дүниенің салтымен өмір сүрмейсіз, қайта өміріңізді Жаратқан Иеге толығымен бағыштайсыз.

...өздеріңді шақырған Құдайдың қасиетті болғаны сияқты, сендер де бүкіл іс-әрекеттеріңде Оған бағышталған қасиетті

болыңдар! Тауратта Оның былай дегені бар ғой: «Мен киелімін, сондықтан сендер де Өзіме бағышталып киелі болыңдар!» Сендер әр адамды бет-жүзіне қарамай әділ соттайтын Құдайға «Әкем» деп сиынасыңдар. Ендеше жер бетінде жат жерлік болып сүретін өмірлеріңді Оны терең қастерлеп, Оған ұнамайтынды істеуден шошынып өткізіңдер! (Петірдің бірінші хаты 1:15-17).

Құдайды қастерлеу – күнәдан сақтайтын зор күш.

### **Қауым қорқады ма?**

Елшілердің Істері кітабының 2-ші тарауында шәкірттер Киелі Рухқа кенеліп, бөтен тілде сөйлеп, пайғамбарлық сөз айта бастады. Жүректерін шаттық кернеп, көңілдері тасыды. Құдай олардың еңсесін басқан ауыр сезімнің барлығын алып тастап, жүректерін жаңартты. Көктегі Әкеміз перзенттерінің жүрегін қуанышқа толтырғанды ұнатады. Иеміз қабағы түнерген, кекшіл біреу емес. Құдай – сүйіспеншілік, рақым, әділдік, тыныштық, қуаныш көзі.

Келесі бірнеше күннің ішінде көптеген адам Исаны қабылдап, құтқарылды. Алайда, олардың ішінде Құдайға Құдайдың Өзі үшін емес, берер жарылқауларына бола келгендер де болды. Ондай адамдар Құдайға деген құрметінен бара-бара мүлде айырылды. Құдайдың құзырына, сөзіне деген көзқарастары қарабайырланып кетті. Елшілердің Істері кітабының 5-ші тарауынан осының бір мысалын көреміз.

Анани деген адам әйелі екеуі өздерінің меншігіндегі жер танабын сатты. Бірақ Анани түскен ақшаның бір бөлігін жасырып алып қалып, қалғанын елшілердің алдына апарып қойды. Басқа сенушілердің алдында жақсы көрінгісі келген еді, сондықтан, «әкелген құрбандығымыз – саудадан түскен бар ақшамыз» деп өтірік айтты. Көзге көрінетінді ақиқаттан артық бағалады, адамдардың пікірін Құдайдыкінен жоғары қойды. Олар құрбандық әкеліп тұрып өтірік айтты да, сол жерде тіл тартпастан кетті.

Құдайдың құзырында тұрып, жалған сөйлегендіктен, қаза

тапты. Уағыздаушылардың алдында тұрып, өтірік айтып жүрген адамдар қазір де бар, бірақ, сол сәт мерт болған ешқайсысы жоқ. Неге?

Елшілердің заманында Құдайдың құзыры қазіргіден әлдеқайда мықты болғандықтан деп ойлаймын. Мысалы, Петір Иерусалим көшесімен өткенде, көлеңкесі ауру адамдарды сауықтырып жіберетін болған (Елшілердің істері 5:15). Біздің заманымызда ондай кереметтер жоқ.

Құдайдың құзыры мен салтанаты артқан сайын Елшілердің Істері кітабындағыдай оқиғалар орын алатын болады. Ерлі-зайыптылар қаза болғаннан кейін «Бүкіл сенушілер қауымын және мұны естіген басқалардың бәрін де қатты үрей биледі» (Елшілердің істері 5:11).

Құдайды қастерлеу мен Жаратқанға деген қадір-құрмет қалпына келтірілді. Құдайдың құзыры мен майлауына деген көзқарастарын өзгертуі керек екенін жұрттың бәрі түсінді. Жаратқан Иенің «Маған жақындап келетіндер арқылы Өзімнің киелі екенімді көрсетемін, барлық халықтар алдында салтанатты ұлылыққа кенелемін» деген сөзін есте сақтайық (Леуіліктер 10:3).

### **Құдай үнсіз қалғанда, шынайы ниеттеріміз ашылады**

Құдай кейде бізді сынақтан өткізіп, дайын ету үшін, құзырын мен құдіретін көрсетпейді. Құдайдың құзырын сезінбеген кезімізде де, сенімімізге лайық өмір сүреміз бе? Қазіргі заманғы қауым иен даланы кезген Исраил халқы тәрізді күңкілшіл. «Міне, осы оқиғалар бізді ата-бабаларымыздай жамандыққа құмар болудан сақтандырып, үлгі болып тұр» деген еді Пауыл елші (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 10:6).

Құдай жарылқап, кереметтерін жасағанда, Исраил халқы мәз-мәйрам болатын. Жаратқан Ие Қызыл теңізді қақ жарып, өздерін құрғақ жермен өткізгенде, жауларын теңізге батырғанда, олар Құдайға мадақтау жырларын арнады,

*Құдайды қастерлеу пенде алдындағы қорқынышқа қарсы*

алдында би билеп, шаттанды (Мысырдан көшіп шығу 15:1-21). Арада бірнеше күн өткенде, судан тапшылық көргенінде, Құдай сол мезетте кереметін жасай қоймап еді, күңкілдей жөнелді (Мысырдан көшіп шығу 15:22).

Біраздан кейін халық Синай тауына жетті. Мұса пайғамбар тау басына шықты. Үшінші күні таң ата күн күркіреп, найзағай ойнап, таудың басын қалың бұлт басып, ғаламат қатты керней даусы естілді. Қоныстағы халықтың бәрі де қорыққаннан дірілдеп қоя берді (Мысырдан көшіп шығу 19:16). Құдайды қастерлегеннен емес, үрейден, жандарының тәттілігінен дірілдеді. Құдай жерге түскенде, олардың Құдайдан гөрі өз өмірлерін артық көретіні анық болды. Исраил халқы Мұсадан:

*— Бізбен өзіңіз сөйлесіңіз, ал біз тыңдайтын боламыз. Құдай бізбен тікелей тілдесе көрмесін, әйтпесе құрып кетерміз, — деп өтінді.*

Мұса халыққа:

*— Қорықпаңдар! Құдай сендерді (Өзінің араларыңда болуына) үйрету үшін осында келді. Бұдан былай Оны әрдайым шын жүректен қастерлейтін болыңдар! Бұларың сендерді күнә жасаудан сақтайтын болады, — деді (Мысырдан көшіп шығу 20:19-20).*

Содан халық алыста қалып, ал Мұса Құдай тұрған қою қараңғылыққа қарай беттеді (Мысырдан көшіп шығу 20:19-20).

Мұса Құдайға халықтың жауабын жеткізіп, қатты қорқып тұрғанын айтты. Жаратқан Ие оған былай деп жауап берді:

*«Мына халықтың саған айтқан сөздерін естідім. Соларының бәрі дұрыс. Олардың Мені терең қастерлеп, өсиеттерімді түгел орындауға ниеттенген жүректері берік болса екен! Сонда*

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

*олардың өздері де, ұрпақтары да әрқашан игілікті өмір сүретін болады» (Заңды қайталау 5:28-29).*

Көрдiңiз бе, халық шегiне бердi, Мұса болса, Құдайға жақындай бердi. Исраил халқы мен Мұса пайғамбардың арасындағы айырмашылық осыдан көрiнедi. Мұса Құдайды қастерлейдi, сондықтан ержүрек. Халық Құдайды қастерлемейдi, сондықтан қорқақ. Құдайды қастерлесенiз, Одан тығылмайсыз, Жаратқан Иеге деген құштарлығыңыз арта бередi. Ал қорқыныш Құдайдан алыстай беруiңiзге түрткi болады.

Пендеден қорқатын адам өзiн Құдайдың құзырынан гөрi, адамдардың арасында жайлы сезiнедi. Қауымның өзiнде де солай! Оның себебi – Құдайдың құзырында шынайы ниеттерiмiз ашылып, әшкереленедi.

## Синай емес, Сион

Жаңа Өсиет бiзге Құдайды қастерлеудi үйретедi. Еврейлерге арналған хатты оқып көрейiк.

Сендер ата-бабаларымыз iспеттi көрiп-естуге болатын мынадай жайтты бастарыңнан өткiзбедiңдер: олар от болып лаулап жанып жатқан Синай тауына жақындады. Айнала қара түнек болып, сұрапыл дауыл соғып, кернейдiң қатты даусы шығып, сөздер айтылды. Соны естiген халық мұндай сөздердi ендi қайтып естiмесек екен деп жалбарынды. Олар «Тауға аяқ-қолдарын тигiзген әркiмдi, тiптi мал тұяғы тисе де, оны таспен атқылап өлтiру керек» деген бұйрықтан қорықты. Осы көрiнiстiң әсерiнiң үрей тұғызатындай болғаны сонша, Мұса пайғамбардың өзi: «Мен қорқып, үрейленiп тұрмын», — дедi. Ал сендер рухани Сион тауына, яғни мәңгi тiрi Құдайдың көктегi Иерусалим қаласына, әрi ондағы сан-мыңдаған перiштелерге келдiңдер (Еврейлерге арналған хат 12:18-22).

Елшi, ең әуелi, Синай тауында болған жайтты есiмiзге салады. Содан кейiн Өзiмiз жақын келген Сион тауы туралы айтады. Бұрын Құдай жер бетiнде, Синай тауында сөйлеген едi. Ал ендi



аспаннан Сион тауына сөйлейді.

Абай болыңдар, өздеріңе сөйлеп тұрған Тәңір Иені тыңдаңдар! Ежелде Оның тапсырмасымен жер бетінде сөйлеген Мұса пайғамбарды тыңдамай қойған Исраил халқы жазадан құтылмады. Ендеше бізге көктен сөйлеп тұрған Құдайдың Өзінен бас тартсақ, онда алатын жазамыздан одан бетер құтыла алмаймыз! (Еврейлерге арналған хат 12:25).

«Одан бетер» деген сөзге назар аударыңыз! Құдайдың сөзін елемесек, орындамасақ, жазамыз олардыкінен қатал болмақ. Жаңа Өсиеттегі рақым ойымызға келгенді істеуіміз үшін берілген жоқ. Исраил халқы Құдайдың сөзін орындауда неге ұқыптылық танытпады? Өйткені, Құдайды қастерлеген жоқ. Осыны есте сақтай отырып, төмендегі аятты оқып шықсаңыз, Жаңа Өсиет сенушілерінің де тілазарлығының себебі сол екенін көресіз:

*Сонымен, өзіміз шаңырағы ешқашан шайқалмайтын Патшалықтан үлес алғандықтан, біз сол үшін Құдайға шын жүректен шүкірлік айтайық! Оны риза қылатындай қызмет етіп, терең қастерлеп, Оған ұнамсызды істеуден шошынатын болайық! Біздің сиынатын Құдайымыз жалмап қоятын от іспетті! (Еврейлерге арналған хат 12:28-29).*

Мұнда «қастерлеу» мен «шошыну» деген сөздер бар. Құдайды қастерлеу тек дәріптеу, құрметтеумен шектелетін болса, Пауыл елші «шошыну» жайлы жазбайтын еді. Және ойын «Құдайымыз – сүйіспеншілік» деп аяқтаған жоқ. «Біздің сиынатын Құдайымыз жалмап қоятын от іспетті!» деп түйді. Исраил халқының не себепті Құдайдың құзырында болғысы келмегенін енді түсінген боларсыз. «Мына жалындаған от бізді жалмағалы тұр. Егер Құдай Иеміздің дауысын әрі қарай ести берсек, онда құрып кетерміз» деді олар (Заңды қайталау 5:25). Құдай өзгерген жоқ! Ол әлі де киелі, әлі де қасиетті. Ол – жалмап қоятын от!

Құдайдың сүйіспеншілік екені рас, әлбетте. Дегенмен, Жаратқан Иеміз – жалындаған от та. Біздің қауымдарымыз

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Құдайдың сүйіспеншілігіне баса назар аударады да, Құдайды қастерлеу жайлы айта қоймайды. Ақиқатты толық уағыздамаймыз, сондықтан, сүйіспеншілік жайындағы ұғымымыз бұрмаланған.

Біз уағыздап жүрген сүйіспеншілік – әлсіз. Бізді Құдайға бағышталған өмірге бастап алып жүруге қауқарсыз. Ол жүрегіміздегі отты сөндіріп, өзімізді жылымшы күйде қалдырады. Әкесін сыйламайтын ерке балаға айналып бара жатырмыз! Құдайды қастерлеуді үйренбесек, Көктегі Әкемізді құрметтеуден мүлде алыстап, Оның сөзіне құлақ аспайтын болып кетеміз.

Төмендегі аятты зер сала оқып шығыңыз: “Оны риза қылатындай қызмет етіп, терең қастерлеп, Оған ұнамсызды істеуден шошынатын болайық!» (Еврейлерге арналған хат 12:28). Рақым бізге күнәмізді жуып-шаю үшін берілген жоқ. Құдайға ұнамды қызмет етуіміз үшін берілген. Құдайға ұнамды дегеніміз – күнәдан шошынып, Иемізді терең қастерлей отырып, сүйіспеншілікпен қызмет ету. «Сонымен, сүйікті бауырларым, ... құтқарылуларыңа сай іс-әрекет жасап, соны толығымен жүзеге асыруға ұмтылыңдар, әрі Құдайды терең қастерлеп, Оған ұнамайтын нәрселерден қатты жиіркеніңдер!» деп Пауыл елші де жазған болатын (Філіпіліктерге арналған хат 2:12). Құдайға деген құрметіміз, күнәға деген жиіркенішіміз бүгінде қайда қалды? Құдайдың әділ Төреші екенін ұмыттық па әлде? Пауыл елшінің ескертуін мұқият оқып шығыңыз:

*Өркөкірек болмай, сақ болып жүр! Әйтпесе, тіпті «табиғи бұтақтарды» аямаған Тәңір Иенің сені де аямайтыны сөзсіз. Сонымен, Құдайдың мейірімін әрі қатаңдығын көре аласың: Ол Өзіне мойынсұнбай, ажырап кеткендерге қатаңдық танытты. Ал егер сен Оның мейірімін бағалай білсең, соған кенеле бересің. Бірақ егер Оған мойынсұнудан бас тартсаң, сен де кесіліп тасталасың (Римдіктерге арналған хат 11:20-22).*

Құдайдың ізгілігінен маман болып алдық. Алайда, Құдайдың

ізгілігін ғана ойлай беруіміз дұрыс емес. Жаратқан Иеміздің ақ пен қараны қақ айырған әділдігін де ойлай жүрейік. Көктегі Әкеміздің мейірімі бізді Оның жүрегіне жақындата түседі, ал қаталдығы тақаппарлық пен күнәдан сақтайды. Құдайдың мейіріміне ғана сүйенетін адам сақтықты ұмытады. Ал Құдайдың әділ Төреші екенін ғана есінде ұстайтын сенуші діншілдіктің тұзағына түседі. Сүйіспеншілік пен Құдайдың қаһарынан қорқу тепе-теңдікте болса, ақиқат жолынан таймаймыз.

Құдайды қастерлеу тақырыбына баса назар аударып отырғанымның себебі – қауымдар бұл тақырыпқа жеткілікті мөлшерде көңіл бөлмейді. Құдайды шын жүрегімінен сүйемін, Көктегі Әкемің перзенті болғанымға шексіз қуанамын. Құдайдың мейірімі бізді теріс жолдан қайтаратынын білемін (Римдіктерге арналған хат 2:4). Сонымен қатар, Құдайды қастерлеуіміз, Оның Төреші екенін ұмытпауымыз бізді күнәдан сақтайтынын да білемін.

Ал егер шынайы хабарды естіп-білгеннен кейін де әдейі күнә жасай берсек, онда бізді күнәмізден арылта алатын ешқандай құрбандық жоқ. Қайта, қиямет сотын және Иемізге қарсы шыққандарды жалмайтын тозақ отын үрейленіп күтуден басқа бізге түк те қалмайды. Егер біреу Мұсаға берілген Таурат заңынан бас тартып, онысын екі-үш күә дәлелдесе, сол адам аяусыз өлімге кесіледі. Ендеше Құдайдың рухани Ұлын аяқпен таптағандай менсінбеген әркім бұдан бетер қаншама ауыр жазаға лайық деп ойлайсыңдар!

Сондайлар Тәңір Ие Жаңа Келісімін бекіткен Исаның қаны арқылы күнәларынан арылғанмен, енді Оның қанына немкетті қарайды, әрі өздеріне Құдайдың рақымын жеткізген Киелі Рухты қорлайды. «Жазалау — Менің ісім, тиісті жазаларын тартқызамын Өзім!» дегеннің Кім екенін білеміз ғой. «Жаратқан Ие сотта тергейді өз халқын» деп те (Тауратта) жазылған. Мәңгі тірі Құдайдың қолына түсіп, сотталу қандай қорқынышты! (Еврейлерге арналған хат 10:26-31).

Құдайдың Өзі қасиетті деп санайтын нәрселерге жеңіл-

желпі қарасақ, аяғы күнәға апарып соқтырады. Құдай маңызды санайтын заттарға үстіртін қарап, Құдай үшін еш маңызы жоқ нәрселерге тым көп мән береміз. Жұрт алдында жақсы көрінуге тырысып бағамыз, ал Құдай алдында мұнымыздың ешқандай құндылығы жоқ.

Өздері көпе-көрнеу күнә жасап жүріп, “Мен Исаны сүйемін” дейтін адамдарды білемін. Рухани ахуалын Исаға деген сезімдерімен өлшейді. Күнә үшін өлі болуы керек еді олар. Алайда, Исаға деген сүйіспеншілігінің күші жеткіліксіз болып шықты. Өйткені, Құдайды қастерлемейді!

Құдайға көп жыл қызмет етіп, кейін түрмеге қамалған кісімен сөйлескенім бар. Ол адам қызметте жүріп, күнәға салынған, ақыры қаржылық қылмысы ашылып, жазаға тартылған болатын. “Джон, мен Исаны күнә жасап жүргенімде де сүйетінмін. Иса Ием емес, тек Құтқарушым еді” деген сөзі есімнен кетпейді. Ол кісі Құдайға емес, пендеге ұнамды болуды көздейтін. Жұрт мақтасын деп, ақшаны оңды-солды шашты. Қаражат жымқыруға мәжбүр болды. Сол түрмеде Жартқан Ие оған рақымын түсіріп, Құдайды қастерлеуді үйретті, тәубеге келтірді. Бүгінгі таңда рухани өмірі қалпына келді.

### **Құдайдың шақыруынан бас тарту**

Синай тауындағы оқиғаға қайта оралайық. Осы тұста назарымыздан тыс қалып жүрген нәрсе бар. Құдай Мұсаға “Төменге түсіп, һаронмен бірге қайта көтеріл» деп тапсырды (Мысырдан көшіп шығу 19:24). Алайда Мұса тауға көтерілгенде, неге екені белгісіз, һарон төменде, қоныста қалып қойды (Мысырдан көшіп шығу 32:1). Менің ойымша, һарон өзін басқа «сенушілердің» арасында жайлы сезінеді. Құдайдың алдына барғаннан, қоныста қалуды жөн көрді. Біз де сондай емеспіз бе? Бізге Құдаймен бірге болудан, қауымға бару, басқа сенушілермен қарым-қатынаста болу, қызмет ету қолайлырақ. Құдайдың алдында жалғыз қалудан, Көктегі Әкемізбен бетпестелуден, Жаратқан Иемізбен оңаша қалудан қашқақтаймыз.

Оның орнына көпшіліктің арасында жүріп, жұмысбасты болуға ұмтыламыз. Қуыскеуде екенімізді сезінбеудің амалы ма екен?

Нұн ұлы Ешуа, керісінше, Құдайға құштар адам. Ол Құдайдың құзырына мейлінше жақын болуға ұмтылатын еді. Мұса қырық күн бойы тау басында, Жаратқан Иенің алдында болғанда, Ешуа сол таудың етегінен ешқайда кеткен жоқ (Мысырдан көшіп шығу 32:17). Ол Құдайдың құзырына мейлінше жақындап барды, бірақ Мұса мен Һарон ғана шақырылған жерге аяқ баспады. Құдайды қастерлеп, айтқанынан аттамады.

Ешуа Нұн ұлы тау етегінде Мұса пайғамбарды күтіп жатқанда, қоныста қалған халықтың төзімі таусыла бастады. Халық иен далада, жетекшілері бір айдан асты, жоқ. Құдай да от болып көрінуін қойған сияқты. Халық Құдайдан да, Мұсадан да күмәндана бастады.

Ал Мұсаның таудың басынан ұзақ уақыт бойы төмен түспегенін көрген халық Һаронның қасына жиналып:

*— Кәне, бізге алдымызда жүріп отыратын тәңір мүсіндерін жасап беріңіз! Себебі бізді Мысыр жерінен бастап алып шыққан анау Мұса болса, оған не болғанын білмейміз, — деді (Мысырдан көшіп шығу 32:1).*

Сырт қарасаң, Исраилдіктер Құдайды құрметтейтін сияқты. «Мұса, Құдайдың ұлылығында шек жоқ. Жаратқан Иенің алдында тұруға біз лайық емеспіз. Сен барып сөйлес те, айтқанын бізге жеткіз. Біз Құдайдың айтқанын бұлжытпай орындаймыз» деген еді олар. Жаратушының асқан ұлылығын көре тұра, қастерлемеді, өздеріне пұт жасап алды. Енді, міне, Құдай үнсіз қалғанда, шынайы мінездері көрініп қалды.

Құдіреті мен кереметтерін көріп тұрғанымызда, Құдайды қастерлеу оңай. Алайда, Құдайдың құзыры анық сезілмеген, кереметтері көрінбеген уақытта да Жаратушысын қастерлеп-құрметтейтін адамдарды іздейді Иеміз. Әкесі көрмей тұрғанда да, айтқанынан шықпайтын балалардай болғанымызды

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

қалайды. Көрер көзге емес, көріп тұрған ешкім жоқта да бар ниетімізбен мойынсұнғанымыз – шынайы мойынсұну!

Жаратқан Ие Исраил халқына «Мені осылай алдайтындай кімнен соншама қорқып, зәрең ұшты? Мені есіңе алмай, Маған көңіл де бөлмедің. Ұзақ уақыт бойы үндемедім. Сол үшін де Менен қорықпайсың ба?» деді (Ишая пайғамбар 57:11). «Не себепті Менің халқым Мені қастерлемейді!» деп сұрап тұр. «Өйткені, ұзақ уақыт үндемедім» деп Өзі жауап береді. Яғни, Құдай Өзінің зор құдіретін біраз уақыт көрсетпесе, халық өзін Құдай мүлде жоқтай ұстайды. Құдай үнсіз қалғанда, шынайы ниеттеріміз ашылады.

Құдайдың құдіреті молынан төгілген, майланған жиналыстарда емес, шөл далада, сынақ уақытында нағыз сенушіге айналамыз. Қысым түскенде адам қандай болса, шын мәнінде сондай. Сын сағатта һаронның қалай әрекет еткенін көрейік:

Һарон оларға:

*— Ендеше әйелдерің мен ұл-қыздарыңның құлақтарындағы алтын сырғаларын шешіп алып, маған әкеліп беріңдер, — деп жауап қайырды. Сонда бүкіл жұрт құлақтарынан алтын сырғаларын шешіп алып, һаронға әкеліп берді. Һарон сырғаларды қолдарынан қабыл алып, балқытып, құралмен қағып, жас бұқа мүсінін жасады.*

*Сонда халық:*

*— Әй, Исраил, сені Мысыр елінен бастап алып шыққан тәңірің — осы! — десті (Мысырдан көшіп шығу 32:2-4).*

Олар Құдайдың жарылқауынан, Мысырдан алып шыққан алтыннан пұт жасап алды. Ал осыны жасаған һарон тауға баруға тиіс еді ғой, есіңізде ме? Һарон Мұсаның үні еді ғой. Бұрын ол қай сынақта да Мұсаның жанынан табылатын, ұлы кереметтерді де, тағдыр тауқыметін де бірге көрген адам

еді. Бұл жолы һарон халықтың қаһарынан қорқып, олардың жетегінде кетті. Құдайдан гөрі, пендеден көбірек қорықты. Халықтың талабына төтеп бере алмағаны да содан. һароннан батылдық табылмағандықтан, дарыны іске аспай қалды. Әлсіз жетекші осындай болады. Мұса кінәсін бетіне басқанда, һарон халықтан көрді.

Һарон:

*— Қаһарыңызды лаулата көрмеңіз, мырзам. Бұл халықтың жамандыққа бейім екенін өзіңіз білесіз ғой. Олар маған былай деді: «Бізге алдымызда жүріп отыратын Тәңір мүсінін жасап беріңіз! Себебі бізді Мысыр жерінен бастап алып шыққан анау Мұса болса, оған не болғанын білмейміз». Мен оларға: «Кімнің алтын әшекейі болса, соларын шешіп алсын», — дедім. Олар маған алтындарын беріп, мен оны отқа салдым. Сонда одан әлгі жас бұқа шыға келді, — деп жауап берді (Мысырдан көшіп шығу 32:22-24).*

Һарон жауапкершілікті өзінен ысырды. Халыққа берген бағасы, расында да, дұрыс еді. Пұт жасауды ойлап тапқан һарон емес, халық болатын. Алайда, қорқынышқа бой алдыруы мұң екен, орынсыз талапқа қасқая қарсы тұрып, халықты дұрыс жолға бағыттауға шамасы келмей қалды. Пендеден қорқып, қауқарсыз болып қалды.

Қарамағындағы адамдардан қаймығатын жетекшілер біреудің ырқына көніп, қол астындағыларға шын керек нәрсені емес, талап еткенін береді! Қорқыныш рухының құрбанына айналады. Құдайды, Құдайдың халқын сүйетінін қанша айтса да, қорқынышын жеңбей, өзі де, қарамағындағы адамдар да Құдайдың еркіне сай өзгерістерді көрмейді!

Құдайды қастерлейтін адам өзі туралы Құдайдың айтқанын ғана елеп-ескереді. Пендеден қорқатын адам өзі туралы Құдайдың не ойлатынын емес, жұрттың не дейтінін ескереді.

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Адамдардың көңілінен шығуды көздеп, Құдайдың көңілін қалдырады.

Қол астындағы адамдардың көңілінен шықпақ болып, олардың күткенін беретін жетекшілерді талай көрдім. Жақсы атын сақтап қалу үшін солай әрекет етеді. Өздері, бірақ, олай ойламайды. «Адамдардың жүрегіне жара салғаным дұрыс емес», «Осылай істегенім бәрімізге жақсы болады», «Осылай істесек, көбірек адамға қызмет ете аламыз» дегендей толып жатқан уәждері бар. Құдайдың Патшалығы – демократия емес, патшалық. Көпшіліктің көңілінен шығу маңызды емес. Әлсіз жетекшілер қабылдаған шешімдерінің түбінде қорқыныш жатқанын білмейді. Шынайы ниеттері – адамдарға деген сүйіспеншілік емес, жеке мүддесі.

### **Құдайды қастерлемесек, не болады?**

Құдай Мұсаға «Олардың Мені терең қастерлеп, өсиеттерімді түгел орындауға ниеттенген жүректері берік болса екен!» деп еді (Заңды қайталау 5:29), халық ондай болмады, Құдайды қастерлемеді. Әрі қарай не болғанын қараңыз. Шөл даланы бір жыл кезгеннен кейін Уәде етілген жерге кіретін уақыт келді. Құдай Мұсаға «Мен Исраил халқына табыстап отырған Қанахан елін барлап келу үшін сол жерге адамдар жібер» деді (Руларды санау 13:3). «Мен табыстап отырған» деген сөзге назар аударыңыз. Құдай «жерді көріп, ондағы халықты жеңе аласыңдар ма, барлап келіңдер» деген жоқ.

Сонымен, Мұса барлаушыларды Уәде етілген жерге жіберді. Олар қырық күннен кейін қайтып келді. Халықтың тұрмысы жақсы, қалалары ірі әрі бекіністері бар екенін жеткізді.

Он екі барлаушының көргені – бір ел, сол бекіністер, сол алыптар. Ешуа Нұн Ұлы мен Халеп сол күні-ақ жорыққа аттанып, Құдай Уәде еткен жерді басып алуға дайын еді. Ал қалған он барлаушы қорқынышқа бой алдырды. Олар тек мықты қаруланған жасақты, алыптарды көрді. Ешуа мен Халеп болса, Құдайдың ізгілігін және уәдесіне беріктігін көрді.



*Құдайды қастерлеу пенде алдындағы қорқынышқа қарсы*

Он барлаушы алдарында жатқан сүті мен балы аққан жерді ала алмайтынын айтты. Кешегі құлдар мұздай қаруланған жасақты қалай жеңбек? Халықтың үрейі ұшып, күңкілге салды.

*«Жаратқан Ие бізді бұл елге неге алып келе жатыр екен? Сол жерде біз семсерден қырыламыз, әрі әйел, бала-шағамыз жауға олжа болмақ. Одан да Мысырға қайта оралғанымыз жақсы емес пе!»  
(Руларды санау 14:3).*

Осы аяттардан қорқыныштың түп-тамырын көріп тұрмыз. Ол – «ертеңім қандай болады?» деген күдік. Өз қамын ғана ойлағандықтан, саналарын қорқыныш билеп кетті. Сұрақты «Құдай нені дұрыс көреді екен?» деп қоюдың орнына, «Қайтсек, жағдаймыз дұрыс болады?» деп ойлады.

Осыдан анық айта аламыз ба? Қорқыныштың түп-тамыры – өзімшілдік. Жаныңыз тәтті болса, өміріңізді сақтап қалуға барыңызды саласыз. Қауіп-қатер атаулыдан шошынатын боласыз.

Осынау тығырыққа халықты Құдайдың Өзі алып келді. Енді Құдайға үміт артқаннан басқа амалдары жоқ. Алдарында жатқан алқаптың тұрғындары өздерін жойып жіберетіндей көрінді. Құдайға сенудің орнына, Исраил халқы Құдай өздерін Мысырдан осы Қанахандықтардың қолымен қырып салу үшін алып шыққандай үрейленді. Осының барлығы сізге, бәлкім, күлкілі көрінетін шығар. Дегенмен, осыған ұқсас жағдай бәріміздің басымызда болады, өте қауіпті көрінген жағдайда Құдайға сенім артуымыз керек.

Қиын жағдайда Көктегі Әкенің мейірімді екеніне шүбә келтірмейтін адам ғана Құдайдың жолымен нық жүре алады. Құдай – ізгі. Жаратқан Ие еш уақытта Өзіне пайда, ал адамға зиян келтіретін нәрселерді істемейді! Құдайдың әр нәрсеге мәңгілік тұрғысынан қарайтынын ұмытпайық. Адам болса, жетпіс-сексен жылдың аумағында ғана ойланады.

Бас тартқан Құдай ма, адам ба?

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Халеп пен Ешуа қиын жолды таңдады. «...қызметшім Халеп ондай мінез көрсетпей, Маған шын жүректен сенімді болғандықтан, Мен оны ... сол елге апарып кіргіземін...Мен өздеріңді қоныстандыруға ант еткен сол елге Ефунне ұлы Халеп пен Нұн ұлы Ешуа екеуінен басқа сендердің ешқайсыларың кірмейсіңдер!» деп уәде берді Құдай (Руларды санау 14:24,30).

Өмірін сақтап қалмақ болғандардың сүйегі иен далада қалды. «Ал сендердің сүйектерің осы иен далада қалмақ. Уәделі елді қанша күн барлаған болсаңдар, сонша жыл, яки қырық жыл бойы өз кінәларыңның зардабын тартатын боласыңдар. Осылайша Менің өздеріңе қарсы болуымның не екенін ұғасыңдар» деп кесті Құдай (Руларды санау 14:32-34). Израил халқы пенденің қаһарынан қорқып, Құдайдың қаһарына ұшырады. Осы оқиғадан біз де сабақ алайық. «Жаратқанды шын қастерлеу — өмірдің бұлағы, ол ажалдың торынан адамды алшақтатады» (Нақыл сөздер 14:27). Құдайды қастерлеуді үйренейік, сол үшін дұға етемін. Қорқынышқа қарсы тұрып, Құдайдың жолында табанды болуыңызға Иемізді қастерлегеніңіз қалай септігін тигізе алатынын келесі тараудан біле аласыз.

## СІЗДІ КІМ БАСҚАРАДЫ?

**Қ**ұдайды қастерлеуден сенімділік пен батылдық туады. Қорқыныш түрлі жағдайлар немесе адамдар арқылы келуі мүмкін, кейде өзіміздің ойымыздан да туындайды. Көбінесе бізді басқа адамдар арқылы келетін қорқыныш мазалайды. Мұндай күйді пендеден қорқу деп атағанымыз дұрыс болар.

Адамдардың бізге салқын қабақ, реніш танытуынан, жазғыруынан қорқып, көңілдерінен шығуға барымызды салып жүргенімізде, Құдайды өз өмірімізден шеттеткенімізді байқамай қаламыз. Көзіміз көріп тұрған адамның көңіліне қаяу түсірмеймін деп, көзге көрінбейтін Құдайды қорлап жүрген жоқпыз ба?

Иса былай деген еді: “Достарым, сендерге айтамын: тәнді өлтірсе де, кейін басқа ештеңе істей алмайтындардан қорықпаңдар! Сендерге кімнен қорқу керек екенін

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

айтайын: өлтіргеннен кейін тозаққа түсіре алатын Құдайдан қорқындар! Сендерге тағы айтамын: Одан қорқып, Оны терең қастерлеңдер!» (Лұқа жазған ізгі хабар 12:4-5).

Пендеден қорқатын болсаңыз, қиын жағдайларда өз қамыңызды ойлап, басыңызды арашалап қалуға тырысатын боласыз. Құдайдың еркін емес, өз еркіңізді орындайсыз. Ал Құдайды шын қастерлейтін болсаңыз, қиындық атаулыны жеңіп шығасыз, сіздің жеңісіңіз арқылы Құдайдың аты дәріптеледі. Бір Құдай ғана сақтап қорғай алатынына көзіңіз жетеді. Мәңгі құндылықтарға сай келетін, ең жақсы жоспар – Құдайда ғана.

Киелі Кітапта мынадай тамаша уәде бар:

*Жаратқанды шын қастерлеу — берік сүйеніш,  
Әрі келер ұрпақ та бас сауғалар қорғаныш.  
Жаратқанды шын қастерлеу — өмірдің бұлағы,  
Ол ажалдың торынан адамды алшақтатады  
(Нақыл сөздер 14:26-27).*

Мына аятты да есте сақтағанымыз жөн:

*Пендеден қорқуы адамға тұзақ құрар,  
Жаратқанға сенуші қауіпсіз болар (Нақыл сөздер  
29:25).*

Қорқыныш – тұзақ. Ал Құдайды қастерлеуден сенім мен батылдық туындайды. Тұзақтан шығу үшін осы екеуі қажет.

## Қысым әшкерелейді

Сізге екі патша туралы айтып бермекпін. Екеуі де бір елде патшалық құрған, бір Құдайға адал боламыз деп ант-су ішкен. Бірі Құдайға ұнамды бола алмады, екіншісі Құдайдың көңілінен шықты. Осы екеуінің өмірін салыстыра отырып, Құдайды қастерлеу мен пендеден қорқудың айырмашылығын анық көреміз. Саулдың өмірінде болған, өзі аз зерттелген, өзі өте әсерлі бір оқиғаны қарастырайық.

Сонымен, Саулдың патша тағына отырғанына екі жыл. Сол

*Сізді кім басқарады?*

тоқ та тыныш екі жылда шынайы мінезі көрінген жоқ. Алайда, бір оқиға Саулдың жүрегін ашып көрсетті.

Саул ең мықты жауынгерлерімен бірге Миқмаста еді. Філістілер қалың қол жинап, Израил патшасына қарсы шықты (Патшалықтар туралы бірінші жазба 13:5-15). Олардың үш мың соғыс күймесі, соларға мінетін алты мың жауынгері және теңіз жағалауындағы құм қиыршықтарындай сансыз жаяу жасақшылары болды. Не деген зор күш! Үш мың соғыс күймесімен бетпе-бет келу үш мың танкіге қарсы шыққанмен бірдей. Філісті жасағындағы адам саны тіпті есепке де келмейді! Израил жасақшыларын үрей биледі.

Жау жан-жақтан тықсырғандықтан, Израилдің жасағы қашып кетіп, үңгірлер мен шатқалдарды, жартастардың қуыстарын, шұңқырлар мен жер астындағы су қоймаларын паналады.

Израилдіктердің зәресі ұшты. Кейбіреулері тіпті Иордан өзенінен өтіп, Ғад пен Ғилақад аймағына қашып құтылды. Ал Саул әлі де Ғылғалда еді, жанындағы сарбаздарының бәрі қорыққаннан қалшылдап тұрды.

Әрбір шайқастың алдында Израил халқы Құдайға құрбандық шалып, құлшылық етуге тиіс еді. Самуил пайғамбар бірнеше күннен кейін құрбандық шалуға келетінін Саулға алдын-ала айтқан болатын. Самуил өзіне айтқандай, Саул жеті күн күте тұрды. Бірақ Самуил Ғылғалға келіп болмаған соң, жасақ Саулдың қасынан бытырап кетіп жатты (Патшалықтар туралы бірінші жазба 13:8).

Қысым күшейіп бара жатты. Сонда Саул: «Шалып, өртеп ұсынуға арналған және басқа да құрбандық малдарды маған алып келіңдер!» деп бұйырды. Содан ол өзі малдарды құрбандыққа шалып, Құдайға бағыштап өртеп жіберді. Осы рәсім бітісімен Самуил де келе қалды. Саул амандасып, қарсы алу үшін алдынан шықты. Самуил оған:

*— Сен не істедің? — деген сұрақ қойды.*

*Саулдың жауабын зейін қойып оқып шығыңыз.*

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

— Қасымдағы адамдарымның бытырап кетіп жатқанын көрдім. Ал өзіңіз келемін деген уақытта келмей қалдыңыз. Оның үстіне філістірлер Миқмасқа жиналды. Мен сонда філістірлер қазір Ғылғалға келіп, маған қарсы шабуыл жасамақшы, ал мен өзіме оң көзімен қарасын деп Жаратқан Иеге әлі де сый-тарту ұсынған жоқпын ғой деп ойладым. Содан мен құрбандықты шалып, өртеп ұсынуға тиістімін деп есептедім, — деді (Патшалықтар туралы бірінші жазба 13:11-12).

Самуил Саулды «Сен өз Құдайың — Жаратқан Иенің берген бұйрығын орындамай үлкен ақымақтық жасадың!» деп ашкереледі.

Енді өзіңізді Саулдың орнына қойып көріңіз. Сіз – жетекшісіз. Жасағыңызбен қоса жау әскерінің алдында тұрғаныңызға жеті күн болды. Жауынгерлеріңіз бытырап жан-жаққа қашуда, жаудың күші болса, күн санап артуда. Жаныңызда қалған жауынгерлер үрейден қалш-қалш етеді. Құдайға құрбандық шалатын пайғамбар да келмей қойды!

Не деген қысым! Май шығаратын баспақ – осы. Жан-жақтан «бірдеңе істесейші, бәріміз осы жерде қырылып қаламыз ғой!» деген дауыстар естіледі. Құдай айтқандай, сабыр сақтап, пайғамбарды күтесіз бе, әлде қиын жағдайдан шығудың амалын іздейсіз бе?

Саул патшаның жағдайы осындай еді (Патшалықтар туралы бірінші жазба 13:1-8). Өкінішке орай, Саул қысымға төзе алмады. Пайғамбардың ескертуін бұзып, құрбандықты өзі шалды. Саул өзін ақтап былай дейді: «Мен сонда філістірлер қазір Ғылғалға келіп, маған қарсы шабуыл жасамақшы, ал мен өзіме оң көзімен қарасын деп Жаратқан Иеге әлі де сый-тарту ұсынған жоқпын ғой деп ойладым. Содан мен құрбандықты шалып, өртеп ұсынуға тиістімін деп есептедім» (Патшалықтар туралы бірінші жазба 13:12). Құрбандық шалғанда, Саул халықтың көңілін аулаған еді. Енді Самуилдің алдында Құдайшыл адам

болып көрінбек. «Құрбандықты шалуға тиістімін деп есептедім» дейді Саул. Шын мәнінде ол қорқынышқа бой алдырып, қиын жағдайдан шығудың амалын жасаған еді.

## **Әрекет ет!**

Осындай жағдай көбіміздің басымызда болған.

«Құдай сабыр сақтап, тыныштықта болғанымды қалайды. Бірақ жағдайды өзгертуім үшін әрекет етуім керек» деп ойлаған кезіңіз болды ма?

Достарым мен қарамағымдағы адамдар «Джон, бірдеңе істеуің керек!» деп жан-жақтан қаумалаған кездер болды. Алайда, Құдайдан ондай сөз келген жоқ.

Ең қиыны – Құдайды күту. Әсіресе, Құдайдан ешқандай сөз келмесе күту тіпті қиын! Бұл ақиқат бүгінгі таңда ерекше өзекті. Бай Америкада тұратын біздердің қандай да бір әрекетке қашанда шамамыз жетеді. Ол ісімізге Құдай қатысады ма, жоқ па, ол жағын таразылай бермейміз. Табиғи қабілетіміз бен адами күш-қуатымызға сүйеніп, әлдебір нәрселерді жарата аламыз, онымыз, тіпті, Құдайдың қолынан шыққандай көрінуі де мүмкін.

Шешім қабылдайтын сәтте Киелі Кітаптың қай тарауы мен қай аятына сүйенерімізді білмей қалатынымыз бар. Құдайдың не айтатынын үнемі білгіміз келеді. Бірақ кейде Құдай үнсіз қалғандай болады. Алайда, Жаратқан Ие үнсіз емес, Ол “Айтқанымды бұлжытпай орындай бер. Ештеңе өзгерген жоқ!” дейді. Алаңдап, қорқып қалған кезімізде Құдайдың бұрынырақ айтқанын түк болмағандай орындай беру тіпті қиынға соғады.

Құдайдың өзіме айтқан сөзін сіздермен бөліспекпін. Жаңа жылдың қарсаңы болатын. Басқа елдемін, қырық алты сағат жол жүріп, күн сайын екі уағыз айтып, әбден қалжыраған едім. Түнгі екіде қалың ұйқыдан оянып кеттім. Мені ұйқыдан Құдай ғана осылай оята алады. Дегенмен, қажып қалған екенмін, тұра алмадым.

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Құдайдың сол түні айтқан сөзі жеке өзіме арналған болатын. Дегенмен, қиын-қыстау кезеңді басынан өткізіп жүрген оқырманыма демеу болар деген ниетпен сол сөзді сізбен бөліспекпін. Төменде сол сөздің бір бөлігін келтіремін.

Біраз уақыт сен өзіңді менің назарымнан тыс қалып қойғандай сезіндің. Сені сынап, Менің жетелеуім болмаған жағдайда, өз бетіңмен жүретін-жүрмейтініңді тексердім. Менен сөз келмегенде, сен де әрекет етпедің, мұның көңілімнен шықты. Менің нұсқауымды үміттеніп күттің, өз жоспарыңды құрған жоқсың. Енді ұлы кереметтеріңді көресің. Әйелің екеуіңе ерекше жоспарымды ашамын, оның орындалуы сендерді зор қуанышқа бөлейді.

Лиза екеуіміз де өзімізді жігерсіз, ынжық біреудей сезініп жүрген кезіміз болатын. Орындалмай жүрген армандарымыз бен мұқтаждықтарымыз көп еді. Соңғы бірнеше жылда екеуіміз де көп қиындық көрдік. Жанашыр достарымыз әрекет етуге итермеледі. Бірақ олардың кеңестері Құдайдан келген сөз емес екенін сездік. Олардың ақыл-кеңестері теріс не қате болған жоқ, біздің жағдайымызды жақсы жағына қарай өзгертпек ниеттері бар еді. Сынақтың мәні осыда болатын.

Өзімізге түскен қысымды азайту үшін қам-қарекет жасай алар едік. Алайда, Құдай бізді әлдебір әрекетке жетелеген жоқ.

Келесі жылдың басында-ақ Құдайдың ең батыл қиялымыздан да асып түскен кереметтерін көрдік! Бір айдың ішінде өмірімде осынша өзгерістің болғанын бұдан бұрын көрген емеспін.

Қысым түскенде, бағыттан таймау маңызды. Құдайдың айтқанын табандылықпен орындай беруіміз керек.

### **Құдайдың көңілінен шыққан адам**

Саул қорқынышқа бой алдырды. Патшаның беделіне, өміріне, тағына қауіп төнді. “Қимылдама, күт” деген Құдайдың бұйрығын біле тұра, шұғыл әрекетке кірісіп кеткені де содан. Самуил Саулға үкім шығарды:



*Ал сен Жаратқан Иенің саған бұйырғанын жүзеге асырмадың. Енді патшалық етуің берік болмайды! Жаратқан Ие Өзінің көңілінен шыққан біреуді тауып алады. Сол адам Оның меншікті халқының басшысы болады (Патшалықтар туралы бірінші жазба 13:14).*

Саулдың үрейге бой алдырғаны бұл ғана емес. Қысым түскенде Құдайдың айтқанынан тайқып кеткен сәттері – өз алдына бір тізім. Бір жолы Құдай Саулға «амалек елін шап! Қаладағының барлығын Маған бағыштап толық өртеп жібер» деп бұйырды. Алайда, патша қаладан түскен олжаны жасақшыларының бөліп алуына рұқсат берді. Пенденің көңілінен шыққысы келді. Самуил патшаның тілазарлығын әшкерелегенде, Саул: «Мен Жаратқан Иенің бұйрығын және сіздің айтқандарыңызды орындамай күнә жасадым. Жасағымнан сескеніп, солардың айтқандарын істедім» деп, күнәсін мойындады.

Алайда, Саулдың «Мен күнә жасадым. Алайда мені халқымның рубасыларының көзінше әрі бүкіл Израилдің көзінше құрметтей көріңіз!» деген сөзі патшаның шынайы ниетін ашып көрсетті. Саулды күнә жасағаны емес, ел алдындағы беделі мазалап тұр (Патшалықтар туралы бірінші жазба 15:30).

Осы мінезі Саулға әлі талай рет күнә жасатты. Қол астындағы адамдардан қаймыққан сайын, жетекші ретінде әлсірей берді. Өздеріне-өздері сенімсіз жетекшілер көбіне солай болады. Жағдайды бақылап отырғандай көріну үшін кейде дөрекі сөйлеуден де жиренбейді. Онысы – іштегі сенімсіздігін, қобалжу-қорқынышын жасырудың амалы ғана.

Самуил Саулға “Жаратқан Ие Өзінің көңілінен шыққан біреуді тауып алады. Сол адам Оның меншікті халқының басшысы болады» деді (Патшалықтар туралы бірінші жазба 13:14). Ондай адам – Дәуіт. Құдайға құштармын дейтін адамдар көп. Мен болсам, Құдайдың аузынан «көңілімнен шықтың» деген сөзді естуге құштармын. Құдайды шын сүйетін әрбір сенушінің арманы осы екенін білемін! Құдайдың Дәуітке не

себепті жоғары баға бергенін білгім келіп, Дәуіттің өмірін мұқият зерттеп шықтым.

Байқағаным, Дәуіт не істесе де, Құдайдан сұрап істейтін. Қиын жағдайда үнемі Құдайдың алдын келіп, жетелеуін сұрайтын еді. Дәуіттің өмірінде болған ең қиын жайттарды шолып шығайық.

### **Жағдай ушығуы мүмкін бе?**

Саул патша болып тұрғанда, Дәуіт қол астындағы адамдарымен бірге філістілердің жерін паналады. Філістілер Исаил жеріне шапқыншылық жорығын бастағанда, оларға жасақшыларымен бірге Дәуіт те қосылды. Алайда, бұл жайт філісті қолбасшыларына ұнамады. Олар Дәуітті жасағымен бірге қайтарып жіберді.

Дәуіт жауынгерлерімен бірге філістір жеріндегі мекені Сикеләгке қайтып кетті. Шайқастан шеттетілген жасақшылардың ұнжырғасы түсті. Өз елінен шетқақпай болған бұларды, енді бөтен елдің патшасы да шайқасқа жолатпады. Дәуіттің жүрегін жалғыздық сезімі сыздатса керек. Бұл бір жабырқау күн еді. Бірақ алда күтіп тұрған сұмдықпен салыстырғанда, мұнысы түк те емес. Сикеләгке қайтып келгенде, Дәуіттің көргенін, сондағы сезімін көз алдыңызға келтіріп көріңізші.

Дәуіт адамдарымен үшінші күні Сикеләгке жетті. Ал амалектіктер Яһуда жерінің оңтүстігіне және Сикеләгке жорыққа аттанып, осы қалаға шабуыл жасап, өртеп жіберген еді. Олар қаладағы әйелдер мен үлкенді-кішілі басқа адамдардың барлығын да тұтқындап, ешқайсысын өлтірмей, өздерімен бірге алып кеткен болатын. Дәуіт сарбаздарымен Сикеләгке жеткенде, қала өртелген, ал әйелдері мен ұл-қыздары айдалып әкетілген екен. Сонда бәрі дауыстап жоқтап, әлдері құрығанша егіліп жылай берді. Дәуіттің екі әйелі, ізрелдік Ахиноғам мен кәрмелдік Набалдың жесірі Әбигел де тұтқындалыпты (Патшалықтар туралы бірінші жазба 30:1-5).

Дәуіттің сондағы күйін ойлап көріңізші. Әйел, бала-шағасы жаудың қолында кетті, қымбат дүниесі таланды, қалғаны

өртке жанып, күлге айналды! Бір өзі емес, жауынгерлерінің де отбасылары ойрандалды. Онсыз да тауы шағылып келе жатқан адамдар еді. Енді шаңырақтары ойрандалып, үйлерінің күлі көкке ұшыпты. Әрі қарай не болғанын көрейік:

Сарбаздар ұл-қыздарын жоқтап, ызаланып, тіпті: «Дәуітті таспен атқылап өлтіреміз!» десті. Осылайша Дәуіттің жағдайы аса қиын болды (Патшалықтар туралы бірінші жазба 30:6).

Жетпегені осы еді. Дәуіттің үзеңгілестері енді бала-шағасының қорғансыз қалғанын Дәуіттен көріп, таспен атып өлтірмек! Осыдан қиын жағдай бола ма? Саул өткен сынақтан әлдеқайда ауыр жайт. Дәуіттің жанында қолдау көрсетер бір жан жоқ. Саулдың жанында қорқақ жасағы бар, отбасы аман еді, және өз жауынгерлері өзіне «өлтіреміз!» деп тап берген жоқ.

Өзін мүлде жалғыз сезінген сәттер сенушілердің көбісінде болады. Мұндай жағдайға Құдайдың Өзі жол береді деп сенемін. Құдай адамға жамандақ жасамайды, дегенмен, осы сияқты қиын-қыстау кезеңдердің адамға пайдасы барын біледі, сондықтан жол береді. Дәуіт тағдырға мойынсұнып, ызалы жасақшылардың қолынан қаза болуы да мүмкін еді. Бәлкім, жаудың соңына түсер ме еді, жауынгерлердің ыза аралас қайғысын тарқатудың басқа бір амалын табар ма еді. Дәуіттің не істегенін көрейік:

Алайда ол Құдай Иесіне сиынып, Одан қайрат-жігер алды. Содан Дәуіт Ахимәлік ұлы Абиятардан: «Бас діни қызметкердің жеңсіз сырт киімін алып келіңіз» деп өтінді. Діни қызметкер оны әкелген соң, Дәуіт Жаратқан Иеден:

*— Осы шапқыншы әскердің соңына түсейін бе?  
Оларды қуып жете аламын ба? — деп сұрады.*

Жаратқан Иенің жауабы мынау болды:

*— Соңына түс! Қуып жетесің, құтқарып та аласың! (Патшалықтар туралы бірінші жазба 30:6-8).*

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Адам айтқысыз қысым түскенде де, Дәуіт Құдайдың бұйрығынсыз орнынан тапжылмады. Құдайдың уәдесіне берік екенін, Құдаймен арадағы мызғымас Келісімді есіне түсірді. Содан кейін не істеу керектігін Құдайдан сұрады. «Соңына түс!» деді Жаратқан Ие.

Дәуіт жаудың соңына түсті. Дәуіт осылайша амалектіктердің алып кеткендерінің бәрін де, өзінің екі әйелін де құтқарып алды. Сарбаздардың үлкенді-кішілі адамдарынан, ұл-қыздары мен жинаған олжаларынан, амалектіктердің бұлардан қолға түсіргендерінен ештеңе де жоғалмапты, Дәуіт бәрін де қайтарып алды (Патшалықтар туралы бірінші жазба 30:18-19).

Үзілген үміттің соңы ұлы жеңіске айналды. Біздің Құдайымыз үшін қиын нәрсе жоқ. Дәуіт пендеден емес, Құдайдан қорықты, яғни, Жаратқан Иені қастерледі. Сондықтан қашанда ең әуелі Құдайға жүгінетін еді. Қысым түскендегі әрекеті Саулдыкінен мүлде өзгеше.

Саулдың істері – мәжбүрліктен туған, ауыр жағдайдың қысымымен жасалған әрекет болса, Дәуіттің істері – Құдайдың жетелеуімен жасалған әрекет. Бізде Мәсіхтің ой-ниеті болса, батыл әрекетке дайынбыз. Қай жағдайда да, қиындықтың мәжбүрлеуімен емес, Құдайдың айтқанымен жүре аламыз.

## Салауатты ой-сана

Алдыңғы тараулардың бірінде қорқынышты адами батылдық емес, Киелі Рухтың құдіретінен, сүйіспеншіліктен, салауатты ой-санадан бастау алатын батылдық жеңетінін айттық.

Сол себепті саған ескертемін: мен үстіңе қолымды қойып сиынғанымда Құдай рақым етіп, өзіңе берген дарынды көбірек ынтамен қолдан! Өйткені Құдай бізге қорқыныш емес, күш, сүйіспеншілік және ұстамдылықты (ағылшын тіліндегі Киелі Кітапта – «салауатты ой-сана») дарытатын Киелі Рухын сыйлады (Тімотеге арналған екінші хат 1:6-7).

Күш, сүйіспеншілік, салауатты ой-сана – үшеуі де Дәуіттің бойынан табылды.

*Сізді кім басқарады?*

1. Күш-құдірет. Дәуіт Құдайды жақыннан таныған еді. Басынан не өтсе де, Құдайдың мейірі үстем екеніне нық сенімді.
2. Сүйіспеншілік. Дәуіт Құдайды жанынан артық көрді.
3. Салауатты ой-сана. Қысым қаншалықты зор болса да, Дәуіт Құдайдан нұсқау алмай, орнынан тапжылмайды.

Рухымыз күш-құдіретке, сүйіспеншілікке, Құдайдың Сөзіне толы болса, қорқыныштың құрбанына айналмаймыз. Және осы қасиеттердің бірі ғана емес, үшеуі бірдей қажет. Бірі ғана жеткілікті болса, Пауыл солай жазар еді.

Күш-құдірет пен сүйіспеншілікті жоғарыда егжей-тегжейлі қарастырдық. Енді салауатты ой-санаға келейік.



## САЛАУАТТЫ ОЙ-САНА

**С**алауатты ой-сана Құдайдың не айтып тұрғанын, не істеп жатқанын біледі.

Бейхабар қалу қорқынышты. Бейхабар қалу дегеніміз – мәліметтің, білімнің жетіспеушілігі. Киелі Жазбада білімнің құндылығы жайлы көп айтылған. «Дананың қуаты басым болар, білгірдің күші нығайып толар» (Нақыл сөздер кітабы 24:5). «Әділ жан түсінігімен аман қалар» (Нақыл сөздер 11:9). Білім қорқыныштың тұзағынан құтқарады.

Адами білім бар да, рухани білім бар. Рухани білім адами білімнен үстем, ол табиғаттан тыс.

Тімотеге арналған екінші хаттың 1-ші таруы, 6-7 аяттарында Паул елші қорқынышты жеңуге қажет үш элементті атап берген болатын. Олар: сүйіспеншілік, күш-қуат, салауатты ой-сана. Осы тарауда соңғысы туралы сөз болады.

Сонымен, салауатты ой-сана дегеніміз не? Киелі Жазбаны жақсы білу ме? Исаның шәкірттері сауатсыз балықшылар еді. Соған

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

қарамастан, Исраил еліндегі ең білімді адамдар – саддукейлер – шәкірттердің даналығы мен батылдығына тәнті болды.

Кеңес мүшелері Петір мен Жоханның батылдығын көріп, олардың арнайы діни даярлықтан өтпеген қарапайым адамдар екенін байқағанда таңғалды. Сондай-ақ, олар екеуінің Исаның шәкірті болғанын білді (Елшілердің істері 4:13).

Ғибадатханадағы арнайы діни білімі бар қызметкерлер Степан есімді адамның шаңына да ілесе алмады. Киелі Кітап мынадай куәлік келтіреді: «Бірақ олар оның даналығына қарсы еш нәрсе істей алмады, себебі Степан Киелі Рухқа сүйеніп сөйлейтін» (Елшілердің істері 6:8).

Салаутты ой-сананы адами ақыл-парасат, не болмаса Киелі Жазбаны оқып зерттеу қалыптастыра алмайтынын байқаймыз. Олай болса, салаутты ой-сана қайдан келеді?

## Рухани білім

Мәсіхтің ой-санасымен таныс адамның санасы салаутты болады. Киелі Жазбаны жақсы білгеніңіз Мәсіхті білгеніңіз емес. Өйткені, «Жазылған заңдар рухани өлім әкеледі, ал Киелі Рух шынайы өмір сыйлайды» (Қорынттықтарға арналған екінші хат 3:6).

Киелі Жазбаларды парызылдардан артық білетін адам жоқ, бірақ олар Киелі Жазбаның рухын танымайды. Сол себепті, олардың қызметі өмір емес, өлім әкеледі, Құдайға деген құштарлықты лаулатудың орнына, адамды Жаратқан Иеден алшақтатады. Құдайды өздері жүрегімен емес, санасымен ғана танығандықтан, заңшылдық білімдері Құдай мен адам арасына жік салады.

Иса «Адам тек нанмен ғана емес, Құдайдың аузынан шығып отыратын әрбір сөзімен өмір сүреді» деп (Тауратта) жазылған ғой!» деген еді (Матай жазған Ізгі хабар 4:4, орысшадан аударма). «Бұрын шыққан» деген жоқ, олай десе, өткен шақ болар еді. Құдайдың аузынан шыққан сөз – Киелі Жазба.

Пауыл елші “шығып отыратын” деп жазды (басқа тілдерде солай жазылған). Яғни, осы шақ етістігі қолданылған. Демек,



болып кеткен жайтты емес, дәл қазір істеліп жатқан әрекетті айтады. Жаратқан Иенің бүгін не айтып тұрғанын білгіміз келсе, Киелі Жазбаның авторы болып табылатын Құдайды біліп танығанымыз жөн. Жохан елші былай деп жазған еді: «... шындықты білдіретін Құдай Рухы келгеннен кейін сендерді бар шындыққа жеткізеді. Себебі Ол Өзінен шыққан сөзді емес, көктегі Әкемнен еститінін айтады және болашақта не болатынын сендерге хабарлайды. Құдай Рухы Менің ұлылығымды көрсетеді, себебі Ол Менен қабылдаған хабарларды сендерге жеткізбек» (Жохан жазған Ізгі хабар 16:13-14, орысшадан аударма). Иса «естігенін» деген жоқ, «еститінін» деді. Киелі Рух бізге Исаның қазір не айтып тұрғанын ашады.

«Олай болса, Киелі Жазбаның қажеті бар ма?» деуіңіз мүмкін. Киелі Жазба – бізді бағыттап отыратын жол нұсқаушы. Киелі Кітап Құдайдың жетелеуімен жазылған. Киелі Рух әлдебір аяттарды ашып бергенде, сол сөздерді санамызбен ғана емес, жүрегімізбен ұғамыз. Киелі Рухтан естігеніміз Киелі Жазбаға ешқашан кереғар келмейді, қайта оған негізделеді. Киелі Жазба – айнымас өлшем, сенімді стандарт. Алайда, Киелі Жазбаны санасымен ғана қабылдаған адам Киелі Рухты шектеп, айтқанын қабылдай алмайды. Парызшылдардың мүлт кеткен жері – осы.

## Тарау мен аятты білгеніңіз жеткіліксіз

Парызшылдар – өте білімді. Олар Көне Өсиеттегі алғашқы бес кітаптың мазмұнын жатқа біледі! Киелі Жазбаны мұқият зерттеп, Мәсіхтің келуін аңсап жүрген адамдар. Алайда Киелі Жазбаны адами санасымен ұғынып, сол ұғымдарына сай болып келетін Мәсіхті күтті. Олар Ишая пайғамбардың айтқанын жақсы біледі:

*... Сәби дүниеге келді,  
Біз үшін осы Ұл сыйға берілді!  
Билік Оның қолында қала береді:  
Ол «керемет ақылды Кеңесші,  
Құдіретті Құдай, Мәңгілік Әке,  
Тыныштықты сыйлайтын әмірші»*

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

*Деп те аталатын болады.  
Оның құрған билігі арта түсіп,  
Орнатқан тыныштығы шексіз болады,  
Өзі Дәуіттің тағына отырып,  
Мәңгі патшалығын сол кезден бастайды,  
Әділдікпен нығайтып, жалғастырып,  
Ақиқатты да ұстанатын болады.  
Барлық қайрат-жігерімен бұларды  
Әлемнің Иесі іске асырады! (Ишая пайғамбар 9:6-9).*

Парызшылдар күткен Мәсіх халықты Римдік басқыншылардан азат етіп, Дәуіттің тағын нығайтып, Өз патшалығын орнатуға тиіс еді. Жанына надан балықшылар мен салық жинаушылардан шыққан шәкірттерін ертіп, Назарет қаласынан ағаш ұстасы келгенде, Оны Мәсіх деп қабылдай алмады.

Киелі Жазбаны тек санасымен қабылдағандықтан, парызшылдар Исамен қақтығыса беретін. Олардың пайымдауынша, Мәсіх халықты соңынан ерткен, ұлы көсем болып келуге тиіс еді. Олар Исаға «Мәсіх болсаң, ұлылығың, салтанатың, патшалығың қайда? Дәуіттің тағында неге отырмайсың?» деген сұрақтарды жаудырғаны да содан.

Иса оларға былай деп жауап берді: «Құдайдың Патшалығының қашан орнайтынын адамдар алдын ала білмейді. Сондай-ақ оны «Міне, мұнда!» не «Әне, анда!» деуге болмайды. Себебі Құдайдың Патшалығы сендердің жан дүниелеріңде» (Лұқа жазған ізгі хабар 17:20-22).

Біз Исаның өлімнен қайта тірілгенін білеміз, сондықтан сөзінің ақиқат екеніне күмәніміз жоқ. Ал парызшылдар өздерінікін дұрыс санады. Алайда, олардың өз пікіріне деген сенімділігі Киелі Жазбаны санамен ғана ұғынудың салдары еді.

## Киелі Рухтан келетін аян

Мәсіхті Шимон есімді адам да күтіп жүрген болатын. Ол парызшылдардай білімді емес. Дегенмен, Шимон туралы Киелі Кітапта былай деп жазылған:

Сол кезде Иерусалимде Шимон есімді кісі тұратын. Ол Исраил елінің көрген азабынан құтқарылуын аңсап күтіп келген әділ, Құдайды қастерлейтін жан еді. Киелі Рух оған қонған болатын. «Жаратқан Ие жіберген Құтқарушы Мәсіхті көрмей тұрып өлмейсің», — деп Киелі Рух Шимонға алдын ала айтқан еді. Енді Шимон Киелі Рухтың жетелеуімен ғибадатханаға барды. Таурат заңына сәйкес рәсімдерді атқару үшін әке-шешесі Сәбиі Исаны ғибадатханаға әкелгенде, Шимон Оны қолына алып, Құдайды былай деп мадақтады:

*«Уа, Әлемнің Әміршісі, сонымен Сен енді,  
Өзің алдын ала айтқандай, мендей пендеңді  
Тыныштықпен о дүниеге аттандырасың.  
Сен бар ұлттар алдында дайындаған құтқаруың —  
Саған бағынбаған ұлттардың көзін ашатын,  
Әрі халқың Исраилдің даңқын шығаратын  
«Нұрыңды» мен қазір өз көзіммен көріп тұрмын!»  
Жүсіп те, Нәрестенің шешесі Мәриям да Иса  
туралы айтылғандарға қайран қалды (Лұқа  
жазған Ізгі хабар 2:25-30, 33).*

Әке-шешесі Исаны ғибадатханаға алғаш рет әкелгенде, Оның жасы алты мен екі жас аралығында еді. Ғибадатхана — көптеген қосалқы құрылыстары бар зәулім ғимарат. Бір мезетте ғибадатханада жүздеген, тіпті, мыңдаған адам болуы мүмкін

Осы орайда мынадай жайтты көз алдыңызға келтіруіңізді сұраймын: ғибадатханаға Ғалилеядан келген ағаш ұстасы кіреді, жанында алты айлық сәбиін көтерген келіншегі бар. Қарақұрым халықтың арасынан қарт Шимон ерлі-зайыптыларға қарай асығады. Нәрестені қолына алып, «Мәсіх!» деп жар салады. Жүсіп пен Мәриямның неліктен таң қалғанын түсініп отырған боларсыз.

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Көріп отырғаныңыздай, Шимон Мәсіхтің келуін арнайы кітаптардан оқып, не болмаса, зерттеу жүргізіп барып білген жоқ. Мәсіхтің әне-міне келетінін оған Киелі Рух ашып берген болатын. Фибадатханаға да Киелі Рухтың жетелеуімен келген еді!

Негізі, бұл таңғажайып нәрсе. Өзін Құдай Заңының маманы санай алмайтын адам Исаның алты айлық нәресте кезінде-ақ Мәсіх екенін білді. Парызшылдар болса, Мәсіхтің Мәсіх екенін отыз жылдан кейін де, жындарды шығарып, науқастарды сауықтырып, өлілерді тірілтіп жүрсе де, тани алмады. Мәсіхтің ой-санасы мен Киелі Жазбаны адами ақылмен ұғынудың айырмашылығы – осы.

Парызшылдардың Көне Өсиетті санасыман ғана қабылдап, ішкі сырын ұқпағанындай, біз де Жаңа Өсиеттің жазуын оқып, рухын аңғармай қалып жүрген жоқпыз ба? Киелі Жазбаны, доктриналарды зерттеумен шектеліп, Иемізді Тұлға ретінде танудан құр алақан қалып жүрген жоқпыз ба? Доктриналар Құдаймен арадағы қарым-қатынасымызды нығайтпайды, тек солай қарай қадам жасауымызға септігін тигізеді. Некеміз қиылғанда, Лизаға адал боламын деп уәде бердім. Солай істеуім керек екенін әлдебір кітаптан оқып алған жоқпын, уәде беруімнің себебі – Лиза екеуіміздің арамызда жеке қарым-қатынастың болуында.

Сонымен, Киелі Кітап оқығанды қоюымыз керек пе? Жоқ, олай емес, әрине! Бәлкім, басқаша оқуымыз керек шығар. Киелі Кітапты қолыма алған сайын, Киелі Рухтан Құдайдың Сөзін ашып беруін сұраймын. Оқып отырғанымда, ақиқат санамда ғана емес, жүрегімде де ашылады. Ол – әлдебір ақпарат, мәлімет емес, өмірімді өзгертер құдіреті бар ақиқат!

Салауатты ой-сана Құдайдың дәл қазір не істеп жатқанын, не айтып тұрғанын біледі. Мұны бізге Киелі Рух қана ашып бере алады. Киелі Рух бізге Киелі Жазба арқылы немесе ішкі күйлік арқылы сөйлейді. Оның даусы биязы да жұмсақ. Құдайдың не айтып тұрғанын білетін адам өмірін мызғымас іргетасқа қалайды.

## Ол ерекше билікпен сөйлейді

Инжілде Исаның сөздері мен үнінде ерекше билік болғаны бірнеше қайтара айтылған.

Иса сөзін аяқтағанда, халық Оның тәліміне қатты қайран қалды. Себебі Иса оларға өздерінің дін мұғалімдері сияқты емес, Құдайдан ерекше билігі бар Біреу ретінде тағылым берді (Матай жазған ізгі хабар 7:28-29).

Исаның сөзінен ғана емес, әрбір ісінен де билік Иесі екені көрініп тұрды. Келесі мысал:

*Барлық жұрт үрейлері ұшып: «Бұл не деген сөз? Ол жындарға билікпен және құдіретпен бұйрық беріп, олар шығып кетеді ғой!» — деп таңғалысты (Лұқа жазған ізгі хабар 4:36).*

Исаның әрбір іс-әрекетінен үстемдік нышаны байқалатын. Исаның рухани әлемдегі теңдесі жоқ билігін римдік жүзбасы да мойындаған еді. «Мырза», деді ол «мен Сіздің шаңырағымның астына келуіңізге лайық емеспін. Тек бір сөз айтсаңыз болды, қызметшім сауығып кетеді (Матай жазған ізгі хабар 8:5-10). Римдік жүзбасы Исаның қолындағы биліктің қайдан екенін білді. Бұл жалғыз Исаның билігі емес, Жаратқан Иенің Өзі қамтамасыз еткен билік болатын. Сондықтан да Иса Киелі Рухқа толықтай мойынсұнды. Көктегі Әкенің еркін жердегі адамға ашып беретін – Киелі Рух.

Римдік жүзбасы «Мұны білемін, себебі мен де біреудің қол астындамын, өзіме бағынышты жасақшыларым да бар» деді. Мұндай сөзді естіп, Иса қатты таңырқады. Билікке қол жеткізудің бірден-бір жолы – билікті мойындау екенін түсінеді екен! Өзі де билікке мойынсұнғандықтан, Исаның қолында билік болды. Иса Көктегі Әкенің еркін білдіретін киелі Рухқа толық бағынды. Иса былай деген еді:

*Себебі Мен өздігімнен айтқан жоқпын. Нені және қалай айтуға тиісті екенімді Мені жіберген Әкем Маған тапсырды (Жохан жазған ізгі хабар 12:49).*

Тағы бір жерде:

*Мен өздігімнен ештеңе істей алмаймын. Әкемнен естігенім бойынша соттаймын. Менің сотым әділ, өйткені өз еркімді емес, Мені жіберген Әкемнің еркін орындаймын деді (Жохан жазған ізгі хабар 5:30).*

*Билігі Өзінікі емес, Көктегі Әкенің билігі екенін Иса анық айтты. Менің Әкеммен, Әкемнің Менімен тығыз байланыста екенімізге сенбейсің бе? Сендерге айтып жүрген сөздерім Өзімдікі емес, Әкемдікі. Сол сияқты Менімен тығыз байланыстағы Әкем Өзінің істерін де Мен арқылы істеп жатыр (Жохан жазған Ізгі хабар 14:10).*

Иса Құдайдың рухани Ұлы болса да, кәдімгі адам сияқты, Киелі Рухқа кенелген сенушідей өмір сүрді. Ол Құдайлық мәртебесінен өз еркімен бас тартып, жерге адам болып келді. Дегенмен, жұртты қайран қалдырған билікке бөленіп жүрді. Оның себебі – не істесе де, Киелі Рухтың жетелеуімен істейтін. Құдайды қоқытып-үркіту, қаймықтыру мүмкін емес. Сондықтан да Иса ешкімнен ешқашан жасқанған емес. Құдайдан білімді, мықты, құдіретті жан жоқ!

Парызшылдар қитұрқы сұрақ қойып, Исаны тұзаққа түсірмек болғанда да, Исаның мерейі үстем болып қала берді. Исаны сөзден сүріндіріп, қараламақ еді. Тұзақты қанша жерден шебер құрса да, Иса Киелі Рух берген даналықпен жауап беріп, дұшпандарына дес бермеді. Исаның даналығы қашанда басым түсіп отырды, Исаны сөзден сүрінідрмек болғандар қашанда ұтылды.

Ешқайсысы Исаға жауап беріп, бір сөз де айта алмады. Бұдан кейін тағы басқа сұрақтар қоюға ешкімнің де батылы бармады (Матай жазған ізгі хабар 22:46).

*«Әкемнің Өзімді осы дүниеге жібергені сияқты...»*

Ал енді, сүйінші: «Әкемнің Өзімді осы дүниеге жібергені

сияқты, Мен де сендерді адамдарға жіберемін» дейді Иса. Біз Иса секілді өмір сүріп, Иса секілді әрекет етуге тиіспіз. Сондықтан, Иеміз бізге былай дейді:

*Ал енді, қалай жауап береміз деп алдын ала ойламаймыз деген берік шешім қабылдаңдар! Себебі Мен сендерге жауларың қарсы сөйлеп, дәлел келтіре алмайтындай шешендік пен даналық дарытатын боламын (Лұқа жазған ізгі хабар 21:14-15).*

Кейбір сенушілер билігі бар адамдай әрекет ете алмайды. Оның себебі – Киелі Жазбаны санасымен ғана ұғынады. Олар Құдайдың бұрын айтқан сөздерін, бұрын жасаған кереметтерін айтады! Жаратқан Иенің бүгін, қазір не айтып тұрғанынан, не істеп жатқанынан бейхабар. Киелі Рухтың жетелеуімен сөйлеген адамның ғана сөздерінде құдірет бар.

Құдай: «Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын», — деген ғой. Сондықтан да біз:

*«Ием маған жар, мен қорықпаймын ешбір жайттан, не істей алады адам баласы маған?» деп нық сеніммен айтамыз (Еврейлерге арналған хат 13:5-6).*

Осы аятты тағы қайталап оқып шығыңыз. Құдайдың дәл қазір не айтып тұрғанын білетін болсақ, әрекетіміз батыл, мерейіміз үстем болмақ! Батылдығымыздың қайнар көзі – Құдайдың мызғымас сөзінде. Құдайдың не айтып тұрғанын білсек әрі сол сөзге сенсек, «адам баласы маған не істей алады?» деп нық айта аламыз.

### **Осы заман парызшылдары**

Қазіргі заманның парызшылдарымен кездескенім бар. Бөтен тілдерде сөйлейміз дейді, бірақ Құдайдың Рухынан жұрдай! Киелі Кітап аяттарын жатқа айтады, оның қай кітапта, қай тарауда жазылғанын да мүдірместен айта алады.

Сол адамдар қай кітабымда не жазғанымды, қай уағызымда

не айтқанымды қазбалап, түрткілейді. Түсінбегенін түсініп, білімін тереңдеткісі келетіндерді айтып отырған жоқпын. Ондай адамдардың талабына нұр жаусын. Менің айтып отырғаным – әр нәрсені өз ілімдерімен өлшеп, доктринасына симағанның бәрін жоққа шығаратындар.

Парызшылдармен сөйлесе қалсам, әңгіме екі бағыттың бірінде өрбитінін байқадым. Біріншіден, Киелі Жазбаны адами ақылға салып, пікір таластыру. Бұл бір шаршататын әңгіме. Әсіресе, қарсыласым Киелі Кітапты өте жақсы білетін адам болса, сөзден ұтып кетеді. Ондай әңгімеге араласпауды үйрендім!

Парызшылдармен сөйлесудің басқа жолы да бар. Киелі Рухты тыңдап, жүрегіңізге салғанын айту керек. Сонда алға Құдайдың даналығы шығады, ал қарсыласыңыздың дәлелдері тас-талқан болады. Құдайдың даналығы Киелі Жазбадан келеді, ал Киелі Рух оған дем береді, жан бітіреді.

Бірнеше жыл бұрын бір әріптесім екеуіміз сапар шектік. Ұшақта еврей әйелмен қатар отырдық. Ол ой-өрісі кең, сұңғыла адам болып шықты. Әңгіме Иса Мәсіхке қарай бұрылды. Исаның Мәсіх екенін дәлелдемек болып, түрлі айғақтар келтірдік. Пікірталас қыза берді.

Адами ақылымыздан шыққан сөздерден түк шықпайтынын түсіндім. Киелі Рухтың жетелеуін іздеп, жүрегіме үңілдім. Сол-ақ екен, Құдайдан сөз келді. Әйелге қарадым да, сол сөзді айттым. Үнім өзгеріп, сөзім үстем естілді. Әйелдің көзі бақырайып, айтарға сөз таппай қалды. Бағанадан бергі пікірталастан түк шықпаса да, Құдайдан келген бір ауыз сөз сол сәт нәтиже берді.

Ұшақтан түскенімізде жанымдағы серігім «Джон, әлгі сөзді айтқаныңда, Құдайдың құзырын анық сезіндім. Не деп жауап берерін білмей қалды ғой, байқадың ба?» деді. Киелі Жазбаны адами санасымен ғана меңгерген адамдармен сөз таластырмаңыз. Киелі Рух беретін даналықтан сусындаңыз.

... біз адамзаттың даналығынан емес, Киелі Рухтан үйренген сөздермен уағыздап, ... рухани шындықты түсіндіреміз. Ал Құдайдың Рухына мойынсұнушы Одан келгеннің бәрін де бағалай алады, бірақ басқалар ондай адамға баға бере алмайды.



Өйткені «Кім Жаратқанның ақыл-ойын ұққан, кеңесшісі болып бағыт берді Оған?» (деп жазылған). Ал бізде Мәсіхтің ой-ниеті бар (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 2:13, 15-16).

Мәсіхтің ой-ниетін қабылдаған адамға біреудің теріс пікірі әсер ете алмайды, ол ешкімнен қорықпайды! Киелі Рухқа жүгінбесем, үрейге бой алдырар сәттерім көп болды.

Онымен қатынаста тұрмын дейтін кісі Иса Мәсіх қалай өмір сүрген болса, солай өмір сүруге тиіс (Жоханның бірінші хаты 2:6). Иса не істесе де, Киелі Рухтың жетелеуімен істеді. Солай етсек, бізде салауатты ой-сана да, батылдық та болады. Демек, пендеден қорықпайтын боламыз.

### **Құдайым, не істеуім керек?**

Кейде қолымыздан түк келмейтін жағдайға түсеміз. Сондайда Мәсіхтің ой-ниеті болмаса, Құдайдың алдымызға қойған мақсаттарына мүлде жете алмаймыз. Сондай жағдайға Мексикада тап болдым.

Монтеррей қаласында өтетін Ізгі Хабар жиналысына шақыру алдым. Сол сапардағы шығынның барлығын өзім көтеретін болдым. Кешкі жиналыстардың бірінде уағыз айтуым керек. Жиналыстың алдында жарты күн бойы мінәжат еттім. Рухымда жиналыс болатын ғимараттың үстіне үйірілген қара бұлтты көрдім. Оның не екенін сұрадым. «Джон, бұл – бүгінгі жиналысқа қарсы шыққан түнек күштері. Мінәжатыңды тоқтатпа» деді Құдай.

Дұға ете бердім. Құдайдан майлану келгенін сездім. Жарты сағаттан кейін Құдайдан тағы бір аян келді. Әлгі ғимараттың төбесінен түнерген аспанға қадалған найзағайды көрдім. Мұның не екенін Құдайдан сұрадым. «Бүгінгі жиналысқа келген Менің құзырым» деді Ием. Масаттана қуандым.

Жиналыс кешкі алтыда басталуы керек. Мен ертерек бардым. Сөйтсем, қала әкімдігінен бір ірі шенеунік менімен танысқалы келген екен. Жанында екі офицер бар. Бағушы екеуіміз жандарына барып, амандастық. Шенеунік бағушымен испан

тілінде біраз сөйлесті де, маған бұрылды. «Испан тілін білесіз бе?» деп сұрады ағылшынша. «Жоқ, сэр» деп жауап бердім.

«Жиналғандарға тек саяхатшы туристің басынан кешкендері тәрізді әңгімеден басқа ештеңе айтпайсыз» деп бұйырды. Осыны айтты да, бағушыға қайта бұрылды. Оған испанша бірдеңелерді айтты. Бағушының бет-әлпетінен үрей байқалады.

Шенеунік әскерилермен бірге көлігіне қарай беттеді. Бағушы мені оңаша жерге алып кетті. «Джон, бұл кісі – билік өкілі. Сенің уағыздауыңа тыйым салды. Мексика заңы бойынша, осы елдің азаматы болмасаң, уағыз айту үшін арнайы рұқсат алуға тиіссің. Бірақ ол заң көбіне ескерілмейді. Алайда, әлгі кісі сенің келгеніңді жаратпаса керек, сол заңды алға тартты. Және дүйсенбі күні, таңғы тоғызда сені өз кеңсесінен көргісі келеді екен» деді бағушы.

Мына сөзіне сенер-сенбесімді білмей қалдым. «Мен уағыз айтпастан қайтып кетпек емеспін. Өзіңе зияны тимесе, уағыз айтуыма рұқсат ет» дедім.

«Джон, заңды бұзсақ, менің қауымым зардап шегуі мүмкін. Әлгі кісінің лауазымы өте жоғары. Жағдай ұшығып кетер. уағыз айтпай-ақ қойғаның дұрыс-ау» деді бағушы. Бағушы үрейге бой алдырып, қаймығып қалыпты. Жиналыстың өтуі сол кісінің билігінде, сондықтан, мінәжат еткеннен басқа амалым қалмады.

Сыртқа шықтым. Жиналыс өтетін жер – Монтеррейдің қақ ортасындағы спорт кешені. Ғимараттың алдында ту тігілген биік тұғыр бар екен, соны айналып жүре бердім. Бүгінгі жиналыста Құдайдың ерекше құзыры болатынын анық білемін. Мені осында Құдайдың Өзі жібергенін де білемін. Бірақ дәл қазір не істеуім керек, соны білмеймін. Ойым сан-саққа жүгірді. “Мына шенеунік Құдайдың тапсырмасын орындауыма шынымен де тосқауыл қойса ше?” деп те ойладым. Құдайдың жоспарына пенде бөгет бола алмайды ғой. Ішім алай-дүлей. “Не істеуім керек?”

Ақыры “Әке, осының бәрін алдын-ала білдің. Демек, мәселенің шешуін де қарастырып қойдың. Мені Өз жолыңмен жетелей гөр” дедім. Бөтен тілде мінәжат ете бастадым. Жүрегіме бір аят келді.

*Адамның ой-ниеті тұңғыық судай болар,  
Ақылды адам олардан сарқып алар:*

*– Нақыл сөздер 20:5*

Исаның былай деп айтқаны да бар: «Кім Маған сенсе, ... оның жүрегінен өмір беретін «су» тасқындап ағады» (Жохан жазған ізгі хабар 7:38). Құдайдың ақыл-кеңесіне мұқтаж едім.

Бірнеше минут сиындым. Тыныштық. Құдайдан тағы сөз күттім. Кенет жарқ еткен ой келді. «Мексикаға бұрын-соңды келген туристердің ішіндегі ең ұлы Тұлға» жайлы айт.

«Бәрекелді! Әлгі кісі туризм жайлы айтуыма болады деген еді. Мексикаға келген ең ұлы турист – Иса Мәсіх жайлы айтамын» дедім. Шаттанғанымнан күліп жібердім.

Ішке қайта кірдім, Құдай бағушының да жүрегін дайындап қойыпты. Ол кісі алдымнан шығып, «Құдайдың өзіңе айтқанын орында. Құдайдан сондай сөз келді» деді.

Уағызымды «Сіздермен тек туризм жайлы ғана сөйлесуіме болады, сондықтан, Мексикаға бұрын-соңды келген туристердің ішіндегі ең ұлы Тұлға жайлы айтамын» деп бастадым.

Бір сағат бойы Исаның Иеміз әрі Құтқарушымыз екенін уағыздадым. Исаны қабылдаған адамдар да болды. Солардың ішінде бір мүгедек бар екен. Жүрегіме Құдайдың «Осы адамды басқалардан бұрын сауықтырмақпын» деген сөзі келді.

Мүгедек адамға қарап, «Сэр, Құдай сізге шипа бергісі келетінін айтады» дедім де, қолымды қойып мінәжат еттім. Сосын қолынан жетектеп, жүргізе бастадым. Ол кісі әуелі аяғын абайлап басты. Бірте-бірте қадамы нығая берді. Біраздан соң аяғын нық басып, еркін жүрді. Содан кейін екеуіміз жүгіре жөнелдік. Ақырында қолын босаттым да, қоя бердім, мүгедегім жүгіріп кетті.

Залдың іші қуаныштан жарылып кеткендей болды. Ауру-сырқау адамдар алға қарай тұра ұмтылды. Қалың көпшіліктің арасында аудармашымнан көз жазып қалдым. Сахнаның алды лық толды, шамасы бірнеше жүз адам. Көптеген науқас шипа алып жатты. Араларында бір құлағы туғанынан саңырау, екінші

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

құлағы аздап қана еститін бір әйел бар екен, көзінің жасынан көйлегі су болып кетіпті. Не деген керемет!

Әлгі шенеунік жиналысқа екі адам жіберіпті, олардың міндеті – кешегі бұйрығын бұзсам, мені тұтқындау. Бұл екеуі мүгедек адам үшін мінәжат етіп жатқанымда келіпті. Тәртіп қызметіндегі адам олардың «Не істейтінін көрейік, сосын тұтқындаймыз» дескенін естіп қалыпты.

Мүгедек адамның сауығып кеткенін көргенде, «Мынау рас па?» деп, сахнаға жақынырақ барыпты.

Саңырау әйелдің куәлігін естіп, көзінің жасын көргенде, «Шындыққа ұқсайды» дескен екен.

Содан кейін бес жасар бала Құдайдың құдіретінен жерге құлап түскен екен, сонда бұл екеуі «Иә, шындық!» деп, өздері де алға шығып, мінәжат етіпті! Міне керемет!

Ертеңіне Мексикадан ұшып кеттім, әлгі билік өкілімен кездесіп әуре болған жоқпын. Арада бір апта өткенде, мексикалық бағушы Америкаға келді. Монтеррейде шығатын газетті ала келіпті. Газеттің бірінші бетінде біздің жиналысымыз жайлы үлкен мақала бар екен.

Билік өкілдері өзімді алаяқ деп, көздегенім – жұрттың ақшасын сыпырып алу деп жариялапты. (Киелі Рух маған бұл сапардан бір тиын алмай, шығынның барлығын өзім көтеруім керек екенін алдын-ала айтқан болатын. Себебін енді түсіндім). Әрі қарай газет тілшілері жиналысқа қатысып, науқастардың сауыққанын өз көздерімен көргені жазылыпты. Құдайға шүкір!

Билік өкілдері мені қорқытып, тоқтатпақ болды. Бағушы екеуіміз сол қорқынысқа бой алдырсақ, Құдайдан келген дарын іске аспай қалар еді. Сол күні Құдайдан жарылқау алған адам болмас еді. Алайда, Киелі Рухтан келген сөзден мені билеп алмақ болған қорқынышты тойтарып тастауға қажет батылдық туындады. Салауатты ой-сананың құдіреті осындай.

## АЛҒА ҚАРАЙ ҰМТЫЛУ

**А**дамдардың есепке алмағанын Құдай Өз кереметтерін жасауға пайдаланады.

Нехемияның өмірі Израил халқының тұтқындағы жылдарымен тұспа-тұс келді. Бабыл жасағы Иерусалимге басып кірді де, қаланы өртеп жіберді. Тұрғындарды қырып салды, тірі қалғандарын айдап әкетті. Иерусалим ойрандалған күйінде қала берді.

Нехемия Иерусалимге қайта оралып, қаланың өзін де, сыртын қоршаған қорғанды да қайта тұрғызбақ болды. Жүрегіне бұл ниетті Құдайдың Өзі салған болатын. Нехемия бөтен елдің патшасына адал қызмет етіп, көңілінен шыққан еді. Патша Нехемияның тілегін қабыл қылып, ойына алған ісін жүзеге асыруына рұқсатын берді. Нехемия Иерусалимге барып, сонда қалған азғана халықтың басын қосып, жау жайпап кеткен қаланы қалпына келтіруге үндеді.

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Алайда олар сұрапыл қарсылыққа тап болды. Санбаллат, Тобиях және Гешем атты жергілікті әміршілер қаланың қабырғасы қайта қалануына қарсы еді. Исраилдың гүлденуіне жол бермек емес, сондықтан, Нехемия мен оған ергендерді қалайда тоқтатпақ.

Олар Нехемияның Иерусалимді қалпына келтірмек ойын білгенде, келемеждеп, мазақ қылды (Нехемия 2:19). Нехемияны жасытып тастаумен қатар, жұрт алдында күлкілі етіп көрсетпек болды. «Әй, сол тұрғызып жатқандарына бір-ақ түлкі шыға қалса, тас қабырға деп жүргендерін опырып қиратып тастар!» деп мазақтады (Нехемия 4:3).

Мұндай жағдай сирек емес. Біреулер істеп жүрген ісіңізді күлкі қылып, өзіңізді не келеке-мазақ қылады, не қорқытып, алған бағытыңыздан тайдырмақ болады. Жүрегіңізге Құдайдың Өзі салған арман-мақсатқа жете алатыныңызға күмән келтіреді. Онысын бетіңізге, не болмаса, сыртыңыздан айтады. Кейде қарсылық сырттан, басқа адамдардан емес, өз ойымыздан келеді. Ондайда санаңызды «Жұрт не дейді? Масқара болмаймын ба? Осы ісімнен түк шықпаса, қайтем? Жұртқа мазақ боламын ба?» деген ойлар мазалайды.

Ондай жағдайда Құдайдың өзіңізге не бұйырғанын есте ұстап, «...осы дүние «күшсіз» деп тапқандарды Құдай «күштілерді» ұялту үшін Өзіне таңдағанын» ұмытпағайсыз (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 1:27). Адамдардың есепке алмағанын Құдай Өз кереметтерін жасауға пайдаланады. Сонда бар мадақ Құдайдың Өзіне тиесілі болады!

Құдайдың жоспарын түсіну үшін Нехемия ораза тұтып, мінәжат етті. Сондықтан, жаудың шабуылын тойтара алды. «Бізге табыс сыйлайтын — көктегі Құдай! Сондықтан да біз, Оның қызметшілері, құрылысты бастаймыз. Ал өздеріңіздің Иерусалимнен не үлестеріңіз, не құқықтарыңыз, не талап ететіндей негіздеріңіз жоқ!» деп жауап берді Нехемия (Нехемия 2:20).

Нехемияны тоқтата алмайтынын, Исарилдіктердің ісі алға басып жатқанын білгенде, жау ашуға булықты. Енді қолдарына

қару алып, құрылысшыларды шаппақ болды (Нехемия 4:7-8). Қаһарлану, ашу шақыру – қорқытудың тағы бір әдісі. Адамды алған бағытынан тайдыруға, бастаған ісінен бас тартуға мәжбүрлеу амалы. Өрескел түрде қоқан-лоққы салу, не болмаса, жылы сөйлеп-ақ үрей тудыру да – соның бір түрі. Адамға жасалған осындай шабуыл көбінесе сәтті болады. Біреудің ашуынан қорыққан адамның дұрыс нәрседен бас тартып, ниетінен айнығанын талай рет көрдім. Мұндайда осынау жалған татулықтың құны тым қымбатқа түседі.

### **Іштен де, сырттан да келген қысым**

Нехемияны бөтен адамдардың аяқтан шалғаны аздай, өз жақтастарының арасынан да былық шықты. Құдай бізді қызметке шақырғанда, сырттан да, іштен де қарсылық келе бастайды.

Нехемияның қолдап, қаланы қалпына келтіруге кіріскен адамдар қажыды. Сол кезде Яһуданың адамдары: «Жүк тасушылар титықтап шаршап қалды! Күл-қоқыс тым көп! Өз күшімізбен қабырғаны тұрғыза алмаймыз!» — деп түңіле бастады (Нехемия 4:10). Тағы бір мәселе: яһуди байлары кедейлерге берген қарыздарынан өсім талап етіп, қысымшылық көрсетті (Нехемия 5:1-8). Бала-шағасы аш отырған азаматтар қала құрылысына барын салып еңбектене алмады. Сырттан төнген қауіпке төтеп беруге осындай ішкі қайшылықтар кедергі болды.

### **Жан-жақтан келген қорқыту**

Осындай жағдай менің де басымда болған. Ел аралап уағыз айтуды жаңадан бастап жүргенімде, бағушысыз қалған бір қауымға көмектесіңіз деген өтініш түсті. Бұл қауым небәрі сегіз жүз тұрғыны бар шағын қалада орналасқан. Екі жиналыстан кейін жастардың барлығы Құдайды жаңадан танып, тәубе етті. Ересектер де солай. Құдайдың құдіретімен қауымдағы адам саны екі есе артты. Әйелім екеуіміз қала тұрғындарына деген Құдайдың сүйіспеншілігін сезінгеніміз сондай, жоспарлы

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

сапарларымыздан бас тартып, осы қалада қалатын болдық. Қауымды нығайтып, келесі бағушыға тапсырмақпыз.

Алайда, қауым кеңесінің кейбір мүшелері уағыздарымды ұнатпай қалған көрінеді. Олардың бірі қауымға келсе, алдыңғы екі қатарға жастар отырып алыпты, сөйтіп, әйелі екеуінің үйреншікті орындары бос болмай шыққан екен. Бұрын жастар артқы орындарға ғана отыратын.

Енді біреулері менің жиналыстарымды тым мықты деп сөкті. Қауым кеңесінің мүшелері мені өз бақылауында ұстағысы келеді екен. Барлық нәрсе солардың қалағанындай болуы керек. Бірнеше жиналыс өткізгеннен кейін кеңесті жинап, былай дедім: “Алдағы алты аптада қауымдағы билікті өз қолыма аламын, содан кейін орныма жаңа бағушы келеді. Басқаша болмайды. Шешім өздеріңнен”.

Қауым кеңесі шешімін айтатын күні маған есірткі сататын саудагер хабарласты. Оның әйелі мен өткізген жиналыстарға қатысқан екен. Құдай алдында тәубе еткеннен кейін, жасаған күнәларын айтып, күйеуінен де кешірім сұрапты. Енді ол ашу-ызасын менен және қауымнан алмақ. Бүгін кешке менен кек алатынын және айтты.

Бұл сөзіне көп мән бере қоймадым. Бірер сағаттан кейін қауым мүшелерінің бірі хабарласты. Әлгі жігіт оған да қоңырау шалып, жиналыстың алдында қауымның ішіне бомба жасырып қоятынын айтыпты. “Полицияға хабарлас та, арыз түсір” дедім.

Тағы бір-екі сағат өткенде, полициядан қоңырау түсті. “Бивер мырза, кеңсеге келіп, әлгі жігітті қамауға қажет құжаттарға қол қойыңыз” деді полиция қызметкері.

“Офицер мырза, ол жігітті қамаудың қажеті жоқ. Ол – қиналып жүрген адам. Бар сұрайтыным – бүгін кешке қауым ғимаратын күзетсеңіздер екен” дедім. “Менің жұмысым сағат төртте бітеді. Ең жақын деген полиция бөлімшесі отыз бес шақырым жерде. Бүгін кешке бөлімшеден бізге адам келе алмайды” деген жауап алдым.

“Жігіттің қамалғанын сонда да қаламаймын” дедім.



Полиция қызметкері “Бивер мырза, бұл қалада қай уақыттан бері тұрасыз?” деп сұрады. Мұнда тұрмайтынымды айттым. “Бивер мырза, ол жігітті білемін. Есірткі сатады деген күдігім бар. Мас болса, одан да зор қылмыс жасаудан тайынбайды”. Әлгі адамның шынымен де қауіпті екенін полицияның өзі айтып тұр. Сенуім керек шығар. Дегенмен, қамау ордеріне қол қоюым керек екеніне іштей күмәнім бар. Сондықтан, полиция қызметкеріне алғысымды айттым да, құжатқа қол қоюдан бас тарттым.

Енді қауым кеңесінің наразылығы басталды. “Мынау тіпті өрескел нәрсе ғой. Қауым кеңесі шырғалаң шығарды. Мені кетіремекші. Ол аздай, қайдағы біреу қоқан-лоққы салады” деп ойлады.

Жүрегімдегі жалғыз қалау – аяғымның шаңын қағып, бұл қаладан отбасымды бүгін алып кету. Мені мұнда жіберген Құдайдың Өзі екенін білмегенімде, алды-артыма қармай кете барар едім. Қала беруіме үш түрлі себеп болды. Біріншіден, мені осы қалаға жіберген Құдайдан қайта бер деген сөз келген жоқ. Екіншіден, Құдай жүректерін өзгерте бастаған адамдарды орта жолда тастап кеткім келмеді. Үшіншіден, бір рет қорқып, қашып кетсең, келесі жолы қашып кетуің тіпті оңай болады.

Құдайдың осында қалғанымды қалайтынын жүрегім сезеді. Қауым кеңесі келіссе, қаламын деп шештім. Күні бойы мінәжат еттім. Өмірімдегі ең күшті мінәжаттардың бірі осы болды. Құдай нық сенім берді. Кешкі жиналысқа дайынмын.

Алайда, қауымға келгенімде, қала алмайтынымды білдім. Қауым кеңесі жиналыстың алдында ғана өтіпті. Кеңес мүшелерінің барлығы менің кетуім үшін дауыс беріпті. Сол жолғы жиналыс – менің соңғы жиналысым екен.

Жағымды жаңалық емес, әрине. Дегенмен, жиналыс барысында Құдайдың еркі толық орындалуын ғана ойлауға бел будым. Уағызым жалынды болды. Құдайдың құдіреті көріне бастады. Жиналғандар еденге сұлап түсіп жатыр. Құдайдан теріс айналып кеткендер тәубе етіп жатыр. Бізді қорқытпақ

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

болған адам жоқ. Жиналыстың соңында қауым кеңесінің шешімін жариялады. Жиналғандар наразылық танытып, гу ете қалды. Бүлік шығармақ емеспін. Жүрегімде тыныштық. Қауыммен қоштасып, қайтып кетпекпін.

Бір апта өткен соң кеңес мүшелері бағушы сайлады. Біраздан кейін жаңа бағушының гомосексуал екені белгілі болды. Бірнеше жылда төрт бағушы ауысты. Кеңес мүшелері қорқыныш рухының ықпалында кетіп, қауымның ыдырауына жол берді.

### **Табанды болыңыз, мақсатыңыздан көз жазбаңыз**

Нехемия өз адамдарының арасындағы кикілжіңді тоқтатып болысымен, қорқыту қайта басталды.

Санбаллат пен Гешем маған кісі жіберіп:

— Оно алқабындағы елді мекендердің бірінде кездесейік! — деп шақырды. Олар маған қастандық жасауға ниеттеніп жүрген болатын. Мен оларға хабаршыларымды жіберіп:

*— Мен мұнда зор іспен айналысып жатырмын. Сондықтан сол жерге төмен түсіп бара алмаймын. Не үшін жұмысты тоқтатып, сіздерге ылдилап баруым керек? — деп жауап бердім. Олар маған дәл солай төрт рет кісілерін жіберіп, мен де оларға сол жауабымды соншама рет қайтардым (Нехемия 6:2-4).*

Санбаллат пен Гешем Нехемияның назарын бұра тартпақ болды. Нехемия оларға алданған жоқ, алған бағытынан танбады. Бөтен нәрсеге көңіл бөлмей, Құдайдың тапсырмасын орындауға бар ықылас-назарын салды.

Жаубізді әрнәрсеге алаңдатып, назарымызды басқаға аударып, жұмысымызды тиянақты орындай алмауымызды көздейді. Шайтан бұл әрекетін табандылықпен қайталай береді. Біздің табандылығымыз дұшпандыкінен асып түспесе, жеңілгеніміз.

Сондықтан Киелі Жазба бізге «сенімдеріңе берік болып, оған төтеп беріңдер!» дейді (Петірдің бірінші хаты 5:9). Сенімге берік болу дегеніміз – табанды, қайсар болу, мызғымау, таймау. Толық жеңіске жеткенше, табандылық танытудың орнына, жаудың бірнеше соққысынан кейін-ақ тайқып кететін адамдар көп.

Санбаллат Нехемияға қызметшісін бесінші рет жіберді. Қызметшінің қолында хат бер екен. Хатта: «... көтеріліс жасауды ниеттеніп жатыр екенсіздер. Қала қабырғасын да сол себептен тұрғызып жатқан көрінесіздер. Осы хабарлар бойынша өзіңіз солардың патшасы болмақшы екенсіз» деп жазылған және басқа да көптеген айып тағылыпты (Нехемия 6:5-7).

Нехемия жұмысын сонда да тоқтатпады. Өсек-жалаға көңіл бөлуге ниеті де, уақыты да жоқ еді. Өзімізді қорқытпақ болған дұшпанымызбен мәмілеге келеміз деп, мақсатымыздан көз жазып қалмайық.

Кейбір адамдарға «Құдайдың өзіңізге берген тапсырмасын орындауыңызға сол адамның пікірі ықпал етіп жүр. Осыған неге жол бересіз? Оның сіз туралы айтып жүргені ақиқат деп кім айтты? Сіз өзіңіз туралы Құдайдың қандай пікірде екенін білсеңіз болды. Және Құдайдың сіздің өміріңізге деген жоспарын білуге тиіссіз. Түкке тұрғысыз нәрсеге алаңдай беріп, қайтесіз?» деймін. «Ақымаққа ақымақша жауап қайтарма, әйтпесе оған ұқсап шығарсың соңында» дейді Киелі Кітап (Нақыл сөздер 26:4). Нехемияны тағы бір адам тоқтатпақ болды. Ол Нехемияны «Құдайдың киелі үйінде, ғибадатхананың ортасында кездесіп, есікті іштен тас бекітіп алайық! Өйткені сізді өлтіруге адамдар келейін деп жатыр. Олар түнде келіп, жаныңызды алмақшы!» деп сақтандырған болды, шын мәнінде, Нехемияның жүрегіне үрей ұялатпақ (Нехемия 6:10). Нехемия оның кеңесіне ерсе, жақтастары бұрынғыдан бетер әлсіреп, жұмыс аяқсыз қалатын еді.

Нехемия оған «Меңдей адам бас сауғалап қаша ма? Және мендей адам ғибадатхананың ішіне кіріп, тірі қала ала ма? Жоқ, бармаймын!» деп жауап берді (Нехемия 6:11). Әлгі адамды жіберген – Құдай емес, Нехемия оны анық біледі.

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

Дұшпан сізді қорқытып, қорғануға мәжбүрлейді де, жаманатты қылуға тырысады. Алайда, Нехемия Құдайдың даналығынан сусындаған еді. Сондықтан, ақиқатты зұлымдық пен өтіріктен ажырата алады.

Нехемия Санабаллат, Гешем, Тобияхтардың арам пиғылын әшкереледі:

*Сол адамдар бізді қорқытуға тырысып: «Олардың қолдары әлсіреп, жұмысты тоқтатып қоятын болады» десті. Бірақ мен: «Қолдап, қайрат-жігер бере гөр!» деп мінажат еттім (Нехемия 6:9).*

Тағы да қорқытудың мақсаты не екенін көріп тұрмыз: әлсірету, Құдайдың еркін орындауға қауқарсыз қылу, сағымызды сындыру, жасыту. Табанды болмасақ, жаудың жемтігіне айналамыз.

Шайтанды ығыстыра бастағанымызда, ол бізді қорқытудың барлық амалын жасайды. Онысын бір-екі әрекеттеніп, қоя салмайды. Соққыларын жалғастыра береді. Егер шайтан жолымызды бөгей алса, әлсірете алса, онда Құдай Патшалығының кеңеюін тоқтата алғаны.

Нехемия мен яудилер қала бекінісін тұрғызып болды. Енді, қауіпсіздік қамтамасыз етілгеннен кейін, қала ішін де қалпына келтіруге болады. Қамал қабырғасын қайта қалап, қақпаларын орнына қою оңай жұмыс болған жоқ. Қарсылық өте күшті болды. Дегенмен, құрылысшылар Құдайдың не айтқанын білетін, сол сөзге сенім артты, шегінуден бас тартты. Мақсаттарына жетті.

## Қарсылықты жеңу

Нехемияның табандылығы – сенушілерге үлгі.

Бұған әлі жете қойған жоқпын, өзімді Құдайдың көздегеніндей жетілдім деп те есептемеймін. Бірақ соның ізіне түсіп, иемденуге тырысудамын. Дәл осыған бола Мәсіх Исаның Өзі мені иемденіп алды ғой (Філіпіліктерге арналған хат 3:12).

Осы аяттағы «тырысамын» деген сөзге назар аударыңыз. Пауыл елшінің бұл сөзді қолдануы – Нехемия тәрізді, оның да талай қарсылықты еңсергенін меңзейді. Әрі қарай Пауыл былай дейді:

*Құдайдың сыйына — Оның Мәсіх Иса арқылы шақырған көктегі өміріне ие болу үшін көздеген мақсатты қуып жүрмін (Філіпіліктерге арналған хат 3:14).*

Асқақ арман, биік мақсат бар да, ұсақ-түйек мақсат бар. Биік мақсат дегеніміз – жерде Аспан Патшалығының заңдарымен өмір сүру. Осы мақсатқа сай өмір сүретін адамдар төңірегіне ықпалды. Рухани билігін қолданып, жүрген жеріндегі рухани ахуалды өзгертеді, азаттық әкеледі.

Түнек нұрды жеңбек емес. Нұр түнекті сейілтіп жібереді. Құдай Патшалығының өкілеттілігін жерге әкелуіміз керек, сонда түнектегілерге де жарық сәуле түседі.

Иса жүрген жерінде рухани атмосфераның тізгінін өз қолында ұстады, сондықтан, күнәкарлармен дастарқандас бола алды. Сіздің Құдайға бағышталғандығыңыз күнәкардың күнәға берілгендігінен асып түсуге тиіс. Сіз Құдайдың ісінде шайтанның ісіндегі күнәкардан мықты болсаңыз, атмосфера сіздің қолыңызда болады. Күнәкардың күнәға жайған тамыры сенушінің әділдікке жайған тамырынан терең де мықты болса, рухани ахуал сол күнәкардың бақылауында болады.

Асқақ арман, биік мақсатқа ұмтылар болсаңыз, міндетті түрде кедергілерге тап боласыз. Мәсіх Исамен жүріп, Құдайға ұнамды өмір сүргісі келетіндердің бәрі де қуғындалатын болады (Тімотеге арналған екінші хат 3:12). «Болашақтағы Құдай Патшалығының заманына жеткенше біз әлі де талай азап шегуге тиіспіз» (Елшілердің істері 14:22).

Көптеген сенушілер Құдайдың Өзі алдымызға қойған биік мақсатты емес, ұсақ-түйек нәрселерді таңдайды. Неге дейсіз ғой? Олар сол кедергі-бөгеттерге кез болғысы келмейді. Қалыптасқан

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

жағдайды Құдайдың құдіретімен өзгертудің орнына, келісіп отыра береді. Көппен көрген – ұлы той деп жүре беру оңай, дара бөлініп шығу қиын. Тосқауылға тап болғандардың кейбірі бастапқы ұстанымынан тайқып кетеді, оңай жол іздей бастайды. Жайлы өмір сүргіміз келеді, сондықтан күрестен бас тартамыз. Қиындық атаулыдан қашып, жағдаймызды жақсартуға барымызды саламыз. Қиындықтан көз ашпай жүруіміз керек демеймін, өзіміз құрып алған жоспарларымыз бен толып жатқан бағдарламаларымыз бар, Құдайдан гөрі соларымызға көбірек үміт артатын сияқтымыз.

Заманауи технологияларға негізделген жайлы өмірге үйренген адам қажырлы еңбекті талап ететін нәрселерден шошынады. Осындай ұстаным, әсіресе, Батыс қауымдарына қатты сіңіп кеткен. Кедергі кездессе, басқа жолға бұрыла салады. Бұл тегіс жол мақсатыңа жылдам жеткізетіндей көрінеді. Бірақ онда ымырашылдық, салғырттық, жеке мүдде басым.

Иса жолымызда кездескен тау-тастарға бұйрық беріп, оларға үстемдік етуді үйреткен еді. Жолыңызда кездескен тауды бұзып-жарып өтіңіз. Тауды бөлшектеп, ұсақтауға тура келсе де, қайтпаңыз. Нехемия тәрізді, Мәсіхтің жауынгерлері кез келген кедергіні жарып өтеді, кез келген қиындықты еңсереді. Өйткені, нық сенімнен таудай талап туады. Құдайға сенім артқан адамның қолынан келмейтіні жоқ. "... тарының түйіріндей ғана сенімдерің болса, мына тауға: «Бұл жерден ана жаққа көш!» десеңдер, ол көшер еді. Қолдарыңнан келмейтін ештеңе де болмас еді» (Матай жазған ізгі хабар 17:20). Оңай жолды таңдағандар, керісінше, қарсылыққа төзе алмай, жолда кездескен тауды айналып өтеді. Осы күнәкар дүние бізді ауа іспетті қоршап тұрған зұлым күштердің әміршісінің жетегінде (Ефестіктерге арналған хат 2:2). Ол – Аспан Патшалығының қас жауы. Құдайдың жолымен жүрсек, күнәкар дүниенің қарсылығына ұшырайтынымыз сөзсіз. Өкініштісі, осыдүниелік ойлау жүйесі қауымдарда да басым.

Жолымызда кездесетін қарсылықты ағысы қатты өзенмен ағысқа қарсы жүзгенмен салыстарар едім. Үнемі күш салып

отыруың керек. Ескекті бір сәт тоқтатпай, есіп отырасың. Тоқтадың ба, ағыс қайығыңды төмен қарай алып кетеді. Қайығыңның тұмсығы әлі де алға, алған бағытыңа қарап тұрғанымен, қозғалысың – қарама-қарсы бағытта. Сенушілер алға қарай ұмтылмаса, солай болады. Олар әлі де мәсіхшінің кейпін танытады. Шын мәнінде, діншіл болып, шынайы күш-қабілеттен айырылады. Исаның сөзімен айтсақ, күшінен айырылған тұз испетті, «еш нәрсеге жарамсыз» болып қалады (Матай жазған Ізгі хабар 5:13).

## **Мықты бол!**

Пауыл елші Тімотеге «Құдай рақым етіп, өзіңе берген дарынды көбірек ынтамен қолдан!» деп нұсқау беріп, артынша «Ал сен, балам менің, Мәсіх Исаның сыйлайтын рақымымен күшейе бер» деп қосты (Тімотеге арналған екінші хат 2:1).

Паул елші сенушілерді «Сақ болыңдар, сенімдеріңде берік, ер жүрек әрі күшті тұрыңдар!» деп сақтандырды (Қорынттықтарға арналған бірінші хат 16:13). Ержүрек сенуші қиындықтан жалтармайды.

Құдай Нұн ұлы Ешуаны қайратты да батыл болуға бір емес, жеті рет жігерлендірді!

Ендеше қайратты да өте батыл болып, қызметшім Мұса саған тапсырған барлық Таурат заңын сақтап берік ұстанатын бол! Сол заңды орындаудан оңға да, солға да тайқыма! Солай істесең, қайда барсаң да, табысты боласың (Ешуа 1:7).

Құдай «қайратты да өте батыл бол» дейді. Не үшін? Жеңіске жетіп батыр атану үшін бе? Жоқ. Құдайдың сөзін жүрегімізде сақтауымыз үшін. Сол үшін Ешуаға батыр атануға да, тіпті, соғыста жеңіске жетуге де тура келді! Азат, ерікті адам ғана Құдайдың сөзі мен еркіне бағына алады. Қорқыныш рухы бізді сол азаттықтан, ерік-жігерден айырмақ. Өзіміз дұрыс деп білетін нәрселерден тайқып кетпеуіміз үшін әрдайым қайратты да батыл болуымыз керек.

«Батылдық» сөзінің анықтамасы мынау:

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

қиындық туғызатын, қауіп төндіретін, жанға бататын жайттармен бетпе-бет келу, олардан қашқақтамау, жалтармау.

Батылдыққа қарама-қарсы нәрсенің не екенін көрейік. Әлбетте, қорқыныш немесе әлсіздік деп ойлаған боларсыз. Бір жағынан дұрыс та. Дегенмен, ағылшын тіліндегі “discouragement” деген сөздің мағынасы дәл келеді деп ойлаймын. Бұл сөздің мағынасы “жасыту, жасқанту, састыру, қорқыту, үрейлендіру, сағын сындыру, қаймықтыру, үмітін ұрлау, жігерін құм қылу”.

Езабел қоқан-лоққы салғанда, Ілияс пайғамбардың қандай күй кешкені есіңізде ме? Бас сауғалап, айдалаға қашып кетті. Қорыққанынан рухани билігін қолдана алмай қалды. Қорқынышқа, жігерсіздікке, түңілу сезіміне жеңіл-желпі қарамаңыз, олар – біздің дұшпанымыз. Осындай көңіл-күйдің әсері орасан зор. Құдайдың аманатын орындауымызға бөгет болатындай күші бар. Құдай Нұн ұлы Ешуаға қайратты да өте батыл бол деп жеті рет айтса, демек, біз де соған көңіл бөлуге тиіспіз.

Түңілген адам жеңіледі! Түңілуге бой алдырсаңыз, ол сізді шегінуге мәжбүр етеді.

*Әділ адамым сенімі арқылы шынайы өмір сүреді.  
Ал кім қаймығып, бағытынан кері қайтса, Мен оған  
риза болмаймын (Еврейлерге арналған хат 10:38).*

Жүрексіздік – Құдайға ұнамды нәрсе емес, соны ұққанымыз жөн.

Жеңіп шыққан әркім осы игіліктердің бәрін иемденеді. Мен оған Құдай, ол Маған рухани бала болады. Алайда қорқақтар, сенімсіздер, зұлымдар, кісі өлтіргендер, азғындар, сиқыршылар, жалған тәңірге құлшылық етушілер және бүкіл өтірікшілердің алатын үлестері күкірт жанып тұрған отты көлде болмақ. Бұл — «екінші өлім» (Аян 21:7-8).

Жүрексіз, қорқақ деп, жанға бататын немесе қауіп-қатер төндіретін нәрселерге кез болғанда, үрейге бой алдыратын жаны тәтті адамды айтады. Құдайдың қорқақ, жалтақ



адамдарды азғындар мен кісі өлтірушілермен бірдей көретіні – ес жиғызар жаңалық екен. Бірақ біз өзімізді ақтап алуға тырысамыз. Мысалы, қорқынышқа бой алдыру – адамның бәрінде болатын қателік дейміз.

Жоқ, олай емес. Қорқыныш Құдайға сенбегендіктен пайда болады. Сенбеушілігіне бола талай адамның иен далада сүйегі қалды. «Сонымен олардың Тәңір Иеге сенбегендіктеріне бола сол елге кіре алмағанын көреміз» (Еврейлерге арналған хат 3:19).

Қазір де солай. Қорқақтар жеңіске де, Құдайдың уәделеріне де қол жеткізбейді. Пауыл елші арқылы Құдай бізге былай деп нұсқау береді:

Қандай жағдай болмасын, тек Мәсіх жайлы Ізгі хабарға сай өмір сүріңдер! Мен келіп, сендерді көремін бе, я болмаса алыста жүремін бе, бәрібір — сендер туралы «бірдей ниетпен табанды тұрады, Ізгі хабарға деген сенімдері үшін бір кісідей жұмылып, жан аямай күреседі, қарсыластарынан еш қорықпайды» дегенді естігім келеді (Філіпіліктерге арналған хат 1:27-28).

Еңсеңізді көтеріп, тік тұрыңыз, ешкімнің өзіңізді қорқытуына жол бермеңіз. Батыл, ержүрек, қайратты болыңыз, қарсылыққа тап болсаңыз, жалтарып кетпей, жеңіп шығуға беліңізді бекем буыңыз! Келесі аятта Пауыл елші былай дейді:

Ол сендерге рақым етіп, Мәсіхке сенуді ғана емес, Ол үшін азап шегуді де белгіледі (Філіпіліктерге арналған хат 1:29).

Елшінің айтып тұрғаны қандай азап? Жауапты Петірдің хатынан табамыз:

Сонымен, Мәсіхтің Өзі тәнімен азап шеккендіктен, сендер де (жақсылық үшін азап шегуге дайын) болыңдар! Осындай ой-ниет өздеріңді қорғайтын қалқан іспетті. Тәні азап шегіп жатқан сенуші күнәлі құмарлықтарына берілмейді. Бұдан былай осы дүниедегі өміріңнің қалған кезеңін ескі күнәкар болмыстарыңның құмарлықтарына сай емес, Құдайдың еркіне мойынсұнып өткізулерің керек (Петірдің бірінші хаты 4:1-2).

Кейде күнәкар болмысымыз, не болмаса, жақындарымыз бізді бір бағытқа итермелейді, біз болсақ, Құдайдың еркі

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢУ

– басқа бағыт екенін білеміз. Елшілер айтқан азап – осы. Осындай жағдайда қайратты да батыл болып, Құдайдың сөзіне мойынсұнудан танбауымыз керек.

Петір елші осындай ойларды өзімізге қару етіп алуға шақырады. Дұрыс оймен қаруланбаған, азап шегуге дайын емес мәсіхші шайқасқа қарусыз шыққан жауынгермен бірдей. Не қаза табады, не тұтқынға түседі. Азап шегуден қашқақтаған мәсіхшінің қорқыныш атты қараңғы қапасқа қамалары анық.

Асқақ арман, мәнді мақсатқа ұмтылар болсақ, жолымызда қарсылық кездеседі. Алайда, Пауыл елші былай дейді: «Иеміз мені болашақта да жамандық атаулыдан сақтап, Өзінің көктегі Патшалығына апармақ. Оның ұлылығы мәңгі мадақтала берсін! Аумин!» (Тімотеге арналған екінші хат 4:18).

Киелі Кітаптағы мына нұсқауды зейін қойып, оқып шығыңыз. Тұңғыш рет оқып отырғандай, әр сөзді мұқият оқыңыз да, тоқтап ой елегінен өткізіңіз. Киелі Рух осы аят арқылы жүрегіңізді нұрландырып жіберсін.

Құдай жақтаса, бізге кім қарсы шыға алады?! (Римдіктерге арналған хат 8:31).

Мәсіхтің сүйіспеншілігінен бізді не айыра алады? Азап пен қысым ба, қудалану мен аштық-жалаңаштық па, әлде қауіп пен семсер ме?.. Ал осының бәрінде біз өзімізді шексіз сүйетін Иеміздің арқасында ұлы жеңіске жетеміз (Римдіктерге арналған хат 8:35, 37).

Ал, балаларым менің, сендер Құдайдансыңдар, жалған пайғамбарларды жеңіп шықтыңдар. Өйткені сендердегі Киелі Рух күнәкар дүниені билеп тұрған шайтаннан құдіретті (Жоханның бірінші хаты 4:4).

Жүрегіңді таза сақта. Құдайдың перзенті әрі қызметкері ретіндегі Құдай берген биік мәртебеңнен тайма, рухани билігіңді қолыңнан шығарма. «Ием маған жар, мен қорықпаймын ешбір жайттан, не істей алады адам баласы маған?» деп нық сеніммен айта алатын бол.

**К**ітабымның соңында айтарым, бұрынғы сәтсіздіктердің бүгін аяғыңызға тұсау болуына жол бермеңіз. Болашағыңызды өткеніңізге қарап болжамаңыз! Олай етсеңіз, сол өткенге шырмалып қала бересіз! Бұрын неше рет құлағаныңыз бүгін маңызды емес. Мәңгі сөнбес үмітіміз бар: Құдай – қорқақтарды батырға айналдырудың маманы. Жаратқан Иенің құдіреті біздің әлсіз кезімізде жүзеге асады. Құдайға шүкір!

Осының мысалы ретінде, Шимон Петірдің інісі, Әндірдің өміріне көз жүгіртейік. Иса тұтқындалған түні шәкірттерінің бәрі Оны тастап, қаша жөнелді (Матай жазған ізгі хабар 26:56). Жалғыз Петір емес, Әндір де бас сауғалап қашты. Алайда, оның үрейге бір рет бой алдырғаны – өмірден сол күйі, қорқақ болып өтеді деген сөз емес.

Иса қайта тірілгеннен кейін, Әндір Эфиопияға барып, Ізгі Хабар таратты. Израил тәрізді, Эфиопия да ол заманда Римнің қол астында еді. Әндір Мәсіхтің ілімін кең таратып, көп адамды Исаға алып келгенде, Агей есімді проконсул римдік сенатқа хат жазып,

мәсіхшілерді пұттарға табынуға мәжбүрлеуге рұқсат алды. Әндірі Агейге қарсы тұрмақ болып, алдына барды. Адамдарға үкім шығаратын төреші ең әуелі өзі Бас Төрешіге бағынуға тиіс екенін айтты. Шынайы Құдайға табынған адамның санасы жалған тәңірлер мен соқыр-мылқау пұттардан арылатынын айтты.

Әндірдің бұл сөзіне Агей қатты ашуланды. Римдіктер «секта» деп таныған жаңа сенімге кіруге үгіттеп жүрген, пұтқа табынушылар арасына іріткі салып жүрген сен емес пе деп сұрады.

Римнің әміршілері ақиқатты түсіне алмады деп жауап берді Әндірі. Адамзатты құтқару үшін жерге келген Құдайдың Ұлы пұттардың адамға дұшпан екенін, пұтқа табыну Жаратқан Иені қорлайтынын, сол себепті Құдай адамнан теріс айналатынын айтқан. Шайтанға қызмет еткен адам күнәға белшесінен батады, тозақ отынан құтыла алмайды.

Проконсул Әндірге мұндай уағызды бұдан былай айтпауын бұйырды. Бұйрық орындалмаса, Әндірдің өлімге кесілетінін де айтты. Сонда Әндірі «Айқыш ағаштан қорқатын болсам, айқыштың ұлылығы мен салтанатын уағыздамас едім» деп жауап берді. Әндірге «секта ілімін таратты және римдік пұттарды мойындамады» деген айып тағылып, өлім жазасына кесілді.

Айқыш ағашқа қарай бара жатқанда, Әндірдің бет-әлпетінен үрейдің нышаны байқалмапты. Сөзінен де жаңылған жоқ. Айқышқа керілген денесі әлсірей берді, санасы болса, ақтық деміне дейін сол қалпында қала берді. Әндірі «Уа, аңсай күткен айқыш ағаш! Сенімен кездесуге ой-санам дайын, саған қарай бар ықыласыммен, қуана аяқ бастым. Айқышқа шегеленгеннің шәкіртімін. Сені қадірлеп өттім, енді сенің құшағыңа кіруге дайынмын» депті.

Исаға қауіп төнгенде, бас сауғалап қаша жөнелген адам түбегейлі өзгеріп, нағыз батырға айналды.

Иса тұтқындалған түні Ұстазын жалғыз тастап, тым-тырақай қашып кеткен шәкірттердің барлығы кейін Исаның куәгерлері болғаны үшін өлімге кесілді. Құдай олардың неден қашса, сонымен кездесіп, бұл азапты қасқайып тұрып қабылдауына мүмкіндік берді. Қорқыныштың бұғауы талқандалды. Мәңгі өмірге қорқақ емес, батыр болып аттанды!

«Өмірлеріңде игі ісін бастаған Құдайдың оны жалғастыра беріп, Мәсіх қайта оралар күнге дейін толықтай аяқтайтынына» кәміл сеніңіз (Філіпіліктерге арналған хат 1:6). Осы аяттан жұбаныш тауып, жігер алыңыз. Исаның шәкірттерінің өмірі – Құдайдың сәтсіздігімізді жеңіске айналдыруының көрінісі! Шегінбеңіз, қайтпаңыз, сізді сүйіп, Өз өмірін сіз үшін қиғанға сенім артудан тайынбаңыз.

Менімен бірге мінәжет етіңіз:

*Әке, Иса Мәсіхтің атымен сұраймын, сенімімді сүйіспеншілігіңмен және даналығыңмен нығайта гөр. Қиын сәттерде қара басымның қамына бола, ақиқат жолынан тайып кеткенімді кешіре гөр. Иса Ием, бүгін өз өмірімнен бас тартып, айқышымды арқалап, Сенің соңыңнан еремін деп бел будым. Мен Сенің қызметкеріңмін. Сөзіңді жариялап, еркінді сүйіспеншілікпен әрі батылдықпен орындауға күш беретін рақымыңды қабылдаймын.*

Енді қорқыныш рухына былай деңіз:

*Өзімнің болсын, басқа адамдардың болсын, мені қорқытуға, мені бақылауға бағытталған сөздерінің күшін жоямын. Пендеден қорқу бұғауын талқандаймын. Құдайға мойынсұнып, арам рухтарға қарсы тұрамын. Шайтанның ешбір рухына өмірімнен бір елі орын бермеймін, сондықтан, арам рухтың бәрі кетсін! Исаның атымен, аумин. Сендерді адасып кетуден сақтап, Өзінің нұрлы салтанаты көрінген күні қуанышпен, мүлтіксіз таза күйлеріңде өз алдына тұрғызуға бірден-бір Құдайымыздың құдіреті жетеді. Ол бізді Иеміз Иса Мәсіх арқылы құтқарған еді ғой. Даңқ пен ұлылық, құдірет пен билік күллі өткен дәуірлерде болғандай, қазір де, мәңгілік те Онікі! Аумин*

– Яһуданың хаты 1:24-25

# КИЕЛІ РУХ: КІРІСПЕ

*Ол туралы білесіз, ал Өзімен таныссыз ба?*



Шәкірттер үш жыл бойы Исамен бірге жүріп, айтқанын түгел естіді. Соған қарамастан, Иса серіктеріне оларды тастап кететінін, Иса кеткенде, Киелі Рухтың келе алатынын, сондықтан, Исаның кетуі шәкірттері үшін жақсы болатынын айтты (Жохан 16:7, 13-14). Исамен бірге жүрген шәкірттері үшін жақсы болса, Киелі Рухтың келіп, өмірімізге белсене араласқаны біз үшін де жақсы болмақ емес пе?

Көптеген адамдардың Киелі Рухтың кім екенін, Өзін бізге қалай танытатынын білмей өтетіні, Киелі Рухты дұрыс түсіне алмайтыны өте өкінішті. Киелі Рухты тосын, түсініксіз «құбылыс» етіп көрсету жиі кездеседі. Алайда, Құдайдың Сөзі Киелі Рухтың жансыз зат емес, құбылыс емес, Тұлға екенін анық көрсетеді. Және Ол бізді ешқашан тастап кетпеуге уәде берген. Осы кітабында Джон Бивер сізді Қауымда елеусіз қалып жүрген Тұлға – Киелі Рухты танып білуге шақырады.

MessengerX.com



сайтында қолжетімді

# МӘҢГІЛІКKE ҰМТЫЛҒАНДАР

*Бүгін де, мәңгілікте де терең мағынасы бар өмір*



Жердегі өмір — қас қағым сәт қана, алайда көбіміз мәңгілік жайлы еш ойланбастан өмір сүреміз. Мәңгіліктегі тағдырымыздың қандай болары жерде қалай өмір сүргенімізге қарай шешіледі. Соған дайынбыз ба?

Киелі Жазбаның айтуынша, сенушілердің алатын сауабы әртүрлі — істерінің барлығы отқа жанып кететіндер де, Мәсіхпен бірге мәңгі патшалық құратындар да болады.

Осы кітаптан өміріңіздің мақсатын қалай табуға болатынын, Құдайдың тапсырмасын қалай орындай алатыныңызды білесіз. Өміріңізге мәңгілік тұрғысынан қарағанда, мәңгі жеміс үшін еңбек етуге дайын боласыз.

Ақтық деміңізден кейін мәңгі өміріңіз басталады. Уақыт оздырып жүріп, кеш қалып қоймаңыз. Құдайдың өзіңізге берген аманатын біліп, жерде де, мәңгілікте де мәнді де мағыналы өмір сүріңіз.

MessengerX.com



сайтында қолжетімді

# КРИПТОНИТТИ ЖОЮ

*Күш-қуатыңызды ұрлап жүрген нәрседен  
құтылудың жолы*



Қай жауды да жеңіп, қайсыбір тосқауылдардан да өте алатын Супермен тәрізді, Мәсіхтің шәкірттерінде де барлық қиындықты жеңе алатын ғажайып құдірет бар. Және де Супермен тәрізді бізде де бір мәселе бар, ол – күшімізді ұрлайтын криптонит.

Әрине, Супермен де, криптонит те – қиял жемісі. Дегенмен, рухани криптониттің бар екені – шындық.

Бірінші ғасырда өмір сүрген мәсіхшілерде болған күш-құдіреттен көбіміз неліктен құр алақан қалып жүрміз? – деген сұрақтың жауабын осы кітаптан табасыз.

“Криптонитті жою” кітабында Джон Бивер рухани криптониттің не екенін, оның қоғамға нендей қауіп төндіретінін, оның тұзағынан қалай құтыла алатынымызды баяндайды. Бұл кітап ынжық оқырманға арналмаған, тәтті сөзді қалайтындардың көңілінен шығатын жылы-жұмсақ кітап емес. Бұл биік рухани шыңдарға жеткізер қиындыққа толы сапарға дайын Мәсіхтің жолын қуушыға арналған терең ақиқат.



# ҚҰДАЙ, ҚАЙДАСЫҢ?!

*Шөл далада күш-қайрат пен анық  
мақсатқа ие болыңыз*



Бәлкім, Құдайдың даусын естіген боларсыз. Алайда, қазір Жаратқан Ие үн қатпайтын тәрізді. Мүмкін, сенім жолымен жүрген боларсыз. Енді, міне, Құдайдың құзырын таппай жүрсіз. Жаратқан Иенің уәде беруі мен сол уәденің орындалуы арасындағы орын – шөл далаға қош келдіңіз.

Алайда, жақсы хабарым да бар, шөл дала – мақсатсыз кезіп жүрген жеріңіз емес. Шөл даладан дұрыс өтер болсаңыз, ол дайындық орнына айналып, сізді Құдайдың аманатын орындауға жарақтайды. Өміріміздегі шөл дала кезеңінен қол қусырып, Құдайды күтумен ғана өтпейміз. Шөл даладағы сіздің көзқарасыңыз бен іс-әрекетіңіз өте маңызды. Құла түзді шыр айналып, уақытыңызды босқа жоғалтпауыңыз үшін, шөл даланың не екенін анық білгеніңіз жөн.

Бірнеше бестселлердің авторы Джон Бивер даналыққа толы осынау кітабында өз өмірінен мәнді мысалдар келтіріп, оқырманды Киелі Кітаптан алынған маңызды мәліметпен жарақтандырады. Бұл кітап қуаңшылық маусымынан, күрделі кезеңдерден аман-есен өтіп, Құдай уәде еткен жерге кіруіңізге көмектеседі.

MessengerX.com



сайтында қолжетімді

# X: ҚҰДАЙ БЕРГЕН ӘЛЕУЕТИҢДІ АРТТЫР



Құдайдың Патшалығында өзіңізді жәй ғана көрермен ретінде сезінген кездеріңіз болды ма? Өзіңізге әлдебір істер тапсырылғанын білесіз, алайда, не екенін анық түсіне алмайсыз. Көбіміз өміріміздің ықпалды болғанын қалаймыз. Дегенмен, сізді мынадай сұрақтар мазалауы мүмкін:


- Құдайдың еркінен тыс қалып жүрген жоқпын ба, соны қалай біле аламын?
- Құдайдың Патшалығын кеңейту ісінде менің бірегей дарындарымның орны қандай?
- Құдай берген әлеуетімді іске асырып жүрмін бе, оны қалай біле аламын?
- «Қызметке» кірмесем, Құдайдың маған берген аманаты айтарлықтай маңызды болмағаны ма?
- Құдайдың рақымында тыныштық табу мен Құдайдың Патшалығын кеңейту жолында әрекет етудің арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады?
- Ісіңнің сәтті болатынына толық сенімің болмаған жағдайда қорқынышты жеңіп, іске кірісудің амалы қандай?

Осынау терең мағыналы кітабында Джон Бивер Киелі Кітапты егжей-тегжейлі зерттеп, Құдайдың өзіңізге берген аманатын басқаша қарастыруға, оның Құдай алдындағы маңызын түсінуге септігін тигізетін мысалдар келтіреді. Кітапты оқу барысында Құдай берген дарындарыңызды жетілдіріп, әлеуетіңізді іске асыруды үйренесіз!



# X MessengerX

*Кез елген жерде, кез келген адам Исаның шәкірті бола алады*



- 110-нан астам тілдегі тегін материалдар
- Қосымша түрінде және онлайн қолжетімді
- Сіздің рухани өсуіңізге септігін тигізетін материалдар
- Шәкіртшілік жолындағы қадамдарыңызды көре аласыз



Шәкіртшілікке арналған ресурстардың толық жинағын алыңыз. Messenger кітапханасы – электронды кітаптар, бейнежазбалар, аудио-тәлім, аудиокітаптар, Киелі Кітаптар...

Барлық құрылғыңыздан көріңіз, оқыңыз, тыңдаңыз.

## MessengerX.com



App Store немесе Google Play-ден жүктеп алуыңызға болады.

# ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖЕҢІП, ҚҰДАЙ БЕРГЕН ДАРЫНДАРЫҢЫЗДЫ ТОЛЫҚ АШУДЫҢ ЖОЛЫ

«ЖОҚ» ДЕП АЙТУДЫ ҚИЫН КӨРЕСІЗ БЕ?  
ҚАРСЫЛАСТЫҚТАН ҚОРҚАСЫЗ БА?  
ЖАНЖАЛДАН ҚОРҚАТЫН, **ЫМЫРАШЫЛ** АДАМСЫЗ БА?  
БАСҚАЛАРДЫҢ **КӨҢІЛІН КӨП АУЛАЙСЫЗ** БА?  
ӨМІРІҢІЗ БАСҚА БІРЕУДІҢ **БАҚЫЛАУЫНДА** МА?

Осы сұрақтардың біріне «иә» деп жауап берсеңіз, сізге «Қорқынышты жеңу» керек. Бұл кітап қорқынышты әшкерелейді, қорқыныш бұғауынан босатады, Құдай берген дарындарыңыздың толық ашылуына септігін тигізеді, рухани билігіңізді нығайтады. Қорқыныш бұғауынан босап, одан туындаған күйзеліс пен дәрменсіздіктен құтылатын кез келді!



ДЖОН БИВЕР – халықаралық уағыздаушы әрі бестселлерлердің авторы, Құдайдың Сөзін батылдықпен, ымырасыз уағыздайды. Джон Бивер және оның жұбайы Лиза — «Мессенджер Интернэшнл» қызметінің негізін салушылар. Қызметтің мақсаты – дүние келбетін жаңартып, өзгерте алар мәсіхшілерді көтеру. Джон отбасымен бірге Колорадо қаласында тұрады, ол төрт ұлымен бірге түрлі ойындар ойнағанды жақсы көреді, кейде Лизаны гольф ойнауға көндірмек болып әуресарсаңға түседі.



MessengerX

Тегін жүктеу үшін және ағымдағы видеоларды көру үшін  
[MessengerX.com](https://messengerx.com) сайтына кіріңіз.



Кітаптың бірінші бөліміне кіріңіз!  
Менің жергілікті телефон нөмірім:

Бұл кітап – автордың сыйлығы.  
Сатуға арналмаған.



**MESSENGER**  
INTERNATIONAL  
[MessengerInternational.org](https://messengerinternational.org)